
84 Каз
Д 14

ымбек Әбдірайым

ТАҒДЫР СЫЙЫ



84Каз
Э 14

Толымбек Әбдірайым

ТАҒДЫР СЫЙЫ

Әңгімелер,
хикаяттар, эсселер

-366620- әб.

АБОНЕМЕНТ

"ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ"

Алматы,
2019

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 қаз)
Ә 14

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Әбдірайым Т.
Ә 14 **ТАҒДЫР СЫЙЫ.** *Әңгімелер, хикаяттар, эсселер. Толымбек Әбдірайым.* – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2019. – 304 бет.

ISBN 978-601-217-658-2

Белгілі жазушы Толымбек Әбдірайымның бұл кітабына бүгінгі заман-дастарымыздың тағдыр-талайын, тыныс-тіршілігін арқау еткен бір топ әңгімелері, «Жұдырық», «Оралу» хикаяттары және эсселері енген.

Толымбек Әбдірайым шығармаларының әдетте оқиғасы қызықты және айтар ойы анық болып келеді. Көзі қарақты, көкірегі ояу оқырмандарымыз-дың жан дүниесін толғандырып жүрген көкейтесті мәселелерді қопара қозғап, ұтымды да ұрымтал деталь, диалогтар арқылы ойға жетелеуімен құнды.

«Жұдырық» хикаятында туған жерін аңсап, тағдыр теперішін көрген, абақтыдан қашқан Тәкен тағдыры суреттелсе, «Оралу» повесіндегі Мейірбек-тің бір жыл ішіндегі басынан кешкен қилы-қилы өмірі әдемі өріледі. Әдеби эсселері де өзінің шынайылығымен, сыршылдығымен адам жанын баурай-тыны анық.

Көктемде жауар күс қанатындай жаны мөлдір, ары ақша қардай кейіп-керлерімен де бұл жинақ оқырманын рухани сусындатады деген сенімдеміз.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-217-658-2

© Толымбек Әбдірайым, 2019

Әңгімелер



БҰРАЛАҢ ЖОЛ

«Анығында, Алла адам баласына
қылдай қиянат жасамайды,
тек адамдар өздеріне өздері қиянат жасайды».
(Құран Кәрім. Жүніс сүресі, 44-аят)

***

Өмір жолы – темір жол.

Қарап отырса, тайқы тағдыры темір жолмен кіндіктес екен...

– Раз, два, три! Раз, два, три!

Кішкентайынан қалыптасқан дағды бойынша көзін сығырайта ашып, бір жағынан жып-жылы төсекті де қимай, тұрсам ба, тұрмасам ба деп ойланыңқырап жатқан ақсары баланы орыс мақамындағы ащы дауыс кереуеттен жұлып алғандай.

Терезенің желкөзі ашық, тыстағы барлық дыбыс ап-анық естіледі.

– Раз, два, три! Раз, два, три!

Жылдам киініп тысқа атып шыққан. Күн тұсау бойы көтеріліпті. Темір жолдың арғы жағындағы тоғай ішінен бозторғайлардың әсем үнді әуездері жетіп тұр. Мамырдың мақпал шуағы төңіректі түрлендіріп жібергендей; күн жексенбі болғасын ба, он бес үйлі шағын разъездегі таң атар-атпастан қайнап жүре беретін тіршілік ырғағы саябырлағандай бүгін. Күн шықпастан сиырларын сауып, малдарын табынға қосқан әйелдер жағы «бір демалайыншы» деп көз шырымдарын алуға жантайған ба, көрінбейді; тыныштық ұйып қалғандай тым-тырыс.

Есінеп-құсынап, сәл-пәл дене қимылдарын жасаған Жанайдардың құлағы тағы елең етті.

– Раз, два, три-и...

«Бұ кім, елді дүрліктіріп жүрген?!». Дүкеннің арғы жағы шағын алаңқай болатын. Дауыс сол тұстан естіледі. Жүгіріп жетсе кокардасы қоқырайған әскери киімді сыптығырдай біреу қара жолдың шаңын көтеріп, ілгерінді-кейінді аттап-бұттап марш жасап жүр. Қос қолын жамбасына таңып тастағандай, қозғалмайды.

– Раз, два, три-и!..

Ауылдың бар балалары әскеридің соңында. Ентігіп жеткен Жанайдар аң-таң. Сөйтсе, қара шал.

– Стой Асылбаев! – деді қара шал өзіне-өзі бұйрық беріп.

Өзі солдат болып тұра қалды.

– Докладывай! Сегодня какой праздник? За что народ собрался-сь?!.

Асылбаев қара кремді шылқыта жағып жылтыратып қойған керзі етіктерінің бастарын бір-біріне сарт-сұрт соғып, иегін көтеріңкірей кірпік қақпастан қатты да қалды.

– Што ж... ты молчиш!.. Докладывай солдат, – деді қара шал.

– Товарищ командир, сегодня праздник! Девятый май! Жеңіс күні...

– Молчать! Давай снова... по русский...

– День победі товарищ командир!

– Маладес рядобой Асылбаев! За што тебе благодарность обьявляю-сь!

– Ура-а-а-а!

Қозғалмай тұрған «солдат» шұғыл оңға бұрылды да, аяқтарын жоғары-төмен, жоғары-төмен көтере қара жерді дүңкілдете басып, адымдап бара жатты...

Бұл қара шал – жынды Мәміш болатын.

***

1933 жылдың қаңтар айы үсті-үстіне төпелей жауған қалың қарымен, қақаған күндерімен жадында қалдың қара шалдың.

Жазмыштан озмыш жоқ деген, сол!

Қалай ұмытар, қарғыс атқыр сол түнді!

Ай-хой, өмір-ай!

Жүзағаш темір жол бекетінің жол мастері Мәміш Асылбайұлы үйінен шыққанда жаяу борасын тіпті құтырып кетті. Арсыгүрсі мінез танытқан табиғат қаһарына шындап мінгендей. «Мына боранның бет алысы қиын, – деп ойлады қара тонын қаусырынып, малақайын милықтата киген жігіт аттаған сайын адымын аштырмай өңменінен өтіп бара жатқан ызғарлы желден секем алып. – Неде болса станция бастығына жолығайын...»

Дәл осы кезде Жүзағашқа тақап қалған жүк пойызының артқы вагондары бұлғалақтап рельстен шығып кеткені. Боранның ысқырған үніне тепловоздың боздаған гудогі қосылып құлақты жарып жіберердей; жер дірілдеді ме, әлде қатты жел гуілінен бе, айнала төңірек алағай да бұлағай.

Басқару пультіндегі станция бастығы, теміржол формасындағы қара жігіт Сыпатайдың зәресі ұшты.

– Крушение! Аударылды! – деді апалақтап.

Аякөз қаласындағы диспетчер де телефон құлағын жаңғыртып айқайлап бақты.

Алай-түлей бораннан ештеңе көрінбесе де, пойыз аударылған жаққа асыға адымдаған Мәміш те станция басындағы кеңсеге тақап қалған еді. Екеуі қарсы ұшырасты.

– Қайда барасың? – деді оңған шүберектей боп-боз Сыпатайды тоқтатып.

– Естіген жоқсың ба?!

– Нені?

– Пойыз аударылды!

– Қашан?!

– Тап, әкеңнің ауызын! Мынадай боранда жас қатыныңның қасында жатсаң, нені білуші едің сен?! Айтшы, а?!

– Кезекшілік сіздікі емес пе?!

– Болса, қайт дейсің? Осы тұрған жеріңде жерге қағып жіберейін бе?!

– Қаққызып қояды деген.

– Тілің шыққан екен сілімтік!

– Сиыр сипағанды, жаман сыйлағанды білмейді. Сыпатай аға, Сыпатай аға дегенге! Бүгінгі кезекшілік сіздікі, станция басындағы учаскеге сіз жауаптысыз.

– А-а, мына, мен-н... жауапты екенмін ғой!

Ашу-ызадан булығып-түтіккен станция бастығы қолындағы отыздық темір кілтпен Мәмішті қақ шекеден періп жіберді. Басы шыңылдап, көзі қарауытып бара жатқаны еміс-еміс есінде.

Сағатқа жетпей Ақтоғай станциясынан келген НКВД қызметкерлері, станция бастығының мәліметі бойынша, Мәміш өзін кінәлі сезінгендіктен басын темір бөткеге қасақана соғып, жындаңып кеткенін қаттап-шоттап қағазға түсірді де, қолына кісен салып алып кетті.

Кейіннен белгілі болды: Мәміштің өзін-өзі арандатып, миы шайқалғаны қылмыстан құтқармайтынын мойнына қойып, жас келіншегі мен шиеттей егіз қызын зар еңіретіп 25 жылға соттап, итжеккенге асырып жіберді.

***

Өмір жолы – темір жол.

Иә, тайғақ тағдыры осы теміржолмен байланысты екен!

Осы темір жолдағы АПАТТАН ғұмыр бойы азап шекті! АПАТ, АПАТТЫ жол болды қара шалға! Араға жиырма бес жыл салып, қайыра келді сол жолға!

***

Бір мың тоғыз жүз отызыншы жылдары іргетасы қаланған Аякөз қаласына жеті шақырым жердегі № 22 теміржол бекетіне алпысты алқымдаған қара шалдың пайда болғанына жылдан аса қойған жоқ. Он екі айда бір айналып келетін қасиетті Рамазан айында Семей мен Ақтоғай темір жол бекеті арасындағы елді мекендерді шабан жылжитын, пошта таситын пойызбен аралап, құдайы қонақпын деп қона жатып, жарапазан айтатын. Дауысы қандай әуезді һәм мұнды!

Өзіне ұсақ балалар үйірсек. Қалтасындағы тәтті-дәмділері мен қант-кәмпитті жалғыз талы қалғанша үлестіріп, қара домалақтардың қуанғанына риза көңілмен сақ-сақ күліп рахаттана қарап тұратын. Содан соң негізгі жұмысына кірісіп, ауызашар дастарханы жайылған үйдің табалдырығын аттайтын.

Үйің-үйің үй екен,
Үйің іші кең екен.
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі түйе екен,
Қарағай найза қаптаған,
Басына темір саптаған,
Сабын сырмен сырлатқан,
Ұшы болат қырлатқан,
Жауға білеп сайлатқан,
Белдеуге бедеу байлатқан,
Қайсы жанның үйі екен?
Адыр-адыр таулардан,
Айғыр мініп мен келдім,
Ауыздығы бой бермей,
Сіздің үйге кез келдім.
Бұжыр-бұжыр таулардан,
Бұқа мініп мен келдім.
Мұрындығы бой бермей,
Сіздің үйге кез келдім...

Қара өлең мақамындағы жарапазан сөздерін термелете төгіп-төгіп алатын да, арасында арқасы ұстап, шабыттанып тоқтаған үйдің адамдарының аты-жөнін қосып өлеңдетіп те жіберетін. Ендігі бір мәурітте өзінің бастан өткерген тар жол тайғақ кешулі тағдырын толғайтын.

– И-й, бейшара-ай!

– Жетім екен-ау!

– Қайтсін енді! – десіп ауызашарға жиылған көптің арасындағы көңілдері бос кемпірлер мен әйелдер көздеріне жас алысатын да, жанқалталарындағы азды-көпті теңге-тиындарын өлеңші мейман шалдың алақанына қыстыратын.

Келесі сәтте қызды-қыздымен отырып, атақты Шашубай Қошқарбайұлының жалпақ елге мағұлым өлеңін аңыратын. «Бұл, өзім шығарған ән» дейтін ол еш шімірікпестен.

Баласы Асылбайдың Мәмішбаймын,
Болсам да малға кедей, әнге баймын.

Күніне жүзді беріп, мыңды алсам да,
Қалтамның түбі тесік, байымаймын е-е-е-е-й! –

дейтін қалтасын аударып-төңкеріп.

Әуелеген әсем әнге еліткен жұрт Шашубайдың өлеңін түгендеп қайтсін, ерекше ықылас-пейілмен үндемей ұйып тыңдайтын. Енді бірде мейман шал:

Ақ қайың жалған-ай,
Кештім сайран-ай.
Халқымның ортасында,
Жүрмін жайнап-ай-й-й! –

деп, қайырмасын әуелете-асқақтатып көтергенде мейірім тұнған көздері боталап, жасаурап кететін.

Бір қызығы, қара шал осы әнді айтып бола салысымен орнынан лып түрегеліп жинала бастайтын. Үй иесінің, манадан бері өршіл өлең мен әсем әнге еліткен жұрттың отыра тұрыңыз, тағы бір ән айтыңыз дегеніне қарамастан кетіп отыратын.

Қашан да Жалғыз жаратушыны аузынан тастамайтын панасыз қара шал отыз күн оразада темір жол бойындағы елді-мекендерді аралап, сол кездегі ақшаға шаққанда жеңіл машинаның ширек құнына пара-пар бір жарым – екі мыңдай ақша жинап, сол қаражатын келесі оразаға дейін жеткізетін үнемдеп.

Жылдағыдай Рамазан айында әдеттегідей ел аралап, жарапазан айтып, № 22 темір жол бекетіндегі дүкенші Айткәрімнің үйіне тоқтайды ғой. Өздері бір мың тоғыз жүз алпыс екінші жылы Қытай елінен қоныс аударған, топты бала-шағалы момын отбасына қара шал ұнайды.

***

Ертеңгілік шайларын ішіп болып қалғанда отағасы Айткәрім:

– Енді қайда жол тарттыңыз? – деді.

– Қайдасы қалай!.. Кетемін де...

– Немен дегенім ғой... Пошта пойызы келетін уақыт әлі ерте...

– Пәлі-і! Сол да сөз бе екен?! – Қара шал ақжарыла шалқалай күліп алды да, пышақ кесті тиыла қалды. Күлкісі қызық екен,

Үйің-үйің үй екен,
Үйің іші кең екен.
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі түйе екен,
Қарағай найза қаптаған,
Басына темір саптаған,
Сабын сырмен сырлатқан,
Ұшы болат қырлатқан,
Жауға білеп сайлатқан,
Белдеуге бедеу байлатқан,
Қайсы жанның үйі екен?
Адыр-адыр таулардан,
Айғыр мініп мен келдім,
Ауыздығы бой бермей,
Сіздің үйге кез келдім.
Бұжыр-бұжыр таулардан,
Бұқа мініп мен келдім.
Мұрындығы бой бермей,
Сіздің үйге кез келдім...

Қара өлең мақамындағы жарапазан сөздерін термелете төгіп-төгіп алатын да, арасында арқасы ұстап, шабыттанып тоқтаған үйдің адамдарының аты-жөнін қосып өлеңдетіп те жіберетін. Ендігі бір мәурітте өзінің бастан өткерген тар жол тайғақ кешулі тағдырын толғайтын.

– И-й, бейшара-ай!

– Жетім екен-ау!

– Қайтсін енді! – десіп ауызашарға жиылған көптің арасындағы көңілдері бос кемпірлер мен әйелдер көздеріне жас алысатын да, жанқалталарындағы азды-көпті теңге-тиындарын өлеңші мейман шалдың алақанына қыстыратын.

Келесі сәтте қызды-қыздымен отырып, атақты Шашубай Қошқарбайұлының жалпақ елге мағұлым өлеңін аңырататын. «Бұл, өзім шығарған ән» дейтін ол еш шімірікпестен.

Баласы Асылбайдың Мәмішбаймын,
Болсам да малға кедей, әнге баймын.

Күніне жүзді беріп, мыңды алсам да,
Қалтамның түбі тесік, байымаймын е-е-е-е-й! –

дейтін қалтасын аударып-төңкеріп.

Әуелеген әсем әнге еліткен жұрт Шашубайдың өлеңін түгендеп қайтсін, ерекше ықылас-пейілмен үндемей ұйып тыңдайтын. Енді бірде мейман шал:

Ақ қайың жалған-ай,
Кештім сайран-ай.
Халқымның ортасында,
Жүрмін жайнап-ай-й-й! –

деп, қайырмасын әуелете-асқақтатып көтергенде мейірім тұнған көздері боталап, жасаурап кететін.

Бір қызығы, қара шал осы әнді айтып бола салысымен орнынан лып түрегеліп жинала бастайтын. Үй иесінің, манадан бері өршіл өлең мен әсем әнге еліткен жұрттың отыра тұрыңыз, тағы бір ән айтыңыз дегеніне қарамастан кетіп отыратын.

Қашан да Жалғыз жаратушыны аузынан тастамайтын панасыз қара шал отыз күн оразада темір жол бойындағы елді-мекендерді аралап, сол кездегі ақшаға шаққанда жеңіл машинаның ширек құнына пара-пар бір жарым – екі мыңдай ақша жинап, сол қаражатын келесі оразаға дейін жеткізетін үнемдеп.

Жылдағыдай Рамазан айында әдеттегідей ел аралап, жарапазан айтып, № 22 темір жол бекетіндегі дүкенші Айткәрімнің үйіне тоқтайды ғой. Өздері бір мың тоғыз жүз алпыс екінші жылы Қытай елінен қоныс аударған, топты бала-шағалы момын отбасына қара шал ұнайды.

***

Ертеңгілік шайларын ішіп болып қалғанда отағасы Айткәрім:

– Енді қайда жол тарттыңыз? – деді.

– Қайдасы қалай!.. Кетемін де...

– Немен дегенім ғой... Пошта пойызы келетін уақыт әлі ерте...

– Пәлі-і! Сол да сөз бе екен?! – Қара шал ақжарыла шалқалай күліп алды да, пышақ кесті тиыла қалды. Күлкісі қызық екен,

қызық болғанда, қулық-сұмдықтан ада, риясыз таза күлкі. – Көшкенталың мына тұрған жер емес пе? Қазір-ақ жетіп барамын! Бір жағынан денсаулығыма пайда, екіншіден даланы сағындым! Айналайын қазағымның даласындай дархан, мейірбан не бар десейші! Алла тағала ата-бабаларымыздың кең қолтық, көнбіс, батыр, ержүректігіне орай кең байтақ жерді нәсіп еткен! Жиырма бес жылым елден жырақта, сонау Воркутада, орыс орманының ортасында, қапаста өтті ғой! Жә, оны қайтемін көңірсітіп.

Әй, Мәміш! Кетпек болсаң зымыра!

Мейман шал орнынан тұра бергенде отағасы:

– Отыра тұрыңызшы, – деді жалынғандай.

– Ал отырдым.

– Бәйбішем екеуміз ақылдасып, егер қарсы болмасаңыз, сізді біздің үйде алып қалмақшы едік.

Мейман шал ебіл-дебіл еңіреп қоя берсін! Ерлі-зайыптылар сасып қалды. Бір кезде көзінің жасын сүртіп:

– Басы істемейтін, ауысқан шал деп ойларсыңдар! Жылағаным, қуанғаннан! Түрмеден босағалы бұлайша емен-жарқын қарсы алып, оң қабақ танытқан жандарды аз ұшыраттым. Оның өзінде жарапазан айтып, шәй ішкенше ғана. Одан соң қарамды батырып, жылдамырақ кеткенімді қалап тұрады.

– Мүсіркемеңдер! Қайтесіңдер жынды сүрейді! Мен ел адақтап, қаңғып үйренген адаммын! Ертең-ақ айнып шыға келесіңдер!

– Кешіріңіз, – деді қожайынның әйелі, – Кешіріңіз, біз адам танысақ, сіз... есі ауысқан кісіге ұқсамайсыз! Құдай үшін қалыңыз! Тұрыңыз біздің үйде! Шын ниетіміз. Тым құрығанда қыстап шығыңыз!

Қара шал ойланып қалды.

Сонау-сонау ит арқасы қиындағы түрмеден босағалы бесінші жыл. Содан бергі тұрағы – вокзал. Күндіз көбінесе базар маңында қайыр сұрап, күнделікті нанын айырып жүреді де, кеш бата үйреншікті орны, баяғыда Түрксиб салынған жылдары тұрғызылған станция басындағы сары үй – вокзалға кеп түнейді. Кейінгі жылдары қала ортасындағы бес қабатты кірпіш үйдің жертөлесін мекендеп, кәдімгідей үйреніп қалған болатын. Бір күні өңкей маскүнем орыстар келді де, қорғансыз қара шалды ұрып-соғып, қуып жіберді. Қайыра вокзал маңын торуылдаған. Биылғы

Рамазан айы аяқталған соң, үлкен шаһар ғой, Алматыға кететін шығармын деп жүргенінде мына ерлі-зайыптылардың үйде тұр деген ұсынысына жөпелдемеде қуанып қалғанымен, шуақты күндерге күдікпен қарап үйренген әдетімен шын ба, өтірік пе деп, ойы он саққа пышырап, таразы басына түскенде миының әнкі-тәнкісі шыққанын қараңыз. «Азды-көпті жинаған тиын-тебенімді ұйықтап жатқанымда сыпырып алып, ертеңінде әйда жоғал деп артымнан бір тепсе ше?! Сорлаған сонда болар?!».

– Сенбей отырсыз-ау, бізге?! – Отағасы мейман шалдың ойын оқығандай.

– Сенбей отырғаным рас.

– Ұнатпасаңыз, несі бар, кетесіз де қаласыз! Ешкім зорлап ұстамайды, – деді Айткәрім.

– Жарайды, – деді мейман шал. – Он күн байқайын!.. Арғы жағын Алла білер. Келісіп алайық! Біріншіден, қол қусырып бос жатпаймын. Олай етсем арамтамақ атанам. Қорадағы малдарыңды қараймын! Жем-шөбін саламын, суғарамын, астын тазалаймын. Екіншіден, ақ төсек пен жұмсақ төсеніш керек жоқ! Анау кіре берістегі бөлмені қиыңдар. Жаман әдетім – күн ара бір жарты қызыл арақ ішемін! Өзімнің ақшама! Жанжал, төбелес шығарады деп күдіктенбеңдер! Келістік пе?!

***

Сүмбіле айы. Күн екінтіге тақаса да ыстық қайтпаған. Қара шалдың Айткәрімге еріп шөп шабудан келген беті. Келе сала белуарына дейін шешініп, есік алдындағы құдықтан су әкеліп жуынып алды. Енді терлеп-тепшіп шәй ішіп отыр.

Кіре берісте шағын бодамы бар томашадай бөлмеге ие болғалы өзін айрықша бақытты сезінеді. Айткәрім мал қораға айналдырмақшы болғанда, тұрайын деп сұрап алған. Екінші айға кетті, өзімен-өзі. Айткәрімнің әйелі Махмуда бұл бөлек шыққан соң біраз ыдыс-аяқ, шәугім-шәйнек берген. Бөлменің бұрышына тақтайдан кереует жасап алды.

Шәйін ішіп болып, демалуға жантая беріп еді, дәлізден аяқ тықыры естіліп біреудің енгенін байқады. Артынша:

– Ассалаумағалейкум! – деген баланың даусы естілді.

Терезелері тұмшаланаған алакөлеңке бөлмеде кім екенін ажырату қиын.

– Уағалейкумассалам! Қай баласың?!

– Аманханның ұлы Мақсатпын.

– Төрге оз, – деді Мәміш

– Ата, маған осы жер де жетеді.

– Наннан үлкен емессің, кел ауыз ти.

– Шаруамды айтайын. Алматы жақтан көмір тиеген состав келе жатыр. Содан түсіреміз. Сіз де жүріңіз!

– Түсіргені қалай?

– Ылғи осылай етеміз.

– Рұқсатты кім берді?

– Ол жағын біле қоймадым.

– Е-е, оларың көпе-көрінеу ұрлық емес пе?!

– Ой, ата, темір жол бойындағылардың бәрінің кәсібі осы! Көрші үйдегі Нұржанның атасы: «өкімет теңіз, оны жемеген доңыз» деп отырады әуелім.

– Әй, оңбағандар-ай!

– Әне, келіп тоқтады! Мен кеттім, ата!

Көмір тиеген жүк пойызы жылдамдығын азайтып, темір дөңгелектері ән сала ысқырып, бір кезде салдыр-гүлдір тоқтай қалды. Шалбарланған, аяқтарына керзі етіктерін киген әйелдер мен ұсақ балалар вагондардың төбесіне өрмелеп шығысты да, жып-жылтыр, кесек-кесек көмірлерді жерге лақтыра бастады. Әбден көздері үйренгендіктен бе, тепловоз машинисі мен көмекшісі назар аударған жоқ.

– Атставит! – деді айқай салған қара шал. – Атставит!..

Дауыс шыққан жаққа жалт қараған әйелдер, е-е жынды шал ма дегендей көз тастады да қойды.

– Әи-й, қатындар! – деді бір кезде Мәміш шал. – Тоқтатыңдар ұрлықты!

Қара шалдың айқайын ешкім елер емес!

Жасыл бағдаршам жанып, пойыз орнынан қозғалғанда ғана жанұшырып жерге секіріп-секіріп түсіп жатты.

Қара шал әлі айқайлап тұр:

– Сталин тірі болса ғой, бәрінді тізіп қойып атып тастар еді! Бұл ұрлық! Тапа-тал түстегі қылмыс!.. Оңбайды-ау, бұл адамдар! Не жетпейді, а?!. Ит басына іркіт төгілген заманда!..

***

Күннің соңғы шапағы сөніп, сам жамырағаң.

Арқасында тығыз буылған бір құшақ отыны бар қара шал ілбіп келеді. Ара-кідік тоқтап, жүгін жерге түсіріп тыныс алады. Қайта жүреді, қайта тоқтайды. Тау бөктеріндегі қалың тоғай арасындағы шіріп құлаған ағаштарға күніне неше дүркін қатынайды. Есік алдындағы тамызық-отыны тау болып үйіліп жатса да, таси береді – таси береді. Қыс қатты болса жетпей қалады деп ойлайды-ау, сірә!

Жібі түзу жап-жақсы әңгіме айтып отырып, аяқ астынан дөйдалаға лағып кететіні болмаса, шыншыл, адал екендігіне разъезд тұрғындары үйренген. Әсіресе жас қыздарға көзін жиі тігетін Мәміштің ауыштығы ұстай ма, әлде қызығып кете ме, оңтайына келгенде тып-тығыз омырауларын бас салып, бақыртып-шақыртып жүретіндіктен қара шалдан қашық жүреді бойжеткендер.

Тоғызыншы мамыр ол үшін айтулы мереке! Разъездегі дүкеннен темекі алуға келген солдаттардан сатып алған әскери киімдерін киіп, ары-бері адымдап, ән айтып, алақайлап мәз болып қалады! Өзге уақытта ешкіммен шаруасы жоқ момақан, жұп-жуас.

Тағы бір қасиеті – тіршілігіне тас түйін. Отын-суы мен ішетін тамағын молынан жиып қояды. Сұқ саусақтың жуандығындай ұзындығы бірінен-бірі арта беретін он шақты имек басты темір құралдары бар. Көбінесе оңтүстік жақтан бос қайтқан составтардан көмірдің ұсақ қалдықтарын ерінбей-жалықпай тереді. Оны кіре берістегі дәліздің бұрышына, бергі жағына тақтай шегелеп ұқыпты жинап қойған. Ол қоры да бес-алты қыстық. Ал, күзде кәртөп қазу аяқталған соң, масақ теріп он шақты қап тасып алады. Сөйтіп, қысқа сақадай-сай әзірленген қара шалдың мұртын балта шаппайды. Разъездегі бақша егіп, жеміс-жидек екпейтін әйелдер қара шалдан шелектеп кәртөп сұрап алып, уақытында қайтармай қан қақсатып жүргені.

***

Қара шал кейде ұлдарды жинап алып, әңгіме айтады.

Бүгін де сол дағдысымен қияқ мұртын ширатып ортада отыр.

– Ата, түрмедегі өміріңізді айтыңызшы? – деді қашан да сауал қойғыш Жақсыбай.

– Түрме дейсің бе?! – Мәміш шал біраз уақыт үн-түнсіз отырды да: – Түрменің не қызығы бар дейсіңдер қарақтарым! Қас дұшпаныма да тілемеймін! – деді мұңайып.

– Сонда да айтыңызшы? – дейді жарыса жалынған балалар.

– Тергеу біткенше Семейдің түрмесінде жаттым. Күнде ұру, күнде төбелес. Қойған сұрағына дұрыс жауап қайтарсаң да бәрібір тепкінің астына алады. Көрсетпеген қорлықтары жоқ. Статьям 58-дің 1-і. Отанын сатқан деген. Қасақана пойыз аударып, Отанымды сатыппын. Қисынға жата ма бұл?! Содан бір күні бізді вагонға тиеді. Ылғи 25 жылға сотталғандар. Арамызда ұрылар, кісі өлтіріп айдалғандар да бар. Воркута деген қалаға апарды. Ол жерде кім жоқ дейсің? Совет одағының түкпір-түкпірінен жиналғандар. Украинадан, Белорусиядан келген поляктар да жатыр. Бендерліктер дейді. Әлгі Ұлы Отан соғысы кезінде полиция, басқарма болғандар. Жазаға кесілгендер мұндай көп болар ма?! Барған жылы 22-ме, 23-пе шахта аштық. Бір шахтамен екінші шахтаның арасы төрт-бес шақырым. Әуелде бір линия болатын. Анау Орал тауын тесіп өттік қой, содан екінші линия жасадық! Ол жердің көмірі тамызық сияқты! Сіріңкемен тұтатсаң лаулап жанып жүре береді! Көмір тиелген эшелон-эшелон составтарды зауытқа жөнелтеміз. Баяғыда, Николай заманында, орыстарға Англия, Америка сат депті ғой! Сатпапты сонда. Отыздағы орда бұзар шағым. Жұмысты апырып-жапырып істеймін. Соны байқап, қырық кісіге бригадир етіп қойды. Біреуге жұмыс істету үшін өзің де істеуің керек. Кешке дейін бөрене көтергеннен менің де иығым жара болады, олардың да иықтары жара болады! Адам өлмеген соң бәріне көнеді екен! Сібір емес пе, қыста апталап боран соғады. Шахтаның бастығы басын шайқайды. Ұлты латыш, ол да адам емес пе?! Асылбаев, сен бостандықта жүрсең үш мәрте батыр атағын берер едім дейді. Бас инженеріміз кәріс пе, орыс па, ол да жақсы көреді мені.

– Әй-әй, сендер мені алдап, бар шындықты біліп алмақсыңдар ғой! Айтуға болмайды! Косударственный тайны ол! Жұмған аузымызды ашпаймыз деп расписка бергенбіз.

Қабағы түсіп, тұнжырай қалған қара шал қапелімде көздері шоқтай жайнап, шек-сілесі қатып күлді.

– Түрмедегі орыстың мәтүшке қатындары во, мынадай! – деді бас бармағын көрсетіп. – Біреуімен әмпей-жәмпей боламын деп, үш тәулік карсерге қамалған болатынмын.

– Карсер деген не? – деді Ерман деген қара бала.

– Төбеден су тамшылайтын сыз бөлме.

– Сұмдық қой!

– Фашизм!

– Қатыгездік!

– Тура кинодағыдай әңгімелейді екенсіз! – десті тым-тырыс тыңдаған ұлдар.

– Мәміш ата, сіздің түрмеге дейін, жас кезіңізде әйеліңіз, балашағаңыз бар ма еді?!

– Әйелім, егіз қызым болған.

– Олар қайда?

– Ит біліпті. Аманхан айтады, егіз қызым мына Аякөз қаласында, военный городокта бір орысқа тиіпті. Әйелім де сонда, мыж-мыж кемпір болыпты бейшара!

– Бармайсыз ба, жолықпайсыз ба? – деп қалды балалардың бірі.

– Әй-әй! Не дейт мына ұл?! Ишь ты какой?! Жә, бүгінге осы да жетер! Және менің... менің жеке басымда нелерің бар, ә?!

Үлкен кісінің ұтымды уәжіне ешкім жауап қайтара алмады.

Қара шал әңгімесін ары жалғады. Бұл жолы тұтанып, қайраттанып сөйледі:

– Осының бәрі сайқал саясаттан! Совет өкіметінің әділетсіздігінен! Имансыздықтан! Әсілі, құдайсыз қоғам көп тұрмайды! Құлайды ұзамай! Сендер баласыңдар ғой!.. Тірі болсаңдар көресіңдер! Ал мен көре алмаймын!

– Оныңыз қате! – деді Жақсыбай шәнк етіп. – Коммунистік партия ешқашан құламайды! Сіз өйтіп совет саясатына қарсы шықпаңыз, ата!..

Осы кезде:

– Жанайдар бар ма араларында? – деген дауыс шықты. Қызық әңгіме үзіліп қалды.

***

– Е-е-ей, балалар! Ана тамашаны қараңдар!

Ұлдар жағы «шойқара» атап кеткен дөңгелек көзді, үрлеген қарындай домаланған Нұржан, құдды әкесі тойдан оралғандай анадайдан айқайлап, аяғы-аяғына тимей жанұшырып келеді. Өзі жалаң аяқ, жалаң бас. Айға жуық тамшы тамбай аңқасы кеуіп жатқан айдау қара жолдың борпылдақ сары топырағы Шойекеңнің соңында әуе айналып жерге түсер тымырсық ауада буылтықтана будақ-будақ көтеріледі-ай.

Түскі шайларын ішіп болысымен түстіктегі Аякөз өзеніне түсіп келуге жиналған бір топ бала үдірейісіп, тоқтай-тоқтай қалысқан.

– Осы-ақ жау шапқылап жүреді екен қай қашан! – деді топ ішіндегі ересектеу Ерман жақтырмаған пішін танытып.

– Оның рас, – деді ұзынтұра шикіл сары Жанасыл Ерманның сөзін қостап.

– Мына жүгірісі мен айқайы тегін емес!.. – Бесінші сыныпты кілең беске бітірген, бос уақытында кітаптан бас алмайтын Жақсыбай жаңалық ашқандай әрбір сөзін нықтап-нықтап жеткізді.

– Е-е-ей, балалар! Шын айтам! Бір өтірігі жоқ!

Шойқара ентігін баса алмай сөздерін үзіп-үзіп шығарады.

– Қасқыр көрдің бе? – деді ұлдардың бірі шыдай алмай.

– Тұра тұрсаңдаршы! – Шойекең мұрнын бір тартып, шып-шып терлеген маңдайын түймесі салынбаған алды ашық жейдесінің етегімен сүртіп қойды. Қызықты естуге құмартқан ұлдарды әуестік билеп, тағаттары таусылып, шыдамсыздана бастаған.

– Немене соншама бәлсініп, – деді өзі де, сөзі де шапшаң Ниетқали шыжбалақтап.

– Дұрыс айтасың, – деді Жанасыл да тыпыршып, – осының ертегісін естиміз деп ерте күнді кеш қылмайық балалар! Жүріңдер, кеттік өзенге!

– Қазір айтам, – деді осы кезде Шойқара ұлдардың алдына шығып. – Әлгінде кер атты ан-о-о-у ауылдың шетіне апарып арқандап келе жатсам, Мәміш жынды бар емес пе, кәдуілгі Мәміш әпендені, қолдарын артына қайырып, екі солдат жаяу айдап бара жатыр.

– Қашан?

– Қай жаққа қарай?!

– Бейшара-ай!

– Жүріңдер, ата-аналарымызға хабарлайық, – деп үрейлері ұшқан ұлдар ауылға беттеді.

***

Арада үш күн өткенде кешке таман Аякөз қаласы жақтағы жолмен қара шал келе жатты. Қысы-жазы аяғынан тастамайтын керзі етігін шешіп, қолына ұстаған. Шалбарының балағы тізесіне дейін түрілген. Жалаң аяғымен борпылдақ топырақты рахаттана басады. Көздері шүңірейіп, жағына пышақ жанығандай жүдеу.

Ауылдың шетіне іліге бере сақ-сақ күліп алды да:

Ақ қайың жалған-ай,

Кештім сайран-ай.

Халқымның ортасында,

Жүрмін жайнап-ай-й-й-й! – деп әуелетіп-асқақтатып жіберді-ай дауысын.

Мал жайлап жүрген разъезд тұрғындары істеп жатқан шаруаларын қоя тұрып, мойындарын бұрып, қара шалдың әніне құлақ түрді.

– Пай-пай, әуелеген дауысын-ай!

– Жеткен екен-ау!

– Қайтсін-ай, қораш та болса, өз үйі – өлең төсегі ғой! – десіп жатыр.

Қара шал қоржын тамның алдындағы ағаш сәкіге жайғасып, көздерінен пора-пора жас ағып, бордай езіліп, үн-түнсіз ұз-а-а-қ отырды-ай...

Кенет жолаушылар пойызы құлақ жарар гудогын боздатып, № 22 бекетке тоқтамастан қара жерді тарс-тұрс солқылдата ағып өте шықты. Дөңгелектер тарсылы біртін-біртін бәсеңдеп, құмығып естілмей кетті.

Күніге көріп жүрсе де, дәл бір қимасын қарсы алып, шығарып салған жандай орнынан тұрды да, қараша тамына беттеді. Құлағында пойыз дөңгелектерінің тарсылы.

"ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ"

1366620-1

***

Иә, өмір жолы – темір жол қара шалдың.

Тайғақ тағдыры осы болат жолмен егіз екен! Ертең бақиға озғанда да, темір жолға тақау орнығар мәңгілік мекені.

«Япыр-ай! Жазмыш дегеніміз осы ма, сонда?!.»

***

Он бес үйлі шағын разъезде кеш жататын да, құлқын сәріден тұратын да біреу бар. Ол – Мәміш шал. Жалғызілікті болған соң әрнені ойлап түн баласы дөңбекшіп дұрыс ұйықтай алмай жүр. Бұл заман не болып барады, япыр-ау?! Заманға жабамыз-ау, сол заманды жасап жатқан адамдардың өздері емес пе ар-ұяттан безген?! Әлі де аяқ басқанымды аңдып, сөзімді тыңдап жүрген біреудің болғаны ғой! Аузыма уақап едім, қалай-қалай тісімнен шығып кеткен?!

– Компартияны сайқал қатынға, жер шарындағы үлкен империя, мызғымайтын Совет одағын Құдайсыз қоғамға теңепсіз! – деді қауіпсіздік комитетінің қызметкері шілтиген сары орыс.

– Кімге айтыппын? – Таң-тосын қара шал есіне ештеңе түсіре алмады.

– Мә-ә, саған ендеше! – Оқыс тиген қатты соққыдан оңбай ұшып түсті қара шал. – Мә-ә, са-ға-ан!

Ішке тепкілегені соншалық, есінен танып қалыпты. Бір кезде қараңғы бөлмеде жатыр. Соққы бастан тиген-ау, оң жақ шекесіндегі жараға қан ұйыпты. Жер тіреп тұра берді де, бүйірін ұстап отыра кетті. Іш құрылысында бірнәрсе үзіліп кеткендей.

***

Қараңғы түн.

Жел соғады уілдеп.

Терезеден ай жарығы түсіп тұр.

Күндегі уақытынан кеш жатқанымен ұйқысы келер емес, кірпігі айқасар емес. Көңілсіз ойлар қаумалап, көзі бақырайып ары

жатты, бері жатты. Тақа болмағасын төсектен тұрып, құбылаға қарап, тізерлеп қос қолын жайған.

– Е-ей, өмір-ай! – деді жөткірініп. Сөйтті де, жарапазан айтқандай термелете жөнелген:

Кімге мұңым шағайын,
Қайдан сая табайын.
Айтып-айтпай не керек,
Шер тарқатып алайын!
Кім тыңдар тірі жетімді,
Сарқып біттім төзімді.
Өзіме де обал жоқ,
Аузымды енді бағайын!
Рахман Рахым, бір Алла,
Кешіре алсаң, кеш мені!..
Ке-ш-ш!...

Көздерін тарс жұмып, ай нұры себездеген алаң-құлаң бөлмеде өзімен-өзі күбірлеген қара шалдың жүрегі шым-шым шымырлап, бұған дейін басынан өткермеген, білмеген, сезбеген... нұр-сәулеге елітіп... елжіреп... ұйып бара жатты.

***

Иә, өмір жолы – темір жол қара шалдың.

Тайғақ тағдыры осы болат жолмен егіз екен! Ертең бақиға озғанда да, темір жолға тақау орнығар мәңгілік мекені.

«Япыр-ай! Жазмыш дегеніміз осы ма, сонда?!.»

***

Он бес үйлі шағын разъезде кеш жататын да, құлқын сәріден тұратын да біреу бар. Ол – Мәміш шал. Жалғызілікті болған соң әрнені ойлап түн баласы дөңбекшіп дұрыс ұйықтай алмай жүр. Бұл заман не болып барады, япыр-ау?! Заманға жабамыз-ау, сол заманды жасап жатқан адамдардың өздері емес пе ар-ұяттан безген?! Әлі де аяқ басқанымды аңдып, сөзімді тыңдап жүрген біреудің болғаны ғой! Аузыма уақап едім, қалай-қалай тісімнен шығып кеткен?!

– Компартияны сайқал қатынға, жер шарындағы үлкен империя, мызғымайтын Совет одағын Құдайсыз қоғамға теңепсіз! – деді қауіпсіздік комитетінің қызметкері шілтиген сары орыс.

– Кімге айтыппын? – Таң-тосын қара шал есіне ештеңе түсіре алмады.

– Мә-ә, саған ендеше! – Оқыс тиген қатты соққыдан оңбай ұшып түсті қара шал. – Мә-ә, са-ға-ан!

Ішке тепкілегені соншалық, есінен танып қалыпты. Бір кезде қараңғы бөлмеде жатыр. Соққы бастан тиген-ау, оң жақ шекесіндегі жараға қан ұйыпты. Жер тіреп тұра берді де, бүйірін ұстап отыра кетті. Іш құрылысында бірнәрсе үзіліп кеткендей.

***

Қараңғы түн.

Жел соғады уілдеп.

Терезеден ай жарығы түсіп тұр.

Күндегі уақытынан кеш жатқанымен ұйқысы келер емес, кірпігі айқасар емес. Көңілсіз ойлар қаумалап, көзі бақырайып ары

жатты, бері жатты. Тақа болмағасын төсектен тұрып, құбылаға қарап, тізерлеп қос қолын жайған.

– Е-ей, өмір-ай! – деді жөткірініп. Сөйтті де, жарапазан айтқандай термелете жөнелген:

Кімге мұңым шағайын,
Қайдан сая табайын.
Айтып-айтпай не керек,
Шер тарқатып алайын!
Кім тыңдар тірі жетімді,
Сарқып біттім төзімді.
Өзіме де обал жоқ,
Аузымды енді бағайын!
Рахман Рахым, бір Алла,
Кешіре алсаң, кеш мені!..
Ке-ш-ш!...

Көздерін тарс жұмып, ай нұры себезделген алаң-құлаң бөлмеде өзімен-өзі күбірлеген қара шалдың жүрегі шым-шым шымырлап, бұған дейін басынан өткермеген, білмеген, сезбеген... нұр-сәулеге елітіп... елжіреп... ұйып бара жатты.

***

Иә, өмір жолы – темір жол қара шалдың.

Тайғақ тағдыры осы болат жолмен егіз екен! Ертең бақиға озғанда да, темір жолға тақау орныгар мәңгілік мекені.

«Япыр-ай! Жазмыш дегеніміз осы ма, сонда?!.»

***

Он бес үйлі шағын разъезде кеш жататын да, құлқын сәріден тұратын да біреу бар. Ол – Мәміш шал. Жалғызілікті болған соң әрнені ойлап түн баласы дөңбекшіп дұрыс ұйықтай алмай жүр. Бұл заман не болып барады, япыр-ау?! Заманға жабамыз-ау, сол заманды жасап жатқан адамдардың өздері емес пе ар-ұяттан безген?! Әлі де аяқ басқанымды аңдып, сөзімді тыңдап жүрген біреудің болғаны ғой! Аузыма уақап едім, қалай-қалай тісімнен шығып кеткен?!

– Компартияны сайқал қатынға, жер шарындағы үлкен империя, мызғымайтын Совет одағын Құдайсыз қоғамға теңепсіз! – деді қауіпсіздік комитетінің қызметкері шілтиген сары орыс.

– Кімге айтыппын? – Таң-тосын қара шал есіне ештеңе түсіре алмады.

– Мә-ә, саған ендеше! – Оқыс тиген қатты соққыдан оңбай ұшып түсті қара шал. – Мә-ә, са-ға-ан!

Ішке тепкілегені соншалық, есінен танып қалыпты. Бір кезде қараңғы бөлмеде жатыр. Соққы бастан тиген-ау, оң жақ шекесіндегі жараға қан ұйыпты. Жер тіреп тұра берді де, бүйірін ұстап отыра кетті. Іш құрылысында бірнәрсе үзіліп кеткендей.

***

Қараңғы түн.

Жел соғады уілдеп.

Терезеден ай жарығы түсіп тұр.

Күндегі уақытынан кеш жатқанымен ұйқысы келер емес, кірпігі айқасар емес. Көңілсіз ойлар қаумалап, көзі бақырайып ары

жатты, бері жатты. Тақа болмағасын төсектен тұрып, құбылаға қарап, тізерлеп қос қолын жайған.

– Е-ей, өмір-ай! – деді жөткірініп. Сөйтті де, жарапазан айтқандай термелете жөнелген:

Кімге мұңым шағайын,
Қайдан сая табайын.
Айтып-айтпай не керек,
Шер тарқатып алайын!
Кім тыңдар тірі жетімді,
Сарқып біттім төзімді.
Өзіме де обал жоқ,
Аузымды енді бағайын!
Рахман Рахым, бір Алла,
Кешіре алсаң, кеш мені!..
Ке-ш-ш!...

Көздерін тарс жұмып, ай нұры себездеген алаң-құлаң бөлмеде өзімен-өзі күбірлеген қара шалдың жүрегі шым-шым шымырлап, бұған дейін басынан өткермеген, білмеген, сезбеген... нұр-сәулеге елітіп... елжіреп... ұйып бара жатты.

ХАТ

...Не істесем екен сендерге,
Сүрініп кетіп,
Бүлініп жүрген тағдырлар!..

Мұқағали Мақатаев

Тәмпіш танау ақсары бала анадайдан айқайлап келеді.

– Алақай! Пошта келді! Пошта-а!

Баламысың деген. Поштаның келуі жаңалық па? Теміржол бойындағы жұрт «жайбасар» атап кеткен, разъезд сайын тоқтайтын жолаушылар пойызы бұл елді-мекенге түске тақау бірер минутқа ғана аялдайтын. Алда-жалда станция бастығы – алпысқа тақаған, сіріңке қара Атымтай қарсы алмаса, кокардасы қоқырайған теміржол формасындағы жолсерік айтақыр аланда доп қуалап, футбол ойнап жүрген қарасирақтардың біреуін шақырып, сары қағазбен мұқият оралған пошта бумасын ұстатып кететін.

Бүгінгі поштаны Атымтай бастықтың өзі қарсы алды.

Шылымды жиі шеккеннен тістері сарғайып, екі беті мыж-мыж шалбарланған станция бастығы, күндегі әдетімен сол жерде-ақ ойнап жүрген қара домалақтарды шақырып, әр үйге тиесілі газет-журналдарды қылдай етіп бөліп берген. Ақсары бала Нұржанның үлесіне үш-төрт газет пен көкшіл конверт тиді. Сол-ақ екен, қос өкпесін қолына ұстаған ол қасындағы ұлдардан недәуір озып жанұшыра жеткенімен, есік алдында көрші екі-үш әйелмен ерні-ерніне тимей, жыпылдап өсек сапырып тұрған анасының қатулы қабағын көріп, тіксініп қалды.

– Хат бар, мама...

– Неге сонша айқайладың?! Әкел бері!.. Бар ойна!.. – Лепірген көңілі су сепкендей басылған баланың қолынан үш-төрт газет пен

хатты жұлып алған қиық қасты кербез келіншек көршілерімен жылдам қоштасып, үйге ене берді.

– Япыр-ай, маған не болды?!

Қолындағы көкшіл конвертті ашпай жатып, жүрегі әлдеқандай үрейді сезгендей қатты-қатты соғып кеткені қалай?! Табалдырықты аттар-аттамастан бірден залға жетті де, құбыжық көргендей табан астында конверттің шет жағын дар-дұр айырды. Ентігін басып аз-кем отырды. – Бәсе-бәсе, біліп едім осылай боларын.

Оқушы дәптерінің төрт беті тола жазылған маржандай жазуларға қарап көздері бұлдырап, басы айналып бара жатыр ма, не болды, япыр-ау! Өн бойы безгек тигендей ысып-жанып, қалшылдап, әзәзіл-ашу иектеген Кенжегүл ас үйдегі ақ құманнан қолына іліккен кесеге ағызып-тамыза су құйды да, шалқая бере қылқ-қылқ жұтқан; өрекпіген кеуде тұсы шым етті. Өзін-өзі жиып алды. «Не көрінді сонша?! Тапай-тал түсте сасып-салбырап. Оқиын да әуелі...»

Дірілдеген саусақтарын икемге азар көндіріп, құбыжық-хатты оқи бастады.

«Сәлеметсің бе, қымбатты Мақсұт!!!

– Ihм! Қымбатты деп жазыпты. Қымбатты-ы!..» – Қиық қасты келіншек ары қарай оқығысы келмей, парша-паршасын шығарып, умаждап атып ұрғысы келген. Ол қызғанышын әсіре әуескойлығы жеңгендей, көзін қайыра жүгіртті.

...Сенің амандығыңды біліп, дұғай-дұғай жолдаған сәлеміңді естіп, қуанышым қойнына сыймай өзіме де беймәлім бақыт құшағында жүрмін. Сөкпе мені! Бұлайша бірден жаза жөнелгенім ұят сияқты! Ерсі қылық! Бірақ кеудемде беріш болып талайдан кордаланған шерімді саған айтпағанда – кімге ақтарам?!

Бәрі есімде! Тоғызыншы сыныпта оқып жүргенімізде сенің «Қазақстан пионері» газетіне жарияланған (бір нөмірдегі) әңгімең, мақалаң және өлеңің себепші болды танысуымызға. Сен де жылдам екенсің. Менің хатымды ала салысымен іле жауап қайтаратынсың. Балалық көңілдің әсерімен нешетүрлі тақырыптың басын шалушы едік! Білесің бе, Мақсұт, алғаш жауған ақша қардай қылаусыз, пәк сол жылдарымды сағынам.

Жә, бұлайша елжірей берсем, ебіл-дебіл егілетінім анық. Кім жұбатады?! Онсыз да сентименталныймын ғой... Бойымдағы бір мінім осы...

Оныншы бітірген жылы жолым болып оқуға түстім. Сонда ғой мазалап, сені қайыра-қайыра шақырғаным.

Сен келдің біздің қалаға, есіңде шығар, автовокзалда алғаш көргенімде танымайтын адамдай қаша жөнелгенім. Ұят-ай! Неге олай еттім, ондай әбес әрекетке неге бардым деген сауалдар қанша мазаласа да, шешімін таба алмадым. Жә, бірін айтып, біріне кетіп қалып жатырмын.

Біз көріспегелі де он жыл! Сен өзгерген шығарсың?! Үйленген боларсың. (Отызға дейін сүр бойдақ жүрген жігіттер де бар ғой).

Мақсұт, әңгіменің ашығын айтайын. Өмірде кереғарлық мол ғой. Біреуді көл-көсір бақытқа бөлесе, енді біреуді сорлатады. Менің өмірім өзім ойлағандай болған жоқ. Жиырма беске жетпей жесір, жасқа толмай сәбиім жетім қалды. Күйеуіммен небәрі үш жыл тұрдым. Ол жол апатынан қайтыс болғанда Гүлназ екі жаста болатын. Жыладым, ah ұрдым. Тірі адам тіршілігін істейді екен, мектепте мұғаліммін. Қазір қызыммен екеуміз тұрып жатырмыз.

Үш жылдық ерлі-зайыпты өмірімнің екі жылы ауруханада өтті. «Бүйрек ауруы» деген пәле жабысып, соның әуресімен жүрдім. Күйеуім оңды жігіт еді. Қолынан келгенше аялап бақты. Қызымыз дүниеге келіп, ел қатарына енді қосылып келе жатқанда ол кетті. «Жарлының аузы аққа тисе, мұрны қанайды» деген сол... Қатар жүрген құрбы-құрдастарды, олардың бақытты шағын, баянды махаббатын көресің. Сол кезде мені мұң иектейді. (Ойлап қалма, көре алмастық, қызғаныш емес). Кейде оңашада жылап аламын. Сол кезде бар даусыммен: «Неге тағдыр кей адамға бәрін үйіп-төгіп береді, кей адамға ешнәрсе де қимайды?!» – деп айқайлағым келеді. Кім түсінер, кімге барып шағынам? Бар қуанышым – қызым! Мені өмір сүруге жетелейтін, үміттендіретін сол кішкентай ботақаным! Сол үшін өмір сүріп жүрген сияқтымын. Әлде артық айтып отырмын ба?!

«Материалдық жағынан қиналып қалған екен» деп ойлап қалма. Жоғарыда айттым ғой. Ауру бүйрек салдарынан қан қысымым көтеріліп, кейде жұмысқа да бара алмай қалам. Мынау аппақ әлем сондай тәтті, сондай шуақты көрініп кетеді. Приступ ұстағанда жарық дүниеге зар болатыным бар. Қызым кішкентай болғанымен, маған үлкен демеу! Қорған, пана! Қиын-қыстау сәттерде басымды

сүйейтін, қамқор ер-азаматтың жоқтығы жанымa қатты батады. Бар сырын, бар мұңын ақтарды деп жазғыра көрме.

Сенің сәлеміңді естігелі өмірім өзгеріп, нәзік жанды әйел екендігімді, менің де біреуге адал жар бола алатындығымды сезгендеймін. Артық айтсам, кешір! Бұрын жай ғана тіршілік етіп жүрсем, енді өшкенім жанып, айналамның бәрі гүл-гүл жайнап, құлпырып кеткендей! Ол ненің белгісі екен?!

Кешір, Мақсұт! Мен өз ойымды ашық жаздым. Сөкпе! Бүгін мүлдем өзгеше сияқтымын. Өз-өзімнен жылағым келеді. Мен әйелмін ғой, менің де біреудің иығына басымды сүйеп, мұңымды шақкым келеді. Моральдық құқым бар шығар оған. Сол адам кім?! Қалған өмірімде мен бақытты бола аламын ба?! Әлде, әлде әрбір күнім осылай, ертеңгі ертегі күннен үміт күтумен өте ме?! Айтшы, түсіндірші?! Күнде осы. Қызым ұйықтайды. Мен оқушылардың дәптерін тексеріп, сабақтың жоспарын жазып боламын да, өзіммен-өзім сырласам. Бұрындары бұлай емес еді, кейінгі кезде біртүрлі сияқты, білмеймін неге екенін.

Кешір, мен артық кеттім. Және сенің көңіліңде не бар екендігін білмеймін.

Қай уақытта келемін десең, есігім ашық.

Атақты философ Дидро: «Адамның бақытты болу, болмауы өзінен. Бақыт үшін күресу керек. Оны сол адамның өзі жасайды» деген екен.

Сау бол, Мақсұт!

Хат жазып, хат күтуші – Шынар.

01. 03. 85 ж.»

***

Тайқы тағдыр табаға сап шыжғырғанда қарсы тұрар жандар некен-саяқ. Табиғатынан аққөңіл, аузы ашылса жүрегі көрінетін Мақсұтқа, бозбала кезіндегі Шынар есімді қызбен таныстығы, таза ниеттен туған достықтары, арада он жыл өткен соң тосыннан жеткен хат – шу алып келді! Жайшылықта жоқ жерден ілік тауып, ұрыс іздеп жүретін қызғаншақ келіншегі жанжал шығарды. Бүйтіп университеттің сыртқы бөлімінде оқығаның құрсын, сенімен

тұрмаймын деп туласын. Қаладағы үлкен әпкесі келіп, екеуін татуластырып сабасына әрең түсірсе де, қиық қасты келіншектің көңілі жібитін емес, өкпесі тарқайтын емес.

Былайынша хатта тұрған дәнеңе де жоқ. Қымызды кім ішпейді, қызға кім сөз айтпайды? Өткен оқиғаны алаулатпай-ақ қоя салса болар еді?! Оған Кенжегүлдің іштарлығы ырық бермеді, Мақсұттың адамгершілігін түсінбеді.

Eh, Шынар! Шынар! Қайдасың сен?! Хатта қандай сыр ақтардың? Кенжегүл тулайтындай не жаздың?!

Мақсұт он жыл бұрынғы оқиғаны есіне түсірді.

КазПи-ге оқуға түсе алмай, аулына келіп жылға тақау құрылыста істеген соң, келесі жылы аудандық газетке әдеби қызметкер болып орналасқан. Тоғызыншы сыныпта хат арқылы танысқан Шынар есімді қыздың қайыра-қайыра шақыруымен, жаңа жылдың қарсаңында Қостанайға барған. Түн іші. Күн аяз. Ұшақтан түскен бетте такси жүргізушіге әдірісті көрсеткен. Шофер сөзге келместен діттеген жерге алып келді. Келсе Шынар жоқ. Оқудан сұранып ауылдағы ата-анасына кетіпті.

– Телеграмма жолдаған едім, алмаған ғой, – деді Мақсұт Шынармен бір бөлмеде тұратын қыздарға аңтарыла қарап.

– Ол да сіздің хабарыңызды білген соң телеграмма жіберген.

– Келме деп пе?

– Иә.

– Қызық екен.

Мақсұт ертеңінде таңертең тағы соқты жатақханаға.

– Шынар, кеше кете алмапты. Жаңа ғана автовокзалға аттанды, – деді құрбы қыздары.

– Барсам, кездестіре аламын ба?

– Кездесіп қаларсыз.

– Сырт киімі қандай?

Қыздар тәптіштеп түсіндіріп берді. Мақсұт такси ұстап автовокзалға жетті. Наурызым ауданына билет сататын кассаның алдына келсе, суреті арқылы білетін және құрбы қыздары айтып берген талдырмаш, көзілдірік таққан, қара пальтолы қызды тани кетті. Тани кетті де, ұят-аятты жиып қойып, тақау келіп сәлемдесті.

Қыз аң-таң. Жігітке бұрылып бастан-аяқ қарады да, өз жөнімен тұра берді.

– Кешіріңіз, сіз Шынар емессіз бе? – деді жігіт қыздың қасына қайыра жақындап.

Жігіт үшінші рет сұрағанда қыз жалт қарады да, бұрылып сыртқа тартты. Безіп барады. Бір-екі көше қиылысынан соң Мақсұт қалып қойды. Менікі дұрыс емес, анық танитындай қадалып, қайта-қайта сұрағаным ұят болды деп өзі тоқтаған қонақ үйге қайыра келді.

Түс ауа жатақханаға соғып, болған жағдайды әңгімелеп, Шынардың құрбыларына қонақ үйдің әдірісін, бөлмесінің нөмірін беріп кетті.

Жаңа жыл өткен. Бүгін қаңтардың 2-ші жұлдызы. Телевизордың дыбысын қаттырақ шығарып концерт көріп жатқан ақсары жігіт бір кезде түскі ас ішуге төменгі қабатқа келе жатса, фойедегі диванда, өзі осыдан екі күн бұрын автовокзалда көргенде бұдан үркіп, алды-артына қарамай қаша жөнелген қара пальтолы, көзілдірік таққан қара торы қыз отыр. «Сол ғой, сол! Бұл қайдан жүр, япыр-ау?!.»

Қара торы қыз орнынан тұрып Мақсұтқа қарсы жүрді. Қолында оқушы дәптерінің үш парағын толтыра жазған хат.

– Келгеніме екі сағаттан асты. Бөлменнің есігін бірнеше рет қақтым... Ашпайсың. Содан мына хатты жаздым. Енді болмаса есігіңе қыстырып кеткелі отыр едім, – деді қыз.

– Естімеген шығармын. Ия, естіген жоқпын. Телевизордың дыбысын қатты қойып, концерт тамашалап жатқам.

– Сөйтуге бола ма екен?!

– Қателік менен. Кешір. – Жігіт абдырады. – Жүр бөлмеге. Әйтпесе, астыңғы қабаттағы дәмханадан бірге түстенейік.

– Өзің ішіп кел, мен сенің бөлмеңде отыра тұрайын. Ешкім ұрсып жүрмей ме?

– Кімнің шаруасы бар. Бірақ, сені бөлмеде қалдырып кеткенім ыңғайсыздау сияқты.

– Ыңғайсыз емес, тамақтанып кел.

– Жоқ, мен киініп шығайын. Күткізіп қойғаным қалай болады ?!

Жігіт пен қыз қаланы аралап-аралап, орталық әмбебап дүкенге келді. Кіреберіс есіктің оң жағында вазаларға салынған

қызыл, сары гүлдерге қызығып, бес талын сатып алып, қызға сыйлады. Шынардың жүзі бал-бұл жанып рахмет айтып жатыр. Одан соң екеуі қаладағы ең жақсы кинотеатрлардың біріне келіп кино көрді.

Жасы жиырмада болса да Мақсұт ұяң еді. Дәл қасында иық тірестіріп отырған сұлу қызға жалтақ-жалтақ ұрлана қарап қояды. Бағанадан жөні түзу әңгіме айтылмаса да, осы бейтаныс қалаға келгеніне, Шынармен жолыққанына қуанышты. Келе сала ұшаққа билет алып қойған. Бүрсікүні таңғы 5-те Семейге ұшады. Ертең тағы кездесіп дұрыстап әңгімелесулері керек. Мынандай перизаттан айрылуға болмайды...

Экрандағы бейнелерді көзі көргенімен қиял құсы шарықтап, өзімен-өзі отырғанда кино да аяқталды.

– Ұнады ма? – деді жігіт.

– Жақсы.

– Көп сөйлемейді екенсің... Бірдеңе айтсаңшы?!

– Не туралы?

– Студенттік өмір, сабақ.

– Оқуға соншалықты ықыласым жоқ. Бірінші курста қызық сияқты еді, жалыға бастадым ба, өзім де білмеймін.

– Неге олай дейсің?!

– Сыртқы бөлімге ауысқым келеді.

– Қайдам, – деді жігіт қызға аңтарыла қарап. – Күндізгі бөлімде оқығым келмейді дегенің біртүрлі. Студент атану бақыт емес пе?

– Осылай жүре береміз бе? Үйге қайтуым керек, – деді қыз.

– Сәл қыдырайық.

– Автобус тоқтап қалады. Мен қайтайын.

«Шынында аязды түнде ұзақ сейілдей алмайсың. Тым болмаса қолынан да ұстаған жоқпын. Әлде соған ренжулі ме?!»

– Ертең қолың бос па? – деді жігіт батылданып.

– Жай ма?

– Жай емес. Қаланың ортасында «Рахат» деген ресторан бар екен. Соған шақырам... Асықпай әңгімелесейік, отырайық...

– Айт.

– Жәмила құрбымды ерте келсем.

– Ерте кел.

Қызды үйіне шығарып салып, қонақүйге келе жатқанда қатты өкінді. «Қаншама уақыт оңаша қыдырғанда қолынан ұстауға да батылым жетпеді. Сонда не үшін келдім жер түбінен?!.»

Қыздар межелі жерге уақытында келді. Жігіт Шынарды танымай қалды. Ішімдегіні тап дейтін кешегі монтаны қыз емес. Қасы-көзін сүрмелеп, шашын сәндеп, үстіне талдырмаш бойын әйгілеп алқызыл кофта, бұтына тар жинси шалбар киіпті. Жәмила есімді құрбысы да опа-далапты аямай жаққан екен. Ресторанға күнде келіп жүргендей емін-еркін. Сырт киімдерін гардеробқа өткізген соң баса-көктеп төр жаққа жетті де, алакөлеңкелеу бұрыштағы үстелге жайғасты. Сыбыр-күбір. Ара-арасында күлісіп қояды. Ас мәзіріне тапсырысты да өз қолдарына алған. Жігітті адам деп менсініп отырған жоқ. Бұлары қалай деп таңданды Мақсұт. «Кім біледі, студент болған соң бұзыла бастаған шығар. Жә, сабыр сақтайын. Соңына дейін шыдап бағайын...»

Даяшы дастарханды жайнатып жіберді. Қылқиып армян коньягы да орын тепкен. Жігіт құмыраны ашып, қылқа мойын рөмкелерге сыздықтата құя бастады. Жас қыздар ғой, ішпейтін шығар деп ойлап қояды. Қайдағы ішпегендері. Құйғанды құйған заматында тауысып отыр. Бір кезде даң-дұң, дабыра музыка ойналуы мұң екен, қос бикеш жігіттен рұқсат сұрауды да естерінен шығарып, өздерін-өздері жұлып жеген топтың ортасына еніп билей жөнелді! Көңілімді қалдыру үшін әдейі жасап отыр деп жұбатты жігіт. Қайдағы әдейі?! Бір кезде қыздар қорабында шет тілінде жазуы бар темекі алдырып, будақтатып шылым шеге бастады.

– Максут! Извените! Біртүрлі имя екен. Макс десем қайтеді? – деді Шынардың құрбысы Жәмила көздерін төнкере.

– Айта беріңіз, ұнаса.

– О-о! Браво-браво! Ендеше, мен Макстың денсаулығы үшін көтерем.

Шынар қысылды ма, бұл жолы рөмкеге ернін тигізді де қоя салды.

Екі бикешті қолтықтаған жігіт түн ортасы ауғанда шықты мейрамханадан.

Жігіт таңертеңгі ұшақпен еліне ұшып кетті.

***

Мақсұт университеттің сыртқы бөліміне түсуге былтыр Алматыға барғанында Шынарды жақсы білетін Қостанай облысының екі жігітімен қонақ үйде танысып, сөзден-сөз шығып отырып, он жыл бұрынғы осы оқиғаны баяндап берген. Қушыкеш жігіттер бұның үйленгенін айтпай, жасырып қалған сияқты... Ойында арамдығы жоқ кешегі қара торы қыз, бүгінгі келіншек бар сырын ақтарып, хат жазып отыр... Хат Кенжегүлдің қолына түсіп, ойыннан от шықты.

Он баланың кенжесі болғандықтан әке-шешесі мен аға-әпкелері Кенжегүлді бетінен қақпай еркелетіп өсірді. Өзі де қаршадайынан тақылдап ән салып, дөңгелене би билеп мақтау-марапатқа тымтым ерте иеленді. Келе-келе ешкімнен беті қайтпаған еркешора қыздың тік мінезіне өркеуде тәкаппарлығы қосылды. Өзінің келісті келбетін білетін бойжеткен сыныптағы ұл біткеннің көз құртына айналғалы тіпті дандайсып баққан.

Сынып жетекшісі Әбдікәрім ағайлары:

– Кенжегүлдей болу қайда сендерге! Оқуда озат, тәртіпті! Қоғамдық жұмыстарға да белсенді! Өзі де үріп ауызға салғандай сұлу, – деп аспандатып қоятын.

Өмір даңғыл жол емес. Он жылдықты бітіріп, Алматыға барып, жоғары оқу орнына түсе алмаған бойжеткен бір мекемеге хатшы-референт боп жұмысқа тұрды да, ойнақтап жүріп от басты... Оған себеп – жеңілтектігі. Сөйтіп жүргенде ауылға келген бір күндерінде Мақсұтқа жолығып, көп ұзамай оған тұрмысқа шықты.

***

Ақ төсекте бұлықсып іш киіммен жатқан Кенжегүл терең ой құшағында... Осындай оңашада қайдағы-жайдағының орала беретіні несі?!. Өзі әлдекімді күткендей елегізулі. Қайыра-қайыра есік жаққа құлақ түреді. Сағындырмай, тостырмай келсе болмас па?!

Кеудесінде қызыл қалғандай, күйеуін сұмдық жек көріп кетті. «Көрсетейін әуселеңді?! Қызбен қыдырған, хат жазысқан қалай екен?!» Былтыр күзде әскерден келген көрші жігітпен біраздан

әмпей-жәмпей. Әу баста күйеуіне ерегісіп еді, ендігі ісіне не жорық?! Елдің өсегі де қаулай түскен. Суық жүрісі жалғаса берсе, немен тынар? Жүрегіне ине қадалғандай. Бәрінен де бойына біткен шаранаға обал! Күйеуінен бе, көрші жігіттен бе, айыра алмай қалды ғой! Қара басты, түлен түртті деген осы.

Өзімен-өзі ойнап отырған кішкентай ұлы қалғып кетіпті. Шешіндіріп кереуетіне жатқызды. Одан соң өзі де ұйықтауға ыңғайланды. Күйеуі жұмыста. Он бес күн істеп, он бес күн демалады. Кеше кеткен, енді жарты ай үйде болмайды. Күн ара ғана екі-үш сағатқа соғады.

«Көрші жігіт менен бес жас кіші екен. Күні ертең оның да айнып шықпасына кім кепіл? Өсекке таңылып, қарабет атанбаймын ба?! Жә, болар іс болды, бояуы сіңді...»

Сыртқы есік қағылған сәтте Кенжегүлдің көзі ілініп бара жатқан. Қатты-қатты тарсылдан селк еткен келіншек дәлізге жүгіре шығып, ілгекті ашып жіберді. Қарсы алдында көрші жігіт тұр.

***

Мақсұттың көңілі әлем-жәлем. Үйіне бір кірді, бір шықты. Байыз таба алар емес. Әйелі мен баласы ауылға кеткен. О-ой, жалғыздық қандай жаман! Екі күнді әрең өткізді. Ертең үй іші оралуы тиіс. Оралады-ау, бірақ, бірақ, ыстық күннің аптабында қурап тұрған қауға тиген өрттей лаулаған өсек жанына батып барады. Небәрі он бес үйден тұратын теміржол бекетіндегі барлық тіршілік алақандағыдай; әйелдердің түрік құлағы мен қырағы көздерінен дәнеңе жасыра алмайсыз. Кеше ауылдың шетінде тұратын, өсек десе жанып кететін, етжеңді, кеудесі бір қанар Салиқа түйеден түскендей, былтырғы жылғы бір оқиғаны тұтатып жіберген. Неше мәрте оқталып, әне айтамын-міне айтамын деп жүр едім, айтпасыма болмады деді біреу естімесін дегендей сыбырлап.

Салиқаның әңгімесінен түсінгені, Мақсұт жұмысқа кеткен бір кеште ауылдан Кенжегүлдің сыныптасы іздеп келіп, үйде қонып қалыпты-мыс. О заман да, бұ заман еркегі жоқ үйге бөтен біреудің келіп мейман болуын былай қойғанда, түнеп шығуы дегеніңіз не

сұмдық! Әсілі, келіншегіңнің жеңіл жүрісі ұнамайды, ескертіп жатқаным ғой деді ол.

Өсекші қатын ғой, қанша уақыт өткен соң жерден жеті қоян тапқандай айтуының өзі қисынға келмейді деп өзін-өзі жұбатты Мақсұт.

Екеуі шаңырақ көтергелі бері келіншегін бір кісідей біледі. Қызғаншақтығы жоқ емес. Қимылы да, сөздері де шалт, шапшаң болғанымен арам ниеттен аулақтау. Шынардан келген хатқа кек сақтап жүрсе... онда... онда... Мақсұттың қателескені. Жоқ! Мен білетін Кенжегүлдің ондай оғаш қылыққа баруы қисынға келмейді! Әрі дегенде, аяғы ауыр ғой... Үстінен түспеген соң, күдік келтірудің өзі күнә! Дәл солай болған күнде отбасын сақтауы керек! Жұмыс істемей бос отырған әйелдерге өсек керек!.. Қызық керек!

***

– Қайыршы! Ішуінді қоймадың. Ілініп-салынып бұлай жүре берсек, қоңыз теріп кетерміз.

Тілі де, қылығы да тәтті сүйкімді ақсары ұлдың әкесі кешке жұмыстан келгенде анасының сыныққа сылтау іздеп, кекетіп-мұқатып отыратынын бала да болса жүрегі сезетін және неге олай ұрса беретінін ойлап-ойлап жауап таба алмайтын. Ал ешкіммен қақ-соғы жоқ біртоға жігіт әйелінің әпі-шәпі ашуланғанын көперіне де ілмейді. Төрт құбыласы түгел жандай жымиып күліп алады да:

– Жақсы сөз – жарым ырыс! Қайыршы дегенді қойсаңшы! Жас өспей ме, жарлы байымай ма! Құдай бұйырса, бәрі де болады! Асықпашы, – дейді жәй ғана.

– Қашан?! Қартайғанда ма?!

– Әлгіндегі арақ туралы айтқаның қиыспайды. Еркек болған соң, жолдастар жолығып қалып, анда-санда аздап ішетінім рас.

– Қане, ха-а деші?! Әне-е, мүнкіп тұр!

– Жаңа пойызда, мас орыстармен қатар отырған болатынмын, солардан сіңген иіс шығар.

Бала байқап отыр. Әкесі арақ ішкен кісіге ұқсамайды! Сөздері түзу! Келдібектің көкесін көрсең ғой! Тілі күрмеліп, көздері қанталап күнде мас болып келсе де, әйелінің дауыс көтеріп,

шайпауланып жатқанын көрмейсің. Ал ақсары баланың анасы жоқ жерден дау туғызып, шат-шәлекейі шығатыны қисынсыз сияқты.

Әне, анасы тағы да шаптықты!

– Елдің әйелдерін көрсең! Көйлектің неше түрін киеді! Шубадан шуба ауыстырып. Тап ақша! Алматыға барып, шыттай киініп келейін! Ана штордың қарашы! Ұят-ай! Қырық жылғы бірдеме.

– Шүкір десеңші! Тоғышар емес едің ғой! Киім, мүлік-мүкәмал, ақша-ақша деп айрандай ұйыған шаңырағымызды шайқалтып алмайық! Алтын асықтай баламыз бар! Деніміз сау дегендей... Шүберек қайда барады! Аласың, киінесің әлі.

– Бұған айтқан сөз зая! Құмға сіңген су!

Тұлан тұтып, тепсінген қиық қасты келіншек орнынан тұрды да, еденді тарс-тұрс еткізе далаға ата жөнелді.

***

«Еркек деп сені де?! Қатыныңа ие болмайсың ба?!»

Шаншудай қадалған сөздерден құтылар емес. Әзілге сүйесе де шақпа тілді Шаймерденнің сөздерінде шындық жатқан сияқты. Жел соқпаса шөптің басы қимылдай ма?! Апыр-ай, сенген, сүйген жары – Кенжегүлдің қылығы осы болса, жетіскен екен! «Жо-оқ, мүмкін емес, мүмкін емес!..»

***

Сол күні мазасы кетіп, жүрегі қатты-қатты соғып әлек-шәлегі шыққан соң көмекшісіне жұмысын тапсырып, үйіне тартты. Анадағыдай көрші жігітпен ыржыңдасып, карта ойнағандары көз алдына елестеп өтті. Ол оқиғаның ортасында өзі болғандықтан бәлендей жамандыққа жорып, басынан шығарып тастауға тырысқан. Екеуінің жан баласын елемей, бірінің-біріне деген ішіп-жеп қараулары ұнамап еді. Әсіресе әйелінің. Буыршын көзін сүзбесе, бұқа жібін үзе ме?! Япыр-ай, талайдан бері жұрттың айтып жүрген өсегі шынға айналғаны ма?! Аяғы ауыр еді, сырттан оқитын сауда техникумының көктемгі сессиясына кетті де, түсіп қалды, ауруханаға жатып шықтым деп келді. Оған не айтасың?! Көздері ойнақшыған келіншегінің арсыз күлкісі, долырған жүзі,

шатынап шарасынан шыққан жанары, жып-жып ете сүйреңдеген еріндері көлбеңдей берді. Әйелімен көрші жігіт құшақтасып отырғандай! Япыр-ай, ә! Бұл не сонда? Сезімі алдамайтын, былайғы күндері бір сағат жүретін қала шетіндегі темір жол бекетіне аяғы-аяғына тимей жылдам жетті. Бес қатарлы шойын жолдың арғы жағындағы қара жолмен келді де, үйіне тақау тұстан төтелеп жетсе есік тарс жабық. Бір жаққа кеткен бе? Жоқ, кетпеулері тиіс. Үйден таңертең шыққанда ондай әңгіме айтылмаған. Ендеше неге ашпайды? Қатты-қатты қақты есікті. Бәлкім көршілер білетін шығар деп үй айнала бергенде, есіктің ілгегі ашылып, арғы жағынан қалаға қатынап оныншы сыныпта оқитын балдызы Гүлімнің басы қылтиды.

– Неге ашпайсыңдар? Қағып тұрмын-қағып тұрмын.

Балдызында үн жоқ, тілін жұтып қойғандай.

– Неге ашпайсыңдар деймін?!

Ішке ене беріп еді, балдызы жолын кес-кестеп:

– Кірмеңізші! – деді даусы әрең естіліп. Көзінде үрей.

– Есің ауған ба? Не айтып тұрсың?! Өз үйіме өзім кірмесін дейсің бе?!

Көздері бақырайып дірілдеп-қалшылдап тұрған жас қызды жолынан ысырып тастап, дәлізден өтіп, жатын бөлменің есігін жұлқа ашса, әйелі мен көрші жігіт төсекте жатыр.

– Ойбай! – деді күйеуін көрген келіншек жалаңаш кеудесіне көрпені тарта жауып. Ашық күнде төбесіне найзағай түскендей, табан астында қандай әрекетке барарын білмей басын көрпемен бүркене берген.

Мақсұттың өн бойын алапат ашу кернеп тұрғанымен, өзін-өзі тежеп, шыдамдылық танытты.

– Киініңдер! Тиіспеймін!

Есікті қайыра жауып, қалтасынан темекі қорабын алып жалқы талын тұтатып, ащы түтінді құшырлана сорды. Біраздан соң екіншісін тұтатты. Басы шыңылдап барады. Ол жан қалтасынан бәкі тастамайтын. Сол сәтте әзәзіл бір ой, «жайрат екеуін де жатқан жерінде» деп азғырғандай. Оң қолын ыңғайлап апара бергенде, сабыр-сабыр деген үн жетті жүрек тұсынан.

Уақыт өтіп жатыр. Аналар жатын бөлмеден шығар емес. Киініп алып батылдары жетпей қорқып тұр ма? Жатын бөлменің

есігін ақырын ашса, екеуі есіктің босағасында қазықтай қақшиып қалыпты.

– Тиіспеймін! Отырыңдар ана креслоға! – деді залдың төр жағындағы диван жақты нұсқап. Бас бағып ақырын шыққан екеуі креслоға барып жайғасты.

– Біраздан бері естіп жүр едім, сенбеп едім. Елдің өсегі расқа шықты.

Өзін-өзі соншама тежеп шыдамдылық танытуға тырысқаны-мен, көздері қарауытып, басы айналып бара жатқандай.

– Қараңды батыршы айналайын! Ендігі ісім ана қатында! – деді үзіп-үзіп.

Осы сөздерді күтіп отырғандай, енді бір қараса көрші жігіт жоқ. Қалай жылдам шығып кеткен. Әйелі ананың артынан еріп бара жатыр. Ұшып тұрып сыртқы есіктің ілгегін шапшаң ілді де, қарсы келіп қалған келіншегін шықшыттан құлаштап періп жіберді.

– Өлтір мені! Өлтірші! Кінәлімін! Сайтан азғырды мені! – Әйел күйеуінің аяғына жығылды. Шашы дода-дода. Еңіреп жүр. – Се-ні, се-ні-і, түсінбедім-м! Бақытсызбын мен сорлы!

***

Мақсұт қаладан «Пазик» автобусын жалдап әкелді де, кітап-қағаздары мен киім-кешегін тиеп кетіп қалды. Қолдағы азды-көпті малды, үш аяқты мотоциклін, дүниені – бірде-біреуін алған жоқ.

Көрші кемпір-шалдар жылап қош айтысты!

– Арсыз, көкбет қатыннан құтылғаның дұрыс болды! Тағдыр жазуына не шара! Басың жас. Балаңа алаңдама! Ер жеткен соң өзі-ақ табады, – деді бірі-бірімен келісіп алғандай.

Мінезі жұмсақ, кісінің көңілін қалдырмайтын жігіт бес-алты жыл мекендеген темір жол бекеті тұрғындарын, көзі жәутеңдеген кішкентай ұлын қимай-қимай жүрегі езіліп, егіліп бара жатты.

Қиық қасты келіншектің түгі де кеткен жоқ. Ертеңіне өзінен бес жас кіші көрші жігітті қолына кіргізіп алды. Бәрінен бұрын балаға ауыр тиді. Өгей әкеге үйрене алмады. Ерте ме, кеш пе өз әкесі қайтып оралатындай.

– Жынды немеден құтылдық-ау! – дейтін шешесі. – Сен жатырқама Сапар ағаңды! Ол жақсы кісі. Қаласаң, әке деп айт, жарай ма?!

Бала жауап қайтарған жоқ. Алғаш рет анасын жек көрді. Неге өтірік айтады? Өзінің туған әкесі тірі тұрғанда, бөтен кісіні қалай әке дейді. Үлкендер неге балалардың пікірімен санаспайды. Өздеріне ұнаса болғаны ма?! Нұржан түк білмейтін кішкентай емес. Келесі жылы бірінші сыныпқа барады. Қазірдің өзінде жақсы мен жаманды айыра біледі.

***

– Әке-е! – деді өксіп-өксіп жылаған бала есік алдына шығып. – Әке-е!

Табалдырықтан аттай бере аңдаусызда құлап түсті. Сыртқы есік алды бетоннан құйылған жарты метрдей биік болатын. Орнынан домаланған әрең тұрды, жаздық жұқа шалбарының тізесінен суық өте шыққан еді; оны да, тызылдап ауырған аяғын да елеген жоқ. Елейтіндей жағдайы бар ма?! Әлгіндегі қатал да қазымыр, өгей әкенің жәбірінен қатты сескеніп, қорқып қалыпты.

Далада ерте көктемнің ызғырығы соғып тұр. Қамсауы шамалы, алдыңғы түймелері салынбаған ұзын пальтосы да аяғына оралғы болып, далп-далп далбырлап келеді.

– Ә-к-е-е! – дейді өксігі үдеген бала. – Әк-е-е, қайдасың сен?! Қайдасың-ң! Мен, ме-ен... с-е-е-н-і... с-а-а-ғын-ды-м! Әк-е-е, қайда-сың-ң?!.

Бәрі-бәрі, жадында! Қалай ғана ұмытсын! Қазір де көріп келеді!

Баланың әкесі анау жатқан темір жолдың бойымен, Ақтоғай станциясы жақтан, пошта таситын «жайбасар» жолаушылар пойызымен келетін. Кей кезде өзі құралпы қара домалақтармен ойынның қызығына беріліп есінен шығып, ұмытып кетпесе, күн ара қарсы алатын әкесін. Әкесі мініп келетін пойыз мұнда көп аялдамай жылдам жүріп кетеді. Бірақ балаға керегі – әкесінің келуі! Құлдырандап, томпаңдап жүгіріп жеткен мұны жерден тік көтеріп алады да, бетінен-көзінен ал кеп сүйеді. Содан соң жан қалтасынан қызылды-жасылды қағаздары көздің жауын алатын тәтті-дәмділерді алып қарқ қылып тастайтын. Ол кезде бала қазіргіден де кішкентай болғандықтан, соншама мол кәмпиттің қайдан келіп жатқандығы, неге таусылмайтындығы туралы басын

онша қатырмайтын. Шынында, оның керегі бар ма? Оған қажеті, әкесінің келуі және ықыласы ғой!

Бала әкесін күн ара пойыздан қарсы алуға, оны жалықпай күтуге дағдыланған.

– Әк-е-е!

Бала ентікті. Жүгіруін тоқтатып, аяңға көшті. Осы кезде Тоғай станциясы жақтан жерді дүрсілдетіп, әуелі тепловоздың ащы гудогі, одан соң жолаушылар пойызы көрінді. Қалт тұра қалды. Өксуін қойды. Көзі бақырайып, жүрегі дүрсілдеп тұр.

– Әке-е-е!

Манағыдай емес, даусы бәсең. Пойыз зулап келіп қалды. Міне, жерді солқылдата өтіп барады. Кенет пойыз вагондарының ортаңғы тұсынан жүзі сондай таныс адамның бейнесі шалынғандай. Ия, анық көрді! Әкесі, әкесі! Басындағы сұр қалпағын алып қол бұлғады, әне-е, әлі бұлғап барады. Бала пойызға қарай құстай ұшты, бірақ жете алмады. Оқша зулаған вагондар алыстап кетті. Ұзады. Бала әлі жүгіріп келеді.

– Әк-е-е! – дейді айқайлап. – Ә-ке-е-е! Неге түспей кеттің сен?! Мен се-е-ні-і сағындым, сағындым ғой, әк-е-е!

Қос рельстің арасымен жүгіріп келе жатқан бала сүрініп құлап түсті. Басы рельске соғылғанын бастапқыда етқызуымен біле қойған жоқ. Жылап, өксіп-өксіп жата берді қозғалмай.



ТАЛҚЫ

... Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!.

Абай.

Сарша тамыз. Күн күйіп тұр. Ауыл тұрғындары шақшиған күн екінтіден ауып, көленке басы ұзарғанша есік-терезелерін тұмшалап, өрттей жанған ыстықтан бас сауғалайды. Көшеде бейсауат жан некен-саяқ; ит екеш иттер де үйшіктеріне тығылып, тілдерін саландатып жиі тыныс алады. Жайшылықта ұзап жайылатын жылқылар да өзеннің жағасында бірі-біріне тұмсықтарын тыға түсіп шыбындайды.

Осы сәт ауыл ортасындағы көк шатырлы үйден қызыл жалын лап берді. Ізінше қара қошқыл түтін будақтады. Етектегі өзеннен келе жатқан жалаңаяқ балалар:

– Өрт, өрт!

– Кімнің үйі екен?!

– Жүгірейік! – десіп улап-шулап жарыса жөнелді. Бәрінің көкейінде кімнің үйі деген сұрақ бар. Топшылағандарымен толық білмейді. Аптығып-алқынып жеткендерімен, көздері бақырайып тұра-тұра қалысқан.

Үймен жапсарлас қора төбесіндегі үюлі шөптің қожайыны Мұсақұл шал-тұғын; әуелде осы тұстан басталған от енді шатырға тиіп, сытыр-сытыр жанып жатыр. Қара домалақтардың көкіректері сайрап, біліп тұрса да, үй иесінің атын атай алмай дағдарған. Сүріне-қабына жеткен кемпір-шалдар мен әйелдердің біреулері шелекпен су шашып жатса, енді біреулері ескі көрпе, күпәйкемен жерге түскен отты сабалап жүр.

– Оу, халайық! Мұсекең қайда?!

– Үйінде болуы тиіс.

– Науқастанып жүр еді.

– Бәсе-е, көптен көрінбейді.

...Мұсақұл кәрия бұл кезде қалың ұйқыда еді. Соңғы кезде оңашаланып, жайлы тыныштық тілеп жатқыштай беретін. Жетпіс тоғыз жасқа дейін ыңқыл-сыңқылды білмеген қарт кәрілік шіркіннің жайылған уыттай өн бойына шым-шымдап тарағанына мойын ұсынған. Айтты-айтпады, Алла тағала екі аяқты пендесінің әл-қуатын аз-аздан кемітіп, жүрегінде зәрредей иманы болса тәубесіне келтіріп, сағымдай бұлдырап, қайран да қайран қалып бара жатқан сағынышты күндерін жадында жаңғыртып, өкіндіріп, өксітіп, арғы дүниеге ынғайлайды екен-ау! Нарттай қызыл шырайы, қажыр-қайраты қайда кешегі?! Белі құрғыр да қақсайтынды шығарды. Тіпті болмағасын он жылдай кәсіп еткен қоймадағы күзетшілік жұмысын да тапсырған.

Елу жылдай отасқан кемпірінің көз жұмғанына екі жылдай болды. Әйелдің соңында қалған қиын екен. Ендігі үміті не?! Ол дағы майы таусылуға тақаған шамдай сәуле шаша ма сығырайып?! Әлде, әлде, бәрін тастап, қалада тұратын ұлының қолына тартып отыра ма? Кемпірінің жылын өткізген соң Алматыға барғысы келгенде тоқтатқан баласы еді. «Қартайып тұрған жоқсың. Денсаулығың сыр берсе, көшіріп алам. Сіздің арқаңызда соғымнан тарығып көрген жоқпыз. Қоныс аударғанның жөні сол екен деп, үйдің бағасын арзандатпаңыз. Жылқыларға тиіспеңіз, қой мен сиырдың он шақтысын ғана сатып, қалғандарын көршілерге қосып қойсақ қайтеді?!» – деген соңғы бір келгенінде.

– Әке, – деген сонда ұлы. – Өзіңіз жақсы білесіз, сүйенерім жоқ менің. Ондай «жанашырды» бүгінгі тілмен айтқанда «крыша» дейді. Жалғызбын қайда да!.. Өзім кіндіктен жалғыз едім, балам да біреу! Келініңіз өнер соңында жүрген соң, бір баламен шектелгенбіз.

– Келешектерің алда...

– Қырықтан астық, енді кеш.

– Уақыт көрсетер, сөзіңді жалғай бер.

Жасына жетпей бұғағы салбырап, үрлеген қарындай домаланған баласы қалтасынан темекінің жылтыр қорабын шығарып тұтатқан. Ащы түтінді қомағайлана үсті-үстіне сорды.

– Неге соншалықты әуессің шылымға, жиілетіп жібердің манадан.

– Жаман ғадет, қоя алмай жүрмін... Қай жерге келіп едік?

– Жалғызбын дедің.

– А-а, иә-ә... Осы тірлігім, пысықтығымнан...

– Олай күпірлік жасама! Алланың нәсібі де!

– Әрекетсіз бола ма? Айтыңызшы?!

...

– Өмір – күрес! Жансебіл тірлікпен алға ұмтылу! Қажет жерінде біреуді ағалау, біреуді жағалау. Бүгінгідей дағдарыс кезінде барлық мәселені шешетін – көк қағаз! Доллар! Ақша! Ақша! Әйтпесе Алматыдай мегаполисте қаңғырып далада қаласың. Мың теңге сұраңызшы біреуден, берер ме екен?! Әй қайдам?! Мен танитын крутой жігіттердің көкелері жоғарғы жақта отыр! Солар айбар, солар қорған оларға! Жылма-жыл өткізілетін тендер дегеніңіз көзбояу! Фальш! Кімнің қолдаушысы мықты болса, сол жеңімпаз! Көкең күшті болса болғаны! Тендер дегеніміз – ашық жеңдер деген сөз! Мен қызмет істейтін құрылыс компаниясының Қазақстан бойынша бірнеше қалада үлкен-үлкен құрылыстар жүргізіп жатқаны – үлкен бастығымыз Еділбай Серғазыұлының арқасы! Оның да «крышасы» жоғарыда! Крыша болғанда қандай! Ол енді құпия, секрет!

– Ауылда тұратын зейнеткер шалға оның түк те қажеті жоқ. Сонда, сен айтып отырған сыбайлас жемқорлық емес пе? Елбасының майдан ашқан, қоғамды теспей сорған жегі құрты ғой! Ойбай-ау, заң қайда, тәртіп қайда?!

– Қайдағы заңды айтасыз?! Құжат-қағаздарыңыз тастай болса болғаны! Вот солай, әке! Оған бас қатырып қайтеміз. Жеке кәсіпкерлік пе, фирма ма, сондай бірдеме ашып алмаппын, соған өкінем.

– Балам-ай, өмірдің барлық құндылықтарын ақшамен бағалауға болмас! Әділет, аяушылық, иман байлығы, адамгершілік дегеніміз қайда-а?!

– Ой, әке-ай! Ондай түсінік, ондай пайым өткен ғасырда, сіздер өмір сүрген кезде болған шығар! Қазір капитализм! Былай-ша айтқанда, нарық қатынастары заманында, өзіңіз айтқан адамгершілік, мейірім, қайырым, әділет сияқты категориялар екінші, тіпті үшінші планға ығыстырылған! Сондықтан...

– Мен жеңілдім, сен жеңдің балам! Ақша, доллар, қу құлқын билеген қоғамның барар жері, байырқалар тұсы құрдым емес пе?! Оны кім ойлайды?! Тәуелсіздікті не үшін алдық?! Ондай-ондай жөнсіздіктерге ұрынба ұлым?!

– Кешегі ұлағатты ұстаз, гуманизм дәнін еккен мамандық иесін һәм қызыл коммунисті сенімінен қайтару мүмкін емес.

– Жә-жә, тоқта! Менің сенетінім жалғыз Алла!.. Измдер тұрақсыз, ауыса береді алмасып. Қайтеміз қаржасып. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген бабаларымыз.

– Әке, әке-тай! – Қысық көз жігіт ағасы орнынан тұрып қайыстай қара шалды құшақтап, арқасынан қақты. – Түсінгеніңе рахмет! Ымырашыл осы қасиетің үшін жақсы көремін, сізді!..

Сол жолы болымсыз әңгімелер айтып, нәумез еткен жоқпын ба баламды деп көпке дейін өкінді Мұсекең.

Едігенің айтқаны рас. Өз қолымен тұрғызған үйін арзанға неге сатсын. Ұлы қызмет істейтін құрылыс компаниясы Алматыдан Астанаға ауысып жатыр. Жаңа жерде де тіршілік керек емес пе?!

Бұдан өзге кімі бар баласының?! Заман солардікі... Кісінің іші-бауырына кіріп, ағалап-көкелеген елгезектігінен, іскерлігінен жүр емес пе?! Аллаға, шүкір! Кәрілік шіркін аздап аяққа тұсау болмаса, жатып қалғаным жоқ. Ұлымның бір жағына шығып жатсам, қанеки?! Қалаға барып төрт қабырғаға қамалып отырғаннан ауылда тұрғаным дұрыс шығар.

***

Мұсекең әуелде дәнеңе сезген жоқ. Ащы түтін қолқасын қапқанда барып мойын бұрған. Денесі дел-сал, басы мең-зең. Тістеніп күш шақырды. Дыбыстағысы келген.

– Алла, жар бола гөр!

Қалың түтіннен кірпіктері жұмыла берді. Бұл не?! Өрт!.. Өрт пе?!. Санасы сайрап жатыр. Тұру керек! Қуатын жиып, ұмтыла түсіп сылқ етті. Ажал, ажалдың жеткені ме?!

– Алла-ай! Жаным-ай!

Ауа жетпей тынысы тарылды. Кереуеттен аударыла құлап түсті. Денесінің ауырғанын да елемеді... Еңбектеу керек!.. Шығар есік әне, он аттам жер!.. Жетсе болғаны!..

Ұйқылы-ояу, кіресілі-шығасылы жағдайда қанша уақыт жатқаны есінде жоқ. Аппақ шатырдай бөлмеде жападан-жалғыз. Кезекші дәрігер қозғалмаңыз деп ым қақты. Қаталап, шөл қысып барады. Соны сезгендей жастығын биіктетіп, кесемен сусын жұтқызды дәрігер. Өңеші қатты ашып ауырды. Басы айналып, көзі қарауытты. Таң атқанша кірпігі айқаспады. Тәні ашып, қатты ауырып жатқанымен, жады қаз-қалпында. Ойына жоқтан өзге оралады. Дүниенің шолақтығын сезді ме?! Сезсе де паркына жетті ме?!.

Жігіттер, жалған дүние бізден қалар,
Бір күні ажал келіп жаныңды алар.
Жан шығып, дүниеден көшкеннен соң,
Мал-мүлкің, қатын-балаң бәрі қалар,–

деп кім айтып еді?! Ә-ә, есіне түсті. Шал ақын! Қайран, абыз баба! Қалай-қалай қиыстырған! Не көрді фәни жалғанда! Жалғызым кемдік көрмесін деп келді емес пе!

Едіге – қырықтан асса да Мұсекеңе әлі бала. Алматыға барып тұруды, немересін иіскеп, айналып-толғанып отыруды ойлағаны қа-ша-ан?! Тағдыр неткен қатал! Арман-мақсатына қол созым қалғанда, ғаріп болғанын көрмейсің бе?!.

Қарт ойын жалғады. Он күн болыпты ауруханада жатқанына. Екбетінен құлаған соң, екі аяғы мен жон арқасын от шалған. Ұлы денесін ақ дәкемен орап, гипсиеп тастапты. Мұнда қанша жатар екен? Малға бас-көз болатын кісі бар ма? Үйге кім қарайды?! Үй демекші, үйі не болды? Өрттен аман ба екен? Қайыржан көршісі күнде келеді. Сұрайын деп қанша оқталса да, сұрай алмады. Шатақ шал үйде нең бар деп ұрсып тастай ма?! Телеграмма жолдадым деп еді баласына. Қолына тисе ұшып жетер.

– Құлыным-ай! Мазасын алдым ба? Қалай дегенмен жұмыстағы адам. Астанаға көшеміз деп жүрген. Қоныс аударушылардың қатарына кірсе жарады. Құрылыс компаниясының президенті таныс-тамырларын тізімдеп жатқан көрінеді. Қайда барсаң сол, біреуі жекжатын, біреуі жерлесін сүйрейді. Қарға тамырлы қазақтың әдеті. Мынадай заманда үлкен шаһарда тұру да қиын. Алматы Алматы болғалы қымбатшылық. Оның үстіне қоғам да асты үстіне төңкеріліп, жұмыс іздеген жұрт көшіп барып жатыр,

барып жатыр. Қала маңындағы саяжайлардың бәрін тұрғын үйге айналдырған дей ме, немене?! Иә-ә, айтқандай, Едіге бір сөзінде өзі істейтін компаниядағы үшінші вице-президент пенсияға шығады; ұзақ жыл құрылыс бастығы болдым, маған ылайық орын. Екінші вице-президент Орекең емеурін білдірген. Құланның қасуына, мылтықтың басуы келіп тұр деп еді. Баласы ана орынға отыра қалса, еңбегін өтеуі керек Орекеңнің...

Ұмытып отырғанын қарашы, былтыр ма, алдыңғы жылы ма, Сейілхан құрдасы Алматыдағы туысының үйіне қыдырып барғанда қара аспанды төндіре келіп еді. «Ой-бай, бәрі удай қымбат! Күнделікті тұтынатын азық-түлік пен еттің бағасы аспандап тұр. Автобусқа отырсаң пәлеге қалғаның. Қойған астары суып бара жатқандай қолды-аяққа тұрмай, аптығып-асыққан жұрт! Алматың көк түтін! Дұрыстап шәй де іше алмай... Сулары кермек тати ма?! Мазам кетті, жүдә?! Жайма базарда қара қытайлар мен қырғыздардан аяқ алып жүре алмайсың! Апыр-ау, басшылардың не ойлағаны бар?! Қара қытай қаптаса не болады күніміз?!. Құрысын! Кіндігі мен омыраулары ашық-шашық қыз-келіншектер! Ай дер ажа, қой дер қожа болмағаны ма?!. Астафиралла! Құдай енді Алматыны көрсетпесін!..»

Мұсақұл ала бұлт үйірген Алматыға биылғы жазда жолы түсті. Жаз күшіне енген маусым айы еді. Асқар шыңдарын мұз құрсаулаған асқақ Алатау! Қос қапталы көкжелекке малынған көркем даңғылдар! Астау-арықтардан сылдырап аққан мөлдір су! Қарай бергің келеді көз алмай.

Сол жолы екінші Алматының темір жол вокзалынан Едігенің шофері қарсы алды да, сүліктей қара «Мерседес» ызғытып жөнелген. Терезеден көшеге қарады да отырды. Көңілі көтерілді. Мәшине ішіндегі радио толқындары қазақтың халық әндерін шырқап-ақ жатыр.

Айналайын, қарағым, алтыным-ай,
Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Есен-аман жүрмісің жарқыным-ай.
Ахау, керім, бұрақ белім,
Күнде жиын, күнде той,
Жүрген жерің-ай!

– Пай-пай! Даусын-ай, мына әншінің! Қалай-қалай құйқылжытады.

Жүргізуші жас жігіт болса да орнықты бала екен. Әнге әсерленіп, арқасы қозған кәрияны қоштаған да, иә деп емеурін де танытқан жоқ.

Едігенің «Мамыр» шағын ауданындағы қос қабатты коттедж үйі хан сарайындай. Ауладағы жеміс-жидек ағаштарының неше түрін көріп таң-тамаша қалды.

Қара шалды қарсы алған ұлы мен келіні мал-жан амандығын білген соң, жұмыстан кешігіп барамыз деп кеңселеріне кетті. Дүнген бе, кәріс пе орта жастардағы әйел дастархан жасап жік-жапар:

– Қолыңызды жуыңыз да отыра қалыңыз, – деді таза қазақ тілінде.

Қарт айран-асыр. «Басқа ұлттың өкілі ме десем, біздің тілде сайрап тұр ғой?!.»

– Рахмет, айналайын! Өркенің өссін қарағым!..

Бейтаныс әйелдің ілтипатына риза көңілмен төрге оза берді. «Келіннің туысы шығар...»

– Қарағым, қандай жақындығың бар бұл үйге?

– Қызметшімін. Есімім – Әлфия. Әкем қазақ, шешем ноғай.

– Ә-ә... мен... құдалар жақтан ба деп.

– Балаңыз бауырмал, кішіпейіл. Жанна келініңіз де аяулы! Өздері, маған әбден сеніп алған. «Туысқаннан қиысқан жақсы» деуші ме еді.

– Адамның адамға сенгені жақсы ғой... Қызметші болғанда, немен шұғылданасың шырағым?!

– Үш мезгіл ас әзірлеп, үй ішін жинау, кір жуып, үтіктеу. Келген қонақтарды қарсы алу, жетеді жұмыс.

– Сонда, келінім... шыбық басын сындырмай ма?!

– Ой, ата-ай! Сізге бәрі қызық шығар. – Сылқ-сылқ күлді. Маржандай тістері жарқырап, сыңғыр-сыңғыр күлгені жарасымдыақ. – Келініңіз өнер адамы. Танымал актриса. Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері. Арасында консерваторияда сабақ береді. Ойланызшы, ондай кісінің уақыты болушы ма еді?!. Бір рольді сомдау дегеніңіз, кө-өп тер төгуді қажет етпей ме?! Алыс-жақын шет елдерге гастрольдік сапары тағы бар. Жақында Европаны аралады. Бақытты ғой балаларыңыз. Арманыңыз жоқ шығар, сіздің де?!

– А, иә... бақыттымын! – Сөздері пышыраңқырап, сенімсіздеу шықты. Сезімтал әйел бірден аңғарды: «Көңіл үшін қайтарған жауабы. Өтірік айтқаны көрініп тұр. Заты аңқау, адал адам...»

– Ой-бу, қалқам, әлгі ұл көрінбейді ғой?

– Кімді іздедіңіз?

– Немерем ше?

– Тимур ма?! Санкт-Петербургке олимпиадаға кеткен. «Болар бала боғынан». Ол дағы үлкен математик! Болашағы зор!

– Солай деңіз!

Асықпай шай ішіп, арқа-жарқа болған Мұсекең ас бөлмедегі тазалыққа, көз арбаған мебельдерге қарап қояды.

– Бір сауал қойсам, ыңғайсыз емес пе?!

– Сұраңыз.

– Сонда, сіз, кәдімгідей, жалақы аласыз ба?!

– Әрине!

– Күні бойы осындасың?

– Таңертеңгі жетіден кешкі алтыға дейін.

– Ондайды біле бермейміз. Қайдағы бір сауал қойғаныма кешір айналайын.

– Айыбы жоқ, ата! Ыстықтай шай ішіңіз! Бауырсақты жаңа пісіргем! Сары майдан, вареньеден дәм татыңыз. Мынау – Алтайдың балы. Едіге Өскемен жақтан алдырып тұрады.

– Алла риза болсын, қалқам!

Кәрия дастарханға бата жасап тысқа шықты. Жеміс-жидек ағаштарын суғарып, баптап төрт-бес кісі жүр. Барып танысты. Бау-бақшаға қарайтын жұмысшылар екен.

Кәрия баласының тірлігіне дән риза. Өздері үш бас. Қызметшілері алты жан. Шетелдік телесериалдардағы бай-манаптар қызметші ұстаушы еді. Сол үрдістің қазақтарға да жеткені ме?! «Е-е, елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» дегеніңіз осы. Баласы мен келіні заман ыңғайына бейімделген екен.

***

– Алла-ай, жаным-ай! Әкетіп барады шыдатпай. Едігем келді ме?! Білсеңдерші жарқындарым-м!

Медбике қыз атып тұрды.

– Ата, қозғалмаңыз!

– Алмаған-ау телеграмманы! Жарығым-ай, жалғызым-ай! Қайтейін! Амал бар ма бұл дертке?! – Дауысы бәсеңдеп, ентіге бастады. Кеудесі қысылып, сыбырға көшкен.– Япыр-ай! Досым қайда, кешегі досым қайда?! Неге кіріп шықпайды осындайда! Күйіп-жанып барады мынау денем! Ыстығым бір уақ басылмай ма?! Бармысың-ң-ң, Қайыржан-н! Кешіктің-ау, балам-ай! Қайдасы-ң-ң, Еді-ге-е-ее! Едіге-жан-н! Едіг-е-е!

Медбике укол салған соң кәрия көп ұзамай ұйықтап кетті. Кешелі бері ыңқылдауы жиілеген соң, бөлім меңгерушісі кезекшілікке екі медбике тағайындаған.

– Жон арқасы мен аяқтары қатты күйген! Жас адам емес, шыдаса жарады. Әи-й, қайдам, – деді дәрігер басын шайқап.

Медбике науқастың жастығын түзеді. Ойына әкесі оралып, жүрегін сағыныш меңдеді. Ауырып жүр еді, алдағы сенбіде барып қайтпасам деп уайымдады. «Өмір неге қым-қиғаш?!. Түсініп көр. Ауырған адамға, туыстары жиі келуші еді. Бұл кісіге көрші кәриядан өзге ешкім бас сұққан жоқ. Жалғыз ұлы Алматыда екен... Не деген тасбауыр?!. Өгей шығар...»

Бастығырылып қатты-қатты шыққан дауыстан жүрегі зу етті.

– Келді ме?! Қайдасың-ң?! Бармысың балам-ау! Едіге-е! Едіге-е-е! Жарығым-ау, қай-д-а-а-а-с-ы-ы-ң-ң-ң?!.

***

Ұза-а-қ шырылдаған қоңырауды естіген қызметші әйел сыртқы есікті ашса, алдында жас қыз тұр.

– Телеграмма!

– Қайдан?

– Мына жерге қол қойыңыз.

Қағаздағы жазуға көз жүгірткенде зәресі ұшты Әльфияның. «Едіге, тез жет. Әкең нашар жатыр.»

– Апырым-ай, қожайын Ақтөбеге, әйелі шетелге кетіп еді. Не істесем екен?!.

Қол қойғызып, телеграмманы табыстаған қыз тез шығып кетті.

«Сонда, сонда, нашар жатқан Едігенің әкесі ғой! Өткенде ширақ көрінген. Ауру айтып келе ме?!» Әлфияның ойы сан саққа жүгірді. Ә-ә, қалта телефоны бар. Тапты-тапты. Телефон нөмірлері тізілген дәптердің бірінші бетіне үлкен әріптермен жазып қойыпты! Жақсы болды-ау! Теріп еді, «абонент қызмет көрсету аясынан тыс жерде немесе сөндірулі» деген дауыс естілді. Сол күні кешке дейін бірнеше рет қоңырау шалды. Тағы да сол: «абонент қызмет көрсету аясынан тыс жерде...»

***

Кәрия сөзден қалды. Көршісі Қайыржанның қолын жібермей ұстап, әлсіз саусақтарымен қысып-қысып қояды. Есік жақты нұсқайды. Баласын күтуде. Едігеден әлі хабар жоқ. Телефон шалған. Жауап бермеді. Кеше түстен кейін тағы да телеграмма жөнелтті. Құдай-ау, жалғыз баласын көре алмай, қоштаса алмай кете бара ма ана дүниеге. Дәтіне берік еді Мұсақұл. Бұдан көзін алмай, тесіле қарап жатты да оң қырына аударылуға әрекет жасады. Сонда аңғарды, жапырақ үстінен төгілген таңғы шықтай көз көбесіндегі үймелеген жас тамып-тамып кетті. Құрдасының жүрегі ине шаншығандай қатты ауырды.

Аздан соң Мұсекеңнің кірпігі айқасып, қалғып кетті. Бейіс дүниесіне шомылып, түс көріп жатыр. Жадыраған жаз. Аспан әлемі ашық. Баяғыда, өздері тұрған Ақтүбек ауылындағы Отияр тауына тақау төбедегі көк шатырлы үйлері. Марқұм Майша кемпірі Аягөз қаласы жақтағы терең сайдан ат арбамен келді де, тоқтай қалсын. Өзі тойға баратындай сәнді киінген. Түрінде әбігерлік бар.

– Әй, шал! – Баяғыдай шалт, шапшаң.

– Сенбісің, Майша? Қайдан жүрсің?! – Қуанған да, қорыққан да бірдей. Мұсақұл бірденелерді айта бастап еді, кемпірі сөзін бөлді.

– Бейшара-ай, шөгіп қалыпсың!.. Ауырғаннан саумысың?!. Ырғалып-жырғалатын уақыт тар. Асықпай әңгіме-дүкен құрармыз... Сонау ит арқасы қияннан саған бола келдім. Кел отыр, деді бұйырып. Мұсақұлдың қарсыласқанына қарамастан киім-

кешек, оны-мұнысын жылдамдата қара сөмкеге салды да, арбаға отырғызып, тықыршып тұрған қоңыр биеге бишік үйірді.

...Мұсекең таң алдында дүние салды. Құрдасы Қайыржан бас болып, көрші-қолаң арулап аттандырды. Әне-міне келер деп Едігені күтті.

Араға үш күн салып ақшам кезінде Едіге таксилетіп жетті. Ауыл адамдары жағаларын ұстады. Қайыржан көрші қарсы алды. Біріне-бірі көңіл айтысты. Едігеде сөз жоқ. Әкесінің құрдасы әңгіме бастады:

– Қайран Мұсекең! Тағдыр талқысына төзіп бақты. Екі жылдан астам уақыт жападан-жалғыз тұруы, әй қиын-ақ! Майшаның жылынан соң Алматыға жиналып еді, дәм тартпады. Сенің үлкен қалада тұрғаныңды, қызметтегі абырой-беделіңді, жауапты қызметте жүргеніңді мақтаныш санайтын. Едігем деп жүрегі елжіреп, еңіреп өтті жарықтық! Сені соншалықты сүйді, сағынуынан сарғайды, іздеді! Көре алмай қаламын деп ойлаған жоқ... Ақтық демі үзілгенше әне келеді, міне келеді деп күтті. Қайтарынан бір күн бұрын сөзден қалды. Онда да қайта-қайта есік жақты нұсқайды. – Қаршыға көз қара шал мүдірді. Көкіректі қарс айырған сөздерді жеткізу де қиын. – Сені екі күн тостық. Күн ыстық, мәйітке обал. Кеше жерледік. Жаназасына қатыса алмадың, топырақ салу бұйырмады.

– Келіңіңіз алдыңғы күні звандап... Шетелден, гастрольден келген беті екен. Дереу маған хабарласты. Ақтөбеден осылай тіке ұштым.

– Ақталып қайтесің, қарағым. Болар іс болды, бояуы сіңді... Жатқан жері жарық болсын! Тағдыр жазуына не шара?! Қырқына дейін басын көтермекшіміз. Ескі Майлиндегі Қажыбектің баласына мәрмәр тасқа тапсырыс бердік.

Едіге Қайыржан көршіге:

– Құран бағыштайсыз ба? – деді бұрылып.

– Зират басына барып қайтайық. Өлілердің тірілерден тілейтіні дұға ғой!.. Қазір де оқиын.

– Ағузу биллаһи минаш шайтон ирражим!

Бисмиллаһир Рахманир-Рахим!

Иа-син-н... Уәль Құранил хәким-м... Иннәкә ләминәл-л мурсалин. Ғалә сиратим мустақим-м. Тәнзиләл ғазизир рахим-м. Литунзирә, қаумән мә унзирә-ә, әбә-уһум фәһум ғафилун-н...

***

Ертеңінде түс ауа көрші үйдің жеңіл машинасымен аудан орталығына жетіп, билет алды. Жолаушылар пойызының келуіне үш сағат қалыпты. Ешқайда барғысы келмеді. Достарына да телефон шалған жоқ. Естісе, жетіп келетіндері анық. Бұрындары бүйтіп жападан-жалғыз жүрмейтін. Ырду-дырду, сән-салтанат әкесі бар кезде жарасатын. Қазіргісі не жорық?! Несіне қуанады?! Несіне жетіседі?!.

Теміржол вокзалына таяу саябақтағы кісі көзінен тасалау сәкіге барып жайғасты. Әлгінде ғана жадыраңқы күн райы күрт бұзылды. Аспан әлемін түйдек-түйдек ала шарбы бұлттар торлады.

Қайран, әке! Жан адамға сабытын артпай кете барды үн-түнсіз.

Едігенің жан дүниесі алай-түлей. Қайғының қара бұлтын енді сезгендей, енді ғана білгендей.

– Перзенттік парызымды өтей алмадым! Үлкен күнә жасадым?! Не деген жетесіздік! Алматыға көшіп барам дегенде, неге селт етпедім?!. Неге?!.

Қайыржан ақсақал көңіл айтқанда да, зират басына барып құран оқытқан кезде де бұлайша еңсесі түспеп еді. Купеге кірген бойда отыра кетті. Енжар. Сүлесоқ. Иә-ә, әкесі енді жоқ... Бәрінен бұрын, қол созым жердегі лауазым көзінен бұл-бұл ұшты-ау!..



ТАҒДЫР СЫЙЫ

Бақ келді деп таспа,
Сор келді деп саспа.

Қазақ мәтелі

Қамшының сабындай қысқа болғанымен өрі мен еңісі, бұралаңы мен бұлтарысы көп фәни жалғанда жайбарақат ғұмыр кешу мүмкін емес-ау!.. Мәндайына жазылғаны мұң мен ой болса, қолдан келер қайраны бар ма?!. Тағдыр сыйы кермек пе, ащы ма, кім болжап білген?!. Кішкентай күнінде «көресіңді көрмей, көрге кірмейсің» деген сөзді әжесінен естігенде ертекке балайтын. Сол сөздің ақиқатына енді көзі жеткендей. Неше жерден ойламайын, есіне алмайын, ұмытайын дегенмен анадағы әңгіме құлақ түбінде тағы да шың-ң ете қалғаны.

– Сырқатыңыздың сырын айтайын ба, әлде емін айтайын ба? – Дәрігер әйел аясы кең, бота көз сұлу қызға таңырқай қарады.

– Емін айтқаныңыз жөн шығар.

– Тұрмысқа шығуыңыз керек.

– Өзім де жалғыздықтан жалықтым... Ауруымның шипасы сол ғой демек?!

– Дәл солай, күйеуге тиюіңіз керек.

Емхана ауласынан шыға бере көз жасына ерік берді; ұстай алмады өз-өзін...

***

Жоғары оқу орнындағы жылдар жылдам өте шықты. Мінез-құлқын, адамшылық болмысын бір кісідей білдім деген Ж. есімді жігітпен әне-міне отау құрамыз деп жүргенде, оның аяқ астынан

нілдей бұзылып, жалт бұрылғаны жан дүниесін астан-кестең етті. Үйден үш күн шықпай, жылап жатып алды. Сезіміне селкеу түспепті, алданғанын білмепті. Азамат атаулының бәрі сол сияқты көрініп, одан кейін соңынан жүгірген, танысқан жігіттердің бірде-біреуін маңына жолатқан жоқ. Орынсыз өкпе, тасыр тәкаппарлық жарға жыға жаздады... Сөйтіп жүргенде мемлекеттік қызметке ауысты. Мұндағы жағдай белгілі, ерте кетіп кеш келеді. Сенбі күндері де жұмысқа шығу қалыпты жағдайға айналды. Екі тілді еркін меңгерген, тапсырманы мүлтіксіз орындайтын білікті маманды басшылар да байқап, лауазымы биіктей берді. Қазір қалалық әкімшілікте басқарма басшысы.

Көптен бері көрші басқармадағы Бекең жерлесім, қарындасым деп жақын тартып жүретін. Орта бойлы, қыр мұрын, қара торы жігіт ағасына бұның да бүйрегі бұрып тұрады. Жұмысқа тақау жердегі асханадан түскі ас ішуге күнде бірге баратын. Жұптары жазылмай бұлайша жүрулері келе-келе дағдыға айналды. Осы мен не істеп жүрмін, бұлай жалғастыра берсем, бірдеңе бүлдіріп алмаймын ба, ұятқа қалмаймын ба деп бір күні түскі асқа бармай қалды. Көп ұзамай қалта телефоны шырылдай жөнелді. Қараса Бекең. Сөйлескісі келмеді. Арамызды өстіп суытайын деп ойлағанымен, жеме-жемге келгенде ағасына деген сезімі үдей түскендей ме, қалай?!. Араларында дәнеңе болмаса да, жиі еске алатын болды. Қазір де көргісі келіп, сағынып отыр. Бұл не жұмбақ, япыр-ау?! Алтынай кенет алтын тапқандай қуанды. Бекең алғашқы жігітіне керемет ұқсайды екен...

***

Қыз қолымен ұқыпты салынған жұмсақ төсек жамбасына батқандай ары-бері аунақшыды. Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз деп бөлмесіне енген Алтынайды құшақтап бетінен сүйгенде оның ұялып, үндемей қалғаны кет әрі емес екендігін білдіргендей денесі бір ысып, бір суыды. Жапсарлас бөлмеде бөлек жатып таң атыра ма сонда? Не деген әділетсіздік? Еркек атым бар емес пе? Қарсылық білдіріп, қолымды қақса қақсын. Бұл әрекетім оғаш екендігін мойындаймын. Амал қанша! Қайдағы-жайдағы әңгімелер

айтып түн ортасына дейін отырудағы мақсатым не? Ойымдағы арам ниетті жүзеге асыру үшін бе? Жан сырын жайып салғаны үшін жазықты ма қыз жазған?!

Көрші бөлмеге барғысы келіп, өзі де түсінбейтін бір күш желкелей жетелеп, кереуетке аяғын салбыратып отырды. Жүрегі дүрс-дүрс соғады; қол созым жерде толған айдай толықсып қыз жатса қалай шыдасын...

Жайшылықта көзі жылдам ілінетін қыздың да ұйқысы шайдай ашылған. Кірпігіне ине тірегендей. Ағасының жай-күйі қалай екен? Қасына келіп жантайса қайтпек?! Отбасы, бала-шағасы бар адамның ондай ожар қылыққа баруы ақылға сия қоймас. Екеуінің арасы он тоғыз жас екен. Былайша алшақ та емес...

Алтынай бұрын өзін сабырға шақырып, лықсыған ыстық сезімін барынша ауыздықтайтын. Берікқан ағасымен жолыққалы қара жыландай арбаған нәпсі сәт сайын мазасын алады, салқын ақылды тыңдар емес...

Қыздың қасына Әзәзіл келіп жантайды. Оны Алтынай сезген жоқ.

– Мәселе жас алшақтығында емес, мәселе менің жеңілтек мінезімде болып тұр-ау! – деді Алтынай өзін-өзі сөге жамандап. – «Битке өкпелеп, тоныңды отқа жақпа» дегендей, алдап кеткен ана жігітке ренжіп, осы кезге шейін жападан-жалғыз жүруім қыңыр кісінің қылығы емес пе?! Кімді мұқаттым?! «Жалғыздық Аллаға ғана жарасқан»,– деуші еді әжем. Дені-қарны сау, аяқ-қолы балғадай әйел затына тізесін құшақтап жалғыз жатқан күнә емес пе?!.

– Сонда қалай? – деді Әзәзіл дау айтып. – Күйеуге тиюдің жөні сол екен деп, көлденең көк аттыға шыға саласың ба?!

– Не істеуім керек?!.

– Жақсы көретін ер кісіден жүкті бол!..

– Аулақ!.. Күнаһар болар жайым жоқ!..

– Ат-тоныңды неге ала қашасың?! Сен ғана ма жер бетіндегі жалғыз адал жан?! Кәрі қыздардың көпшілігі солай істейді. Олардан қай жерің артық? Балалы болу – бақыт! Алданыш! Ер кісіні көп іздемейсің содан соң!.. Балаңа көңіл бөлесің!.. Ойлан, Алтынай!..

Әзәзіл ойдың бастырмалап бара жатқанын сезген қыз кенет серпілді.

– Жоқ! – деді ширығып. – Некесіз бала тауып, бақытты болмай ақ қойдым?!. Жолама маған қарау ой!.. Азғырма албасты!..

– Жарайды, келістім, – деді Әзәзіл аз үнсіздіктен соң. – Үйіңде қонып жатқан ағаңды қайда қоясың? Нендей уәжің бар айтар?!

– Ағаттық жасадым!.. Опынудамын өзім де!.. Бұдан былай жаныма жолатпаймын...

– Шын айтасың ба?! Қойшы-ей?! Сенбеймін!..

– Өтірік айтып, не күн туды басыма?!

– Өйтіп көлгірсіме!.. Айтшы, қай қылығы ұнайды ағаңның?

– Орнықты мінезін, адалдығын бағалаймын.

– Ха-ха, – деді қос қолын шапалақтап мәз болған Әзәзіл шексілесі қата күліп. – Мақтама ағаңды!.. Мақтануға ерте!.. Әне, өзі де кіріп келе жатыр бөлмеңе... Қарсыласпа!.. Ырқына көне бер!.. – Ха-ха, хи-хи...

***

Кейінгі кезде күйеуі жұмыстан кеш оралатын болды. Бұл әдеті жиілеп бара жатқан сияқты. Бір күні кешкілік шай үстінде себебін сұраған.

– Жұмыстың көп екені рас,– деді сөзін күмілжіп бастаған Берікқан. – Бір жағдайды айта алмай жүр едім.

– Әкесі өлгенді де естіртеді ғой...

– Тартынудың реті жоқ.

– Сезіп едім... – Ақшабақтың жүрегі алабөтен соқты. Сезімге берілгіш ғадетімен көзіне келген жасты да ірікпеді.

– Бүлінген дәнеңе жоқ... Бір қызға ғашықпын мен...

Әйелі шәй ішіп отырған кесесін қолынан түсіріп алды.

– Не деп отырсың?! Ғашығы не?!.

– Қыздың менен аяғы ауыр...

– Солай де-е!..

– Болары болды, бояуы сіңді!

– Тоқ етерін айт.

– Оған үйленем!

...

– Ар жағын өзің біл, – деді күйеуі орнынан тұрып жатып.

– Сенімен тұрмаймын, ажырасам, – деді Ақшабақ.

– Бүлінген ештеңе жоқ, – деді Берікқан.

– Бүлінді, неге бүлінбесін?!. Сен мені қайдағы бір шөпжелкеге айырбастадың!.. Жек көрем сені!.. – Әйелі көз жасын көлдетті.

– Есімі кім?

– Алтынай.

– Әлгі... ешкімді менсінбейтін кәрі қыз ба?!

– Сол...

– Сендермен көрші басқармадағы...

– Мен ол қыз туралы саған талай рет айтқанмын... Адамгершілігін, кішіпейілділігін...

– Өйткен оның кісілігін...

– Ғайбат сөйлеме?!

– Жерлесің емес пе?

– Иә...

Ертеңінде отағасы он күнге іссапарға аттанды.

***

Ақшабақтың ішкені ірің, жегені желім. Біреуден ілгері, біреуден кейін, ын-шынсыз тұрып жатқандарына шүкіршілік ететін. Біртоға мінезді, орнықты отағасынан оғаш қылық шығарын кім білген?! Он ойланса да миы жетер емес. Екі қызының әкесі елуден асқанда аяқ асты өзгереді деп кім ойлаған? Бәрінен бұрын «оның аяғы ауыр, үйленем» дегені жынын қоздырды. Еркектерге сеніп көр!.. Тағы біреуі алимент даулап жүрмесін!.. Ой, Алла-ай?!. Өзіңе де сол керек, ашық ауыз Ақшабақ!..

Биылғы еңбек демалысының шырғаланға дөп келгенін қарашы. Жұмыста жүрсе басы артық әңгімені ұмытар еді. Шер тарқатар, мұң бөлісер құрбылардың жоқтығы қиын екен. Араласып жүрген ана Сырым, Қайырбек, Аманғали, Мұқыш, Сәкендердің әйелдеріне айтсаңыз бітті, қып-қызыл өсек-өрттің ортасына түстім дей бер! Алаулатып-жалаулатып, естігендерін дабырайтып, үстемелей қосып, жалпақ елге жайып тынсын! Шаңырақтары бөлек, өздерімен өздері тіршілік етіп жатқан қыздарына мұңын шаға ма?! Ұят қой, ұят!..

Ә-ә, курстасы Күлтай бар екен-ау! Күйеуі алдыңғы жылы қайтыс болғаннан бері жалғыз тұрып жатыр. Көп нәрседен хабары бар, көп оқитын, көп білетін эрудит әйел. Қақ-соғы жоқ ешкіммен. Тік мінезінен тіксінетін. Бастыққан шығар. Жаралы жанын бір түсінсе сол түсінер.

Күлтаймен телефон арқылы сөйлескен соң солай тартты. Қос құрбы бірін-бірі қатты сағынған екен. Баппен пісірілген Күлтайдың дәмді палауын жеп, шәй іше отырып ұзақ сырласты.

Ақшабақ келесі бір сәтте күйеуінің қылығын жеткізді. Өткендегідей емес, көңілі сәл босағанымен бұл жолы көзіне жас алған жоқ.

– Е-е, солай де!.. – Күлтай әншейін әңгіме естігендей беймарал, бей-жай. Ақшабаққа ішіп-жей тесіле қарады да сөйлеп жөнелді:

...Мұң басқанда,
Не жетсін сырды ашқанға,
Келейінші бір барып сырлас жанға.
Көзім алды – көк тұман, жанарда – жас,
Көлеңкелеп көңілді кір басқан ба?
Келейінші бір барып сырлас жанға,–

дейді ақын Мұқағали.

Қалай-қалай дөп басқан ұйқы-тұйқы көңілді!.. Жүрегім кірлеп, мұңайған, кейіген сәтте Абай мен Мұқағалиды оқимын. Оқимын да жұбанам!.. Мен қазір ешнәрсеге таң қалмаймын!.. Сайтан билік құрған аласапыран заманда не деп болады?!. Берікқаннан бәрі шығады...

– А, что он, повод тебе давал? – деді орысша сөйлегенін аңдамай қалған Ақшабақ.

– Өзі сері болса, өзі қыздар қарайтындай симпатичный болса, конечно!..

– Күлтай-ау!.. Сен... сонда, Бекеңнің әрекетін жақтап отырсың ба?

– Жақтамаймын! Былайша қарасаң, бүлінген ештеңе жоқ сияқты...

– Берікқан екеуің келісіп алғаннан саусыңдар ма, өзі? Ол да екі сөзінің бірінде «бүлінген дәнеңе жоқ» дейді.

– Сөкпе мені! – деді Күлтай. – «Айтылмаған сөздің атасы өледі» деген мәтел бар ғой...

Ақшабақтың іші қылп ете түсті: «Бекер келдім-ау?!. Баяғы жынды мінезінен биттей өзгерсеші?!.»

Ұялған тек тұрмастың мезіретімен Ақшабақ:

– Кім біледі, мәймөңке тілден ақиқат жөн шығар,– деді қандай сөз болса да тыңдауға пейіл танытып.

– Ұшқары ойлайсың,– деді Күлтай тура қарап. Өткір жанары өңменінен өтіп барады. – «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деп, дана қазақ баяғыда шегелеп айтқан. Күйеуің неге сенің ғана меншігің болуы тиіс. Ондай құйтырқы ойды ойлап тапқан кім өзі? Не деген іштарлық?! Сонда ана бейшара қыз тізесін құшақтап, өмірден байсыз өтуі тиіс пе?! Ол сенің күйеуіңнің перзентін жарық дүниеге әкелмей ме?! Ұрпақ өрбітпей ме?! Ана болу бақытына ие болуға оның да моральдық құқығы бар шығар. Әйел үшін балалы болу, сәби сүю бақыт емес пе?! Әйелдердің әңгімесін естісең, төбе шашың тік тұрады. Етегіне намаз оқыған, жалғыз әйелмен шектелген еркек аз сияқты. Көрші подъездегі қасы-көзін керген тәкаппар Кенжегүлді қарашы. Көңілдесінен екінші бала сүйіп отыр. Келіншекті айтам, төрт құбыласы түгел жандай мәз. Құдай-ау, несіне жетіседі десейші?!. Ана жігіттің некелі әйелі бұны білмейді. Бұдан өзге мысалдар пішен-пішен!..

Берікқан болған жағдайды жасырмай айтыпты. Бүгежектемепті. Мен оған риза болып отырмын... Тусаң ту!.. Асыл азамат екен!..

– Осы да жетер Күлтай?!. Үндемеген сайын үдетіп барасың...

– Соңына дейін тында!

– Айт, айтып қал!.. – Ашу-ызасын тежеген Ақшабақ зорға отыр. «Сол керек өзіңе!.. Шоқ-шоқ!..»

Күлтай айылын жияр емес. Әңгімесін жаңа леппен сабақтады:

– Заманды, қоғамды кінәлаудың түк қажеті жоқ! Ақиқатында, бір-біріне қиянат жасайтын адамдардың өздері. Бәріне топырақ шашудан аулақпын, сандарын жарқырата көрсетіп, омырауларын ашық-шашық ұстайтын, ұшқалақ қыз-келіншектер емей кім? Бұлдіршін көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді... Ұмытпасам, атақты Лев Толстойдың «Крейцер сонатасы» повесінен оқыдым-ау деймін... Қалай еді?!. Ә-ә, есіме түсті. «...Әйелдер сезімге ықпал жасайтын құдыретті қаруға айналып алған. Еркектер әйел көрсе, бар сабырынан айрылады да қалады.

Әйелдің маңайына жолап кетсе болды, еркек оның еліртпесіне елтіп, есінен адасады да қалады. Мен той көйлек киіп сәнденген әйелді көргенде, бұрын да қолайсызданып үрке қарайтынмын, ал қазір тұп-тура өлердей қорқам, жұртқа аса қауіпті және заңнан тыс бірдеме көргендей болып, айқай сап полиция шақырғым, мынау қауіп-қатерден құтқара көр деп жалынғым, қауіпті нәрсені жолдан алып, көзін жою керек деп талап еткім келеді... Ұтыс ойындарға неге тыйым салады, ал жезөкшелерше сезімге шабатын сән-салтанатпен жүрген әйелдерге, неге тыйым салмайды? Олар анадан гөрі мың есе қауіптірек емес пе?!.»

Қалай суреттеген қағынған қатындар қылығын. Так что, кінәнің көбі әйелдерде! Түсіндің бе?!

– Лев Толстой өмір сүрген қай заман? Артта қалған, мешеу 19 ғасыр еді ғой. Ашынасымен жатқан жерінде үстінен түсіп, әйелін өлтіргені үшін сотталып, абақтыдан босап үйіне қайтып келе жатқан көпестің әңгімесі ғой.

– Болса ше?! Сен өйтіп дәлеліңді көлденең тартпа! «Адамның мінез-құлқы, түсінігі, сенімі, сезімі – бәрі заманына қарай өзгеріп тұрады» деген бір данышпан-сымақтың уәжін айтып отырсың ба? Мен оған келіспеймін! Бұл менің жеке пікірім!

Ойлап қалма, Бекеңнен жүкті болған қызды айтып отырғам жоқ. Мәселе басқада!.. Мәселе, ұятсыз, нәпсіқұмар әйелдерде! Оларға тыйым салатын ай дер ажа, қой дер қожа бар ма?!.

– Әйелдің бәріне қара күйе жақпа өйтіп?!.

– Бәрі емес!.. Жақсы әйелдер болмаса, ардақты аналар қайдан шықсын?!. Кейбір жеңілтек қыз-келіншектерді айтамын... Жә, тіл буынсыз, ой түпсіз... Осымен доғарайық бұл әңгімені...

– Мен де сондай ойдамын...

Ақшабақ курстасын жақсы білмейді екен. Мұң-шерін бөлісіп, Берікқанды сөге ме десе, лағып барады дөйдала.

– Қызық болды-ау, өзі?!– деді құрбысының уәжіне жауап қайтара алмаған Ақшабақ.

– Қорғансыз ба едің соншама?!. Есіңде болсын. Бір нәрсенің басы ашық. Берікқан сені тастап кетпейді! Меселін қайтарма күйеуіңнің. Екі отбасын ұстауға ақылы жетеді... Ауылда шаруашылықтарың, қалада бірнеше пәтерлерің бар...

– Ибай-ау, көп отырып қалдым, үйге қайтайын...

Ақшабақ апыл-құпыл жинала бастады.

***

Алтынайдың мінезі күрт өзгерді. Оның бойындағы көлкөсір қуанышты әріптестері де байқады. Қатал басшының мінезі қазір жібектей. Қабағы ашылмай, тұнжырап жүретін қыз құлпырды. Гүл-гүл жайнады! Жанарында жарқылдаған от! Өткендегі Наурыз тойында әуелете ән салды. Дауысы қандай әдемі!

– Нағыз әншілерден қай жері кем Алтынайдың?! – десті қыз-жігіттер.

Бірде ол өзімен сырлас құрбысы, екі баланың анасы Қалам-қасқа тосыннан сұрақ қойды.

– Ұшқалақ болып бара жатқан жоқпын ба осы мен? – деді Алтынай екеуі оңаша қалған кезде.

– Неге олай дейсің?!. Ондай ештеңе байқағам жоқ!.. Бұрын қабағың көп ашылмайтын... Ұзын-сонар ой теңізіне сүңгитінсің... Ашық-жарқын жүргенің дұрыс, – деді біртоға мінезді құрбысы шынын айтып.

– Рахмет саған, – деді Алтынай балаша қуанып.

Кейінгі кезде адамдардың бәрі ерекше мейірімді, аяулы көрінетін Алтынайға. «Өмір қандай тамаша, қандай ыстық!..» – деп жиі толғанатын.

Қыздың хош иісті гүлдерге есі кетті. Үйінің қасындағы гүл сататын дүкеннен бірнеше талын сатып әкеліп, күн шуағы себезгеген терезе жақтауына, шыны вазаға су құйып салып қойды.

***

Шуақты көктем. Тұсау бойы көтерілген күміс күн шуағын шаша түскен. Ағаштар гүлдеп, адамдар өздеріне ыңғайлы, жеңіл киінген. Тоғыз қабатты үйдің ауласы ұсақ балалардың күлкісіне көмілген. Ақсары әйел төрт-бес аялдама жердегі мешітке жаяу тартты. Шариғат шартына жүгінбек. Одан соң Алтынаймен сөйлескісі келеді. Берікқанның айтқаны өтірік болса игі еді?!. Есік көрмеген қыздың ағасындай адамға күйеуге тиуі ақылға сия ма?!. Жылы-жылы сөйлесе жылан інінен шығады демекші, райынан қайтар ұяты болса... Не көрінді соншама?!.

Апырым-ай, жанашыр деген Күлтайдың сөзі анау!.. Қайдағы жоқ әңгімелерді айтып басын қатырды. Күйеуі ше?!. Күйеуі шынымен үйленбекші ме ана қызға?!. Солай болған күнде қолынан не келеді?!. Еркектің көңілі аумасын, ындыны құрымасын деңіз...

Ақшабақ Алтынай жұмыс істейтін басқарма, әкімшілік ғимараттың қай кіре берісінде, қай қабатында, нешінші кабинетте екендігін анықтаған. Үйіне барса үркіп жүрер. Жұмыс бабымен жүрмін десе кіргізер...

Әрі-сәрі ойлармен мешітке жылдам жеткенін де аңдаған жоқ.

– Шариғат бойынша төрт әйел алуға рұқсат. Бірақ төртеуін де алаламай, кемсітпей тең ұстау керек,– деді кезекші молда.

– Жағдайы келмесе қайтеді? – деді Ақшабақ сабырсызданып.

– Онда бір әйелмен шектелген ләзім.

– Е-е, бәсе-е!

– Ретімен айтайын, рұқсат болса.

– Құлағым сізде.

– Көп әйел алу – нәзік жыныс өкілдерін қорлау емес, керісінше олардың мүдделерін қорғау. Жалпы көңілдес, ашына дегеннің өзі ар-ұятты қорлайтын абыройсыз атақ. Және мұндай әйелдің өзімен көңіл көтеріп жүрген азаматтың тұрақты болатынына, жан-жақты қамқорлық жасайтынына кепілдігі жоқ. Мұндай әйелдің болашағы бұлдыр, көкірегі күдікті, сары уайымға толы, әрі қай күні ұрлығым ашылып қалады деп қылпылдаумен жүреді. Ал заңды түрде некесі қиылғанда, нешінші әйелі болғанына қарамастан, оның және балаларының бар тіршілік-тауқыметі тұтастай күйеуінің мойнына көшеді. Ер адам өзі жақсы көрген қыз-келіншек үшін, оның ар-абыройын, өмірін қорғау үшін ғана мұндай тәуекелге бара алады. Сондықтан да біздің аналарымыз екінші, үшінші, төртінші әйел болуды ар санамаған. Текті тұқымнан, беделді, дәулетті ортадан шыққан, түр-тұлғасына ақыл-парасаты сай келген, ерекше, абзал қасиеттерімен әулие атанып, тарихта қалған Домалақ ана неге бай-бағландардың өзімен қатар әрі ақылды, сымбатты балаларына тұрмысқа шықпай, Бәйдібек бабамыздың үшінші әйелі болуды қалады?!.

Тарихқа жүгінсек, бір рулы елді аузына қаратқан небір атақты, ақсүйек әжелеріміз екінші, үшінші, төртінші әйел болып-ақ ұрпақ

көбейткен емес пе? Қазіргі қазақтың бәрі тек бәйбішелердің үрім-бұтағы деп кім айта алады? Ендеше ата-бабаларымыз бас иген, аялап, құрметтеген, соның арқасында өсіп-өнген шариғат заңын әрбір иманды, есті қазақ қадірлей білгені жөн.

***

Жолаушылар пойызы зулап келеді. Екі кісілік купедегі серіктесі – студент жігіт, кірген бетте төсегін салып жатып қалған. Қазір тәтті ұйқы құшағында, түс көрді ме екен бір-екі ауыз тіл қатып, оң қырына аунап түсті.

Қараторы жігіт ағасының қоңыр көздері қараңғы түннен әлдене іздегендей терезеге үңіле қарайды. Бұлай отырғанына біршама уақыт өтсе де қозғалар емес.

– Қалай шапшаң, он күн он мүйнет сияқты болмады,– деді даусы шығып кеткенін өзі де аңдамай қалып.

Сапары сәтті болғанымен, отбасындағы кикілжің көңілін бұзды. Асау аттай ерін бауырына алған әйелі не істер екен?! Алтынай ше?!. Алтынай айнымаса болғаны!.. «Ой, Алла-ай!– деді Берікқан күрсініп. – Тағдыр талқысы ғой?!.. Не болса да, бара көрермін...»

Берікқан Аллаға сенетін. Қазір де қасиетті Құрандағы беташар сүрені оқып отырған. Кенет радиодан естілген диктор даусына құлағы елең етті.

– Ендігі кезекте концерт тыңдауға шақырамыз. Композитор Мәлс Өзбековтің «Тағдыр сыйы» әні. Сөзін жазған Төлеген Мұқаев.

Бір тұман көңілден,
Жүргенде тарқамай,
Сәуле боп көрінген,
Сымбатты қалқам-ай...

Әсем ән жүрегін ұйытты. Неткен әуез! Неткен сағыныш! Сөздері қандай! Тыңдай бергің келеді, тыңдай бергің.

Өзің боп оралды.
Арманым бір алыс.
Өзің боп жаралды,
Кеудемде қуаныш.
Тасытты жыр селін,
Көкейім күй тұнған.
Құпия бір сезім,
Оятты ұйқымнан...
Шалқысын жыр-арман,
Алаңсыз сүй, күнім,
Тағдырдан бір алған,
Ғажайып сыйлығым...

***

Берікқан үйіне кіргенде состиып тұрып қалды. Аң-таң... Әйелі айырықша көңілді. Өзіне сондай жарасатын гүлді халатын киіп, дастархан мәзірін жасап жүгіріп жүр. Жапсарлас бөлмеден Алтынай шықты. Ол да әдемі киінген. Бекеңді көргенде қос беті албырап, қызарып кетті.

– Хош келдің, жоғары шық! – деді Ақшабақ сезімін ірке алмай. Қуанғаны ақсары өңінен анық білінеді. – Жоғары шық!.. Сені күтіп отырмыз...



ҚАРА ЕШКІ

«Шайтан, сөз жоқ, адамды аздырушы»
(Құран-Кәрім, Фурқан сүресі, 29 аят)

Ақшам мезгілі, үй іші ала көленке. Кәлен қарт кереуетте киімшең жатыр. Басында тақия, оң қолында тәсбих. Көңілі күңгірт, беймаза. Осымен бірнеше рет байқады, келіні Кәмшат мал қораның кіре беріс бөлмесіндегі мәтша ағаштың жоғарғы тұсындағы көлденеңнен салынған бөренеге қарағыштай береді. Бұл тегін емес, әлдебіреуді көргендей, тесіле қарайды көз алмай.

– Астафирал!а – деді жүрек тұсын оң қолымен шеңберлей ұстап.

Өн бойын суық сезім қарып өтті, жөпшеңкі ана-мына қорқынышқа бой алдырмайтын жүрегі ине сұққандай шаншып кетті.

Екі кештің арасында қайдағы бірдеңелер елестеген соң, аятүл күрсі аятын оқыды. Бір емес, бірнеше рет. Содан соң көңілі біршама тыныштальды.

– О, тоба! – деді кәрия қат-қабат тіршіліктің жұмбақтығына қайран қала. Сонау-сонау әлмисақтан дүн-дүние жаралғалы, жын-шайтан мен адамның, ақ пен қараның мәңгі бақи мәмілеге келмес қарама-қайшылығын ойлады. Ойлап-ойлап берік байламға табан тірей алмады. Себеп-салдарына шақшадай басы жетпей пұшайман, ойы айран-асыр.

– Апырым-ай, ә?! Бұл не болғаны?! Апырым-ай?!.

– Әке! – деген дауысқа селк ете басын көтерсе, баласы Керімбек. Ақ ендей бастаған шашы ұйпа-тұйпа. Бет-жүзіне шаң қонақтапты. Қоңқақ мұрны шып-шып терлеген.

– Ы... ы... Сен бе?!

– Жалғыз неге жатырсыз?

– Соны айтам...

– Сіз көрінбеген соң не болды деп.

– Қайдағы-жайдағы ойлар қамап...

– Күн батар шақта жатпау керек дейтінсіз.

– Оның рас.

– Ақшам намазын оқыдыңыз ба?!

– Ойбу-у... қалай байқамағанмын! Кешіктім бе?

– Жоқ, кеш емес.

– Жақсы болды айтқаның.

– Намазды уақтылы оқыған дұрыс деуші едіңіз.

– Жөн балам, оның рас.

– Тұрыңыз! Далаға шығыңыз. Бүгінгі кеш біртүрлі ерекше! Тымық. Тыныш. Мамыражай. Көпте-ен мұндай шақты көргенім жоқ.

Кәрия орнынан тұра берді де, әлде не есіне түскендей қайыра отыра кетті. Керімбек есік көзіне жетіп, аша бергенінде:

– Әй! – деді кәрияның даусы саңқ етіп.

Тыстағы шаруасына асыққан ұл еңсеріле бұрылып:

– Мені шақырдыңыз ба? – деді аялдап.

– Иә-ә, бері кел.

Баласы қасына кеп отырғанда Кәлен ақсақал:

– Байқарсың, – деді жүрек дүрсілін тоқтатып. – Бірнеше мәрте көрдім. Келін мал қорадағы мәтша ағашына қарағыштай береді.

– Не-ге-е?!

Түкке түсінбеген Керімбек аң-таң.

– Неге дерің бар ма?! Мал қораға барса сен де соңынан ілес, жарай ма?!. Көзіңнен таса қылма!

– Түсіндім, әке!

***

Іңір қараңғылығы. Сиырларын сауып, қой-ешкілерін жайлап ас үйде ас қамдап жүрген Кәмшат ақырын ашылған есіктен қарандап біреудің енгенін байқады да, назарын солай бұрған.

– Астафирал!а Кім бұл?! Қайсың?!

Қарандаған елес-сұлба ақиқатқа айналып, қарсы алдында қара киімді қара шал пайда болды.

– Саламатсың ба, қарағым? – деді елес-сұлба тіл қатып.

– Саламатпысыз...

– Балам... көптен байқап жүрмін... Бейнеткор бақытсыз жан екенсің?!.

– Неге олай айтасыз?!

– Бәрін білемін...

– Сіз кімсіз?! Мен сізді танымаймын!... – Көздері өңменнен өтетін қайыстай қара шалдың сөздерінен шошыған жас келіншектің үрейі ұшты.

– Қорықпа қызым! Қорықпа менен!

– Жақындамаңыз! – Кәмшат шегіншектеді.

– Бекер өйтесің балам! – Қара шал Кәмшаттың қолынан ұстады. Алақаны жұп-жұмсақ, дауысы бып-биязы. «Неге соншама қорықтым?! Иман жүзді адам ғой. Марқұм әкеме ұқсай ма өзі?!.»

Кәмшаттың жүрегі орнына түсіп, бойын беймарал сезім биледі.

– Мен саған еш жамандық ойламаймын қызым.

– Енді қорықпаймын, ата.

– Бейнеті бес қабат мына өміріңді таста! Ер соңымнан!

Кәмшат қара шалдың соңынан ілесті. Япыр-ау, бұл қалай?! Ақсақал аяқ киімдерін теріс қарата киіпті. Әлде, аяғы кем бе ?!.

Келесі сәтте мал қораның сыртқы есігін ашып ішке енді екеуі.

– Көлденең жатқан ана бөренені көрдің бе? – деді қара шал жоғарғы жақты нұсқап.

– Көрдім ата!

– Қазір соған асыл!

– Мақұл!

– Мә, қыл арқан! Мен күрмеп байлайын!

– Сауалым бар.

– Сұрай ғой.

– Асыл дейсіз, өліп қалмаймын ба?!

– Қайта тірілесің қызым.

– Балаларым мен, күйеуімді, атамды кімге қалдырам?!

Жарайды.

***

– Кәмшат, ау Кәмша-ат! Қайдасың?!

Керімбек бөлмелерді тегіс аралап шықты. Жоқ. Жым-жылас. Әлгінде кешкі шәйді қамдап жүрген әйелі көрінбейді. "Япыр-ау, қайда кете қалды?! Көршілердің үйіне қыдырып кетерлік әдеті жоқ еді. Япыр-ай, ә?!" Кенет Керімбектің бойын әлдебір қорқыныш билеп үйден жүгіре шықты. Әкесінің кешегі сөздері есіне түсті. "Аман болса игі еді?!" деп келеді жан ұшырып. Мал қораның есігін ашса, келіншегі қазықбауша қатты байланған қыл арқанды мойнына іліп жатыр. Дереу көтеріп алды.

– Не болды саған? – деді қалш-қалш дірілдеп.

– Қайдан келдің? – болды әйелінің алғашқы сөзі.

– Үйден.

– Атам қайда?

– Мырзағалидың үйіне кеткен...

– Не болды саған?

– Бір қара шал соңымнан қалмай...

– Қашаннан?!

– Кешеден.

– Не ақысы бар?

– Асыл дейді арқанға.

– Астафиралла!

Ертеңінде Кәлен қарт пен Керімбек семіз қара ешкіні бауыздады да, жан адамға білдірмей мал қорадағы мәтша ағашқа іліп қойды.

...Таңғы ұйқының уыз шағы.

Біреу бүйірінен нұқып қалғандай селк ете басын көтерген Керімбек таң-тосын. Қасында келіншегі жоқ. Ақжайма сап-салқын. Әлдеқашан тұрып кеткен сияқты. Төргі бөлмедегі әкесін оятып, қолдарына шам алып мал қораға келсе, Кәмшат іш көйлекшең жерде жатыр. Денесі тоңазыған. Шашы тарқатылған. Су бүркіп, есін жиғызып алғандағы алғашқы сөзі:

– Әне-е! – деді аяқтары салбырап ілініп тұрған қара ешкіні қолымен нұсқап. – Әне-е, қара шалдың өзі... өзі асылып тұр!..

АЛТЫ ЖҮЗ КІРПІШ

Томашадай бір бөлмелі жатақханада бес жыл тұрған Әмірғазылар, қалалықтар «времянка» атайтын шағын үйге қоныс аударғандарында кең сарайға кіргендей қуанды. Тығыз араласып жүрген дос-жарандарымен әріптестерін шақырып, нәзір құрбандық шалып ас берді. Сонау Тарбағатайдан үлкен әпкелері де келіп жетті бір қойын сойып. Бәрінен бұрын жетінші және бесінші сыныпта оқитын балалары жырғап қалды. Қолдары босай қалса, өздерімен құралпы ұлдармен футбол ойнайды, велосипедтерін емін-еркін тебеді. Бұрынғы тұрған мекендері қаланың ортасы болғандықтан, ауласы айналымға келмейтін. Ойын қызығына елітіп, жатақханадан сәл ұзап кетсе, арлы-берлі ағылған машиналар, асығып-аптыққан жұрт нөпіріне жұтылатын. Үлкендер балалардың ойын ойнайтын жерін ұмытып кеткен сияқты. Мұнымен де қоймай, жатақхананың тура қасынан он екі қабатты зәулім тұрғын үй құрылысы жүріп жатыр.

Шпалдан соғылған бұл мекен-жайлары уақытша. Көп ұзамай үлкен үйді бастаулары керек. Екі-үш жылдай әйелі екеуінің тірнектеп жиған қаражаттары таусылды. Енді жақында ғана сатқан жатақханаларының ақшасын жұмсайды. Қазір тамыздың ортасы. Күзге дейін үлкен үйдің ірге тасын бетоннан құйып алса жарады. Негізгі құрылысты, алдағы жылы жалғастырады.

– Аллаға шүкір, – дейді Әмірғазы күн сайын.

Әзірше үйлерінің қоршауы болмағанымен, он сотық жерлері бар. Әйелі жаздың басында үш-төрт шелек кәртөп отырғызып еді, сол өскін жапырақ жайып, гүлдеп тұр. Ол да көз қуаныш! Көңілге

– Тіршілік жазса, бос жер қалдырмаспын! Жеміс-жидек пен алма ағаштарын егіп тастау керек! Олай етпесең, жер үйде тұрудың қажеті бар ма? – деп қояды білегін сыбанған Гүлбаршын.

Әмірғазы өткенде жүгіріп жүріп, аула ішінен арнайы жабдықталған машина бұрғысымен құдық қаздырған болатын. Он төрт метр тереңдіктен су шықты. «Малыш» аталатын қондырғы-насос арқылы су атқылап тұр. Әйтпесе бақшаны қолмен суғару азап емес пе. Ауыз суды бір жарым шақырымдай жерден тасып ішіп отыр, ал құдықтың суы беті-қол мен кір-қоң жууға оңды болды.

Мектепте әдебиет пәнінен сабақ беретін күйеуінің ақсаусақтығын ара-тұра есіне салып, реті келгенде сөзбен шымшып отыратын сөзшеңдеу әйелі құдықтан су алған сайын:

– Бұның, табылған ақыл болды! Қалай-қалай басыңа келген сенің, – деп аласа бойлы, қағылез келген күйеуін мақтап қояды.

– Сенің мазасыз мінезіңді біліп, өзімше жасаған пысықтығым ғой, – дейді Әмірғазы да сөз тапқандай қуланып.

– Оның рас. Әйелдің кешке дейін түйтің-түйтің тірлігін еркектер істесінші не боларын. Оның үстіне сонау жерден шелектеп су тасу, бақша суғару қиямет емес пе?! – дейді әйелі де есесін жібергісі келмей.

Уақыт ағыны жылдам. Арада қыс өтіп, жаз да жетті. Келіншегі екеуі екі банктен несиеге ақша алып, мамыр айының соңында құрылысты бастап жіберді. Уақытша мекендері мен үлкен үйдің іргетасын Әмірғазының балдызы мен елден көмектесуге келген інісі үшеуі тұрғызған болатын. Биылғы құрылысқа өзбек жігіттерін жалдады.

Айдан асты құрылыстары жақсы жүруде. Ескі қызыл кірпіштен қаланып жатқан қабырғалары бітуге жақын. Төбе жабуға қажет тақтайлар мен темір шатырды ерте көктемде, арзандау кезінде сатып алғаны дұрыс болды. Қазір ғой бағасы көтеріліп, шарықтап кетті. Үйткені, биыл Астанада жеке меншік тұрғын үй салушылар көп. Маңайдың бәрі құрылыс. Ақ таңнан кеш батқанша тарсыл-гүрсіл, ерсілі-қарсылы құрылыс материалдарын тасыған машиналар. Құрылыспен айналысатын адамдардың бәрі жаз маусымын ұтымды пайдалану үшін жанталасуда.

Оқушылардың жазғы каникулы кезінде екі айлық еңбек демалысын алған Әмірғазыда қазір тыным жоқ. Ескі «Ауди» машинасына отырып алады да, қай жерде арзандау құрылыс материалдары бар, соны іздейді. Дүкенге қарағанда, құрылыс фирмасындағы баға төмендеу.

Түс ауғанда үй қабырғасын қалап жатқан құрылысшылар бригадирі Санжар:

– Көке, – деді «Аудиға» отырып жатқан Әмірғазыға. – Көке, кірпіш азайды. Жетпейтін түрі бар.

– Қанша жетпейді?

– Қазір санайын... – Санжар жүгіріп кетті де, біраздан соң оралды:

– Алты жүз.

– Артық-кемі жоқ, алты жүз бе?

– Ия, тура алты жүз! Тезірек жеткізбесеңіз, тоқтап қаламыз.

– Қалдырып кетуге болмай ма?

– О-о-ой, болмайды! Ойық болып қала ма сонда?! Одан соң төбесін жабуымыз керек. Балка тастаймыз. Жоқ, болмайды!.. – Санжардың дөңгелек көздері жыпылықтап кетті.

– Алты жүз дедің бе? Алты жүз! Алты жүз!..

Әмірғазы ойланды. «Қалай жетпей қалды, ә! Кірпіш түсірерде қаладағы құрылыс компанниясында прораб болып істейтін таныcы Сергазыға қайыра-қайыра санатып еді. Қап!..»

– Оу, көке! Жүдә, ойланып кеттіңіз ғой!.. Нақтысы, бес жүз сексен бес!.. Он бес кірпіш сынық-пынық дегендей. Алты жүз дегенім сол еді.

– Бар бол, бар болғыр, – деді күлкісі келген Әмірғазы. – Есепке жүйрік екенсің. Үнемшілін.

– Кешірім өтінем көке!.. Басыңыз қатып тұр ма қайдан табамын деп... – Санжар жымиды.

– Неменеңе жетісіп күлесің? Сынап тұрсың ба?!.

– Бір кеңес айтсам, ренжімейсіз бе?

– Айт.

Санжар біреу естіп қоя ма дегендей дауысын бәсеңдетіп:

– Мына көршіңізбен қалайсыз? – деді қолымен батыс жақтағы жатағандау үйді көрсетіп.

– Қалайы қалай?

– Қарым-қатынасыңыз дегенім ғой... Күйеуі жоқ жас келіншек деп естігем... – Күлімсіреп, кутың-кутың етеді.

– Ой, бар бол. Қалжыңының түрін. Жымың-жымың етуіне қарағанда, көзің түсіп жүр-ау! Келінді сағынғансың ғой!..

– Жоқ, көке! Ондай арам пиғылдан аулақпын. Мұсылманға, бөтен әйелге қарау да күнә!.. – Санжардың түрі қабарып, ренжіп қалды.

– Жарайды, кеңесіңді айт.

– Осы үйде қызыл кірпіш бар. Көмір қораның артында. Артылып қалған болуы керек. Сұрап алыңыз.

– Қалай байқағансың?! – Әмірғазы қуанды. Дереу көршісіне жолығып, алты жүз кірпіш сұрап алды.

– Кірпіштей қайтарыңыз, – деді орысшалау тәрбиеленген жас келіншек шала-пұла қазақша сөйлеп.

– Алла қаласа, қайтарамын! Рахмет, айналайын!..

***

Марина есімді көрші келіншек орысша оқыған, орыс арасында өскен мінезі шайпаулау әйел еді. Бұлғақтап жүрген он сегіз жасында тұрмысқа шықты да, жылға жетпей ажырасып кетті. Оған кінәлі қой аузынан шөп алмайтын, ынжықтау күйеуі болатын. Бірнеше рет арақ ішіп, мас болғанын көтере алмай үйден қуып шықты. Жалынып-жалпайып кешірім сұрап келген ата-енесін де, өз әке-шешесін де тыңдамады. Сөйтіп, бір жастан асқан ұлын құшақтап жалғыз қалды. Кейіннен осы қалаға қоныс аударды. Баласы қазір бірінші сыныпқа барып жүр. Шahар ортасындағы екі бөлмелі пәтерін жалға беріп, әскерден келген інісі екеуі осы үйлерін тұрғызуда.

Ашуын тізігіндей алмаған Марина есікті жұлқа ашып үйге сөйлей кірді:

– Осы жұрт ақшаны қайдан табады?! Жолдары болғыш!.. Қарашы көрші мұғалімнің пысығын... Жақында бастап еді, үйінің қабырғасы бітуге тақады. Бұл қарқынмен қыс болмай үлкен үйлеріне де қоныс аударар! Өздері тұрған «времянкаға» пәтершілер жіберіп, шырт-шырт түкіріп отырар.

– Қызғанып қайтесің. Біз дағы біреуден кейін, біреуден ілгеріміз ғой, – деді інісі Мэлс іші тар әпкесінің қылығын аса жақтырмай.

– Жоқ, ә!.. Жаланаяқ мұғалімнің әп-әдемі үй тұрғызғанын айтамын!.. Өткенде өлердегі сөзін айтып алты жүз кірпіш сұрап алып еді... Әлгінде ақшасын аласыз ба дейді ұялмай.

– Алмадың ба ақшасын. – Мэлс әпкесіне қарады. – Артық кірпіштер ғой алғаны...

– Кірпіш орнына кірпіштей қайтар дегенмін. Осыдан қайтармай көрсін! Сотқа арызданам...

***

Әмірғазы жарнама жарияланатын газеттерді парақтап, қалдырмай оқып шықты. Телефон шалды. Құрылыс материалдарын сататын базарда тізіліп отырған сатушылар да алты жүз кірпіш сатпайтын болып шықты. Кемі үш мыңын ал дейді. Ондай кірпіштің керегі жоқ және ақшасы да жетпейді. Не істесе екен? Көршісіне кірпіштің орнына ақша беріп еді, бас тартты. Ертеңнен қалдырмай тауып бер деді сұрланып. Тауып бермесеңіз, сотқа берем деді беті бүлк етпей.

– Астафиралла! – Әмірғазының жүрегі шаншыды. Көздері шатынап жылтыраған сұлу өңі сұрланып шыға келді. Не деген ашу! Не деген мінез! Соншама ыза қаршадай келіншектің қай жеріне сыйып тұр!.. Әлі жетсе сабайтын түрі бар.

Қоңыртөбел тірлігіне шүкіршілік ететін мұғалім жігіт осыдан үш жыл бұрын намаз оқи бастаған еді. Әйелі екеуі жылда ораза ұстайды. Астанадай әдемі қалада үй тұрғызып жатқандығы Алланың қалауы екендігін жақсы біледі. Сол үшін Жаратушыдан істеген ісімді алға бастыра гөр, доска күлкі, дұшпанға таба етпей құрылысымды ойдағыдай бітіруімді нәсіп ет деп тілейді күнде.

Жексенбі. Күн шуағын төгіп тұр. Желпіп жел есті. Жан жадыратар салқын самал. Әркім өз ауласында күйбің-күйбің тірлігімен әуре. Әмірғазы таңертеңнен алты жүз кірпіш іздей-іздей шаршап, түс ауа сәл-пәл тынығып алуға жантайған.

Басы жастыққа тиісімен қор ете түскен. Жетінші сыныпта оқитын ұлы Жанасыл оятқанда әрең тұрды.

– Жайшылық па, балам?

– Бір ағалар сізді сұрап тұр.

– Мені ме?

– Ия, сізді.

Әмірғазы әдеттегідей асықпай дәрет алып келсе екі-үш жігіт тұр.

– Ассалаумағалейкум! – деді жамырай амандасып.

– Уағалейкумассалам!

– Ұйқыңызды бөлдік пе? Айып етпеңіз.

– Оқасы жоқ.

– Келген шаруаларыңды айтыңдар?

– Кірпіш аласыз ба?

– Қандай кірпіш?

– Қызыл...

– Қанша?

– Алты жүз!

– Алты жүз! – Мұғалім сенерін де, сенбесін де білмей аңтарылып тұр.

– Алты жүз, аға!

– Сүбіһан-Алла, Сүбіһан Алла, – деді ақсары жігіт ағасы қуанғаннан. – Түсіріңдер! Аламын! Әрине, аламын!..

ҚҰС ҚАНАТЫ

Ашу-ыза мен бойын кернеген намыс табалдырықтан аттай бере Кәбираның көзінен жас болып парлады. Қолындағы құлыпты күндегі орны – шегеге ілмей, тар дәліздің бұрышындағы қол жуғыштың сабын қоятын тақтайшасына тастай берді де, сырт киімін жүре шешіп, төргі үйдегі төсекке кеп құлаған.

Аттестациядан өтпей қалуы Саматтан келді. Оның ойынша, әйелдер еркек атаулының ықтиярына көне беруі керек пе? Басқанікі басқа, аға тұтқан, пана тұтқан адамнан мынадай өнер шығып жатқанда, не жорық өзгеге. Күйеуі жоқ деп мұқатқаны ма?! Әлде, жесір келіншектер көлденең көк аттының қол жаулығы болуы қажет пе?! Базбіреу ойлағандай, аштан өліп, көштен қалған жайы жоқ. Ері қайтқаннан бергі үш жыл бедерінде екі баласын өсіріп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай жүр емес пе. Көрсеқызар, ұшқалақ әйелдерше сырты ғана жылтыраған біреулермен қыдырып, жеңіл жүріске де барған емес. Тұрмысқа шықсам деген ой да жоқ қаперінде.

Марқұм Жұматай Саматты айырықша сыйлап, «Сәкелеп»-ақ өтті. Оның істеп отырғаны әлгі. Бір емес, екі емес, бұл қорлық-мазағына кім шыдайды?!

Келіншек басын көтерді.

– Апыр-ай, кімге, не жазып едім?!

Орнынан тұра бере қайырадан отыра кетті. Әлсіреп қалған ба жылаудан.

Үй іші алакөлеңке. Сыз. Салқын. Бойы тоңазығандай. Күнде түскі үзіліс кезінде қала ортасындағы кеңседен кезіге кетсе автобуспен, кезікпесе жаяулап, үкідей ұшып үйіне келіп, шапшаңдата пештің күлін тазалап, артынша лаулата от жағып,

түнде әзірлеп кеткен тамақты ысытып ішетін. Бүгін қат-қабат жұмыстар көбейіп, асханадан ауқаттанған болатын.

Бір түрлі елегізіп, жалғызсырады. Ұлдарының үйде болмағанын қарашы. Үшінші тоқсан бітіп, каникулға шыққан күні екеуі де ауылдағы ата-әжесіне кеткен еді. «Бір апта өте шығыпты-ау, – деп ойлады Кәбира пердесі жабылмай үнірейген ашық терезеден даладағы қою қараңғылыққа телміре қарап. – Келсе екен тезірек. Мұңайтып-жабырқатпай жүрген қос құлыншағым екен-ау!..»

***

Аузын ашса жүрегі көрінетін ақпейіл жан еді-ау, Жұматай.

– Кәбираш! Уаи-й, Кәбира! Қайдасың?!

Шәй қора артындағы керме-жіпке кір жайып жүрген талдырмаш, орта бойлы келіншек күйеуінің абыржыған дауысын естіген сәтте қалған бір-екі жейдені шапшаңдата ілді де, алжапқышқа қолдарын жүре сүртіп, үйге қарай асыға адымдады.

– Кәбираш! Уаи-й! – Аққұбаша жігіт ағасы әйелін көріп қуанғаннан:

– Манадан дыбыстаймын, манадан. Сөйтсем, кір жайып жүрсің бе? – деді тақау келіп. Қой көздері шуақ шашады. Асығу мен абыржу білінеді бет әлпетінен. – Қонақ бар қасымда. Аса құрметті кісі. Жылдам шәй қайнат! Қазан көтер!

Мейманның ныспысы Самат екен. Сопақ бас, домаланған жылтыр қара. Кісіге менсінбей, паң қарайды. Ыздиып киініп алған. Үстінде су жаңа кәстөм-шалбар. Аппақ жейдесіне ақшыл галстук жараса қалыпты.

– Бухгалтер дедің бе келінді... Жұмысшылар жабдықтау бөлімінде ғой... Үйренген ауыз. Біз ОРС дейміз. Расшипропкасы отдел рабочего снабжения. Айтуға жеңіл, ыңғайлы! Жөн! Бастығы Базарбай Тортаевич дос-жар адам. Коллегамыз. Дұррес! Келін шырақ... Дәм тартып, осылайша келіп қалдық. Мен өзі, кім көрінгеннің шаңырағына жөнді-жөнсіз бас сұға бермеймін. Жұматай інімді көрген жерден іш тартып, ұнатып. Айып етпе, айналайын! Жақсыда жаттық жоқ деген. Кейде өзі, туысқаннан қиысқан артық! – Мейманның етжеңді денесі селкілдеп, кеңк-кеңк күлді.

– Жоға! Қысылмаңыз! Қонақ күтуге дағдыланғанбыз. Сәл шыдаңыз. Дастархан жасап жіберейін.

Қос иінінен демала ақ самаурын келді ұзамай. Қуырдақ та әзір болды. Өзге тағамдар да тізіліп, үстел үсті көздің жауын ала жайнап жүре берген.

Мейман басынан өткерген қилы-қилы оқиғаларды майын тамыза әдемі әңгімелейді. Армян коньягының бірер рөмкесі өңештен өткен соң тіпті шешілді. Бірақ сұхбаттасушы отағасына қараудан гөрі, шәй құйып отырған келіншекке жиі-жиі назар аударады.

«Үздігіп неге қарайды?! Ұят-ай!» Кәбира қысылып, ыңғайсыздана бастады. «Балаларды байқайын» деп біраз уақыт ас үй жаққа барып келді.

Екеуінің дауыстары қатты-қатты шыға бастағандай. Самаурынға қайнаған суды үстелеп, қайырадан шәй шығарды.

«Мынадай сұлу әйелді құшқан жігітте не арман бар екен? Ширкін! Қойны да ыстық шығар-ау!» Мейманның көздері жылтыңдап, емешесі үзілді-ай!

Қонақ түнге дейін отырды. Ет те желінді. Коньякты да ұзақ сілтеді. Қатты қызды. Біздің үйде қонатын шығар деп ойлаған отағасы. Жоқ. Бір кезде лып түрегелді орнынан. Жинала бастады. Қолқанат баладай жеңіл, шып-ширақ. Жұматай такси шақыртып, шығарып салуға кетті.

Ыдыс-аяқ жуып, ертеңгі тамақты әзірлеп біраз бөгелді Кәбира. Күйеуі көп кешіккен жоқ.

– Жеңгей жатып қалыпты. Ағамыздың түнгі жорығына үйренген-ау, шамасы. Қандай алтын адам! – дейді мұрны желпілдеп. – Көп жыл көрмеген туысы келгендей жік-жаппар болып, құрақ ұшты. Шәйға қарамадым... Сәкең қоярда-қоймай, екі жүзден «Распутинді» тастап алдық. Қалай, ә! Жеңгейді айтамын. Шытқан да жоқ қабағын.

Қашан кірпігі айқасқанша аузы жабылмады Жұматайдың. Ұйқылы-ояу жатып ұққаны: Самат ағалары таптырмайтын туыс. Әрі Жұматай екеуі бір ауылдан. Бұлар болса ауылдан Аягөзге енді коныс аударып жатыр. Араласып-құраласып тұратын, сүйенетін туыс – осы Сәкең. Және Сәкеңнің жиені аудан әкімінің бірінші орынбасары. Өзі күні ертең... аудан аралық үлкен қойманың бастығы болмақ.

***

– Бейімің жоқ өмір сүруге! Неге итересің Саматтың кеудесінен. Жасы үлкен дейсің бе? Қайдағы үлкен! Елу – нағыз ердің жасы. Өзіңе қарасаңшы онан да. Жассың ба? Отыздасың. Ой-бу, еркек пен әйел арасындағы жиырма жас алшақтық па, тәйірі?! Баяғыда, алпыс-жетпісінде аталарымыз, он үш-он төрттегі қыздарды алған жоқ па?!

Айтшы ақиқтын, Жұматайдың қазасында, жетісін, қырқын, жылын өткізгенде зыр жүгіріп, қызмет еткен осы Самат емей кім? Туған-туысыңның қайсысы қарайласады қазір? Күйеуге шық-қалы жатқан жоқсың. Кекірейме! Ойлан! Пайдаланып қалмай-сың ба, қайта... Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық тегінде!

Құрбысы Майраның ақыл-уәжі құлақ түбінде жаңғырады.

Әрине әркім өзінше тон пішеді. Майра күйеуімен ажырасқан басы бос келіншек. Жалғыз қызы бар. Оның өзі жаз бойы елдегі әке-шешесінің қолында болады. Әйтеуір жаһанды жалпағынан басып жүрген бір жан. Әй дер ажа, қой дер қожа жоқ. Қылмың қаға сылқылдап киінеді. Сылқ-сылқ күледі. Құдай енді байды көрсетпесін дейді зәрезап-зәтте болғандай.

«Әркім өмірге өз дүрбісімен қарайды» дегенді оқып еді бір кітаптан.

Есіне ет сататын дүкенде жүкші болып істейтін Қуандық түсе кеткені. Сол жігіт бұны көрсе ұстаз алдындағы бала шәкірт-тей қысылатыны қалай!.. Ынжық-бозымбайлығынан үйленбей жүр-ау!

***

– Кәбира, байқайсың ба, Қуандық саған ғашық!

– Кеңсеге келсе біздің кабинетке бір соқпай кетпейді. Соған қарағанда, Кәбираны шынында сүйеді.

– Қойыңдаршы, түге! Бай тауып бер дедім бе сендерге! – Кәбира қарсы уәж айтып шыж-быж.

– Онда тұрған не бар! Тисе тиеді Кәбираш, – дейді сөзшең Гүлбаршын еріндері жып-жып ете.

– Үйленбегені демесең, отыз төрт-отыз беске де келіп қалды-ау, Қуандық та.

– Сол шамада.

Кәбира қызметтес қыз-келіншектердің әзілін есіне алып жымиды: «Қайдағыны айтады қыздар да!..»

***

Қуандық үйіне кештеу оралды. Анасы жатып қалғанымен есіктің ілгегін ілмепті. Жайшылықта әндетіп қоя беретін топсаны барынша сықырлатпай ақырын ғана ашқан.

– Кешіктің ғой. Жұмыста болдың ба? – деді анасы.

– Сайлан шақырып. Аға-жеңгесі келіпті Алматыдан. Қой союға көмектестім.

Қуандық қонақтарға қосылып үш-төрт стақан арақ ішіп еді, соның қызуымен бе, Кәбираның үйіне барғаны. Есігінде құлып тұр екен.

Ащы суға үйір емес еді. Қыстап ішкізген Сайлан ғой. Аякөздегі кластасының бірі. Өзі ерте үйленген. Бес баланың әкесі. Теміржолда машинист. Араласып тұрады. Оңды жігіт. Келіншегі Тәттігүл де аяулы жан. Қай кезде келсе де дастарханы жаюлы. Балалары да мәз болып қуанып қалады. «Бір аяқ қымыздың екі аяқ желігі бар» деген ып-ырас. Әй-түй жоқ, аспаннан түскендей екі кештің арасында жесір келіншектің үйіне жетіп баруына жол болсын. Кәбирамен тілдескендей толқып кетті. Шынында, оны көрсе бет моншағы үзілердей қарадан-қарап ұялатыны, қысылатыны несі екен?! Әлде, әлде, сұлу әйелдің мысы баса ма?!

Қуандық бірде Кәбира үйінің қасынан өтіп бара жатқанда сегіз-тоғыз жастағы тетелес екі ұлдың есік алдында үюлі жатқан көмірді шелекке салып, қораға тасып жүргенін байқады.

Балалардың пысықтығына қайран қалып, қарап тұрып қалса керек.

– Аға, біреуді іздеп жүрсіз бе? – деді мұны енді көрген жасы үлкендеуі назар тіктеп.

– Жоқ.

Әлгі бала бұның жылыұшырай қарағанын іш тартты ма, кім білсін түйеден түскендей дүңк еткізіп өтінішін айтып қалды.

– Аға, бізге көмектесіңізші!

Қуандық көп ойланбастан үстіндегі тонын шешіп, жеңілденді де айналасы бір сағаттың ішінде көмірді қораға кіргізіп берді.

Түскі асын ішуге келген Кәбира аң-таң. Есік алды тап-тұйнақтай. Көмірдің ұсағына дейін жинап, қараған сібірткімен аула ішін айнадай етіп сыпырып қойыпты. Көмір қора да жабық. Күректер мен сыпырғыш, шелектер де орын-орнында. «Ұлдардың ісі ме? Қалай тез аяқтаған?» деп ойлады таңданып.

Табалдырықты аттай бере есік көзінде кідірген. Тар дәліздің бұрышында біреу ары қарап қолын жуып жатыр.

– Мама, Қуандық аға ғой! Ұрыспайсыз ба? – дейді ауызғы бөлмеден жүгіре шыққан Ерік.

Кәбира енді таныды. Ет дүкеніндегі жүкші жігіт.

– Есенсіз бе?! Балалардың өтінішін тастап кете алмай, өстіп, келіп қалдым. Айып етпессіз! – Ыржиып күле береді.

– Аға, келіп жүріңіз! – деп қояды Ерік те жағаласып.

– Жарайды, Ерік. Келем, Келем... – Қолын асығыс-үсігіс сүлгіге сүртіп жатып көз қиығымен назар тастап қояды Кәбираға.

«Япыр-ай! Тоқта-тоқта?! Қандай ұқсастық! Жұматай да, қуанған кезінде, мәз болатын. Екі ұлын керемет жақсы көретін. Қандай, ұқсастық! Ға-жа-п!..»

– Шай ішіп кетіңіз! – Келіншек те абдырағандай ма?! Аузына өзге сөз түссеші.

– Рахмет! Айып етпеңіз! Тығыз шаруам бар еді. – Ұзын бойлы қара жігіт шапшаң шығып еттті.

«Ұялшағын!..»

Кәбира үйден ұзап бара жатқан Қуандыққа қарап, ойланып тұрып қалыпты.

***

Самат кейінгі кезде келуін жиілетті. Серік пен Ерікті қызыл-ды-жасылды жазулары көздің жауын алатын жылтырақ қазды шоколад пен печеньеге, банан мен апельсинге қарық қылды. Балалардың да бойы үйреніп, бірі құшақтап, бірі тізесіне отырып мәре-сәре.

Қайсыбір күні өте кеш келді. Әңгіме айтып, Серік пен Ерiктің күнделігін, жазу дәптерлерін қарап отырғанда түнгі бірден асты.

Ұйқы меңдеп шаршаған ұлдар екі жерде қисайыпты. Орындарына апарып жатқызып, одан соң өз орнын ыңғайлады келіншек. Қайтпушы ма еді үйіне деп ойлады Самат отырған бөлме жаққа жалтақтап.

Дәлізде қарсы жолыққан Самат әлдене айтқысы келгендей кідірді.

– Кәбира, кешір! Қона кетсем бола ма?

– Үйіңіз іздемей ме?

– Машинамның фары жанбай, әзер жеттім. Қарап, жөндеуге түн іші.

– Біреу-міреу таңертең көріп қалып, мен өзі... тұзым жеңілдеу адаммын.

– Жарық түспей тайып тұрайын. Арам ойым жоқ. Сен! Қорықпа!

– Мақұл, қонсаңыз қоныңыз...

Самат машинасын аула ішіне енгізуге тысқа шықты.

«Оңашада тиісіп жүре ме?! Бекер рұқсат бердім-ау! Жә, ондай опасыздыққа бара қоймас...»

Бір кезде көзі ілініп кеткен екен. Өңі ме, түсі ме?! Жылы көрпе астына біреудің енгенін сезгендей, ілкіде бой алдырып сезімге, еріп-елітіп бара жатты. Жұматай да кейде, сүйіп, құшып оятып алатын ұйқысынан. Әуелі ерін ұшымен жай ғана өбіп, сондай еппен аймалайтын. Жүйе-жүйесін, алпыс екі тамырын босатқан тәтті ләззаттан шырын татып, еріп жүре беретін келіншек ұйқы мен ояудың арасында, мең-зең қалпы... Ал мына сүйіс суық, қатқыл! Селк ете оянса, Самат! Алқынып, өліп-өшіп барады. Қамсыз жатқан келіншек бір кезде еркек қолдарының сыманданып, төмен сырғып, содан кейін, содан кейін, не боларын шапшаң саралап өтті де, күшін жиып бар пәрменімен кері серпіп жіберген. Мұндай қимыл күтпеген еркек аударыла құлады төсектен. Ұзын шашы арқасын жаба, ішкөйлекшең орнынан атып тұрған әйел калш-қалш ете дірілдеп, қыстыға жылап жіберген. Еркек қайтып беттей алмады. Киініп үйден шыға жөнелді.

***

Көз байланған шақ. Ас қамдап жүрген отыз-отыз бір шамасындағы көздері ойнақшыған сары келіншек аула алдына кеп тоқтаған ақ «Аудиды» көрді де: «О-о, Базекеңдер!» деп қуана дауыстады.

– Не болды соншама?! – Қынама бел қызыл көйлек киген оймақ ауыз, сұлу жүзді қыз жіңішке қастарын керіп таңданыс танытты.

– Еще бы! Между прочим, Базекең бүгін жалғыз емес. Сюрприз болсын деп айтпаған едім. Қасындағысы – саған!

– Маған?!

– Иә, Базекеңнің досымен таныстыр деп мазамды алып едің ғой.

– Айтқан шығармын. Бірақ, дәл бүгін.

– Жә, бұлданба! Игіліктің ерте кеші бола ма?!.

– Қалай өзі?!

– Көрген кісім емес.

Ақ «Аудидың» иесі – орта бойлы толық еркек қайырма қос есіктің ішкі жағындағы көлденең қойылған жұмыр бөренені былайырақ апарып ашты қақпаны. Сылаң қаға аулаға ене берді ақ «Ауди». Кабинадан қорап-қорап заттарды түсіріп, ылдым-жылдым дәлізге тасыды екі еркек.

– Сәлем, жігіттер! – Көздері ойнақшыған ақсары келіншек былқ-сылқ ете бөксесін бұлтыңдатып таяу келді де, толық еркектің мойнынан құшақтап, шөп-шөп сүйді бетінен. Француз әтірінің иісі желпіп өткен.

– Өзің айтқан тапсырыс!– Ақ «Аудидың» иесі мәз.

– Браво, Базеке!

– Женя, танысыңдар! Самат, тоис Саша.

Келіншек қасы-көзін керіп, сүйіктей саусақтарын ұсынған.

– Очень приятно! Қайталаңызшы, Самат па, Саша ма?

– Саша ғой, Саша. – Саматтың орнына семіз еркек жауап қайтарды.

– Оқасы жоқ. Досыңыздың аты емес, заты керек бізге! Солай ма, Базеке! – Жайнаң қаға көздері күлімдеген ақсары келіншек сәл-пәл, болмашы ыңғайсыздықты сейілтіп-серпіп жібергендей заматта.

Думанды топ қызды-қыздымен түн жарымын аунатты. Сан түрі ішілді арақ-шараптың. Ән айтылды, би биленді. Тасып-шалқыды көңіл. Қызды қан. Ілкіден соң келіншектер іште қалды да, екі еркек есік алдына шығып, бой жазып шылым шекті.

– Базеке, бұйымтайым бар?!

– Сенде құлағым.

– Әлгі, бухгалтер келіншектің хикаясы.

– Ә-ә! Кәбира ма? Сайтан алғыр, сұлу-ақ, өзі! Сен араласып, қатысып жүрген соң, құрық тастамап едім! Қам жеме! Көнбесе, қызметінен кілтипан тауып, кіріптар етейін.

– Келістік.

Екі еркек үйге енді.

Сәлден соң жарығы сөнді терезелердің.

***

Кәбира дағдылы жолымен жұмыстан қайтып келе жатқан. Жеңіл машина тоқтап, ішінен таныс тұлға шалынды. Қараса Самат.

– Кел отыр, жеткізіп салайын. – Кесе-көлденеңдеп алдын орады. Монтаны. Жұп-жуас. Мөлиіп тұр.

«Отырсам отырайын...» Кәбира кабинаға жайғасты. Тіл қатысқан жоқ жол бойы. Самат машина тоқтағанда ғана мойын бұрды.

– Кешір, кешіре алсаң, өткендегі қылығым үшін.

– Түсінгеніңізге рахмет!

– Күлме! Жақсы көремін сені.

– Аға деп сыйлаушы едім.

– Несі бар, қайта...

– Өзгеге жем болғанша демексіз бе?!

– Қарайласып тұрамын. Заман болса мынау! Түсініп болмайтын аласапыран, қымбатшылық, күннен-күнге аспандаған баға!

– Мүсіркемеңіз, өйтіп.

– Шыным, Кәбираш! Шыным...

Андаусыз отырған. Шалт бұрылған еркек құшақтап, еңсеріп бара жатыр. Қолтығы астынан сытылып шықты да, жағынан тартып-тартып жіберген. Содан соң жалма-жан есікті итеріп тысқа атып шықты.

– Мына қаншықтың қорлығын-ай, ә! Қап! Қасарысқанда қайда барасың?! Тасыр мінезін. Апақ-сапақ шақ. Біреу-міреу көре қоймаған болуы керек. Қатыннан шапалақ жеу! Өлім ғой, өлім!

Жеңіл машина орнынан жұлқына қозғалды.

***

Базарбай үйіне қайтқалы жатқанда телефон шылдыр етті.

– Ал-оу, Базеке, мен ғой.

– Иә, көріп тұрмын.

– Ана жағдайға байланысты.

– А, ана, сұлу келіншектің жыры ма?! Қалай, бірдеңе шығатын ба?!

– Мөңкіп, маңайлатар емес.

– Не қыл дейді?

– Ит білсін! Құрық бойлаған ба әйел қулығына.

– Кет әрі емес деп едің.

– Басында тәуір едік.

– Оңаша шақырсаңшы.

– Дәнеңе шықпай ма деп қорқамын.

– Не көмек сұрайсың?

– Аттестация өтеді дегенді естіп.

– Алдағы аптада.

– Ендеше, құлатыңыз!

***

Жұмысшылар жабдықтау бөлімінде істейтін әйелдердің аузында бір әңгіме жүр. Ол – алдағы аттестация.

– Былтырғыдай емес, биылғы сынақ қатал болатын сыңайлы!

– Базарбай Тортаевичтің өзі қатысады!

– Алматыдан, ДОР УРС-тан өкілдер келеді дейді!

– Несіне дүрлігесіңдер! Қысқартуа ілігетін адамдар алдын ала жоспарланған!

– Сендер-ақ осы, білгішсініп отырасыңдар! Кейбіреулер сиякты сүйеушім де жоқ! Әдіра қалсын! Екі қолға бір жұмыс!

– Жә, заман ақыр орнатып не жетті! Көрерміз кезінде!

...Ұзақ өтті сынақ.

Қырсық қылғанда елдің ең соңынан қабылдады Кәбираны. Сауалдары жоқ қоймаған. Ақыры бухгалтерлікке жарамсыз маман саналып, алты айға асханаға ауысатын болды.

«Соның ісі, соның ісі!..»

Ызадан түтігіп шықты. Ернін жымқыра тістеп азар келеді. Мезгіл жазғытұрым болғанымен ызғар бар ауада. Көше қараңғы. Автобус күтпей үйге жаяу тартты. Таныстары кездеспесе екен. Сәлемдесіп жылы-жылы сөйлесе жылап жіберетіндей. Екі ұлының үйде жоқтығы есіне түскенде тіпті құлазыды. Түнімен неше түрлі түс көріп, нашар ұйықтаған Кәбира жұмысқа кешігіп келді.

Бухгалтер әйелдер жұмыстарына кірісіпті. Сырт киімін шешіп, отыра қалды.

– Өртте несі бар сорлының!

– Құдай бір айналдырғанды, шыр айналдырады.

– Орыс кемпірдің көрер жарығы бар қайта!

– Иә... өліп қалар еді Қуандық болмаса!

Өрт. Қуандық. Орыс кемпірі...

Кәбираның құлағы шыңылдап кетті.

– Қыздар, айтып отырғандарың не? – Жұмыстан өзгеде көп ісі болмайтын елуге таяп қалған етженді сары әйел – Ізімгүл әріптестеріне қарады.

– Естіген жоқсыз ба?!

Өсек десе ішкен асын жерге қоятын, ерні бір уыс Бәти әдетінше жіңішке қастарын керіп маңғаздана қалған.

– Ет дүкеніндегі жүкші Қуандық кеше кешкілік жұмыстан қайтып бара жатқанда лапылдап жатқан өрттің үстінен шығады. Орыс кемпірінің ескі тамы екен. Жиналған жұрт өрт сөндірушілерді шақырғаннан өзге түк бітірмей ошарылып тұрған көрінеді. Кемпір өрт құшағында. Қуандық лапылдаған өртке қарамай кемпірді алып шығады. Алайда үсті-басы жалынға шарпылады. Мұндай да болады екен-ау! Алды-артына қарамай, қолды-аяққа тұрмай безіп жөнеледі. Жігіттер әрең ұстап, жедел жәрдем көлігімен ауруханаға жеткізіпті.

Кәбира орнында отыра алмады. Сұранып, көшеге шықты.

Қар жауып тұр. Мамық ұлпа қар. Айнала аппақ. Аялдамаға жетіп автобусты асыға күтті.

– Ата, көктем келді ғой, неге қар жауады? – дейді, сірә, немересі болса керек, бес-алты жастардағы бала таяқ ұстаған кәриядан.

– Құлыным, бұл құсқанаты.

– Не ол?

– Құс қанаты – көктемде жауатын соңғы қар. Бірақ жылдам еріп кетеді. Артынша күн жылынады. Көк қаулап шығады.

Келіншектің мазасы кетті. Әлі тұр автобус күтіп. Такси ұстамақ еді, «қырсыққанда қымыран іриді» дегендей, бірі де тоқтамады. Өтіп жатыр, өтіп жатыр. Бәрі де бос емес. Біреуі тоқтады-ау, ақыры.

Такси қала шетіндегі ауруханаға жетті де, шофермен жылдам есеп айрысқан Кәбира бес қабатты ғимаратқа беттеді.

Далада, құс қанаты – ақшағи қар жауып тұр.



ШЕРЛІ ЖҮРЕК

Еменнің иір бұтағындай еңкіш бойын тік ұстауға тырысатын қайыстай қара шалдың бір ерекшелігі; қашан көрсеңіз үстінен қыры сынбаған кәстөм-шалбар, мойнынан галстугін тастамайды. Соған қарағанда не өмір бойы кеңсе қызметкері болған, не аса кірпияз, сәнқой жан сияқты. Күнде таңертең және кешке таман қасымыздағы саябақта асықпай аяңдап ұза-а-қ қыдырады. Шаршаған шақта арқалығы иілген ағаш сәкілердің біріне кеп жайғасады. Бұл әдетінен еш жаңылған емес.

Естуімше жалғыз басты. Үш бөлмелі үйде бір өзі. Қызық, елдің бәрі сондай ма, әлде мен әуескоймын ба, кәрия неге жалғыз, балашағасы мен бәйбішесі қайда деген ой жиі мазалайтын болды.

Қай күні ақшам мезгілінде үш жасар ұлымды жетектеп баққа бет алдым. Ағаштардың басынан үзіліп түсіп қалықтай жерге қонақтаған сары жапырақтар аяқ астында бададай боп шашылуда. Сары жапырақтар сартап сағынышты, артта қалған балалық махаббатты, мұңлы да момақан сәттерді оралтқандай ойына!

Алматының қоңыр күзі биыл да жаймашуақ.

Бақта қыдырған кісілер қарасы аз. Ұлыма үш аяқты велосипедін ұстаттым да, оңашалау сәкіге жайғасып, әлгінде пошта жәшігінен алған газет-журналды қарай бастағанмын. Жүзтаныс кәрияның тақап қалғанын көріп сәлем бердім. Ақсақал амандасқаныма жауап берді де, қатар-қатар сәкі жақты нұсқады. Кел отыр дегенін біліп, соңынан ілестім.

– Балам, – деді ол отырған соң. – Айып етпе!.. Кіді мінезді кісікиік жанмын. Бейтаныс адамға назар аудара бермеймін... Иман жүзді бала көрінесің. Сәлем бергеніңе ризамын! Бақытты бол! Жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл деген.

Үлкен кісінің мейірімді жүзіне, іштарта сөйлегеніне ішім жылып қалды. Бәсе, көпті көрген көшелі кісі.

– Осы маңда тұрасың ба, қалқам?!

– Иә, сізбен көршімін.

– Жөн! Өзім де солай топшылағанмын. – Ақсақал басын изеп, ары қарай жалғастырмайсың ба дегендей сұраулы жүзбен бетіме үңілді.

– Ныспым Тарғын. Орта мектепте мұғаліммін. Келіншегім, бір ұлым бар.

– Әке-шешең?

– Екеуі де ауылда. Жасы келген кісілер. Сегіз ағайындымыз.

– Ата-анаң бай екен!

– Дәулетті дейтіндей байлықтары шамалы... Ел қатарлы...

– Ұрпағың байлық емес пе? Үлпершектей ұлдарың мен қызғалдақтай қыздарың ат атандырмай, сүйек сындырмай жүрсе! Әне, сол бақыт! Жә, сау бол шырағым. Көрші екенбіз, көрісіп тұрармыз.

Кәрия орнынан ширақ түрекеліп, таяғына сүйеніп аяңдай берді. Бойы тік, тәкаппар.

Арада күз өтіп, қыс келді. Біз Қабдуәли қариямен жиі жолығатын болдық. Ол кісі де бұрынғыдай емес, емен-жарқын әңгімедүкен құрып, ара-тұра сырын айта бастады.

– Е-ей, балам-ай! – деді бірде кезекті әңгімесін сабақтап. – Өмір дегенің өткінші дүние! Баяғыда, әкем маркұмның, фәни жалған – көзді ашып-жұмғандай уақыт дегенін түсінбейтінбіз. Қайран Мағжан ақынның; «жүрегім, мен зарлымын жаралыға, сұм өмір абақты ғой саналыға...» деп жырлағанын сары уайымға салыну, пессимизм деп ойлайтынмын!

Бекер екен ол пайымым! Бекер.

Ақсақал аз-кем өзімен-өзі отырды да, сөзін жалғады:

– Әйелім бес құрсақ көтерді. Алғашқы төртеуі кішкентай күндерінде шетінеп кетті. Жәди жалғызым еді. Содан ба, бетінен қақпай тым еркін жібердік. Басы сайран дүниенің, арты ойран боларын кім білген...

Өзім де кінәлімін! Ұлымның мектептегі оқу үлгеріміне, тәртібіне, жүріс-тұрысына, кімдермен дос болып, кімдермен жүргеніне, қалай ержеткеніне жұмысбастылықпен аса мән бермей, бәрін

бәйбішемнің иығына жүктей салыппын! Ақымақтық іс жасаппын! Кінәлімін деу аз, күнаһар екенмін!..

Кәрияның қабағы түсіп, айқыш-ұйқыш әжімдері жиырылып үн-түнсіз отырып қалды. Мен ыңғайсыздана бастадым.

– Баламның бұзылуына ерке-тотай өскені себеп болды. Аса бай болмасақ та, жалғыз баланы ішіндіріп-киіндіруге дәулетіміз жетіп артылатын. Мен болсам зейнеткерлік жасқа жеткенше аудандық партия комитетінде жұмыс істедім. Шешесі азық-түлік дүкенінде сатушы еді.

Хош, сонымен Жәди университет бітіріп Жезқазғанға жолдама алды. Қыңқылдап барғысы келмеп еді, мен көнбедім. Ондағы ойым, бірер жыл сыртта жүріп өмір көрсін, пысып-қатсын дегенім ғой.

Балам, тегінде адам өмірінің қалыптасуына әуелі отбасы, содан соң өскен-өнген ортасы үлкен роль атқарады. Жәдидің барған жерін, еңбек ұжымын қаралауға қақым жоқ. Төңірегінде бес-алты қыз-жігіт бар еді. Солар кері әсер етті ме деп те ойлаймын. Әлде менікі, суға кеткен тал қармайдының тірлігі ме?! Әсілі, біреуді кінәлап жазғыру жөн емес!

Ұлымның өзгергенін келесі жылы Жезқазғанға барғанда бірақ аңғардым. Келген күні жолдастарымен бірге мейрамханада болдық. Жастардың менің келу құрметіме орай отырыс жасаған түрлері. Ә дегеннен салым суға кетті. Ішкендері арақ, шеккендері шылым, сөздері дөрекі. Бір сағат өтпей жатып қатты-қатты даурыға сөйлеп, көпшілік орынды бастарына көтерді. Ертеңіне оңаша қалғанда ақылымды айттым.

Алматыға келген соң кемпір екеуміз сөйлесе келіп, ұлды үйлендірейік, аяғы тұсалса отбасына алданып, қатар-құрбыларына қарап адам боп кетер деп шештік. Сөйтіп жүргенде аяқ астынан телеграмма келді. «Үйленем, тезірек жетіңдер!» деген жазуларды оқығанда жүрегіміз тоқтап қалғандай болды.

Сонымен Жәди үйленді. Келініміз инабатты бала көрінді. Құдамыз ертеректе қайтыс болыпты. Құдағиымыз жақсы адам екен. Тойды хал-қадерімізше дүрілдетіп өткіздік. Е, енді адам болып кетер... Бас екеу болмай, мал екеу бола ма деп қуандық.

Қайда?! Қателескен екенбіз.Ол туралы кейінірек.

Көп ұзамай немерелі болдық. Ай-хой, сондағы кемпір екеуміздің қуанғанымызды көрсең! Тағы да Жезқазғанға бардық жан ұшырып. Жәдидің екі езуі құлағында. Араққа әбден тойып алған. Жарайды тойласын дедік! Е-ей, балам-ай, несін айтайын.

Сөздің қысқасы, баламызды үй-ішімен үш жылдан соң көшіріп әкелдік. Жәди маскүнем болуға шақ қалыпты. Бір айдай демалған соң қызметке тұрғыздым. Бастапқыда құлшына кірісіп еді, ерік-жігері үш айға азар жетті. Әдетіне басты қайыра. Екі рет айықтырғышқа түсті. Алғашында басшылары кешіріп еді, келесіде жұмыстан шығарып жіберді. Тағы да уайым-қайғы жамадым. Марқұм кемпірімнің иі жұмсақ еді. Зекіп-ұрсу деген қайда?! Жұмған аузын ашпайды тіпті. Ұлдың үсті-басынан саутамтық қалмай, былғап, жыртып, сүрініп-қабынып, тәлтіректеп тілін шайнап келгенінде асты-үстіне түсіп бәйек болып жүргені. Қырыс-тырысы шығып, түгі қалмаған сырт киімдерін шешіндіріп, тамағын ысытып аузына тосатын. Yh, жалған-ай! Жәди жайлы әңгімелесем жүрегім біз сұққандай шаншып ауырады.

Кәрия ентігін басып сәл отырды. Батып бара жатқан күн сәулесі жүзіне түсіп тұр. Мұңды, шүңірек көздері тереңдей түскендей. Айқыш-ұйқыш әжім айғыздаған бет терісі сұп-сұр. Демігіп, алқынып жан қалтасын қарманған.

– Валидол! Валидолым бар еді.

Мен ас үйден су әкелдім.

– Валидолды таңдай астына тастап сорады. Қазір-қазір. Оқасы жоқ. Жүрегім-ай! Бұрын екі мәрте инфаркт алғам. Жә, сыралғы сырқатым да! Әбіржіме! Отыр, отыра ғой.

– Зәрем ұшты, ата! Бұрын мұндай жағдайды көрмеп едім.

– Ауру-сырқау да Алладан. Біреуге жаза, біреуге сынақ! Е, міне-міне! Қалпына келе бастады! – Кария жүрек тұсын шеңберлеп, уқалады.

– Жедел жәрдем шақыртайын! – дедім тұруға ынғайланып.

– Зәренді алдым-ау, айналайын. Рұқсат болса жантая тұрайын.

Кәрияның басына жастық қойып, тыныға тұрсын деп бөлмеден шығып кеттім.

***

Арада он күн өткен.

Екеуден-екеу, біз тағы да әңгімелесіп отырмыз.

– Адамда мұрат-тілек дейтін, көңіл дейтін әурегер құрғыр бар ғой балам... Кісіні қиындық мойыта алмаса да, уайым-қайғы мойытатын көрінеді.

Жәди ішіп жүрген күндердің бірінде төбелесіп милицияға түсті. Онымен қоймай машинаға тиеп жатқан кезде қызыл жағалыларға қол жұмсап, арасындағы басшылары – капитанның погонын жұлып алыпты. Он бес тәулік қамақта болып, айып-пұлын төлететін шығар дегенбіз. Іс насырға шапты. Үстінен қылмыстық іс қозғалып, бес жылға айдалып кете барды.

Бұл жағдай кемпірге аса ауыр тиді. Ескі сырқаты қабынып, ұлдың қасіретінен көп ұзамай қайтыс болды. Аһылеп-үһілеп келін мен немерем үшеуміз қалдық. Баяғыда үлкендер көресінді көрмей көрге кірмейсің деуші еді. Әулие екен-ау, жарықтықтар! Кемпірімнің жылын өткізіп жатқанда түрме әкімшілігінен Жәдидің асылып өлгені жайлы хабар алдық.

– Не дейт?!

Аңдаусызда осы сөз шығып кетті. Айтқан сөз, атылған оқпен бірдей. Қайтып ала алмайсың. Ернімді жымқырып, тілімді тістей қойдым. Онсыз да ұнжырғасы түсіп, мұңайып отырған қарияны демеудің орнына мұңым не?!

– Солай қарағым. Осылай ұлдың тағдыры.

...

– Кімнің қайғысы көп болса, сол көп сөйлейді деуші еді. Ішімде талай жыл беріш болған мұңымды шығарып, жеңілдеп қалды, қарағым.

– Қиын екен!

– Басқа түскен соң көнесің дағы. Бәрінен бұрын немеремді сағындым. Тоғызға толады. Екінші сыныпта оқып жүр. Ақылды, зерек. Тілім тасқа!

Келінім бір жылдан соң рұқсат сұрап, төркініне кетіп қалған. Жылда жазғы каникулда немеремді әкеліп тұрушы еді, былтыр келе алмай қалды... Биылғы жазда барып қайтамын.

Балам, немере ыстық болатын көрінеді. Әрі өзі, Жәдиімнен аумайды!

Әңгімесін жалғастыра алмады карт. Даусы дірілдеп, көздері жасаурады.

***

Ертеңінде Қабдуәлі кәрия мені қуана қарсы алды. Мейманасы тасып, төрт құбыласы тең елгендей.

– Жаратқан ием жарылқады! Шалқып-тасып бақыт құшағында отырмын!

– Қуанышыңыз ұзағынан сүйіндірсін! – дедім мен де кәриямен бірге шаттанып.

– Оқы, әлгінде пошта жәшігінен алдым!

Хат! Оқушы дәптеріндегі жазулар маржандай!

«Ассалаумағалейкум, ата! Дені-қарныңыз сау ма! (Нағашы әжесі бастап берген-ау бас жағын) Амансыз ба! Біз де аманбыз. Апам мен мамам сізге көп-көп сәлем жолдауда!

Ата, үшінші тоқсан аяқталып келеді. Құдай бұйырса, мамыр айының соңында үшіншіге көшемін. Сабағым жақсы. Қыстан бері домбыра үйірмесіне қатысып жүрмін. Үш-төрт күй үйрендім. Солардың ішінде маған Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқиссасы» керемет ұнайды. Енді нотаны үйренеміз.

Ата, мен сені сағындым! Мамам маусым айында атаңа апарам дейді. Ертерек баруға жұмысынан босатпайды.

Ата, сау болыңыз!

Сәлеммен немереңіз Айбол.

02.05.1991 ж.»

***

Адам баласының арқа-басын кеңітіп, жадырап жаз айы да жеткен. Шіліңгір шілде орталанса да ауыл жақтан тырс еткен хабар болмады.

Немересін күте-күте қатты сағынған қария күн санап шөгіп бара жатқандай. Жағына пышақ жанығандай жүдеп, көздері шүңірейді.

– Ескі сырқатым ғой! – дейді өзін-өзі алдарқатып. Бізге сездіргісі келмегені.

Таңертең орнымнан тұра сала кәрияға барып сәлемдесіп, шайға шақыруды дағдыға айналдырған едім.

Сол әдетпен барсам, есігі жабық. Қобалжи бастадым. Есік алдында ары-бері жүрдім де, қайыра келгем. Әлі жабық. Оянбаған шығар деп үйге беттедім.

– Атам қайда?

Келіншегім есік аузында жолықты.

– Тұрмапты.

– Жексенбі ғой. Демалғысы келген шығар.

– Бүйтіп көп ұйықтамайтын.

– Сабыр сақтайық.

Күн түс болды. Қабдуали қарттың есігі әлі ашылған жоқ.

– Япыр-ай, не болды?! Барсаңшы тағы. Болмаса Әбуталап атаға айтасың ба?! – дейді әйелім дігерлеп.

Кәрия араласып жүрген ақсақалға күдігімді жеткіздім. Ол менің алдыма түсті де, Қабдуәли атаның үйіне тартты. Келе сала сыртқы есікті қаға бастады. Іштен дыбыс шықпайды. Ата үстіне соққылады есікті. Қатты-қатты шыққан тарсылды естіп көрші-қолаң жиналды. Біреулер үйде ешкім жоқ шығар десе, енді біреулері есікті бұзып ашайық дегенді айтты. Ақыры көпшіліктің кеңесімен есік бұзуға шешім қабылданды. Темір сүйменмен әрең аштық есікті. Содан соң ақырын табалдырықтан аттадық. Шал менің шегіншектегенімді байқап, қолымнан қатты ұстап ілгері озды. «Бісміллә!» дедім мен де бойыма қайрат жиып.

Қабдуәли кәрия төргі үйдегі кереуетте шалқасынан жатыр. Тақау келдік, қимылдар емес. Әбуталап ата мұрыны мен маңдайын, одан кейін аяқтарын ұстап басын шайқады. Кәрия көрпе ішіндегі оң қолын кеудесіне қойып, сол қолын жазып жіберген. Көздері ашық, төбеге қадала қарап қалған. Жүрегім дір етті. Көрші қарт оң қолын жазып жатқанда байқадым, кеуде тұсынан бір зат ағаранып жерге сусып түсті. Еңкейіп қолыма алсам, сурет! Қабдуәли атаның сағына күткен, сүйікті немересінің суреті!

Басым айналып, көзім қарауытты, қаран-құран кісілер кіріп жатыр, кіріп жатыр.

ЕКЕУ

Әсия аяқ астынан ауырды. Суық тиген шығар, жақсылап терлесем жазылып кетермін деп онша елеген жоқ. Кешкі шайды қою етіп, сары май қосып ыстықтай-ыстықтай ішті де тас бүркеніп жата қалған. Таңертең бірақ білді, аяқ-қолдары дірілдеп, өне бойы бір ысып бір суынып әкетіп барады. Екі баласы мен кәрі шешесі ауылға кеткен болатын. Әзер тұрып, көрші үйден телефон шалып жедел жәрдем шақыртты. Міне төрт күннен бері ауруханада. Ауруын асқындырып ала жаздапты. Толық сауығып шығуы үшін кемінде бір ай емделуі тиіс. Бастапқы екі-үш күнде ыстығы қайтпай, төсектен тұра алмады. Кеше ғана басын көтерді. Палатада бес әйел. Бәрі өз аяғымен тұрып жүр. Олар күн ұзақ теледидар көріп, кітап оқып уақыт өткізеді. Шеткі төсектегі сұңғақ бойлы жас келіншек әлденеше халат ауыстырады күніне. Сылқым. Кербез. Тәкаппар. Тақ бір театрға баратындай сәнденіп, қасы-көзін сүрмелеп, бетіне опа-далап жағып әбігер болып жатқаны, әйтеуір. Дос-жаран, туған-туыстары мұндай көп болар ма, біреуінің әкелген тамағын тауыспай жатып екіншісі келеді. «Не дәулетті жердің келіні, не ерке-тотай әйел» деп ойлады сәнқой келіншек туралы.

Көңілі жұқарып, сырқаттанып жатқан адамның сырттан біреуді тосатыны рас. Көршілері бұның ауруханаға түскенін біледі. Қарсы пәтердегі Қапияның үй ішімен жақсы араласушы еді. Келіп кетуге болады ғой. Ауырмай бақ деніз адам баласына.

– Әлібаева кім? – Палатаға енген медбибінің дауысы ойын бөліп жіберді.

– Мен...

– Сізге бір жігіт келіп тұр.

Әсия сенер-сенбесін білмей, таңқала орнынан тұрды да, астыңғы қабаттағы сырқаттармен кездесетін бөлмеге келе жатып, кім болды екен, әлде Қапияның күйеуі ме деп ойлады.

Келген Құрман екен. Қолында үш тал гүл.

– Іс сапардан оралып едім. Ауруханада жатқаныңды естіп... Мен жол жүрерде сап-сау, жүгіріп жүр едің, қалайша, ә?! – дейді таң қалып.

– Бәрі де аяқ астынан екен.

– Оның рас. Ауру да, ажал да қас қағым сәттік дүние көрінеді. Жә, сонымен денсаулығың қалай?!.

Әсия аудандық газетте машинка басушы болып істейтін. Негізгі газет орыс тілінде шығады. Қазақшасы аударма. Қазақ редакциясында алты адам ғана еңбек етеді. Ал Құрманның жұмысқа тұрғанына жылдан асқан.

– Әсия, сөкпе! Ештеңе әкеле алмадым.

– Ой, әуре болма! Өзің болсаң жалғыз, әрі пәтердесің.

– Сонда да құр қол келу ыңғайсыз.

– Ыңғайсызданатын несі бар Гүлден артық сыйлық бола ма! Түу, өзінің иісі қандай! – Келіншек құшырлана иіскеді гүлдерді. Жүйе-жүйесі босап, сонау-сонау артта қалған жастық жылдарын, қызғалдақтай қызықты күндерін еске түсірді мынау гүлдер.

– Алғысым шексіз Құрман! Рахмет! Өзің келгенің де қуаныш маған.

– Онда былай болсын, – деді Құрман ойланып. – Әдеби кітаптар әкеліп тұрамын.

– Мұның жөн.

– Сау бол.

Орта бойлы, қара торы жігіт ұза-а-п, көшедегі көп елге қосылып кеткенше, жүрегі лүпілдей көзімен ұзатып салған Әсияның көңілі аспандап, қолындағы гүлдерді мейірлене иіскеп, палатаға келді. Құмыраға су құйып, гүлдерді салып қойды. Қасы-көзі қиылған аққұба келіншектің қаяу тартқан көңілін көбелек қанаттандырып жібергендей еді Құрманның келуі.

... Тұрмысқа ерте шықты Әсия. Күйеуі Гәкку артық сөзге жоқ орнықты жігіт еді. Ың-шыңсыз тату тұрды. Екі перзент сүйді. Аудандық автоинспекцияда қызмет істеген Гәкку жылға толмай жатып, қаланың қақ ортасынан екі бөлмелі пәтер алды. Жаңа

қоныстарына қажетті мебельдер де оп-оңай табыла кетті. Осылайша тірліктері өз ауанымен түзу келе жатқан. Оқыстан болған жол апатынан күйеуі қайтып, жиырма үш жастағы келіншек жесір, екі бала жетім қалды! Ah ұрды, жылады! Алайда, өзекті жанның тіршілік етуі, екі баланы өсіру өзінің мойнына жүктелгенін сезіп, талқы тағдырға мойын ұсынды! Көнбегенде қайда барады?!.

Жетісі өткенше үйден келімді-кетімді кісілер үзілмей, дабыр-дұбыр басылмай, ештеңені аңғармаған-ды. Алыс-жақын маңайдан келген туыстары тарқағанда білді жалғыздықты. Кішкентай екі ұл әкелерін сұрап, қыңқылдап мазаны алады. Қандай жауап берерін білмеген Әсия, әкелерінің сонау-сонау алыс шаһарға оқуға, білім алуға кеткенін... кейін... бірнеше жылдан соң оралатынын, оған дейін өздері де үлкейетінін айтып алдарқатады. Өтірікті шындай етіп қиыстырып айтқанына өзі де қатты өкініп, көзінің жасын сығып-сығып алатын оңашада. Бұлайша өмір сүру ауыр тиген соң үлкен ағасының қолындағы кәрі анасын көшіріп әкелді.

Гәккудің қайтқанына алты жыл. Айдын екіншіде, Толқын біріншіде оқиды. Өтіп бара жатқан уақыт-ай! Алты жыл аз уақыт емес. Әсіресе жас келіншек үшін. Түні бойы аунап, денесі күйіп-жанып, аласұрып шығады кейде. Күйеуімен тұрған шуақты қас-қағым шақтарын еске түсіріп, дөңбекшіп өртенеді-ай! Ұйқысы да шала болып, қайдағы-жайдағы түс көріп мазасы қашады. Бұл қиындықтан құтылудың жолын біледі Әсия. Алайда екі баласының жанын кім түсінер! Бай табылғанымен, балаларына әке болуға ылайық, мейірімді кісі қайда?!

Жас келіншектің күйеуге тию туралы жиі ойлайтын күндерінде қызметке тұрды Құрман. Орта бойлы, иман жүзді, қара торы жігіт. Аузы ашылса жүрегі көрінетін ақ жарқын, адал жан сияқты. Ұжымға жаңадан келдім деп жасқаншақтап, жалтақтамайды. Өзінің шынтағынан оң қолы жоқ. Протез киеді. Ата-аналарынан жастай жетім қалған үш баланың үлкені болғандықтан, сегізінші класты бітірген жылы комбайншыға көмекші болып жүргенде, жаткаға қолын алғызыпты аңдамай.

Айтуына қарағанда Құрманның туған жері Өзбекстанның Жызақ облысында бүгінге дейін қалың мал төлеу қалмаған. Сырттай оқып, университетті тәмамдаған жігіт төрт жыл бұрын келіншек алып, хал-қадеріншe той жасап, қалың малының жарты-

сын ғана төлепті. Қытымыр ата-ене күйеу балаларынан қалған ақшаны қайта-қайта сұрап мазасын ала береді. Жігіт қайтара алмай қатты қиналады. Ақыры құдалар жағы кеңесе келе, қыздарын алып кетеді.

Әр адамның өз мұңы бар. Құрманды аяп, жаны ашыды Әсияның. Екеуі ылғи жұмыс соңында қалып, әңгімелесіп, сырласып бірге қайтатын үйге. Көп ұзамай қонаққа шақырып, анасымен таныстырды.

– Жібі түзу бала екен! – деді шешесі Құрман кеткен соң. Әсияға қатты әсер етті бұл сөз. Жігітке деген ынта-ықыласы арта түсті.

... Ауруханада жатқанына жиырма төрт күн болыпты. Шүкір, қазір жақсы. Анасы мен екі ұлы да елден келген. Күн құрғатпай қатынайды. Құрман да күн ара жетіп келіп тұрғаны. Әдеби кітаптарды үйіп тастады. Айтатын жаңалықтары мен әңгімелері де таусылар емес. Өзі көңілді. Әсия да бауыр басып қалғандай. Елегізіп, жолын тосады кешіксе. Бүгін де келді Құрман. Бірақ жалғыз емес. Екеу. Қасында ақсары өңді бейтаныс әйел. Құрман оны Әсиямен таныстырды. Келіншегі екен. Жақында біржолата көшіп келмекші. Ұлдары ауылда қалыпты. Түрлерінен қуаныш лебі білінеді. Екеуі де көңілді. Әсіресе Құрман. Бұнымен қимай қоштасып, жылдам жазылып шығуына тілек білдірді.

Ерлі-зайыптылар көше бұрылысынан көрінбей ұзап кеткенше қаққан қазықтай тұрып қалыпты Әсия.

Күз еді. Сарғыш жапырақтары селдіреген ағаштарға қарап, жел тұрғанын байқады да, кері бұрылып алға озған. Жасқа шыланған жанарының алдында жүздері бал-бұл жанған екеу.





СЫЙЛЫҚ

Жапалақтай жауған ақшақар жәйімен жерге қонақтап жатыр. Арқаның солтүстігіндегі жазаңдау алқапқа орын тепкен шағын ауылдағы бәкене үйлер мен қора-қопсылар, көкжиекке шейін көлбеген жазира дала, белбелестер мен қырат-жоталар, ақ көрпе жамылғандай бұйығы, тымтырыс. Бұл ауыл облыс орталығына апаратын асфальт жолдан шалғайлау жатқандықтан, қыраулы қыс айларында автокөлік те сирек қатынайды, жеңіл машиналар боран-шашын күндері аттап баспайды, негізгі жол қатынасы – ат шана.

Малақай құлағын түсірген, елтірі жағалы шолақ тон киген ашаң өңді жігіт ағасы көше бойында алаңсыз ойнап, біріне-бірі домалақтап қар лақтырған балаларға назар аудара ұзақ қарады. «Кішкентай күнімізде тезірек ер жетіп, үлкен болуға неге асықтық екен, ә?!.» – деп ой құшағына еніп кетті. Ер жетті, үйленді, бала сүйді, өмір аталатын бұралаң жолға түсіп, тағдыр қамытын мойнына ылажсыз кигелі көрген қызығы қанеки?!. Ойлап отырса, әркім пешенесіне жазылған тағдырдан қара үзіп кете алмайды екен ұзап. Қайран Мағжан ақын: «Жүрегім мен зарлымын жаралыға, сұм өмір абақты ғой саналыға...» – деп неге жазды екен?!. Ол – қазақ елінің басына қара бұлт үйірілген, қалмақтармен қырқысқан қанкешу ғасыр делік. Қазір ше?! Қазір не жетпейді?! Кералаң шақ туды ма?! Тәңірі одан сақтасын! Түсінбейтін дүние көп қой әсілі...

Әуендер бір кіндіктен бес ұл, үш қыз. Әкелері – аласа бойлы, қаңғажақтай қара шал ғұмыр бойы трактор жүргізген, былайша айтқанда «темір тұлпардың құлағында ойнаған» еңбекқор жан еді. Бір адамға дауыс көтеріп, ашуланғанын көрмепті. Тракторшы деген аты ғана, Кеңес одағына қараған кеңшар кезінде басшылар

қайда жұмсаса да бас тартпай, күн-түн демей салпақтап, қандай жұмыс болса да жіберген жағына үнсіз кете беретін. Сол ии жұмсақтығының арқасында елде абырой-беделі зор болды; сегіз баласын қатарынан кем қылмай әлібұлыққа жеткізді. «Сонда, – деп ойлайды Әуен. – Бақандай он жанды жалғыз өзі қалай асырап-сақтаған әкеміз. Әлде ол кезде заманның кеңдеу, адамдардың ниет-пиғылы таза болғаннан ба екен?!.»

Ауыл қазір қожырады, жастар қалаға ағылды. Астық өсірумен айналысатын ауылдағы бес-алты шаруа қожағылының тірлігі 10-15 кісіден артылмайды. Қалған адамдардың айналысатын жұмысы, қорадағы жиырма шақты қой-ешкісі мен екі-үш сиыры ғана. Осы маңдағы үш қазақ ауылы Дмитриевка селосына дейінгі он бес шақырым жолдан зардап шегіп келеді. Көктем, жаз, күз айларында толассыз жауған жаңбырдан тойбатпақтап, қыста боран соқса омбы қардан жүре алмай көлік біткен жолда қалады; бұл жол енді жөнделмес, қалған шығар осылай.

Былтыр тоғыз жылдық мектеп жұмысын тоқтатты, бір-екі жылдан соң он жеті бала оқитын бастауыш сынып та жабылып тынар. Кезінде жүз елудей түтіні бар «Ақтас» дүрілдеп тұрды. Клуб, кітапхана, дүкен, моншасы келіскен ауылдың кең базынан отар-отар қой, табын-табын сиыр өріп шығатын, бүгін солардың бірі жоқ. Адам баласы қиратуға, бүлдіруге неге шебер?!. Клуб пен моншаны сақтап қалуға болар еді.

Ақтаста қазір қырықтан аса түтін тұрады. Жыл сайын он шақты үй қалаға көшеді. Былтырғы жазда Әуендердің екі көршісі облыс орталығына қоныс аударып, жарамды құрылыс материалдарын бұзып алып кеткен. Жартыкеш, ұсақ кірпіштер мен топырақ үйіндісін көріп, көңілі көпке дейін құлазып жүрді, көзі үйренгенімен, көңілі әлі алаң.

***

Әуен түскі асын ішкен соң қарызға он мың теңге іздеп, бірнеше үйге кіріп шыққан. Ауыл шетіндегі үйіне келе жатып көп толғанды. Бүйтіп ақша іздеп көрмеп еді, ұят екен. Осы үйден алармын деп тон пішкен – Досымқан мен Ермекбайдың отбасынан құр қол шыққан соң, өзгені былай қой.

Әуеннің төрт баласы бар. Тұңғышы бесінші сыныпта, кенжесі әлі бесікте. Отбасының асыраушысы – бір өзі. Еңбекақысы көп емес, кисе киімге, ішсе асқа жетпейді. «Былай тартса арба сынады, былай тартса өгіз өледінің» кері, екі бұзаулы сиыр мен жиырма шақты қойға қарап отыр.

– Таптың ба? – деді орта бойлы, қара торы сылыңғыр келіншек.

Отағасының мұңайыңқы түріне қарап істің бітпегенін білді. Сырт киімін шешіп жатқан күйеуі үнсіз.

– Кімнен шығады дейсің? – Отағасының жауабын күтпестен Еркетай өз сауалына өзі жауап қайтарды.

– Көке, далаға шығып ойнайыншы, – деп ортаншы баласы Өрен әкесінің аяғына оралды.

– Түске дейін ойнағаның аздай, отыр тыныш.

Еркетай әкесінің артына тығылған Өренді шап бере ұстамақшы еді, анау бұға қалып, анасының қолы ауаны қармады. – Сені ме, бәлем!.. Түсерсің қолыма.

– Жә, баланы ұрып тәрбиелемес!

– Қол көтертпей қоя ма?! Қарашы өзің, кеше киген үсті-бастан сау-тамтық жоқ.

Анасының ашуын білетін бала әкесінің араша түскенін арқаланса да, бүйірдегі бөлмеге сол сәтте зып беріп, кіріп жоғалды.

***

Түнгі сағат он екі. Үйдің іші ұйқы құшағында. Әуеннің көзі фото альбомға түсті, әлгінде қызы Қарлығаш қарап отыр еді, орнына апармай ұмыт қалдырыпты. Альбомнан Жақыпжан ағайдың суретін тауып алды. Көз тоқтатып, ұзақ үңілді, жылы жүзі мейірім шуағын төгеді. Осы елге алғаш көшіп келгенде, жерсінбей біраз қиналды. Сонда көрші үйдегі Жақыпжан ағай әркезде ақылын айтып, қолдан келген көмегін аяған жоқ. Тұңғышы Ермек емшекте, Еркетайдың омырауы ауырып сәбиін емізе алмайды. Жақыпжан ағай күнде таңертең сүт әкеліп тұрды. Алғыс айтып, ақша ұсынған Еркетайға ренжіді. Соңынан сүтті Әуеннің өзі барып алып жүрді. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма» дегендей, Ермек те ширады, еңбектеді, өсті, күлді, бір жастан аса апыл-тапыл жүріп кетті. Жазда сиыр сатып алған соң, ептеп ел қатарына қосылды.

Суретке қарап отырған Әуенге бір ой келді. Кірісу керек! Жақсы шықса, қуанар, өнерді түсінетін ақынжанды адам ғой.

Әуен жас кезінде сурет салумен әуестенген-ді. Қазақтың талай-талай марқасқаларының кескінін салып, сурет пәнінен сабақ беретін Уәлихан мұғалімнен неше рет мақтау естіген. Қазір де кей кездері көңіліне әсер еткен табиғат тамашаларын салады.

Дереу төргі бөлмеге келді де, үстелге ақ ватман жайып, қара қарындашпен сала бастады. Әуелі эскизін, міне көзі ұқсап келеді. Көңілі көтеріліп, ән айтқысы келді. Көрсетіп алатын, Еркетайдың жатып қалғанын қарашы. Жақыпжан ағайдың дәл өзі! Аумайды! Бір кезде эскиз бітті. Енді майлы бояуға жүгінеді.

Әуен түн ауғанда суретті салып бітірді, үлкен іске нүкте қойды. Бірер сағат болса да мызғып алуы керек. Бүгін жексенбі, түскі бірде той...

Кең залға жасалған екі қатар үстел басында отыз шақты кісі отыр. Жастары кіші – Әуен мен Еркетай әдеп сақтап, төр жаққа озбай төмендеу жайғасқан. Әуен газетке мұқият орап әкелген портретін ауызғы бөлменің бұрышына елеусіздеу қоя салды. Тілек айтып, сөз сөйлеген қонақтар мерейтой иесіне сыйлықтарын ұсынып жатыр.

– Азғана құлақ түріңіздер, – деді той басқарып жүрген ұзын бойлы пысық жігіт, араның ұясындай гуілдеп, шалқып-тасып отырған көпшілікке естірте. – Қадірлі қауым!.. Келесі сөз кезегін Жақаңның үзеңгі жолдасы Қонысбек ағайға беремін.

Меймандар ду қол шапалақтады.

– Жөн сөз!

– Қонағаңның кезегі шынында.

– Телқозыдай бірге өсті екеуі...

– Әбден дұрыс, – деген қолпаштау естілді.

Оң жақ бетінде қос тыртығы бар, тапал бойлы, шашы аппақ құдай, қалқан құлақ, жасы алпыстан асқан көзілдірікті кісі орнынан созалаңдай тұрды.

Қонақтар тыныштады, сәл үзілістен соң Қонысбек:

– Менің алдымда сөйлеген кісілердің тілегі қабыл болсын! – деді жөткірініп.

– Әмин!

– Айтқаның келсін! – Бір-екі адам жол-жөнекей сөз қосты.

– Жақаң екеуміз тай құлындай тебісіп бірге өстік. Бір сыныпта оқыдық. Сонау Хабаровскіде, армияда бірге служит еттік. Ол енді ұзақ әңгіме! Ал Жақабай, тойың тойға ұлассын! Алпыс үш деген не тәйірі?!. Алпыс – тал түс деп жүр ғой кейбіреулер. Бар болғаны үш-ақ жыл астың. Сен бақытты адамсың! Мектебіміз жабылмай тұрып зейнеткерлік демалысқа шығып отырсың. Бұл – үлкен олжа! Екінің біріне бұйырмаған қуаныш! Не дейін?!. Бала-шағаңның қызығын көр, денің сау болсын!

– Деген-ай!

– Қонағаң шіркін, қара сөздің майын тамызат.

– Жақа, мынау біздің сыйлығымыз. – Қонысбек қаудырлақ целофан пакеттен орауын жазып, жаңа кәстөм-шалбар алып шықты.

– Тамшы қалдырмай түбіне дейін ішіп қойыңыздар! – дейді заржақ асаба дауыстап. Артынша даңғаза музыка естілді.

Жұрт у-шу. Шүпілдете арақ құйылған стақандарын үлкен-кішісі, әйел-еркегі қалмай бірдей ішіп қойды.

Әуен байқап отыр, сыйлықтың арзаны жоқ: шапан, құндыз бөрік, кәстөм-шалбар, жейде, ең азы жиырма мың теңге.

«Кедей тұрамыз дейді?! Жоқ дейді?! Мақтаншақтау, бөспелеу қазақтың тыраштануы ма, әлде... шын ықылас-пейілі ме?» – деп ойға шомды.

Бұлардың әкелгені, бар болғаны портрет! Онда да өзі салған. Ұят-ай?!.

Әуенге екінші үстелде сөз кезегі тиді. Үні дірілдеңкіреп, сөздері пышырап шыққандай, бастапқыда кібіртіктеп еді, артынша түзеп алды. Жөні түзу сыйлықтың реті келмегенін айтып ақталды, соңында орауын жазып суретін ұсынды.

Жұрт қошемет көрсетіп жатыр. Жақыпжан ағай орнынан тұрып Әуенді бауырына қысып, құшақтады, өзі отырған төрге – кілемнің тұсына портретін ілгізді.

Зәһар уыты миларына шауып, мәре-сәре болған тойшыл қауым Әуен салған суретті жарыса мақтап, талайға шейін даурықты.

АНА АМАНАТЫ

Ақсары бала әдеттегісінен кештеу оянған. Сағат тілі он бірге тақапты. «Күндегідей жетіде тұрып, ертеңгілік шайымды асығыс іше сала мектепке жүгіре жөнелуден құтылдым, – деп ойлады есінеп-құсынап. – Жазғы каникулдың басталғаны кеше. Алда үш ай демалыс бар. Қандай тамаша!..»

Нұржан төсек-орнын жинап, беті-қолдарын суық суға жуып еді, ұйқысы шайдай ашылды. Дене шынықтыру қимылдарын жасап жатқанда бұрыштағы сары телефон сайрап қоя бергені! Анасы екен.

– Ботақаным, оразаңды ашқан соң, келіскеніміздей күнделіккестеңді қағазға түсір! Каникулда не істейтініңді рет-ретімен жаз, жарай ма?! Компьютерге телміріп отырып алма! Көз жанарыңды құртасың! Түскі асқа келіп қалармын.

Анасының нұсқауын іске асырмаса, миын шұқып қақсай береді. Әкесі ондай емес. Ешқашан дауыс көтеріп, айқайлағаны есінде жоқ. Нені болсын сабырмен, байыппен жеткізеді. Соның өзінде мысы басып тұратын сияқты. Ашуланғандағы әдеті, қабағын қарс жауып алады. Ондайда баланың берекесі қашып, әкесінің тапсырмасын бұлжытпай орындауға тырысады-ақ...

Әбігер шешесінің мазасыздығы баланы ығыр қылады. Бірақ амал не? Адам туғанда әке-шешесін таңдай алмайды ғой.... Әжесінің сөзімен айтар болсақ, ол – Алланың ісі. Бала біткен ата-анасының ақылын сөзсіз орындауы тиіс.

***

Ертеңгілік шайын ішіп болған бала ыдыс-аяқтарды жуып, жинады да, жазғы демалыс айларында не істеу керектігін ретретімен жаза бастаған. Негізгілерінің астын сызды, «оқитын кітаптарым» деген тұсқа жетіп, ойланыңқырап қалды. Қандай шығарма таңдайды? Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын оқысам деп оқталды да, іле қазақ ертегілеріне көңілі ауған. Бұл идеясы ұнағаны сондай, кітап сөрелеріндегі «Қазақ халық әдебиеті». «Ертегілер. Үшінші том» деген жинақты алып, парақтай бастады. «Ағаш ат туралы» ертегінің бас жағына көз жүгіртіп еді, жетелеп барады.

«Баяғы заманда атақты бір патша болыпты. Оның күндей сұлу үш қызы, айдан аппақ бір ұлы болыпты...»

«Тоқтай қал Нұржан. Күндей сұлу дегені жөн, айдан аппақ ұл бола ма?!. Айдан аппақ! Айдан аппақ! Айдың аппақ болғаны ма?! Ол-дағы жерге ұқсаған өзге планета ғой. Геогафия пәнінің мұғалімі Қалдыбек ағай солай айтқан! Иә, картадан қарасаңыз, Жер де, Ай да дөңгелек...»

Көз қаласындағы қазақ орта мектебінің 7 сынып оқушысы Нұржан өз қатарластарынан озық, оқу үздігі болатын. Физика – математика және әдебиет пәндерін жақсы көреді. Кейде сыныптастарының арасында әлдебір тақырыпқа байланысты талас туғанда, өз көзқарас-пайымын жүйелеп, нақты мысалдармен әңгімелегенде достары ұйып тыңдайтын. Кейде қыздықыздымен қиял пырағына мініп, аздап әсірелеп, әдемілеп, төндіріп, қиыстырып жіберетін. «Мен неге елден ерек сыншымын осы? Мынау неге былай, анау неге алай деген сауалға миымды қатыра бергенім дұрыс емес шығар әсілі, – деп ойға кетті ол ертегі кітабынан көзін алып. Ертегі болған соң, ертегі де!.. Соңына жетейін...»

«...Күндердің күнінде патшаға өнерпаз үш жігіт келіпті, оның біреуі қолына тауыс (көркем түкті құс), біреуі мыстан істелген қоңырау, біреуі ағаштан соққан ат ұстап кіріпті...»

«Қызық... Тауыс, мыстан жасалған қоңырау, ағаш ат. Һім-м! Қазақ тіліндегі осындай ертегілерді оқымаймыз да, таңдай қағамыз. Біздің сыныптағы оқушылардың есі кетіп, көріп жүрген Гарри

Поттерден қай жері кем бұл ертегінің?! Ары қарай не болады?!.» – Кітап сөресінің қасында тұрған Нұржан, өз бөлмесіне келіп, столға жайғасты да оқуын жалғастырды.

« – ... Оларға патша:

– Бұл көтеріп жүргендерің немене? – деп сауал қойыпты.

Тауыс ұстаған жігіт:

– Тақсыр, сіз өз қатарыңыздағы патшалардан асқан ұлы патша болдыңыз. Біз сіздің заманыңызда оқып өнер тапқан кісілер едік. Сізге өнерімізбен істеген табысымызды әкеліп отырмыз. Мына менің қолымдағы тауыс жанды сағат. Ол әр сағат сайын шақырып, өткен мезгілді білдіріп отырады».

«Ғажап, – деді бала. – Қоңырау шеттен келген жауды біледі. Қақпаға іліп қойса, қастық оймен қамданған дұшпандарды сезіп қалып, күміс үні сыңғырлап дыбыс шығарады. Мемлекеттің қауіпсіздігі үшін арнайы соғылыпты. Ал ағаш атпен ұшып, діттеген жерге қас-қағым сәтте жетуге болады екен...»

Ағаш аттың кереметін көруге көпшілік қауым жиылды. Әркім атқа мініп, аяқтарын тебініп, тақымдап көрді. Ағаш ат міз бақпады. Орнынан қозғалмады. Патшаның баласы келіп атқа отырғанда, ағаш атты жасаған шебер бір тетікті қозғап жіберді. Ат біртін-біртін көкке көтерілді. Шаһардың сұлбасы бұлдырап, көзден тасаланған шақта, патшаның баласы «бұл мені жойғалы жасалған зат болар» деп қорықты. Ағаш аттың бүйірін сипап жүріп, оң жағынан бір, сол жағынан бір шағын тетік тапты. Оң жағын басқанда жоғары өрлеп, сол жағын қозғағанда төмен түсетінін білді. Сөйтіп ағаш атты игеріп, қалаған жағына ұшты. Жердегілер шаһзаданы қашан қайтып оралар екен деп күтіп қала берді.

«...Патшаның баласы көкті сайрандап, талай қаланың төбесінен өтті. Бір мезетте көк ағашты, ағын сулы, бау-бақшалы қалаға көзі түсті. «Бұл қандай қала болды екен?.. Қай мемлекетке қарайтын жер екен?» деп ойлады. Қалаға қызыққаннан сонда түспекші болды. Қайда, бұлттың үстінде үш күншілік биікке ұшып жүрген ат жайлап жерге түскенше күн батып, қараңғы болып қалды. Шаһзада атын жайлап әкеліп бір керемет үйдің төбесіне түсірді...»

***

Балаға ертегі ерекше әсер етті. Қым-қиғаш қызықты оқиғалар көз алдына елестеді. Құдды кино көргендей. Кино демекші, бұның кішкентай кезінде, әжесі айықпас ауруға шалдыққан анасына шипа іздеген бала жайлы ертегі айтып еді.

***

Ертеде бір байдың жалғыз баласы болыпты. Ол ақылдылығымен жұрт көзіне ерте түседі. Әкесі ауырып, көп ұзамай көз жұмады. Анасы екеуі қалады. Отағасыдан қалған мұра мол. Үйір-үйір жылқы, қора-қора қойдың санында есеп жоқ. Үлкен сандық толы гауһар мен алтын-күміс.

Баланың қолы ашық, жомарт екен. Кембағал кедей мен жоқжітік адамдарға сұрағанын береді. Анасы да ұлының ізгі ниетін түсініп, жақ ашпайды.

Бір күні анасы қатты ауырып, жатып қалады. Бала уайымдап, анасының жазылуына ем іздеп, алыс-жақын жерлерден атақты дәрігерлерді алдырады. Жеті күн дегенде иман жүзді бір кәрия келіп, сырқат ананың тамырын ұстайды.

– Жаман дерт екен, – дейді басын шайқап.

– Не істеуім керек? Шипасы бар ма? – дейді бала қадалып.

– Таба алмайсың бәрібір.

– Анам үшін жаным садаға!

– Ауруды жіберген Алла, шипасын да жіберер!

– Тәуекел!

– Анаңа жаның ашиды екен. Ниетің түзу. – Аз-кем үнсіз отырған кәрия сөз бастады:

– Жазық және аласа таулы жерлерде, арық жағаларында, сайлардың дымқыл жерлерінде өсетін Мұжығын деген шөп болады.

Бұл – тік өсетін, көп жылдық, шөп тектес өсімдік. Биіктігі екі қарыстай. Жапырағы кезектесіп орналасады. Түп жағының жапырағы үлкен, ұзын сағақты, жоғарғы бөлігінің жапырағы кішкене, қысқа сағақты немесе сағақсыздау, кең қандауыр тәрізді, бүтін

жиекті немесе болымсыз ара тісті келеді. Шоқ бас гүлі шашағүл шоғырын құрайды. Гүлі сары түсті, ернеуі тіл тәрізді келеді.

Осы шөпті тауып әкелсең, анаң ауруынан жазылады.

***

Бала жолға шығады. Алғашқы ет қызуымен тоқтамастан үш күн, үш түн жүреді. Мезгіл көктем болғанымен жер саз, жол ауыр. Ертеңінде ақшам уақытында арналы үлкен өзенге тап болып, белін жазып демалады. Төңірекке қарап отырса анадай жерде қарайған бір мақұлық тыпырлап жатыр. Бұл не деп тақау келсе, аяқтары аспанға қарап сазға батқан кәдімгі тасбақа! Баланың жаны ашып, жағаға алып шықты.

– Тұншығып өліп барады екенмін! Алғысым шексіз саған! – дейді тасбақа.

– Көріп тұрып құтқармасам, кім болғаным, – дейді бала шынын айтып.

– Осылай тыпырлап жатқаныма біраз болды. Кешеден бері қаншама адам өтті бұл жерден, ешкім назар аударған жоқ.

Тасбақаның көңілі босап, көзіне жас келді.

– Байқамаған шығар.

– Неге байқамасын?! Өзіңдей мейірімді жанмен жолықтырған Алла! Көрер жарығым бар екен.

– Қайда бет түзедің?

– Анам сырқаттанып, ұзақ сапарға шығып едім.

– Бір қажетіңе жарармын. Басыңа бір іс түссе, көзіңді тарс жұмып, мені есіңе ал, – дейді тасбақа.

– Жарайды, – деп бала жүріп кетеді.

Жүріп келеді, жүріп келеді. Бірде қырға, бірде тауға өрмелеген иір-қиыр дала жолы таусылар емес.

Күндердің бір күнінде, екінті ауған мезгілде, ну орманға енер тұста тізе бүгіп, демалып отырады да көзі ілініп кетеді. Құдды өңіндегідей анасымен қауышады түсінде! Жүзі жайнаған анасы жайдары! Үстіндегі киімдері шыттай жаңа! «Балам-ай, шалдығып-шаршадың-ау!.. Бір өтінішім бар! Қашан да жәрдем сұраған тіршілік иелеріне қамқор бол! Қолыңнан келсе жақсылық

жаса! Үйткені, мейірім иесін Тәңірі жақсы көреді! Жебеп-желейді!..»

Аққу кейпіндегі анасы қанаттарын қағып-қағып, аспан әлеміне әуелей көтеріліп көрінбей кетті.

Бала оянып кетті. Бойы сергек, тың! Өн бойына қуат кіргендей қунап қалыпты! Жүрмек ниетпен тұра бергенде, шырылдап олай бір – былай бір ұшқан Ана-қарлығашқа көзі түсті. Аса масасыз, абыржулы! «Бұл жай емес» деп бала қарлығаштың соңынан ілесті. Діңі жуан ақ қайыңның түбіне келсе, айыр тілін сумаңдатып, алашұбар жылан сәмбі талдың ұшар басындағы қарлығаштың ұясына жетіп қалыпты. Қолындағы өткір қылышпен тартып қалды. Сол мезетте Ана-қарлығаштың қызыл шақа балапандары ұлардай шулап қоя берді.

– Алғысым шексіз саған, ей адам! – деді Ана-қарлығаш.

– Көріп тұрып құтқармасам кім болғаным, – деді бала.

– Әлгінде ғана салт атпен бір кісі өтті. Онда алашұбар жылан енді-енді өрмелеп бара жатқан. Араша сұрадым шырылдап. Қайырылып қараған да жоқ! – Жанары жасқа толы Ана-қарлығаш мұңын шақты.

– Байқамаған шығар. Сөкпе ешкімді.

– Қайда кетіп барасың?

– Анам қауіпті дертке ұшырап, жолға шығып едім.

– Қажет кезде мені есіңе ал, – деді Ана-қарлығаш қош айтып.

Күн соңынан күн өтті.

Ай соңынан ай өтті.

***

Тоқымдай құрақ көрпесін жерге жайып, азық-түлік салған қоржынын басына жастанып жата қалған. Көзі ілініп кетіпті. Ақ сақалды, ақ сәлделі, қолында ақ таяғы бар кәрия тақау келді:

– Анаңның сырқатына шипа іздегенің сауапты іс! Әмісе Тәңірі жарылқасын! Алған бетіңнен қайтпа! Көп ұзамай табарсың! – деді.

Бала көзін ашты. Апыр-ай, өңі ме, түсі ме? Ақсақал қайда?!.

– Көзіңді жұм!

Кірпіктері қамасып, беймәлім дүниеге енген. Ақ сәлделі ақсақал жымиып нұсқау берді:

– Аса қамқор, ерекше рақымды Алланың атымен бастаймын де!

– Аса қамқор, ерекше рақымды Алланың атымен бастаймын!

Қалықтап бара жатқанын сезді. Қандай ғажап, қандай қызық мына көрініс! Іп-ілезде іркес-тіркес, қабат-қабат сырғи жылжып, жүзіп бара жатқан ақ бұлттардың арасынан табылды. Бұлттар сондай жұп-жұмсақ! Бет-жүзін аялай сыйпайды! Ығысып жол ашады!

– Анасын ардақтаған перзент сендей-ақ болсын!

Қатарласа қалықтап аппақ бұлт еріп келеді.

– Рахмет! – деді бала жымиып.

– Жолың болсын жолаушым! – Аппақ бұлт біраз жерге дейін ұшып келді де, қоштасып қалып қойды.

Ғажап! Ақша бұлттар сонау-сонау төменде; бұл әлі ұшып келеді. Төңірегіне хош иіс шашқан гүлдердің иісін-ай! Сылдыраған кәусар бұлақ дыбысы қандай әуезді! Ұшар басын мұз басқан асқар таулар! Етегі сыңсыған орман! Құйқылжыта ән салған әнші құстар!

Алтынмен апталып, күміспен күптелген үйдің алдына келіп, ішке енді. Тоқымдай құрақ көрпесі кіре беріс бөлмеде қалды.

– Бұл сенің үйің, – деді ақсақал. – Қаласаң тұруыңа болады.

– Неге? –Түсінбей таң-тосын.

– Ол сауалыңа жауапты естірсің. Әзірше арала, көр.

Өзінің жалаң аяқ, жалаң бас екендігін сезді.

– Қорықпа! – деді ақсақал жымиып.

Тәй-тәй басқан сәбидей үркектей қарап алға аттаған. Қызылды-жасылды гүлдерді басуға аяншақтады. Жапырылып, тырбиған бақайларымның іздері қалып қояды-ау деп қорықты.

– Қысылма, жүре бер,– деді кәрия.

Біреу қуып келе жатқандай, алға озған адымдап.

– Артыңа бұрыл енді.

Жапырылып қалады-ау деген гүлдері бұрынғыдан да құлпыра түскен. Таңғажайып мекенді армансыз аралады.

– Шаршасаң, үйге кір, – деді кәрия.

Не деген көп бөлмелер! Бірімен бірі жалғас, салына берген – салына берген. Әр бөлменің қабырғасы, шаңырағы, тіпті босағасына дейін өсімдік. Әдемі сарайдың сыртқы қабырғасы толы жаңғақтар! Аршып, желімдеп қойған сияқты. Үй деп жүргені, кәдімгі киіз үй!

– Ата, жесем бола ма?

– Жей ғой, – деді кәрия.

Оң қолын созып еді, қабырғадағы жаңғақ дәні уысына топылдап толып кетті. Асады армансыз. Қарны сыздағанымен, көзі тоймайды.

– Кекірік атып, тым-тым ашқарақтанған жаман ғадет! – Жаңғақ дәнін аузына апара бергенде, ми қабыршығына ұқсас кішкентай түйір тіл қатты.

Бала қолын тартып алды.

– Ашқарақтықтың екінші аты не екенін білесің бе?

Алақандағы түйірдей дәннің төтесінен қойған сауалынан ұялды бала.

– Нәпсі дейді!

– Нәпсі?!

– Неге таңқаласың?

– Алғаш естіп тұрмын.

– Білмесең, тыңда!

– Айтыңыз.

– Әр нәрсенің орны бар. Ұйқының да, күлкінің де, тамақтың да...Нәпсі жәйлі мағлұмат білгің келсе, мен саған асықпай әңгімелейін.

– Тыңдайын, – деді бала.

Түйірдей дән сөзін сабақтады.

– Адамда екі рух бар. Біреуін рух-и хайуани дейді. Бұл Алла тағаланың құдірет сипатының араласуымен жаратылған. Екіншісі, рух-сұлтани. Ол да Алла тағаланың көркем сипатымен жаратылған. Денеде осы екі патшаның бір-бір уәзірі және адамның рухани басшысы бар.

– Қызық.

– Дене табиғатын осылар арқылы басқарады. Рух хайуанидың ақыл кеңесшісі – шайтан. Ол шайтандармен кеңеседі. Рух сұлтанидің уәзірі ақыл және періште. Ол солармен ақылдасады. Рух-хайуанидің зауқы – ішіп-жеу, киінуге ғана соғады. Яғни, сырттай адамға ләззат беретін не болса, солардың барлығынан күш тауып, рухи сұлтаниды жеңіп отырады. Рух – сұлтанидің қалайтыны – зікір, пікір, ғибадат және Алланың әміріне бағыну, жақсылық жасау, кісілікті болу, отаныңды сүю! Әрі Алланың

тыйымдарынан қашу. Рух – сұлтани, міне, осыларды жасау арқылы рухи-хайуаниден басым түседі.

Бұлар денеде билік құрады. Біреуінің сипаты екіншісіне қайшы келгендіктен бір-бірімен үнемі қарсы келіп жатады. Рух-хайуанидің негізі, ерекше күшпен жамандықты әмір етеді. Оны – нәпсі дейді. Әлгінде, сен қызығып жаңғақ дәнін тойғанша жедің. Қарның сыздаса да, көзің тоймады. Нәпсінің жетегіне ердің.

– Өзім де ұялып тұрмын.

– Бұдан былай нәпсіңді ауыздықта! Сабыр сақта!

– Қолымнан келе ме?

– Келеді, – деді түймедей дән баланың көздеріне тура қарап. – Оған мысал, қиын сапарға анаң үшін жалғыз шығуың үлкен адамгершілік! Үлкен ерлік! Ондай қажырлы адам өз нәпсісін де тежей алады.

– Бұл сөздерің жігерімді шыңдады! – деді бала.

– Әңгімем аяқталған жоқ.

– Жалғастыр, – деді бала.

– Рух – сұлтанидің негізігі сипаты – сәфиә. Оны адамшылықтың сипаты деп те атайды. Мұндай сипатқа ие болған кісі нағыз адам! Бұл – Алла тағаланың жақсы сипаты. Сондықтан осы екі сипат бір-біріне қарама-қарсы, адам ағзасында шайқасып жатады.

Яғни, рух-сұлтани рух-хайуаниді қараусыз қалдырмай, онымен ылғи күресіп отырса, онда қарсыласын өзіне тәуелді етеді. Әрбір бұйрығына бағындырып, илаһи әмірді орындаған болады. Түсіндің бе?!.

– Түсінгендеймін.

– Мынау дөңгеленген дүниедегі алуан түрлі соғыстар, қырқыстар, қиянаттар, қызғаныштар, көре алмаушылықтар тағы басқа толып жатқан тойымсыздықтар, әлгі рух-хайуанидің амал-әрекеттері! Обыр, жалмауыз нәпсіден! Әгәрәки адамзаттың жол бастаушы серігі рух-сұлтани болса, жайлы тіршілік орнайды жер бетінде! Сонау-сонау ықылым заманнан айтылып келе жатқан, ата-бабаларымыз аңсаған, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын өмір дегеніміз сол!

– Ғажа-ап, – деді бейіс нұрына шомылғандай сезімдегі бала – Ға-жа-ап!

***

– Жә, балам, асқазаныңа ел қонды ма? Жайланды ма көңілің?! Қарсы алдында кәрия тұр.

– Гүл жайнаған мекенді тамашалап жақсы демалдым.

– Бәрекелді! – деді кәрия.

– Еліме қайтсам бола ма?

– Тоқымдай құрақ көрпеңді тапсаң рұқсат беремін, таба алмасаң осы жерде қаласың.

– Іздеп көрейін.

Бала бір-біріне ұқсас бөлмелерді ұзақ аралады. Бәрінің іші қызылды-жасылды шөп, түрлі-түрлі өсімдіктер! Басқан ізі байқалмайды. Аралап-аралап келіп, екінші есіктен далаға шықты. Бұл жерде құрма ағаштары жайқала өсіп тұр. Екеуін алды. Біреуі өзіне, екіншісі анасына. Екі-үш құрманы жеп көріп еді, ғажап, орнына құрмалар қайтадан өсіп шыға келді. Баланың басына тамаша ой келді. Бұрылып үйге енді де:

– Аса қамқор, ерекше рахымды Алланың атымен бастаймын!

Көздерін тарс жұмып, қолдарын алға созды: « Табыла көр, мен іздеген құрақ көрпе!» Алға аттап еді, бір бөлменің есігі сырылып ашылды. Көзін ашса, тоқымдай құрақ көрпесі жатыр алдында.

– Ата, ата, таптым!– деді қуанғаннан.

– Қайта ғой еліңе, рұқсат.

Ақ сәлделі ақсақал қолын бұлғап, қоштасу рәсімін жасады.

Бала тоқымдай құрақ көрпеге отыруы мұң екен, көзді ашып-жұмғанша, өзі келіп тоқтаған тау бөктеріне дік ете түсті.

Күн көкжиекке тақапты. Қараңғылық түскенше біраз жерді өндіртіп тастайын деп орнынан тұрды.

***

Бала қалжырап шаршағанына қарамастан көз ұшында көрінген шаһарға жүріп кетті. Аяқтарына тас байлап қойғандай, отыра кетсе тұруы неғайбыл. Діңкелеп шаршаған шақта аз уақыт аял жасады. Көкжиекке таяған шартабақ күнге қолын көлегейлеп ұзақ қарады.

О, тоба! Шаһар үйлері шашыраңқы һәм жұпыны! Көшелері қисық, бұралаң! Қала халқы ауа көшкендей, өлі тыныштық үрей шақырады. Батыс жақта арналы өзен ағып жатыр. Су беті қап-қара! Тағы таң қалғаны, арналы өзеннің арғы жағы да қала! Қала болғанда қандай! Аршыған жұмыртқадай ақ шаңқан үйлер! Оқтай түзу көшелер! Аспанмен таласқан биік-биік сәмбі талдар! Көк желекке малынған гүлзарлар!

Осындайда кереғарлық болады екен-ау! Арналы дарияның екі жағындағы екі қала – екі әлем! Бірі, сүреңсіз-сұрқай, екіншісі – жәннатты жасыл баққа оранған! «Өңім емес, түсім шығар!» деп ойлады бала.

Мына қызықты қараңыз! Сәнді қаланың тұрғындары да ажарлы бірөңкей! Иман жүзді, ибалы адамдар жымия күліп, бірі-бірімен есендесіп өтіп жатыр. Не деген ізет-ілтипат! Бергі жағалаудағы шаһарда жан баласы көрінбейді. Іркес-тіркес, қалай болса солай салынған тоқал тамдардың тозығы жетіп, құлауға жақындапты.

Бала орнынан тұрды. Сұрқай шаһардың шетіндегі темір қақпадан ене бергенде бет-жүздері аңға ұқсаған, екі аяқты, мүйізді құбыжық алдын кес-кестеді.

– Қайда барасың?

– Жолаушымын.

Көзін шүберекпен таңып, қолына кісен салып айдап жөнелді. Дәліз бе, қора ма әйтеуір тарс-тұрс, тарс-тұрс ашылған кө-өп есіктерден өткенін біледі.

– Шеш көзін!

Төрдің төбесінде бет әлпеті бұжыр-бұжыр, қос мүйізді өңкиген дәу отыр.

– Мен осы елдің патшасымын!

Бойын үрей биледі. Қорыққанын сездірмеуі керек! Сабырлы кейіпке түсті де:

– Құзырыңызға құлдық тақсыр! – деді барынша салмақтануға тырысып.

– Сөйле!

– Жолаушымын. Төсек тартып жатқан аяулы анама емдік шөп іздеп шыққан едім.

– Жүрек жұтқан жанға ұқсайсың! Өміріңе қауіп төнгенін сезбейсің бе?! Біздің елге келген адам тірі қалмайды тегінде. Жоқ, әлде бәрін біліп, жорта аңқаусып тұрғаннан саумысың?!

– Өтірік айтып өлетін жайым жоқ! Жол сорабы сіздің елге алып келді...

– Жауабың ұтықты! Жөн-жобаны аңғарып тұрсың!.. Жә, еліңде қандай жаңалық. Айта отыр.

– Елдің жаңалығын асықпай айтармын. Бірер сауал қоюға рұқсат па?

– Сұрағын.

– Сіздің шаһарда халық тұра ма?

– Тұрмағанда ше?

– Неге көрінбейді?

– Жұртшылық күндіз ұйықтайды.

– Сонда түнде не істейді?

– Түнде тіршілік басталады.

– Ғажа-ап!

– Оған неге таңқаласың?

– Жұмыс істемей ме, жүріп-тұрмай ма?!

– Біздің елде тіршілік әуені мүлде бөлек! Адамдар күндіз ұйықтап, түнде тіршілік жасайды.

– Түсіндім, тақсыр.

– Тағы сауалың бар ма?

– Қала неге көңілсіз? Өзеннің арғы бетіндегі шаһарға қарамайсың! Таң-тамаша қалдым! Онда бәрі-бәрі сұлу, көркем!

– Дағар сөзді! Ақыл айтуға келдің бе?

Қаһарлы патша қолындағы аспабын сылдыр еткізген. Еңгезердей екі әскер жетіп келді.

– Мына пендені зынданға тастаңдар! Өлсін іріп-шіріп!

Аң бейнесіндегі құбыжықтар баланы дедектетіп ұзын дәлізбен жүріп-жүріп келді де, зілмауыр есіктегі қара құлыпты ашып, қараңғы бөлмеге итеріп жіберді.

Қанша жатқаны жадында жоқ. Тас қабырғаға басы соғылған ба, солқылдап барады. Көзін аша бергенде ышқына айқайлап жіберді. Жүзін әжім торлаған, шашы алба-жұлба мыстан кемпір төніп тұр.

– Қорықпа балам! – деді кейуана. Үні жұмсақ. Зәресі ұшып, жүрегі тоқтап қала жаздаған бала көзін ашқанда бет аузы мыжмыж кемпір сөздерін жалғады.

– Бағы жанбаған бейбақпын. Осынау зынданды тұрақ еткеніме қанша болғанын да білмеймін. Көрер жарығым бар екен! Жүрегім соғып тұрғанмен, тірі аруақпын! Сөйлесерге қара таппай, зарығып жатқанда келгеніңді қарашы! Тас зынданда жолықтырған Аллаға сансыз шүкіршілік айтамын! Кешегі түсім шуақты күндерден белгі бергендей еді! Бәсе-бәсе!

***

Таң алдында басын көтерді. Тыңайып қалғандай. Шекесіндегі ісігі де басылған. Жан-жағына сақтана қарады. Сығырайған шамның жарығы жөнді көрсетпейді. Алаң-құлаң сұлба шалынғандай. Қараңғы бұрышта бір уыстай бүгіліп, қос қолын жайып кемпір отыр. Соңғы сөздерін еміс-еміс құлағы шалған:

– Раббым Алла! Тілегімді қабылдап, бір пенденді жібергеніңе рахмет! Енді осы баланың тезірек жазылуын нәсіп ет! Екеулеп әрекет жасап, жарық дүниеге шығуымызды жақын ет!

– Әмин! – деді бала жүрегі жарылардай қуанып.

– Сауықтың ба, балам! Беті-қолыңды шай! Әйтеуір суға тапшы емеспіз! Шүкір! Одан соң оразаңды ашып алғын!..

Белі бүгілген кейуана қолындағы барын жұпыны дастарханға қойды. Қатқан қара нан. Суып қалған көже.

Қарны ашқан екен. Бірін қалдырмай соғып алды.

– Өлер-өлмес ауқат қой! Қанағат қарын тойғызады демекші, бұған да көндіктім... Көндікпегенде не істеймін?! Сенің осында келетініңді, көп ұзамай жарық дүниеге шығарымды Тәңірім сездірген! Білдірген!

– Қайтіп?!

– Оның мәнісін түсіне қоймассың.

– Ықтиярыңыз білсін апа! Күпті көңілдің білмегі де мол. Шаһардағы адамдар аңға неғып айналған? Менімен тілдесіп, осы зынданға жіберген патша да құбыжық бейнесінде. Сөзі түзу сияқты, кәдімгі адам тілінде сайрап тұр... Мұндай халге неге ұшыраған? Айтыңызшы білсеңіз? Әлде, мен түс көріп жатырмын ба?!

– Түс емес, өңің балам.

Өрекпіген жүрегін басып, қарияның әңгімесіне құлақ түрді бала.

– Бұл шаһар Жақұт аталатын мемлекеттің астанасы болатын, – деп бастады хикаясын кейуана. – Үлкен елдің тасы өрге домалап, жылдан-жылға дәулеті тасыды. Қарын қамынан басқаны аңсамаған халықтан береке-бірлік кете бастады. Былайша айтқанда, басқа қонған бақты тепті. Болмашы себепті сылтауратып, той тойлады. Арақ-шарапты суша сімірді. Құлық-сұмдық, мақтан-шақтық, кісі ақысын жеу, аярлық асқынды. Жезөкшелік етек алды. Қара халық сондай болған соң, хан да ұзап қайда барсын! Ынсап кетті одан да! Патша сарайының қызметшілерін жағымпаздық, көлгірсу, тәкаппарлық, қызғаныш, қызылды-жасылды дүниеге деген ашкөздік жайлады. Әділетсіз басшылар орынтақтары үшін өзді-өзі қырық пышақ қырқысып жатты. Қысқасы, мейманасы тасып-шалқыған елді тәубесіне келтіру үшін Жаратушы жер сілкінтті. Оған да қыңбады қыңыр ел.

– Сұмдық қой! – Бала жағасын ұстады.

– Ақыр аяғы немен тынды дейсің ғой?!

– Ия.

– Жаратушысын ұмытқан ел оңушы ма еді?! Тәңірінің назасына ұшырап, құбыжыққа айналды!

– Бірде-бір кісі қалмады ма?

– Онда мен он үш жаста едім. Апаттың бәрі Алланың жазасы деп білдім. Сол үшін де, жатсам-тұрсам тілімді кәлимаға келтірдім... Мінәжат еттім Жаратушыға! Адам кейпінде қалғаным, бәлкім содан.

– Хикмет екен.

– Құбыжыққа айналғанын, әуелі патшаның өзі біледі! Айна алдына келіп үңілсе, қос мүйізді біреу бағжиып, бақырайып тұр дейді. Қақ маңдайында кере қарыс мүйіз! Бет-жүзін жүн басқан! Қорқып, қоңыраулатып уәзір-жандайшаптарын шақырмай ма! Уәзірлері де бірөңкей мүйізді құбыжықтар! Тіпті, бұрынғыдан да елгезек! Ылдым-жылдым!

– Дереу қала халқын жиындар! – дейді қаһарлы патша дауыс көтеріп.

Сағатқа жетпей хабар жетті:

– Тақсыр, ел-жұрттың төрт көзі түгел! Сарай алдына алаңға жинадық! Сіздің ғазиз жүзіңізді көруге ынтық! Тағатсызданып тұр! – Қос мүйізді бас уәзір иіліп-бүгіліп, жік-жаппар.

Есік алдына шыға бере басы айналып, құлап түсе жаздады патша ағзам. О, тоба! Қақ шекелерінде біздиген-біздиген кере қарыс мүйіздер! Көздері қызарған, жүздері бозарған адамдар бұқа көзденіп, тұра шабатындай; айбат шеге, мүйіздерін сұғып-сұғып алатындай!

– Тарасын... кетсін үйлеріне! – Қалшылдап-дірілдеген патша ұлы денесін әзер игерді.

– Бір ауыз лебіз айтпадыңыз ба? – Бас уәзір қиылып, патшаға тілек етті.

– Жоқ айтарым...

Қаһарлы патшадан қаймыққан уәзірлер қысқа-қысқа бұйрық беріп, халықты қуып жүргенде, өзі жас, өзі сұлу бойжеткенді көрді бас уәзір.

– Япыр-ай! Қайдан келген перизат?!

Аң-таң бас уәзір. Сөзге келместен патшаның алдына жеткізілді жас қыз.

– Кімсің?

– Көріп тұрсыз... екі аяқты пендемін...

– Қала халқының бәрі аңға... мүйізді құбыжыққа айналғанда, сен... сен... қалайша адам бейнесіндесің?!

Қыз қасқая қарап тұр!

– Оның мәнісі Жалғыз Жаратушыға ғана аян!

– Не дейді мына пенде?! Қалай-қалай құйқылжиды?!

– Тәңірі ерекше мейірімді болғанымен, қаһары да қатты... Сіздің еліңіз қаһарға ұшырады!

– Мен ше?!

– Сіз де, сіздің еліңіз де!

Емен есіктен енген жендеттер жетіп келді қыздың қасына.

Патша айқай салды:

– Зынданға апарыңдар, мына албастыны! Қалсын сонда.

***

– Сол қыз, мына мен едім, – деді кейуана. – Содан бері осында жатырмын... Ол енді өткен өмір. Жә, балам, жарық дүниеге шығудың амалын қарастырайық!

– Айтыңызшы апатай! Ана өзеннің ар жағындағы сәнді қаланың адамдары неліктен ажарлы! Көшелері неге түп-түзу! Сұлу шаһарға тамсанып, қарай бергің келеді.

– Оның мәнісі Жаратушы Аллаға сенім және имандылықта жатыр! Өзің айтып отырған елдің халқы қайырымды, кішіпейіл, мәдениетті һәм білімді! Әсілі, иманды елді жау алмайды! Аспаны ашық әманда! Іргесі шайқалмайды, білдің бе?!

– Түсіндім.

– Түсінсең сол! Жә, мына қамақтан құтылатын қандай амал бар?!

Бала жол-жөнекей жолыққан тасбақа мен Ана-қарлығашты есіне түсіруі мұң екен, екеуі де көп ұзамай зынданнан табылды.

– Мін арқама, – деді тасбақа.

Кейуана мен бала кезектесіп зынданнан шықты. Ана-қарлығаш шықылықтап жол бастады. Еш қиындықсыз арналы өзеннен де өтісті. Әсем шаһарға жеткен олардың алдарынан иман жүзді, сәнді киінген екі әскер жасағы шықты. Кейуана мен баланы салтанатты сарайдың қасындағы бір бөлмеге алып келіп, үстеріндегі шоқпыт-шоқпыт, ескі киімдерін шешіндіріп, моншаға түсірді. Жуынып, тазаланған соң жақсылап тамақтандырды. Үш күн алаңсыз демалған кәрия мен бала патша ағзамның сарайына жеткізілді.

Төрдегі тағында отырған патша меймандарын орнынан тұрып, құшақ жая қарсы алды.

– Жағдайларыңды біліп отырмын, – деді патша мейірімін төге сөйлеп. – Әйтсе де өз ауыздарыңнан естиін.

Бала басынан өткен жағдайды баян етті.

Ертеңінде патша жұмсаған адам Мұжығын шөбін алып келді. Тас зынданда кездескен кәрияны бала өзіне өкіл әже етіп қабылдады. Содан соң екеуін патшаның сенімді адамдары еліне жеткізді. Ал баланың анасы дертінен құлан таза айығыпты.

БАЛЫҚ АУЛАҒАН КҮН

Шіліңгір шілденің бесінге таяған күні жер-әлемді қуырардай шыжып тұр; аспан әлемі қылаусыз ашық; әлгінде толқын-толқын ақша бұлттар құдды жарысқа түскендей бірінің соңынан бірі ұбап-шұбап көрінді де, іп-ілезде әлдеқайда; алысқа, асығыс аттанғандай ізім-қайым жоғалған. Онысы, таңертең күлімдеп көрінген, одан соң зеңгір көкке шығандап шығып алып, нұр-сәулесін шашқан, шақырайған күнге орын бергендері ме екен. Бірақ, бірақ, мынау дөңгеленген дүн-дүниеге, жан-жануар, өсімдік-орман, тіпті тау-тастарға да жаймашуақ жаздың шуағы керек-ау! Онсыз, бірі ызғар, бірі салқын, бірі шекеңді шыжғыратын ыстық аптабы алмасып келіп жататын жыл мезгілдерінің мән-мағынасы, қызық-шыжығы болған ба?! Алла тағала жаратқан он сегіз мың ғаламның бір мысқал артық-тыртығы болсашы! Раббымыз ұлан-ғайыр жерді жаратты, оның бетіне таулар тұрғызып, өзендер ағызды. Түнді күнмен жалғастырды. Ой жіберер қауым үшін осының бәрінде белгілер, дәлелдер бар! Бәрі де өз орнында, бәрі де өз қалпында жымдасып-жарасып, қабысып-табысып жататындығы жұмыр басты пендеге айдай аян! Қыраулы қыстың өз қызығы бар десек те, ойын қуған балалар үшін жадыраңқы жаздың орны бөлек екендігіне талас жоқ.

Аягөз өзенінің бойында бірнеше бала бағанадан бері терендігі кеңірдектен аспайтын су ішінде бірде малтып, бірде сүңгіп, бірде біріне-бірі су шашып ойнап мәз-мейрам. Ара-арасында судан жүгіре шығып жағадағы ыстық құмға етбеттерінен жата-жата кетеді де, ары бері аунап үсті-бастары құм-құм күйінде қайыра өзенге жүгіреді.

– Алақай, мен бүгін суда малтуды үйрендім, – деді Ақалақ деген таңқы танау қара бала.

– Мен де.

– Мен де, – деп Ақалақтың қасындағы Нұржан, Тәуекел деген қара сирақтар да жамырай дауыстады.

Дауыс мақамдарында қуаныш лебі еседі.

– Ой, сендер, мына кіндіктен аспайтын таяз суға түсіп, қалай-қалай мақтанасыңдар, ә?!

Қай-қашан да біреудің артықшылығын көре алмай, елді сайқымазақтап жүретін тапал сары Самат достарының қуаныштарын онша-мынша елей қоймады. Мына сөзден соң ешкім ләм-мим үндеген жоқ. Оған тапал сарының мейманасы тасығандай, мұрнын бір тартып қоқиланып қалды. Іле:

– Саматтікі дұрыс! Сендер малтығыш болсаңдар, анау Қаражартастың түбіндегі үлкендер түсіп жүрген иірімге барып жүзіңдерші... Сонда көрейік әуселеріңді, – деді жағымпазданған Жанасыл да, әйтеуір бір сөз қосқысы келгендей.

– Бұларды да дос деп, сөзімізді шығындап... Ақалақ, жүр тамақтанайық, біз Тәуекел екеуміз үйден ашыған күріш көже мен бауырсақ, сары май әкелгенбіз, – деді Нұржан үсті-басына жұққан құмды қаққыштап. Суды жалдап барып қолын жуды. Өзгелері де соны қайталады.

Үш-төрт сағат суға түскен балалардың қарындары ашқан екен; бәрі де қоржын сөмкелеріне салып ала келген тамақтарын газет жазып рет-ретімен шығара бастады.

– Күн ыстық болса да, далада, өзен жағасында ішкен тамаққа ештеме тең келмейді! – деді Тәуекел тәбетінің ашылғанын сездіргендей жұтқыншақтары бүлкілдеп.

– Ол рас! Оған менің көзім баяғыда жеткен! – Қай әңгімені болсын, аузын дәмдеп, тамсанып асықпай айтатын Нұржан сөзге араласты.

– Нұржан суайтты тыңдай беріңдер. Бірақ ауыздарың дәмде болсын, – деді тағы да бүйректен сирақ шығарған Самат.

Саматтың атқосшысы Жанасыл да қарап қалған жоқ:

– Нұржанды тыңдаймыз деп, кеш батпасын, – деді тұздай көздері жылтын-жылтын ете.

– Айт Нұржан! Айта бер, – деді өзге балалар тақымдап.

– Онда кішкентаймын, – деп бастады Нұрекең әңгімесін, – Әкем мен үлкен ағама еріп, шөп шабуға Көкжайдаққа барғанмын. Шіркін, Көкжайдақ десе көк жайдақ-ау! Ауасы қандай! Хош иісі аңқыған жұпар! Теңіздей толқыған көкпеңбек пәйек аттың белуарынан келеді. Ал біздей балалар арасына кірсе, зым-зия көрінбей кетеді! Пай-пай шүйгін деп соны айтыңдар! Шөп те сол жылы ырғын шығып еді.

– Негізгі әңгімеге көшсеңші.

– Ия, сағызша созбай, – деді тағы да Самат пен Жанасыл жарыса.

– ... Әкем маған ылайықтап қысқа сапты аша жасап берген. Сонымен шөп жинаймын. Күннің ыстығынан шабылған жас шөп іп-ілезде кеуіп, құрғап, қаңбақтай болып қалады, – деп Нұржан әңгімесін асықпай жалғастыра берді. – Тағы бір жұмысым, күрең биені алысырақ апарып арқандаймын, күніне үш мезгіл тұмаға жетелеп барып суғарамын...

– Өй, болсаңшы енді, – деп қалды Саматтың шыдамы таусылып.

– Асықтырма! Біреу қуып келе жатыр ма? – деді араларындағы ересектеу Сәдібек.

– Айтсын.

– Айтсын, – деген дауыстардан соң Нұржан әңгімесін одан әрі сабақтады:

– Айтайын дегенім, шынында далада ішкен тамаққа адам тоймайды екен! Қайда кететінін бір Құдай білсін, сіңе береді, сіңе береді... Шәйді де қызыл күрең етіп шығаре-еп сіміре береміз, сіміре береміз.

Сендер ойлап қалмаңдар, Көкжайдақта бәрі курорт екен деп... Қызығымен қоса шыжығы да бар ол жердің.

– Осыныңды айт!

– Керегі сол.

– Бәсе-бәсе, әр әңгіменің бір түйіні, қызық тұстары болады ғой, – деп балалар шулай жөнелді.

Нұрекең сөзін жалғастыра берді:

– Күн жарықтық қызаре-е-п көкжиекке құлайды...

Осы кезде Самат ішек-сілесі қатып, екі бүктетіліп тыпырлады да қалды. Әсерлі әңгімеге елітіп, ынтыға тыңдап отырған балалар

таң-тамаша. Күлетіндей не айтты Нұржан?! Табиғат тамашалары. Өзінің көргендері. Аздап өлең құрастырып, көркем әдебиетті көп оқитын ақынжанды Нұржанның шығармадан тек беске оқитынын, әңгімені майын тамыза айтатынын сыныптастарының бәрі біледі.

– Не болды-ей, Самат?!

– Әсерлі әңгімені үзіп, – деді достары кейіп.

– Күлгенімнің мәнісін айтайын, – деді Самат аяқасты салмақтанып. – Қасымыздағы бірге жүрген досымызды жыға танымайды екенбіз! Бұл бір ме? Екіншіден, Нұржан артист екен! Атасының аузынан түсып қалғандай құдды! Шежіреші шал ғой тура! Соны байқамадыңдар ма?!.

– Шал болса несі бар, – деді Сәдібек, – өз ана тілдері – қазақ тілін білмей, шүлдір-шүлдір етіп жүрген кейбір балаларға қарағанда Нұржанды мақтан етуіміз керек! «Болмасаң да ұқсап бақ» деген Абай бабамыз. Менің өз басым Нұржанның шешен, жатық тіліне қызығамын! Одан үйренуіміз керек!

Жә, Нұржан әңгіменді аяқта! Содан соң тұрайық, суға түсейік! Ата-аналарымыз да біздерді жоғалтып жатқан болар.

– Күн жарықтық қызар-е-еп көкжиекке құлайды. Тым-тырыс. Төбемізде құйқылжыта ән салған бозторғай! Құлағыңды тіксең, сайын дала, қазағымның дархан даласы да жырлап жатқандай. Бірақ, бірақ сондай мамыражай шақты ызыңдаған маса бөліп жібереді-ақ. Қолыңмен періп қаласың. Тағы көтеріледі қолдарың. Басың, қас-қабағың, беті-қолың, желкең ду-ду! Олар ашық жерлер ғой! Жон арқаңнан, көйлек сыртынан біздей тістерін сұғып алғанда жаныңды қайда қоярыңды білмейсің-ау!.. Қайта-қайта сабаланғаннан түк өнбесін білген соң, маған әкем тезек жинатып, түтін саламыз. Сонда құтыламыз пәлекет қан сорғыштардан.

Нұржан әңгімесіне нүкте қойды.

– Осы ма? – деді азар шыдап отырған Самат орнынан тұра беріп.

Шайқымазақ Жанасылдан сөз қалған ба:

– Енді болмағанда! Нұржанның әңгімелері осы ғой дәйім. Басы бар, аяғы жоқ.

Ұлдардың алдына шыққан Самат қолдарын көтерді. Тың ұсыныс айтарда ылғи осылай істейтін.

– Менің басыма бір идея келіп тұрғаны!.. – деді Сәкеңнің көздері шоқтай жайнап. – Тамақтан босаған бидон, бәнкілерімізге

наннның қиқымдарын салып, жұдырық сиятындай тесіп, дәкемен аузын байлап балық аулайық!

– Охо!

– Идеяң, шынында күшті екен!

– Қане, бастандар! – деген балалар балық аулау қызығына құмбыл кірісіп кетті.

– Жанасыл, сен мына үш литрлік бәнкіні жуа берші, – деді Тәуекел.

– Жуғаны несі, қайта ішіндегі қалған тамаққа келмей ме балықтар, – деп Нұржан бәнкіні солай пайдалануын ұсынды.

Нұржан мен Тәуекел ашыған көжеден босаған пластмас бидондарының ішіне наннан қалған ұсақ қиқымдарды салып, мойнынан жіппен байлап өзенге қарай жүгіре жөнелді. Саматтың қолында да бидон, ал Жанасылдың қолында екі үш литрлік шыны бәнкілер.

– Балалар, араларың тым жақын болмасын, алшақ-алшақ тұрыңдар, – деді Сәдібек топтанып тұра бастаған ұлдарға.

Он-он бес минуттан соң балалардың алды бәнкілеріне май шабақ – ұсақ балықтардың түсе бастағанын хабарлады.

– Қармақ емес қой, аузына ілінсе ешқайда кете алмайтын. Сондықтан бәнкілеріңді судан шығарып, түскен балықтарыңды жинап отырыңдар, – деп қояды Самат.

Өзі де бірер май шабақтарды ұстаған сияқты. Көлбеңдеп көлеңкедей қасынан қалмайтын Жанасылдың қолындағы ыдысына салып жатыр.

Осылайша балық аулаудың қызығына беріліп, бірімен-бірі құдды жарысқа түскендей ара-арасында түскен балықтарын санап жүрген балалар, кенет... ия, кенеттен тарс-тұрс ауыр тас түскендей дыбысты естіп жалт-жалт ете қалысқан. Сөйтсе, манадан бері іші пысып тұрған Жанасыл ыстықтаған соң ба, әлде достарының мына тірліктеріне кедергі келтіргісі келген содырлығы ма, бар пәрменімен тасыр-тұсыр екі қол, екі аяғымен суды шалпылдатып, астан-кестең етіп жіберді.

– Өй-өй, жынды ма, мынау!

– Балықтарды үркітті-ау! – деп балалар ұлардай шуласын.

Айлын жиятын Жанасыл емес.

– Тух, қандай рахат, – деп сүңгіп-сүңгіп алды суға.

– Бұның не? – деді тақау тұрған Сәдібек Жанасылдың қасына жетіп барып, – Шомылатын жер жетпеді ме саған? Жоғал әрмен!

Жасы үлкен, палуан денелі Сәдібек ұрып жібере ме деп зәре құты қашқан Жанасыл кінәсін мойындап, жылыстап жағаға шығып кетті.

Біраздан соң жан-жаққа пышырап қашқан майда балықтар балалардың бәнкілеріне біртіндеп түсе бастады. Осы кезде:

– Әй, Ақалақ, Нұржан қарандар! Менің бәнкіме бір үлкендеу балық кіріп кетіп, шыға алмай жатыр, – деді Тәуекел айқайлап.

– Тс-с, айқайлама! Үркітесің! Ақырындап бәнкіңнің аузын жоғары қаратып судан суырып ал, – деді Самат.

Тәуекел солай жасады. Қараса – алабұға!

– Ур-ра! Жарадың Тәуекел! Балық жейміз! – деді алақайлаған Жанасыл елден алабөтен қуанып.

Ия, қашан да ағысқа қарсы жүзетін балықтардың біреуі, үш литрлік шыны бәнкіге, ашыған көженің қалдығы күрішті жеймін деп қақпанға түсіп, кіруін кірсе де, тұйыққа тіреліп шегінуді білмей, өзін-өзі нәпсі-құлқыны үшін құрбандыққа шалғанын білді ме, білмеді ме, ол жағында балалардың шаруасы қанша; әйтеуір балық жейтіндеріне мәз.

Өзге ұлдар да құр алақан емес. Отыз шақты май шабақтары мен жалғыз алабұғалары бар қара сирақтар үйлеріне олжалы қайтты.

Дабырлай сөйлеп, бірі-біріне сөз берер емес. Бұл кезде ұясына құлаған күміс күн біртін-біртін көкжиекке сіңіп бара жатқан.

Батыс көкжиек қызыл жалқын.

ЖАЛҒЫЗ ТЫРНА

Қазан айының өларасы. Күздің суық желі ышқына соғады. Төңіректі қою қараңғылық тұмшалап келеді. Ышқынған желдің өтінде ойдағы қарасу тұстан ызу-қиқы шуылдаған жыл құстарының үні жыртылып естіледі.

Жатағандау дөң басында қарауытқан жалғыз үй. Терезеден сыртқа шашыраған шамның әлсіз жарығы басыр жандай дәрменсіз.

Там үйдің сырты қандай қораш болса, іші де сондай жұпыны.

Ауызғы бөлме – ас үй. Әредік-әредік пештің көмейіне қойдың сары қиын тастап қойып шай ішіп отырған Бәтен кемпір осы үйдің иесі. Бір уыс әжімді жүзі, қабақ астындағы нұры тайған кәрі жанары айықпас мұңнан хабар бергендей.

– У-уф!

Сүт қатқан күрең шайды сораптай түседі. Қазан сақырлап қатты қайнай бастаған соң, астындағы шоғын ысырып қойды. Әрі-беріден соң маңдайы тершіп жіпсіді ме, шау тартқан тарамыс денесі шым-шымдап бусанғандай.

– У-уф!

Қоңыр барқыт қамзолының жан қалтасынан бет орамалын алып, тершіген маңдайын сүртті. Әспеттеп бүктеп, қайыра салды.

Жел үдей түскен. Жалынды ұлый суырып, пештің көмейі ашылып барады. «Бұл шіркіннің басылатын кезі болар ма екен, – деп ойлады аяқ-табағын жиыстырып жүріп. – Әй, уақыты да жетті-ау... Енді малды қолға байламаса болмас?!».

Шапанын желбегей жамылып есік алдына шықты. Ілкіде ғана орай-борай соғып тұрған жел сап тыйылыпты. «Ой, Алла-ай! Бұл күн жарықтыққа дауа болмас, әлгінде ғана екпіні үй жығардай-тұғын, енді міне...»

Айнала-төңіректі әукесі салбырап тұман қаусырып келеді.

Тұман... Оның арғы жағы не жапалақтай жауатын қар, не май тоңғысыз жылымық күндер, иә, екінің бірі. Неге екенін қайдам, Бәтен кәрияға осындай тұманды шақтар ұнайды; сонау да сонау артта қалған, қайтіп оралмайтын сағынышты күндерін еске алады; өзі-өзімен сөйлескендей күбірлейді, жымияды, мұңаяды, жападан-жалғыз отырып, қатпар-қатпар ойға шомуды қалайды; марқұм шалымен өткізген шуақты жылдарын есіне түсіріп бір жасап қалатын; жалғызілікті болған соң ой ғана жан серігі ме, кім білсін?!

Кей кездері жадау тіршілік жанын жасытып қатты жабырқайды. Ондайда үн-түнсіз іштей егіліп бір жеңілдеп қалатыны бар...

Бәтен кемпір шалынан осыдан он бес жыл бұрын айрылған. Ғұмыры қатты ауруды білмеген ері үш-ақ күн төсек тартып жатты да, фәни жалғанмен қоштасып ана дүниеге аттанып жүре берді. Сөйтіп елу жыл отасқан отағасынан көз жазып қалды. Тіпті дұрыстап бақұлдаса да алмады. Ауыл-аймақ, көрші-көлем ақтық сапарына арулап аттандырды, жаны жәннатта болсын десті.

Қарап отырсаңыз, өмір дегеніңіз осы екен-ау!..

Жетісін өткізіп, қырқын берді. Ендігі ойы қаладағы ұлы Мырзаштың қолына барып тұру болатын. Арада екі ай өтпей жатып тағы да қара жамылды, жар дегенде жалғызы мүшел жас – жиырма бесінде кездейсоқ апаттан қайтыс болды.

Шалының қазасы өз алдына, ұлының өлімі мүлдем тұралатып тастады, жаназасының қалай өткенін де білмейді, үш тәулік бойы есінен танып, талықсумен болды, төртінші күні құр сүлдері орнынан тұрды.

Ниеттес ауыл адамдары келіп басу айтты. Өлгеннің артынан өлмек жоқ, одан да екі немереңнің амандығын тіле десті. Тағдырға қарсы тұра ма? Көнген, көнбеске лажы не?! Күрмеуге келмейтін қысқа жіптей мынау аппақ әлемнен, тәтті тіршіліктен татар дәмім әлі таусылмаған шығар, қос қарашығым мен келінімнің амандығын Алладан тілейін деген үміт жетелеген алға. Осы ой шуақтанды жүрегінде, бірақ армандаған алданышы ұзаққа бармады, келіні күйеуінің жылын күтуі былай тұрсын, қырқы өтер-өтпестен көлденең көк аттының етегінен ұстады.

Апырым-ай, бетінің қызылы, қойнының қызуы қайтпай тұрғанда теңімді табайын дегені ме? Көрсеқызарлық па, жетесіздік пе? Жоқ, әлде жас қабірдің бет топырағы басылмай жатып басынғаны ма? Айран-асыр түсінбей дал болған. Тым құрыса емеурін білдірмеді ғой.

Туған келіні осылай жасайды деген ой үш ұйықтаса түсіне кірмепті. Кіндік қаным тамған Отиярдан, шалымның қасынан бір уыс топырақ бұйырсын деген байламға тас-түйін бекінді.

Содан бергі уақытта он бес жыл өтті...

... Елегізіп отырған Бәтен кәрия кенет селк етті. Әлде не ыңырси ма? Міне, тағы қайталады, енді есікті тырналады. Сәлден кейін тағы да қыңсылады, ап-анық естіді. Қапелімде секем алса да, бойын тез жинады. Кім бұл? Жын ба, сайтан ба? Мал ма десе, бағана ғана қораға қамады емес пе?! Сонда не болғаны?

– И-и-й...Р-рр...

– Астафирал!а – Жер тірей көтерілді де, ұмсына түсіп іркілген. Аяғы ұйып қалыпты. Буын-буыны да сырқырап бастырмайды.

– И-ий!.. Р-рр...

Тұруын тұрса да, қарға адым жер мұң болып аттай алсашы. Жан-жағын қарманып, қолына оқтау алды да, аттап-бұттап шығар есікке таянды. Жүрегі дауаламай соза берген қолын есік тұтқасынан тартып алды, аз-кем аялдап ентігін басты.

– И-ий... Р-рр...

Ілгекті көтеріп есікті сықырлата ашқан, қарсы алдында Сырттан тұр.

Сырттан – бұрынғы көршісінің төбеті. Күшік кезінен Бәтеннің қолынан тамақ ішіп, әбден үйірсек болып кеткен. Көршісі әлдеқашан кеңшар орталығына қоныс аударса да келіп-кетіп жүретін. Иесі Жылқыбай марқұм осында жерленген. Қазіргі иесі – Жылқыбайдың ұлы. Осыдан бірер жыл бұрын-ау деймін, Сырттан Отиярға қашып келгенінде Жылқыбайдың ұлы артынан қуып келіп, алып кеткен. Бара салысымен шынжырмен байлап тастапты.

Зәуінде орталыққа жолы түсіп бара қалса Бәтен кемпір Сырттанға соқпай кетпейді, сонда Сырттан байқұс та қыңсылап, құйрығын бұлғаңдатып аяғына оралатын. Ит те болса тірі жан иесі ғой...

Талай рет сұрап алайын деп оқталған, бірақ ұрдажық мінезді аусар Декей бетімді қайтарып тастар деп уәж айтпайтын.

Кейінгі кезде лақса кәрі ит қатты жүдеп, шөгіп кетіп еді.

Бәтен кәрия да кіндіктен жалғыз, шалының да емешесі үзілер сүйек жақыны жоқ. Сонау бір жылы кеңшар директоры, шеше Әжекең ақсақалдың ерен еңбегі өкіметке бір кісідей сіңді. Ел ішіне келіңіз, орталықтан үй бергізейін деген. Табан астында үзілді-

кесілді жауабын бере алмады, ойлап-ойлап, шалының шаңырағын құлатпай, өз ата мекенінде қалуды жөн көрді.

Обалы қане, бастапқы жылдары ауылдың кәрі-жасы шалының орнын жоқтатпады, қолындағы азын-аулақ малдың шөбі солардың мойнында. Ондайда Бәтен кемпір тоқпейіл көңілмен «елімнен айналайын» деп еміреніп, құбатөбел тіршілігіне шүкіршілік ететін.

Бір кезде «Заготскот» аталған Отияр Қарағашқа қоныс аударып, жапа-тармағай жаңа орталыққа көршілері көшіп кеткенде көңілі қатты құлазыды-ай, жалғызсырап, жабырқап...

***

– Байқұсым-ай!.. Сырттаным-ай!.. Жеттің бе?!

Кемпір мәре-сәре. Итті шақырып ауыз үйге кіргізді. Сырттан құйрығын бұлғаңдатып еркеледі. Кемпір түскі астан қалған кеспе көжені итаяққа құйды. Бірақ ит ішпеді. Сол жатқан күйі жатты да қойды, бұнысы несі деп басынан сыйпаған.

– Сұмдық-ай! – Бөксесі қызыл ала қан. Жүндері ұйысып қатып қалыпты. – Бәсе, бәсе! Неге тамақ ішпейді десем?! Байқұс-ай, кімнің ғана қолы барды екен?!.

Ілкідегі жер бауырлап жер-әлемді қаусырған қою тұман сейіле бере батыстан соққан күшті желге қоса қылаулап қар ұшқындады; сәт сайын үсті-үстіне орай-борай жауып, үдей түсті; аспан мен жер тұтасып кеткендей, алағай да бұлағай.

Биылғы қыстың алғашқы бораны...

Айдала...

Жалқы там...

Жалғыз кемпір...

Бәтен кемпір кілеттен сиырдың сары майын әкеліп, Сырттанға асатты. Ит бір-екі рет жұтқан соң керегі жоқ дегендей басын алып қаша берді. Тәбеті соқпай жатыр-ау...

– Байқұс-ай!.. Қайт дейсің маған?!

Кемпір иттің жаралы бөксесін шүберекпен орап, таңып тастады. Өзі күбірлеп сөйлеп жүр.

– Уа, жаныма жар болған Жаратқан ием! Көптен тілегенімді, көктен тілегенімді бере салдың-ау! Енді қайтейін!.. Жаралы болсаң да, ит екеш ит сен де іздеп келдің. Кейінгі кезде екі аяқтылардан

кім ат ізін салды бұл жаққа, ешкім; өйткені олардың қағанағы қарқ, сағанағы сарқ; қайтсін өлмелі кемпірді?!.

Сырттан қыңсылады. Жарақатын ауырсынды ма? Жанына келген кемпірге еркелеп, құйрығын бұлғаңдатты.

– Жөн-жөн! Түсіндім!.. Елге налуың, ренішің теріс деп жатырсың-ау!.. Апырым-ай, бүгін маған не болған?! Оларға өкпе-наз айтатындай кіммін? Омалған отырысыма кінәлі өзім ғой; қазір кімді-кім іздегендей; туған келінім қарамай кеткенде, қаймана қазақ не қылсын?!

Кәрияның күлкісі келді. Қос езуі жайылып, айқыш-ұйқыш әжімдері жиырыла берді де, суып қалды; күлкі шіркін бұл ауылдан шілдің пышыраған тезегіндей тым-тырақай қашқалы қашан?! Ұмытыпты, есіне де алған жоқ.

«Апыр-ау, күлкі менің не теңім?!»

– Дәурен екен-ау, сол жылдар! Сынапша сусып, көзді ашып-жұмғанша өтіп кетерін кім білген. Маркұм шалының атақ-абыройы аспандап, тасы өрге домалап тұрған, ұмытпасам, бір мың тоғыз жүз алпыс бесінші жылдың көгілдір көктемі еді. Қарауындағы жеті жүз қойдың әр жүзінен жүз қырықтан қозы алды. Қоңыр күзде тығыршықтай домаланғын тоғыз жүз сексен марқаны басынан санап бөлгенде өз алдына бір отар болып шыға келмеді ме! Әне-е, еткен еңбек, төккен тердің төлеуі! Қораңнан қозың, бауырыңнан балаң өсіп-өнбесе, оның несі тірлік, несі өмір?!.

Сол кезде біздің үйге қонақтар да жиі келгіш еді. Бәрі келді, бастығы да, басқасы да. Ал қазір ше?! Қыл аяғы аспаннан айырылып ұшып өтсе де, сонау-сонау көз ұшынан қарайған көрінсе де біреу келе жатыр ма деп елеңдеймін.

Құдайға шүкір, аштан өліп, көштен қалып жатқаным жоқ, азын-аулақ малым, шай-пұлға жетерлік зейнетақым бар. Тек ел іргесіне тыныштық беріп, туған жерімнен бір уыс топырақ бұйырсын!.. Тайқы тағдырға не шара?!.

***

Екі күн өтті, Сырттанның оңалатын түрі жоқ. Мал қораның артында машинаның ескі қорабы жатушы еді. Соны домалатып әкеп, ішіне шөп төсеп, кәдімгі үйшік жасап қойған. Сырттан сол

орнында қоғалмастан жатыр. Сүлесоқ, марғау, құйған тамақты да жарытып ішпейді.

... Түн жарымы ауса да кірпіктері айқасар емес, ине тіреп қойғандай. Оның үстіне иттің мына қылығы өтіп барады. Үздіге ұлитындай не болды? Өз басына көрінсін!.. Ұрып-соғып қуып жібере ме? Жо-жоқ, мұны пана тұтып іздеп келгенде... кісілікке жатпас... Ит те болса тірі жан иесі ғой...

– У-у-у-у-ууу!..

– Апырым-ай, ә! Бұған не жетті?! Әлде, жарасы жанына батып, ауырсына ма?!

Таң алдында қатты шаршап, кірпіктері желімдене берді де, тәтті ұйқы құшағына енген.

Басын көтерсе бөлме іші самаладай жап-жарық, ұйықтап қалғанын біліп, орнынан шапшаң тұрды да, киініп тысқа шықты.

Ақшағи қар жылт-жылт етіп күнге шағылысады. Күн тұсау бойы көтеріліпті. Тым-тырыс тыныштық.

Сырттан орнында болмай шықты. «Е-е, бейшара, түндегі ұлуы тегін емес еді?!. Аулаққа, ауашаға сүлдерін сүйреп кеткен ғой!..»

Ертеңіне күн жұма еді. Шалының басына барып, құран оқып қайтып келе жатқан. Жолдың сол қапталында қарайған затты көріп бұрылса... Сырттан жатыр. Керіскедей созылып, оң жамбасына құлаған төбет жан тәсілім етіпті. Өлерінде көп тырбанып, алға жылжыса керек, аяғынан тамшылаған қызыл ала қан аппақ қар бетінде сайрап жатыр. «Жақсы ит өлімтігін көрсетпес» деген осы екен-ау деп ойлады ішінен.

Кенет кемпірдің құлағы бірдеңеге елең ете қалды. Жалт бұрылып, дыбыс шыққан жаққа назар аударды. Ойдағы қарасу бойынан бір топ тырналар қиқу салып көк аспанға көтерілді. Жерде шоңқиып, қанаттарын далбыр-далбыр қағып, жалғыз тырна қалды. Жаралы тырна қанатын қанша қақса да ұша алар емес.

– И-й, байғұс-ай, қанаты сынық екен-ау!..

Кемпірдің бойын аяныш сезімі биледі.

Аспандағы бір топ тырналар бұлар тұрған жерден үш айналып ұшып өтті де, үшбұрыш жасай тізіліп, оңтүстік жаққа бет түзеді.

Кәрияның жүрегі шым етті, әуелеп ұшып бара жатқан тырналардың қанатынан ызғарлы леп ескендей денесі тітіркенді.

Хикаяттар





ЖҰДЫРЫҚ

Бөтен елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол!

Қазақ мәтелі

Қоңыр түске боялған емен таяғын қолынан бірелі тастамайтын, жасы жетпісті желкелеген шүйкедей қара кемпір Қанымжанның әдеті; дәйім кәлөшін іздеп, байбалам салып жүргені. Оның өзіндік себебі бар; кейкейде немерелерінің бірі әжесінің кең кәлөшін аяғына іле салып, тырп-тырп сүйрете басып ойын қуып үйден ұзап кетеді. Әсіресе Айболат. Өзі сондай ұмытшақ, қожанасыр мінезі қаршадайынан қалмай келеді.

– Әй, Қуанбек!.. Ибраһим!.. Рекетай!.. Үмітай!.. Кәлөшім қайда, кәлөшім!.. Сендерден көретін болдым көресінді... И-й, әдірә қалғыр-ай!.. Кімнің көзіне түсті құрғыр!.. Өзім бір жерге қойып, жадымнан жаңылдым ба?!. Ау, айтсаңдаршы, жарқындарым?!. Отағасынан сұрайын десем, ол байғұс төсек тартып жатыр... Әй, Айболат!.. Ибраһим!.. Қайсың барсың?!.

Бірде Айболаттың ақ күшігі Алыпсоқ әжелерінің кәлөшін тістеп алып кетіп, үйшігіне апарып тастапты. Үй іші болып ал кеп іздесін! Жер жұтқандай жым-жылас. Қара домалақтардың қарамаған жері қалмады. Бірімен-бірі іркес-тіркес салынған мал қораларды да, жеміс-жидек ағаштары қалың өскен бақша ішін де, көрші үйлердің ауласын да тегіс тінтіп шықты. Ақыры табылмаған соң шаршап, есік алдындағы ағаш орындықта қатар-қатар тізе бүгіп отырған. Сүйкімді күшік балалардың қасына келді де, құйрығын бұлғаңдатып, қара домалақтардың әрқайсысына кезек-

кезек назар тастап артынша үйшігіне кіріп кетті де, табандарынан таусыла іздеген кәлөшті алып шықты.

– Өй, сумақай... ұры! – деп тап берді ашулы Айболат.

– Қой... ол да бала емес пе... кішкентай ғой! – деді жасы үлкендеу Қуанбек ара түсіп.

Ерке күшік кінәсін сезді ме екен, жүгіріп үйшігіне зып берді.

Қанымжан апа мұндай қуанбас!

– Ал, балапандарым оқу жылы аяқталды. Сыныптан сыныпқа көштіңдер! Мектептегі ата-аналар жиналысына қатысқан келінім қуанып келді. Ибраһим-жан сегізінші сыныпқа, Айболатым бесіншіге жақсы бағамен көшкен екен! Колледждегі Қуанбегімнің де үлгерімі жақсы! Жиендерім Рекетай мен Үмітайдың үздік оқитындарын естігем... Өркендерің өссін!.. Тең құрбыларыңның алды болыңдар!.. «Оқыған алды жарық, оқымаған беті көн шарық» деп отырушы еді әкем жарықтық... Жә, каникулға шықтық деп ойын қуып, көше кезіп кетпеңдер! Мал бар, жан бар, бақша бар дегендей... Әке-шешелерің ақ таңнан қара кешке дейін жұмыста. Оны бір деп қойыңдар...

– Әжемнің кеңесі – тұнған философия!.. Кіл ақыл айтудан тұрады. – Кенже болғасын шолжың, ерке өскен Айболаттың уәжін ағасы Ибраһим бөлді:

– Сен сияқты ақпақұлаққа осылай шегелеп айту керек!..

Мінезі жайлы болғанымен, ашуланғанда кім-кімді болмасын қуырып, аяқтарын бір етікке тығатын әжелері алая қарап еді, сөзшең Айболат күлкісін тия қойды.

– Бір мезгіл аталарыңа қараңдар, – деді Қанымжан апа. – Сұраған затын әперіп, тұрғысы келсе қолтығынан демеп, алып шығыңдар есік алдына, мақұл ма?!.

– Мақұл, – деді Қуанбек естиярлық танытып.

– Қақсата бермеңдер, қайта-қайта!.. Таяққа сүйенсем де өз аяғыммен жүрмін... Аталарыңның көңілін табыңдар!.. Келістік пе?!.

– Келістік апа, – деді Қуанбек. – Тыңдамаса, бір шыбықпен айдаймын бұларды!..

***

Өңі оңған шүберектей тозған, арықша келген қара шал қасындағы Айболаттың оң қолын еті қашқан әлсіз саусақтарымен қыса ұстап:

– Шүкір, Аллаға! – деді үзіп-үзіп. – Әкем!.. Әкем, шақырып жатыр... Құдай-ау құдды өңімдегідей... Қарама-қарсы, бетпе-бет қара-ап отырды-ай көз алмай... Сондай да болады екен-ау!..

– Ата-а!.. Не айтып кеттіңіз?!.

– Алтындарым!.. Жарық дүниеге келу қандай хақ болса, өмірден озу да дәп солай!.. Фәни жалған қас пен көзді жұмғанша ғана!.. Жалғыз Жаратушыдан туған жеріме жетуді, топырақ бұйыруын тілеп едім... Тәубе-тәубе, қазір алса да...

– Ата-ау, олай демеңізші!

Қаршыға көз кәрия аяқ-қолдары балғадай сау кездегі дағдысымен үстіндегі қалың көрпені серпе орнынан түрегелді.

– Ата-ау, байқаңыз.

– Талай жылдан еш адамға тіс жармаған, басымнан өткен тар жол, тайғақ кешу оқиғаны баян етейін. Қытай шекарасынан қалай өткенімді... Құлақ қойып тыңдандар...

***

– Оңбаған, сұмырай!.. Тарт сазайынды!.. Бұдан былай қашып көр!.. Ұлы Қытай елі не жамандық жасады?!. Мә, саған!.. Мә!.. Ал жазаңды!..

Қойған сұраққа жауап беріп тұрған Тәкенді шілтиген хансу жендеті қолындағы жұмыр таяқпен қақ бастан аямай тартып-тартып жіберді. Зың-ң еткен қатты соққыдан көздері жарқ еткен палуан денелі, қараторы жігіт ағасы кескен теректей құлап бара жатты. Оған қарайтын, аяушылық білдіретін хансу ма?!. Ыңырси сұлаған жігітті көкала қойдай сабап-шықпыртып, текпінің астына алды. Аузынан қара қан аққан Тәкеннің үстіне бір шелек мұздай су құйып, тар қапастағы тұтқындар арасына, сыз, сасық бөлмеге сүйретіп әкеп тастай салды. Одан арғысы жадында жоқ, таң рауандап келе жатқан шақта есін жиып, бұрыштағы ағаш бөшкеден суық суды тамсана, рахаттана ішті келіп.

Арада жарты ай өткен. Тәкеннің жағдайы тәуір. Ылғи солай. Шақалақ сәби шағында анасы тұзды суға жиі-жиі шомылдырып, сармаймен денесін көп сылаған екен. Содан болуы керек, қанша таяқ жесе де жарасы көп ұзамай жазылып кетеді.

Осынау күндерде Ғани, Ахмет, Рахметолла, Камалбай, Әбілмәжін, Шекей қатарлы он жеті қазақ өліпті. Бәрінің бастары көнектей ісіп кеткен. Абақты әкімшілігі «қанша ем-дом жасасақ та, шара болмады, өз ажалдары жетіп өлді» деп құжат толтырыпты. Азапты ауыр жұмыстан, бұралған аштықтан, хансу әскерлерінің күндегі тепкісінен көз жұмғанын бүтіндей жасырған.

Тәкеннің соңынан жазушы Қажығұмар Шабданұлы абақтыдан қашқан екен. Оны да ұстап әкеліп, тас қараңғы бөлмеге жалғыз өзін қамап, аяғына зілқаратас кісен салыпты.

Қажығұмар Тарым дариясын жағалап, Қызыл судағы қырғыздарға жеткенде, түнде жүруге көздері кемдік қылып, кесе көлденеңдеп жол тосып жүрген хансу әскерлерінің қолына түсіпті. Өне бойынан сау тамтық жоқ, аса қатты жаралы деді қайсар жазушыны көрген абақты тұтқындары.

– Не деген айуандық?!.

Тәкеннің ашуы келді. Атарға оғы жоқ. Кіжінгеннен, жұдырық түйгеннен өзге қолынан не келсін?!. Қанышер абақты басшыларына адамдардың өлімі шыбыннан бетер. Абақты жендеттері жазаланғандарды соғып-тепкілегенге айыздары қанып, ләззат алатын сияқты. Тұтқындардың азайғаны керек оларға.

Тәкенмен қатар темір кереуетте Қалиакбар деген жігіт жатыр. Қатты ауру, тұла бойы ісік, жара-жара бет-аузындағы қан қатып қалған. Кеше оның үйінен хат келді. Жақын туысы Қасен жолдапты. «Сенің үй-ішіңнің қал-жағдайын айтқалы отырмын, – деп басталыпты хат. – Әйелің бір жылдан артық уақыт ауырып, жақында қайтыс болды. Кенже балаң Әбутәліп те дертті. Үлкен ұлың Ғалымға дұшпанның баласы деп «қалпақ кигізді»[1]. Ғалымның қызы бесікте. Оның бесігіне де «Дұшпанның баласы» деген жазу ілінді. Ал қалған екі балаң көп болды

[1] *Қалпақ кигізу* – саяси қылмыскерлерді халыққа оңбаған жағымсыз, масқара етіп көрсету үшін қағаздан ұзын қалпақ кигізіп, шолақ белсенділер үй-үйді аралатып, айдап жүреді.

жоқ. Іздедік, сұрастырдық, аяқ жеткен жерге дейін бардық, еш дерек шықпады.

Бұлардың бәрін жіпке тізгендей неге айтып отырмын?!. Адам баласы неге болса да көнеді, естісін, білсін деп шешей қоярда-қоймай жаздырды.

Ауылда күнде тексеру! Күнде тінту! Менің де «қалпағым» бар...

Алла, амандықпен жолығуды жазсын. Сау бол!..»

Қалиакбар тілден айрылғандай үнсіз. Көзінен пора-пора жас ақса да тістеніп отырғанын көрді. Қолынан басқа не келсін?!.

Тәкеннің жүрегі біз сұққандай шаншыды. Өзінің де көкірегі шерге толы. Түн баласы бастығырылып, шошып шығады. Көзін ашайын десе аша алмайды. Салмағы зілбатпан біреу кеудесіне қонақтап, қылқындырып әкетіп бара жатады. Айқайлайын десе дыбысы шықпайды! Ой, Алла-ай! Бұл не ғажап?!. Не жұмбақ?!. Алқынғаннан жүрегі аузына кеп тығылады. Тілін кәлимаға әрең келтіріп, өзі білетін дұға-аятты ішінен қайыра-қайыра қайталағанда ғана әлгі көзге көрінбейтін дүлей сұлба кері серпілгендей, бойы жеңілдеп өзіне-өзі әзер дегенде келіп меңзығыр күйде недәуір мезет жатады қозғалмай. Бұл нәрсенің не пәле екендігін білмей, түсіне алмай басы әңкі-тәңкі.

Сол қапталдағы кереуеттегі Ғинаят деген жігіт те қатты науқас. Бұл жігіт «үш аймаққа»[2] әскер болған. Оның да мазасы жоқ. Ары-бері дөңбекшіп, аунап, сандырақтайды. Түсініксіз, шым-шытырық бірдеңелерді айтады. Кейде сақ-сақ күледі. Санжыңқы деген аспазда екі бөлке наным бар, соны алып бір тоя жеңдер дейді. Біресе үйінде қалған ұлы Мұраттың атын атап: «Қарғам, сен әлі жассың ғой?!. Ер жетіп, мені қашан іздер екенсің?! – дейді. – Мен айдалып бара жатқанда егілгеннен етегің жасқа толып еді, әлі жылап жүрмісің?!.» – дейді әйелі Қатышпен кәдімгідей «сөйлесіп». Сандырақтап, аузынан шыққан сөздері қиыспай, пышырайды: «Шиху соғысында Гоминдан (Жанхайшы) хансуларды қойдай қырдық» – дейді алақайлап. Қайта-қайта «Қабанбайлап» жатып көз жұмды...

Нұры сөнген қос жанарында кекті арман қалды!..

[2] *Үш аймақ* – Алтай, Іле, Тарбағатайдың бірлескен әскерін осылай атаған.

– Жаның жәннатта болсын! – деді Тәкен Ғинаяттың көздерін жауып жатып.

Отрядта күнде жиналыс. Аядай жерге жүз қаралы кісі азар сияды. Жер кепенің төбесі тапал. Төрде биіктігі кісі бойындай Мао Цзедунның[3] суреті сүйеулі тұр.

Қарама-қарсы көлбеу бөренеге ала арқан байланған. Оған еңбеккүн орындамағандар, абақтыдан қашуға әрекет жасағандар және Маоның сөзін жақтамағандар мен саясатқа қарсы шыққан кісілерді тұтқындардың көз алдында аспаққа асып қояды.

Лагерьде Кәрім-Жәмила деген ерлі-зайыптылар болды. Жәмиланың аяғы ауыр, жүріп-тұруы қиын. Еңбек нормасын орындай алмайды. Қазір сол әйелдің мәселесін қарағалы жатыр.

Тұтқындар арасындағы жағымпаз, саткын, екіжүзді жігіттерді бір сағат бұрын абақты әкімшілігі кеңсеге шақырған. Солардың біреуі, Мамырбек есімді бадырақ көз, тарамыс қара жігіт:

– Қазір жиналыс болады, Жәмиланы талқылаймыз, – деді құдды аса маңызды іс тындыратындай әкіреңдеп. – Сол үшін ол жауызды сөге-жамандап, көрген-білгендеріңді айтыңдар! Күнәларың жеңілдейді, – деді айқайлай сөйлеп.

Бет-жүзі сұп-сұр, бадырақ көз семіз Мамырбектің түкірігі жерге түспейді. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Ақжемдене тозығы жеткен алабажақ киімді тұтқындар Мамырбекті иттің етінен жек көреді. Қазір де іштерінен сыбап тұр. Бетіне ештеңе айта алмайды. Олай істесе, абақты бастығына жамандап, әлгі адамның жон арқасын жалаңаштап дүре соқтырады. Оның қасында өзге де сұмпайылар жетерлік. Бірақ, ең аяры, ең қауіптісі – осы Мамырбек.

Тәкен бастаған жігіттер қабат-қабат, қалың киініп жатыр. Өйткені жиналыста тақылдап сөз сөйлеп, талқыға түскен кісіге жала жаппасаң ала арқанның астына апарып тұрғызады. Аямай сабайды.

– Болыңдар, жылдам! – деген өктем шыққан дауыс естілді.

Тұтқындар аласа ағаш орындықтарын, Маоның суреті мен кітәбін ұстап, аяқтарындағы кісендері шылдырлап бірін-бірі итермелей жер үйге кіріп жатты.

[3] *Мао Цзедун* – Қытай Халық Республикасының төрағасы.

Әуелде Маоға арналып баяндама оқылды. Тұтқындар бастарын салбыратып жалаңбас тұр. Үрейден көздері бақырайып кеткен. Киімдері жұқа, жертөле іші суық, сыз. Баяндама оқылып болған соң бір белсенді топ алдына шығып, Маоның суретіне тағзым ете сөйлеп кетті:

– Аса мәртебелі, Ұлы көсем! – деді барынша иіліп. – Сізге айтарымыз, қасақана еңбек нормасын орындамайтын Жәмиланы күрес қылмақшымыз!.. Жазасын бермекшіміз!.. Сол үшін де өзіңізден рұқсат сұраймыз!..

Бойы бір тұтам шілтиген түрме басшыларының бірі:

– Отырыңдар! – деп айқай салды. – Енді, еңбек нормасын орындамаған Жәмиланың әңгімесін тыңдайық. Не деп құйқылжыр екен?!.

Екі-үш жандайшап Жәмиланы сүйреп алдыға шығарып, ала арқанның астына апарып тұрғызды. Жәмила:

– Мені соттарда аяғым ауыр болатын, – дей беріп еді, басшы хансу:

– Өтірік соғып тұр! – деп жекірді. Шілтиген неменің дауысы мұндай ащы болар ма?!.

– Іштегі сәбиім алты айлық... Жұмыс істеуге шамам жоқ... – Ары қарай айтқызбады. Белсенділер жетіп барып:

– Мына кері төңкерісшінің айтып тұрғанын қара? Маоның сөзінен үзінді оқымады!.. Оқығысы да келмейді!.. Данышпан көсемді аузына да алған жоқ, – деп екі жақтан кергілеп әкетті. Бірнеше тұтқын Жәмиланы қолдарымен нұсқап, еңбек нормаңды орындамағаның дұрыс емес деп жағымпаздана сөйлеп тұр.

Шілтиген бастық жандайшап біреуді шақырып, құлағына сыбырлап еді, қалған белсенділер ала арқанның бір ұшын екіқабат әйелдің мойнына байлап, екінші ұшынан қатты тартып жоғары көтерді де, төмен тастап жіберді.

Қара терге түсіп қиналған әйел:

– Жоғалсын фашист! – деуге тілі азар келіп, талықсып қисая берді.

– Өлді-ау! – деген дауыстар жамырай шықты.

Кәрім орнынан атып тұрып:

– Жоғалсын жауыз Мао идеясы! – деп аяқтарындағы кісені шылдырлай қарғып барып келіншегінің басын сүйеді.

Шолақ белсенділер жан-жақтан анталай тұра жүгіргенде, сығырайған білте шамдар жалп-жалп сөніп, жер үй ішін әп-сәтте қараңғылық басты. Біреуді-біреу біліп болмайды. Шылдыр-шылдыр кісендер... «Жойылсын!.. Жоғалсын!..» деген дауыстар қатты-қатты естіледі. Шілтиген бастық хансу сыртқа шығып кетті де, артынша қолдарына аспалы шам ұстаған 15-20 әскер кіріп, тұтқындарды шетінен ұрып-соға бастады. Далада бірнеше дүркін мылтық атылды. Тағы да абажадай 5-6 шам әкелінді. Жер үйдің ішіне сәуле шашырады. Бастық хансуға еріп 4-5 әскери шенділер кірді. Жәмила сұлық жатыр, басын көтерер емес. Әскерилер Кәрімді аямай ұрып, соңында аспаққа асты. Таяқ жеп құлаған 7-8 тұтқынды зембілге салып алып кетті. Әскери бастық:

– Шамды сөндіріп, белсенділерді ұрған кім? Тауып беріңдер? – деді айқайлап.

Тұтқындар үнсіз. Бастық хансудың түкірігі шашырап, ағаш үстелді ұрғылады. Ақыры тұтқындардан жауап болмаған соң, ойлануларыңа екі сағат беремін деп, шолақ белсенділерді ертіп шығып кетті.

Екі сағат өтер-өтпесте құлақ жарған ысқырық естілді. Тұтқындар тікесінен тік тұр. Мұндай ұрып-соғулардың неше түрін бастарынан өткеріп жүрсе де жүректері әбден шайлыққандықтан, қорыққандарынан дір-дір етеді. Сіңірлері шыққан аш-арық байғұстардың көрмеген құқайлары қалды ма?!. Бастары салбырап, неге де болса көнген. Көнбегенде, төзбегенде не істейді?!.

Әскери шенділер шолақ белсенділердің айтуымен Тәкен бастаған 13 адамның аты-жөнін оқып, бөлек алып кетті. Шеткі бос бөлмеге апарып, тыр-жалаңаш шешіндіріп, аяқ-қолдарын байлап шыбықпен ұра бастады.

Бастапқыда Тәкеннің еш жері ауырмап еді, аз өткен соң жон арқадан шып-шып тиген ащы соққыны көтере алмай құлап түсті. Ертеңіне көзін әрең ашты. Денесі көкпеңбек. Қасында Дүйсеке отыр. Оның да тұла бойы ісік.

Сол күні Жәмиланың күйеуі Кәрімге 15 жылға бас бостандығынан айырған бұйрық шықты. Бұрынғы мерзімі 10 жыл еді, енді 25 жыл отыратын болды.

«Бәрі де Алланың тағдыры!.. Жазмыштан құтыла алмайсың!.. Қасымдағылардан артық емеспін!.. – деп түйді Тәкен. – Қамақтан құтылар күн бола ма?!. Бір күн аял қылмай жолда өлсем де, туған жеріме тартар едім...»

***

Бірер күннен соң абақты бастығының орынбасары жиналыс ашып:

– Таяуда Үрімжіден Маоның өкілі келеді. Сендерге жақсы жаңалық әкеле жатыр. Сол қуанышты хабарды жеткізуге асықтым. Енді не істеуіміз керек, білесіңдер ме? – деп үнсіз тұрған тұтқындарға жағалай қарап шықты.

– Дайындық керек, – деді ешкім үн қатпаған соң. – Лагерьдің іші-сыртына данышпан Маоның сөздері жазылсын! Әрбір тұтқынның кереуетінің басына қанша жылға сотталғаны жазылып ілінуі тиіс. Камераларда айшықты, үлкен жазулармен «Қарнымыз тоқ! Маоға көп рахмет!..» деген мағынадағы плакаттар жазылып ілінсін!..

«Ұлы көсем мың жасасын! Маоның «Құң и бең мен Құң шау беңдері»[4] жасасын!» деген жазулар жазылып, әрбір тұтқын көтеріп тұрсын! Лагерьдің іші-сырты айнадай тазартылсын! Басы артық бірде-бір шиді, шөп-шаламды көрмейтін болайын! Өкіл жүретін жолға 200 кісі шығып, жол шаң болмау үшін су шашып тұрсын! Өкіл келгенде артық-ауыс сөз болмасын! Бастарыңды төмен салмай, еңкеймей, еңселеріңді тік ұстаңдар!

Қабақтарың ашық болсын! Жүздеріңнен қуаныш белгісін – күлкі көретін болайын! Қал-жағдайларыңды сұраса, тұрмысымыз жақсы, қарнымыз тоқ деп айтыңдар! Жаман сөз естісем, менен жақсылық күтпеңдер?!. Ұқтыңдар ма?!.

***

Кәрия ентікті. Әсерлі әңгімеге ұйып отырған немерелерінің зәресі ұшты.

– Ата, бір жеріңіз ауырды ма? Шөлдедіңіз бе, әлде дәрі ішесіз бе? – деді орнынан ұшып тұрған Қуанбек.

– Аздап айран жұтайын... Шіркін көңіл неткен жүйрік десейші?!. Аласапыранға толы сол бір жылдар көкірегімде сайрап тұрса да еске алу қиын... ауыр...

[4] Құң и бең, құң шау бең – Білектеріне қызыл шүберек байлаған шолақ белсенділер.

Қуанбек атасына айран әкеп берді. Кәрия сусын ішкен соң еркін тыныс ала бастады.

– Ана хансуларды[5] айтам... Не деген қатыгез!.. Сұмдық қой!.. – Ибраһимнің көз алдына атасы айтқан оқиғалар елестеп мұңайып отыр.

– Е-е, боталарым!.. Менің басымнан өткен мехнатты ешкім көрмей-ақ қойсын...

Кәрия әңгімесін жалғады.

***

Бір жұма өткен соң түрме алдына үш «Уазик» машинасы кеп тоқтады. Сол күні кешке абақты ғимаратындағы биік қоршау шарбақтың бірнеше жеріне қосымша күзет қойылып, бес-алты жерге пулемет орнатылды.

Ертеңінде таңертең шолақ белсенділерді шақырып әкетті. Жарты сағаттан соң тұтқындарды қатар-қатар сапқа тұрғызды. Жиналыс барысында тәртіп бұзады деген 10-15 тұтқынды алыс түкпірдегі камераға қамап тастады.

Жиналыс басталды. Қара көзілдірік киген, сұр жылан секілді ілмиген, екі көзі қып-қызыл, арық, орсақ тіс хансу ағаш тақтайдан жасалған биіктеу сахна төріне шығып, тұтқындарды жанарымен шолып өтті де, жөткірініп, қызыл кітапты оқи жөнелді:

– Ей, кері төңкерісшілер! Миларыңа мықтап тоқыңдар! Барлық дұшпан атаулы біздің қас жауымыз! Олардың көзін жоймасаң жоғалмайды! Күн сайын үй ішін қалай сыпырсаңыз, оларды да дәл солай сыпырып, тазалап тұру керек!

Өкіл осылай деп аз кідірді. Ондағысы, тұтқындар сөзін қостап, қол соға ма деген дәме еді. Бірақ ешкім қол соққан жоқ. Ылажсыз сөзін ары жалғастырды:

– Мен орталықтан арнайы келіп отырмын. Сендер дұшпан болсаңдар да, жай-жапсарды түсіндіруді жөн санадым.

Одан соң өкіл мәдениет төңкерісінің ғажап екендігін, оған ұлы көсем Мао Цзедун тікелей басшылық жасап отырғандығын, мәдениет төңкерісі күллі әлемде әлі іске аспаған игілік екен-

[5] *Хансу* – қытай.

дігін, сол арқылы адам баласы өзгеше ой-санаға ие болатындығын айтты.

– Шын айтасыз ба?!. Рас болатын болса... бұл барып тұрған жауыздық ендеше! – деген айқай естілді.

Ашу-ызадан түкірігіне шашалған өкіл тығылып, сөйлей алмай қалды.

– Бұл не деген бассыздық?!. Айқайлаған адамды дереу табыңдар! Жонынан таспа тілейін! – деді дірілдей-қалшылдап.

Әскерилер ығы-жығы иін тірескен адамдар арасынан дауыстаған кісіні таба алмады. Қабақтары қатулы, сазарған, жүдеу тұтқындар мелшиіп, міз бағар емес. Қапырық ауамен араласқан сақау сарынның мысы басым; делбені сәл босатсаң басып-жаншитын түрі байқалады.

Өкіл зіркілдей сөйлеп тұр:

– Сендерді адам болсын деп ойлаймын! Жаным ашып айтып тұрмын. Бұл төңкерісті жек көретіндеріңді білемін. Сендерді ату оңай! Өле қаласыңдар! Сендерді бір жапырақ нанға зар қылып, аштықтан бұралтып, қинап, масаға талатып өлтіру керек! Сендерге сол сауап! Ұқтыңдар ма?!. Жаңағы айқайлаған адамды тауып беріңдер! Ол адам – барып тұрған оңбаған! Сендердің, дәл қазір үндемей тұрғандарың – оған жақтасқандарың!..

Қанша тәрбие берсе де түсінбейсіңдер! Оңбаған өңкей бұзықтар! Көздеріңе көк шыбын үймелетемін, – деп аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықты.

Сол сәтте өкілдің құлағына хансу басшылардың бірі сыбырлап бірдеме айтып еді, өкіл боқтығын қойып сөзін ары жалғастырды.

– Қай жерге келіп едім... Адамды қараптан-қарап жынды қылдыңдар!.. Қара басып, сөзімнен жаңылып... Ондайым жоқ еді... Енді есіме түсті... Ұлы мемлекетіміздің бүгінгі жағдайы ғажап! Қой үстіне торғай жұмыртқалаған заман! Күннен-күнге қарқын алып даму үстінде. Барлық завод-фабрикалар жұмыс ырғағын арттырып, мәдениет төңкерісіне кірісті. Барша бастауыш, орта, жоғары мектептерге көзі ашық оқыған мамандар келіп, бастық жасап дәріс беретін болды. Мектептерде пән сабақтарын тоқтатып, орнына Мао идеясын оқытуда. Ұлы көсем идеясы арқылы аспандағы айға, көктегі жұлдыздарға жетуге болады!.. – Өкіл осылайша біраз лепіріп-лепіріп, аз-кем тыныс алды да: –

Мен орталықтан әншейін текке келгенім жоқ. Естуімше, сендердің ет жемегендеріңе төрт жыл болыпты. Бұл жағдайды асыл текті Мао Цзедун естіп, сендерге қайырым жасады. Мейірімі түсті. Екі жүз грамм ет берілсін деп өкім шығарды. Ұлы көсемнің осы қамқорлығына алғыс-рахмет айтыңдар, – деп көздері жылтыңдап, неге қол соқпайсыңдар дегендей тұтқындарға қарады. Еш жауап болмаған соң, қасындағы түрме басшылары мен әскерилерге бұрыла қарап еді, олар құлықсыздау шапалақ соқты.

Осы кезде тұтқындар арасынан бір хансу сөз сұрады. Өкіл алғыс айтады деп ойлаған болуы керек, рұқсат етті.

Хансу тұтқын;

– Жақсылығыңыз, шынында керемет екен! Сонда ет күнде беріле ме? –деді.

Өкілдің табан астында түрі бұзылып, тұтығып:

– Екі жүз грамм дедім ғой, екі жүз грамм!.. Бұлай кесірлік танытсаңдар, сендерге екі жүз грамм ет түгіл екі түйір ет те берілмейді! Біле білсеңдер, бүкіл Жұңхуа[6] халқына да күн сайын екі жүз грамм ет берілмейді! Ондай май шелпектен біржолата үміт үзіңдер!

Бұдан соң тұтқындар өкілден төмендегі әңгімені естіп білді. Жаңадан тұтқын болып Шәуешек, Құлжа, Алтай аймақтарынан ұйғырлар мен қазақтар келіпті. Олардан ел тұрмысын, мәдениет төңкерісінің қалай қарқын алып жатқанын сұрағанда, басшы болып Қытай өкіметінің ең сенімді адамдарының арасынан Шәуешектің орынбасар уәлиі[7], ұлты моңғол Ошыржап таяқ жеп, ақыры өз қарнын өзі жарып өлгенін, Айдархан, Қабылғазы қатарлы көптеген қазақтардың ащы таяқтан қайтыс болғанын, Сұлтан, Әйіп, Темірғали Қайыңбаев сияқты кісілердің еш себепсіз түрмеге алынғанын, ел ішінде қаншама адамдардың өздерін-өздері бауыздап, асылып өлгенін, Шәуешектің байырғы тұрғындарын Шәуешектен қуалап, жер аударып, Суанға, әскери ауданның қарауына бергенін, мәдениет төңкерісі аз санды ұлттар ішіне жік салып, дағұр ұлтын «сендер сенімдісіңдер» деп қазақ пен ұйғырлардың үстінен қарайтын етіп қойғанын естіді.

---

[6] *Жұңхуа* – Қытайлық ұлт деген мағына.

[7] *Орынбасар Уәли* – алты-жеті кіші аудан қарайтын аймақтың әкімін – Уәли дейді.

***

1976 жылдың қаңтар айы. Далада сүйек қабар қара суық. Такла-Маканға қар жаумайды. Сырттағы суық онсыз да салқын, сыз камералар ішін кернеп алған. Тәкен қытай тобында. Үш күннен соң көрге де үйренесің дегендей, мехнатқа толы азапты өмірге ылажсыз мойынұсынған, көнген. Кейінгі күндері жақсы түстер көреді; ылғи кең далада немесе биік таудың басында жүреді. Оянып кетіп, түс екендігін біліп өкінгенімен, әдемі түстің әсерінен жаны жадырап, қуанып біразға дейін кірпігі айқаспайды. Нәзік үміт сәулесі жетелеп, көңіл шіркін самғап, қиялмен туған жеріне барып қайтады. Сөйтіп жатып ұйықтап кеткенін аңдамай қалады.

Бір күні азанғы шәйдан соң хансу бастықтың әйелі келіп:

– Осында бір қазақ бар деп естідім, сол адам сиыр сауа ма екен? – деп сұрады.

Тәкеннің жүрегі жарылардай қуанды.

– Сауғанда қандай, сауамын!.. Сиыр сауған бізден қалған!.. Асау болса үйретемін, сүтті де көп аламын! – деді қолды-аяққа тұрмай. Кісені шылдырлап әйелдің қасына жетіп келді.

Жас әйел тұтқын қазақтың лепірме сөздеріне сеніңкіремесе де, өзімен ілестіріп алып шықты. «Енді көп мақтанбайын, айтқанынан айнып қалар» деп әйелдің соңынан үнсіз ере берді. Сауатын сиыры алдына барсаң сүзетін, артына барсаң тебетін қарасан екен. Тәкен сиырдың басын қос мүйізден шалып, алдағы оттық ағашқа мықтап байлап, артқы аяқтарын қозғалмайтын етіп оны да байлап ақырын сауа бастады. Сиырдан жарты шелектей сүт шықты. Келіншек риза болды.

Тәкен сиырды күніне екі рет сауады. Түрме қақпасында тұрған кезекші әскерлердің де көздері үйренді, ары-бері шығуына тосқауыл қойған жоқ. Әйел ашық-жарқын, аққөңіл екен. Бұны тұтқынсың деп жатсынбай, іш тарта бастады. Отағасы жоқ кезде дастарханға шақырып, тамақтандырып қояды. Әйелдің жас шамасы 24-25-те. Ал бастық хансу алпыстың ішінде. Белі бүкірейген, бет-аузы шалбар-шалбар кәрі қытайдың жас келіншекке қалай үйленгенін сұрап білді. Бес-алты жыл бұрын Пекин қаласындағы қыздар институтында оқып жүрген қыз екен. Институтта азаттық армиясын қайта-қайта мақтап, бір жыл бойына студент қыздардың басын әбден қатырыпты. Өйткені Қытай армиясында жастайынан

әскерге шақырылып, үйленбеген еркектер көп. Сол «сүрбойдақтар» Маоға, «біздің еңбегіміз армияға сіңді, өмірден ұрпақсыз өтеміз бе?» деп арыз-шағым айтыпты. Ұлы көсем Пекиндегі қыздар институтына арнайы үгіт-насихат тобын жіберіп, ақыр соңында қыздарды көндіріп, әр қыздың қолына нөмір беріп (үйленетін еркектерге де нөмір ұстатып) сол арқылы өмірінде бет-жүзін көрмеген, танымайтын осы шалға тұрмысқа шығыпты.

Тәкен жас келіншектің жаутаңдаған жанарынан мұң көрді. Өз теңіне шықпай, әкесіндей адамға жар болғанына көңілі толмайтыны сезіледі.

Тәкеннің сиыр сауғанына екі айдан асты. Бастық хансу да, кезекші әскерлер де бұның ешқайда қашпайтындығына көздері жеткендей. Темірді қызған кезде соғуым керек деп ойлады Тәкен. Мұндай мүмкіндік кездесе ме, жоқ па?!. Абақтыда бірге жатқан хансу досы қытай тілінде «жолхат» жазып берді. Өйткені, жолхаттың қытай тілінде жазылғаны сенімді. Жол торып жүрген хансу ұлтынан өзге әскерилер қытайша жазуды көргенде, бастарын шұлғып, көп тексере қоймайды. Басқа тілде жазылса әкіреңдеп, қойны-қоншын тінтіп әуре қылады. Кісен бұзуға да әбден жаттыққан. У пияз арқылы ашады.[8]

Абақтыда жұмыс істейтін бір басшы хансудың ұлы үйленіп, тауық, үйрек сойып той жасады. Ол тойға үлкен бастықтың әйелі де баратын болды. Тәкенге сиыр сауатын шелегін қалдырып, сүтті үйге кіргізіп қойыңыз деді. Екі айдан бері ештеңе бере алмадым деп он сом ақша ұстатты. Тұтқындарға айына бір сом береді. Сол ақшадан үнемдегені, нан сатқаны бар Тәкен сегіз сом жинаған. Енді он сегіз сом болды.

Бастықтың әйелі тойға кеткен соң сиырды тездете сауып, жанжағына қараса ешкім көрінбейді. Күн көкжиекке құлады. Көп ұзамай ымырт жабылады. Тәкенге керегі сол. Лагерьдің батыс жағы қалың қамыс. Ар жағы барып-барып құмға ұласады. Соған жетсе болғаны.

Мұнара басындағы күзетші хансу әскері, төменге қарап екі қызбен сөйлесіп тұр. Ешкімге назар аударар емес. Тәкен қуанды.

[8] У пиязды аршып, кісенге орап, сыртынан шүберекпен таңып тастаса, екі аптадан соң былқылдап, үзілуге дайын тұрады.

Отыра қалып аяғындағы кісенді жұлып тастап, үй қасындағы суағар арыққа жасырды. Мұнара жаққа тағы назар тастады. Күзетші жерге түсіп, мылтығын сүйеп екі қыздың ортасында ары қарап сөйлесіп отыр.

– Тәуекел! – деді ширығып.

Бастапқыда биік қоршау-дуалды жағалай басбағып келді де, жүгіріп қалың қамысқа қойып кетті. Атша тулаған жүрегі алқымға кеп тығылды. Сәл аялдады. Қамыс арасынан мұнара жаққа қарады. Ешкім байқамаған сияқты. Көз байланды. Қалың қамыстан өтіп, шағыл құммен түн ортасы ауғанша жүрді. Жол басшысы – жеті қарақшы жұлдыз. Жобалауынша, солтүстік-батысқа тартып келеді. Қарны ашып, қатты шаршаса да бір елді-мекен кезігер деп тоқтаған жоқ. Таң атып келеді. Келе жатқан мөлшері дұрыс сияқты. Шөл қысып барады. Бір төбеден асқанда алдағы сайдан жылтырап бұлақ көрінгендей болды. Жан-жағы саздауыт екен. Жүрелей отыра қалып қолымен қазып еді, лай болса да су шықты. Сәлден соң лай тазарып, бұлақ көзі ашылды. Қаталап қатты шөлдеген екен, жата қалып ішті келіп. Былайырақ барып, көгал үстіне қисайды. Қалжыраған ұлы денесі тыныштық тілеп, көздері кілегейленді. Ұйықтап кеткенін білген жоқ. Недәуір уақыт өтсе керек, селк етіп орнынан тұрды. Дәл төбесінде бозторғай шырылдайды. Айдалада жападан-жалғыз. Тұсау бойы көтерілген күміс күн шекесін қыздырды. Жан қалтасындағы малтамен жүрегін жалғап, алға жүрді.

– Абақтыдағы азапты күндерден осыным артық!.. Шәуешек қаласына қалай жетем?!. Тоқтай қал, Тәкен?!. О-ой, Шәуешек қайда, біреу қайда?!. Ажалым жетсе өлермін?!. Тағдырдың басқа салғанына көндім!.. Өзге таңдау, өзге жол бар ма, өзі?!. Нар-тәуекел!..

Өзіне-өзі серт бергендей, дауысы шығып ширыққан Тәкен сол күні тоқтамастан жүріп, кеш бата Такла-Макан құмының қиыр шетіндегі ұйғырдың шағын қоржасына[9] жақындады. Елді-мекенге бірден кіруге болмайды. Өйткені барлық жерде өкімет құтыртып, еліртіп қойған «құң и бендер мен құң шау бендер» бар. Олар абақтыдан қашқан тұтқынды былай қойып, ары-бері жүрген жергілікті халықтың өзін тексеріп, қан қақсатып жатқанын естіген.

[9] *Коржа* – Бірыңғай аласа там үйлер.

Күн ұясына қонды, ымырт жабылып келеді. Қоржаның шетінде оқшаулау тұрған бір үйге келіп, есік сыртынан тың тыңдады. Ерлі-зайыптылар болуы керек, еркек пен әйелдің дауысы шығады. Тоқты есімді «құң и бең» бір ақсақалды жазықсыздан-жазықсыз аямай ұрғандығын, оның еңкілдеп жылағанын әйел айтып жатыр. Жаны ашығандары ғой. Аяныш білдіргендері адамшылық емес пе?!. Жаман адам болмаулары керек.

Тәкен есік қағып, сәлем бере ішке енді. Ерлі-зайыптылар бір-біріне қарап аң-таң. Өңі жүдеу, киімдері ескі мына бейтаныс кісі аспаннан түсті ме?!. Отағасы аз кідіріп барып:

– Қазақсыз ба?!. – деді жылыұшырап. – Жоғары шығыңыз.

– Қазақпын.

– Лагерьден келесіз бе?!.

– Иә... Оны қайдан білдіңіз?!

– Түр-сықпытың айтып тұр...

Бұл жерде түрмедегі кесімді күндері бітіп, жұмысшы деген атпен тыңшылық жасауға қойған қазақтар тұрады. Бұл үйелменді капитализм жолына түскен деп «қалпақ» кигізіп, жігіттің әкесін абақтыға жауып, өздерін бақылауға алыпты. Қоржадан ұзап шығуларына болмайды. Олардың қазір бір сиыр, бес қой, отыз тауығы бар екен. Тәкен жүгеріден пісірілген он бөлке нан сатып алды. Сол үйде түнеп, таң қылаң бергенде қаптағы нанын арқалап, үй ішіне алғыс айтып жүріп кетті.

Кешке таман Шаяр қаласының батыс жағымен келе жатып, Күшәрға баратын тас жолға бұрылғанда тоқтап тұрған машинаға жолықты. Жүргізуші хансу машина астында бір жерін жөндеп жатыр. Дауыстап сәлем берген соң машина астынан шығып сәлемін алды. Темекі тұтатып, бір талын бұған ұсынды.

– Шылым шекпеймін, – деді Тәкен.

Жүргізуші үндеген жоқ. Тәкен босқа тұра берудің ретін таппай, қолына шүберек алып, машинаның шаң басқан әйнегін сүрте бастады.

– Анау жердегі бұлақтан екі шелек су әкелсең қайтеді? – деді шофер.

Тәкен түсі суық, бейтаныс хансудың суға жұмсағанына қуанып, өтінішін жылдам орындады. Жүргізуші машинасын от алдырып:

– Қайда барасың? – деді өңін жылытып.

– Қарашәріге.

– Отыр, жүрейік.

Машина жүріп келеді. Екеуі де үнсіз. Өзі сұрақ қоймаса, қандай тақырыпқа әңгіме айтуға болады. Ақырын шоферға қарап қойды, ол жұмған аузын ашар емес. Күдіктене бастады. Қанша дегенмен хансу. Бұның абақтыдан қашқанын біліп отыр-ау, шамасы. Ұстап беріп сорым қайнай ма деп уайымдады. Бір кезде шофер:

– Түрмеден қашып келесің бе? – деді мойын бұрып.

Тәкен басын изеді.

Күшар қаласына жеткен соң асханадан ас ішті. Тәкен есеп айрыспақ еді, шофер ақша төледі. Екеуі тағы жолға шықты. Машина жарығы түн түнегін тіліп келеді. Ызыңдаған мотор үнінен өзге дыбыс жоқ. Жол бойында көлік аз. Қараңғы түн мұңға жетелейді. Алдағы күні беймәлім. Шекарадан өтіп, туған жеріне жетсе! Ата-мекеннен артық не бар!

Қалың ой жетегінде өзімен-өзі отырған Тәкен селк етті. Көлік жүргізуші хансудың үнсіздіктен іші пысса керек, әңгіме бастады.

– Түрмеден қашу оңай емес! Менің ағам да мәдениет төңкерісінде ұлы көсем Мао идеясына қарсы шығып, қудалауға түсті. Қазір Шанхай түрмесінде. Мао әбден қартайды, өзі сырқат. Ойына келгенді істеп жатыр. Жұрттың берекесі қашып, ыңыршағы шықты. Соңы не болар екен?!.

– Ажалы жетпей тақтан кете ме?!. Мәңгілік кім бар жалғанда?!.

– Дұрыс айтасың?!.

Бұдан ары екеудің әңгімелері үзілді. Қайта-қайта есінеп мазалары қашқан соң, хансу машинасын тас жолдан алыстау бұрып, кабина ішінде отырып екеуі ұйықтады. Таң ата қозғалып, көп ұзамай Қарашәріге келіп жетті.

– Осы жерде қаласың ба? – деді хансу.

– Үрімшіге барушы едім, – деді Тәкен.

– Мен Тақияға[10] барамын, сол жерден Үрімшіге пойызбен жетуге болады.

Қас қарайып, жұлдыздар көріне бастағанда Тақия станциясына жетті. Темір жол вокзалы басында кісілер қара-құрым. Шыңжаңда жағдай жақсы дегенді естіп, ішкі өлкеден ағылған

[10] *Тақия* – қалашық.

қалың ел. Көпшілігі бала көтерген әйелдер.Аш-арық, жүдеу кейіп-кеспірлерінен кісі шошиды. Қарындары ашып, тамақ сұрап жылаған сәбилер. Ауырып, ыңырсыған кәрілер. Асхана толы адам. Қалталарында тамақ ішуге ақшалары жоқ жолаушылар жаутаңдап, үстел үстіндегі нан қалдықтарын таласа-тармаса жеп жатыр. Билет сататын алакөлеңкелеу залда екі шиеттей бала мен бес-алты адамның теңкиіп, өліп жатқанын көріп төбе құйқасы шымырлады.

Білектеріне қызыл шүберек байлаған, жолаушылар пойызын шығарып салатын он шақты белсенділер жүргіншілерді кезекке тұрғызып, тәртіп сақталуын тәптіштеп түсіндіріп жүр. Өңкей хансулардың арасында қазақтан жалғыз Тәкен ғана. Ана шолақ белсенділер келіп тексерсе, құжатын сұраса шаруасының біткені ғой. Күні бұрын үрейім ұшқаннан, қорыққаннан не қайыр?!. Болар іс болды...

Бір кезде қалың хансу ішінен оң білегіне қызыл шүберек байлаған бір жас жігіт тақау келіп:

– Сіз қазақсыз ба? – деді іш тарта.

– Иә, қазақпын...

Туған інісін көргендей қуанып, жай-жапсарын айтып жатыр.

– Такла-Маканнан келемін... Халық жауы ретінде қылмысты болып сотталып едім, мерзімім бітіп қайтып келе жатырмын.

Жігіттің есімі Айтыкен екен. Сүйегі Байжігіттің ішінде Шотай екенін біліп, тіпті қуанды.

– Үй ішін Дөрбілжің ауданынан көшіріп әкеліп едім, келіншегім мен балаларым қазақты қатты сағынып жүр, – деді Айтыкен.

– Шіркін, қанды қойсаңшы?!. Ой, айналайын!.. – Көзіне келген жасты тежеп, жүрегі елжіреді.

– Аға, біздің үйге қонып, дәм татып кетіңіз. Қай пойызға болса да, ертең өзім отырғызып жіберем.

– Мақұл, – деді Тәкен.

Айтыкеннің үйі бір бөлмелі екен. Сәлем беріп үйге енгенде орта бойлы аққұбаша келіншек:

– Құдай-ау, қазақты көретін күн бар екен-ау! – деп жылап коя берді.

Шәй қайнап тұр екен. Әп-сәтте дастархан жайып, 9-10 жастардағы тете екі ұлды ұйықтап жатқан жерлерінен оятты.

– Қайрат, Қайсар тұрыңдар! Ағаларың келді!..

Тәкен екі баланы құшақтап, бауырына басып, беттерінен сүйді.

Келіншек сыртқа шығып тез оралды. Бір тегене ет әкеліп қазанға салды. Шәй ішіп блған соң Айтыкен:

– Аға, қазақ көрмегелі біраз болды. Әсіресе келініңіз, шіркін бір қазақ көрсем деп армандаушы еді! Аллаға шүкір! Әңгіме тиегін ағытыңыз!.. Әу демейтін қазақ жоқ!.. Шырқата ән салыңыз!.. Қазақ әндерін сағындық!..

– Айтам айналайын, айтам!.. Қазағымның әнін сағынған жүректеріңнен айналдым!..

– Абақтыда қанша отырдыңыз, сонда?!.

– 1962 жылдан есептей бер. Қазір 1976 жыл.

– Ой, аға!.. Сіздің сонда он төрт жылыңыз түрмеде өтті ме?!.

– Солай...

– Не деген жансебіл, жаны сірі адамсыз?!.

– Басқа түскен баспақшыл...

– Иә, «көресінді көрмей көрге кірмейсің», деуші еді атам жарықтық.

– Айтқаның рас.

– Торғайдай тоз-тозы шыққан қайран қазақ!..

Аққұбаша өңді көркем келіншектің көңілі бос екен. Көз жасын тағы көл етті.

– Сен енді бүйтіп жылай берме, – деді Айтыкен әйеліне. – Ағаны да, бізді де жасытпа!.. Тік ұста еңсеңді!.. Мін қайратқа!.. Әңгіме тыңдалық.

– Айналайын, жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл деген. Келіннің есімі кім?

– Айып етпеңіз!.. Қорыққан мен қуанған бірдей деп... Есімі Салтанат келініңіздің.

– Салтанаттарың келіссін, айналайын!..

Тәкен басынан кешкендерін, 1962 жылы кәрі әкесі мен балалары, әйелі мен аға-інілері, қарындастары Қазақстанға өткенде абақтыда отыруы себепті жат жұртта ылажсыз қалып қойғанын, бұдан бұрын туған елге үш рет қашуға әрекет жасағанын, зындада жатқанда шығарған «Сағыныш» өлеңін оқығанда келіншек солқылдап тағы егілді.

Тұтқынмын, кісендеулі мен бір жатқан,
Азаптан бір тал қылдай семіп, қатқан.

Тар зындан – домбырадай күмбір қағып,
Тартамын халық зарын жанға батқан...

Көктемнің иісі келді қарсы беттен,
Құстардың тамылжыған даусы жеткен.
Боран, жаңбыр, сұрапыл дауыл, құйын.
Шеру тартып, үстімнен басып өткен.

Шашым өскен, сақалым белге түскен,
Аштық жеңіп, сусырап, есім кеткен.
Бірде қайта тіріліп, буырқанып,
Түйілген жұдырығым мәңгі кектен!

Жегідей жеп жанымды осы тұрмыс,
Сағынамын күнменен, нұрлы жұлдыз...
Иненің жасуындай жарық тапсам.
Тар құдықтан қараймын алып тыныс.

Мәжнүндей өңім қашқан жанталасып,
Етбеттеп қара жерге бауыр басып.
Мен үшін бар бақыттан асқақ тұрған.
Азаттық, болдым міне саған ғашық!..

Жоқ жауым, аярлығың түпке жеткен,
Баладан, жардан бөліп тентіреткен.
Түрегеп ән-ұранды айтам жалғыз,
Қаныма, жүрегіме жалын еккен!..

Салтанаттың бұлайша егілуінде сыр бар екен. 1962 жылы әкешешесі мен екі ағасы Қазақстанға өткеннен хат-хабарсыз көрінеді.

Тәкен түн ортасы ауғанша әңгіме айтып, өзі білетін халық әндерін шырқап, шерін бір тарқатты.

Таңертең Айтыкен:

– Мына киіміңізбен жүру жұрттан ұят. Әрі күмән туғызасыз, – деп өзінің бір қабат таза киімдерін қоярда-қоймай кигізіп жіберді.

Салтанат қоштасарда:

– Аға, Шәуешекке аман-есен жетсеңіз, Қазақстанға өтудің қамын жасаңыз!.. Ұшарға қанатымыз жоқ, әттең!.. Туған елге түбі бір жетерміз, – деді көңілі босап.

Айтыкен Тәкенді пойызға отырғызып жіберді. Пойызға жол алыс па, үш сағатта жетті. Түскен бетте жол хатын көрсетіп, Дөрбілжіңге баратын автобусқа билет алды.

Автобус ішінде отыз шақты адам. Көпшілігі хансу. Оқушылар болуы керек, бір-екі қазақ қыздарын көрді. Үш-төрт жерден тексеруден өтіп, жолда бір түнеп Дөрбілжіңге жетті.

Көктем күшіне еніп, қар ери бастаған. Тәкен автобустан түскен соң қайда барарын білмей тұрып қалды. Әкесінің малшы інісі тұратын. Сұрастыра келсе әлі қыстаудан көшпепті. Енді қайтсе болады? Есіне әйелінің астық мекемесінде жұмыс істейтін немере ағасы түсті. Есімі Асқар болатын. Қарсы жолыққан бір кісіден сұрап еді, қай көшеде тұратынын айтып берді. Үйге келсе екі жігіт пен бір бойжеткен қыз отыр. Сәлемдесіп төрге озды. Сәлден соң 7-8 жастағы қыз бала есіктен сығалап, келген кім деп сұрады. Үйдегілер білмейміз деді. Кішкентай қыз жүгіріп кетті де, сәл өтпей Алтынсары жеңгесінің терезе алдынан өткенін көрді. Екеуі құшақтасып көрісті.

Балалар аң-таң.

– Нақақтан нақақ сотталып едің!.. Аяқ-қолың сау, аман-есен оралғаныңа шүкір, – деп қояды көз жасын сүрткен Алтынсары. – Бұл кісі, біз дәйім айтып жүретін ағаларың Тәкен.

– Жас өсіп, жарлы байымай ма?!. Ой, Алла-ай!.. Бәрі үлкейіпті...

Тәкен орнынан тұрып балалардың беттерінен сүйді.

– Анау отырған Хамит, одан кейін Сағит, мынау өзің білетін үлкен қызым Қайша, – деп таныстырды жеңгесі.

Балалар манағыдай емес, жылы шырай танытып, Тәкеннің жүдеу түріне қарап аяп отыр. Шәй үстінде Асқар қайынағасы келді. Амандасқан соң қолын жуып қатар келіп жайғасты.

– Мерзімің бітіп, біржолата босап шыққаның рас па? – деді сенбеген түр танытып.

– Шын...

– Бұл жақта тұру үшін әйел алуың керек!.. Әйтпесе болмайды!..

– Ол қиын шаруа ғой!.. Ана жақта отбасым, бала-шағам бар.

Қайынағасының әңгіме ауанын жақтырмай қалғанын сезген Тәкен үндемей құтылды.

– Ол әңгімені қоя тұр... Өзіңнің жолхатың бар ма?!. Бар болса маған бер, сақшыға[11] мәлімдеп келейін.

Асқар шапшаңдата шәй ішіп, Тәкеннің жол хатын алып, кеңсеге кетті.

– Қайынағаң мәдениет төңкерісі кесірінен, алты ай түрмеде жатып қатты соққы жегеннен ауру, миы шайқалған. Бұлтты күндері «басым-басым» деп жатып қалады. Содан бері әсіре сақ және қояндай қорқақ, – деді жеңгесі мұңайып.

Тәкен ол сөзге аса мән бере қойған жоқ. Жамандыққа қимас, сатпайтын шығар деп есептеді. Кешке үйге оралған қайынағасы:

– Хансу басшылар жоқ екен, қазақ белсенділеріне көрсеттім. Олар жол хатты анық ажырата танымады. Сен кепіл болсаң сенеміз ғой, – деді.

– Рахмет, – деді Тәкен.

– Бұтаға қорғалаған торғайдай бізді қара тартып келдің ғой, алаңсыз жата бер...

Тәкеннің қуанышы қойнына сыймады. «Бәсе-бәсе!.. Өкпеге қиса да, өлімге қимайтын туыс емеспіз бе?!.»

Осынау жылдар ішінде көрген-білгендерін, түрмедегі ашаршылықтан, ащы таяқтан өлген тұтқындарды, бастан өткерген азаптарын әңгімеледі.

Қайынағасы кейбір мәліметті қайталап сұрап, өлген кісілердің санын тәптіштей біліп алды. Аққөңіл Тәкен бірін қалдырмай айтып шықты. Асқардың үйінде бес күн қонды.

Келесі күні әкесінің інісі бұның келгенін естіп, үлкен баласынан ат жетектетіп жіберіпті. Екінті мезгілінде ағасының үйіне келді. Аға-жеңгесімен жылап көрісті. Көрші-қолаң да қаптап кетті. Аула іші у-шу, мәре-сәре. Бәрінің назары қапсағай денелі, қаршыға көз жігіт ағасында. Бетіне пышақ жаныңандай жүдеу болғанымен көздерінде от бар, алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы білінеді.

Қуанышы қойнына сыймаған ағасы абдырап жүр. Бір семіз қойды әкеп сойып, бас-сирақтарын ылпылдатып үйіп тастады. Әне бір қазан ет қазанда қайнап жатыр. Түннің бір уағына дейін

[11] *Сақшы* – милиция.

ағыл-тегіл әңгіме айтылды. Сөйлеуші – Тәкен, сұрақ қоюшылар үйге жиналған қонақтар.

Таңертең тұрып жатқанда сақшы формасындағы екі қазақ жігіті үйге кіріп келді. Түстері өрт сөндіргендей, қабақтарынан қар жауады. Сәлем беріп, отырар-отырмаста Тәкенге қарап:

– Сізді кеңсеге шақырып жатыр, – деді.

– Тыныштық па, бауырлар?!.

– Барған соң білесіз жай-жапсарды.

– Олай болса, інімнің орнына мен барайын... Менің қонағым ғой ол, – деді ағасы орнынан тұрып.

– Ол не дегеніңіз?!. Іниіздің көріне сіз түспейсіз ғой?! – Сақшының біреуі дауыс көтерді. – Барып қайтады... Жағдай солай... Қаласаңыз, сіз де еріп жүріңіз.

Екінші сақшы:

– Асқар кіміңіз болушы еді? – деді Тәкенге тесіле қарап.

– Қайынағам.

– Түсінікті...

Сөзінің мәнісіне қарағанда, бұл шұғыл шақыртуға қайынағаң себепші деп тұрған сияқты. Ешнәрсені жасырмай, бүкпей, түрмедегі көрген-білгендерін жіпке тізгендей ақтарып еді-ау!.. «Аңқау басым!.. Ұсталды деген осы!.. Қош, бостандық?!. Сонша лық шүйіліп, сұрап еді-ау қайынағасы... Аяр, екіжүзді неме?!.»

Ағасы екеуі екі атқа мініп, сақшыларға ілесіп жүріп кетті. Шаһар ортасында сұрқай, еңселі екі қабатты ғимаратпен жапсарлас түрме үйі бар екен. Соған әкелді де, бірнеше құлпы бар темір есікті шылдырлата ашып ішіне кіргізіп жіберді. Қараңғылау камерада алты-жеті қазақ отыр. Құдды туыстары келгендей арқа-жарқа амандасып, шұрқырасып сырттың жаңалығын сұрап-біліп жатыр. Бұларға жабылған жала, қылмыс дейтін емес, болар-болмас дүние. Кеңес елімен ниеттессіңдер, туыстарың сол жақта, сәті келсе қашуға дайынсыңдар деп айып тағыпты. Араларында Дөрбілжің ауданының сот басшысы Ғабитхан да бар. Кеңес одағымен еш байланысым жоқ десе де, сенбей, осында әкеп қамаған. Қалғандары жас жігіттер. Олардың бар айыбы – Кеңес радиосын қалт жібермей тыңдайды екен.

Тәкенді түн ішінде тергеуге алып келді. Қайынағасының үйінде айтқан әңгімелерін сұрады.

– Әйел алмаймын, үйленбеймін депсің?!. Бұл қалай?!.

– Әйел алатын, той жасайтын ақшам жоқ... әрі дайын тұрған қалыңдық бар ма?!.

– Сөзін қара мына неменің?!. Қатын алу қиын ба сонда?!.

– Тауып берсеңіздер үйленейін...

– Такла-Маканда қанша адам өлді? Қандай тамақ іштіңдер? Мұның бәрін неге жария қыласың, а?!. Жерге қағып жіберейін бе, әлде жоныңнан таспа тілейін бе?!. Мерзімді күнің бітпей, абақтыдан қашып шыққаныңды білесің бе, сен қашқын?!.

– Сөз шығындап қайтесің бұған?!. Камераға бар сілімтік!.. Сенің мойындаған-мойындамағаның бізге көк тиынға керек емес?!.

Тәкенді бұдан соң сұрақ алуға шақырған жоқ. Бір жұмадан соң түрмеден қашқаны анықталып, қайыра абақтыға жүретін болып ұйғарылды.

Бұрынғы сот бастығы Ғабитхан:

– Такла-Маканға тағы баратын болдың. Біз де жетерміз соңынан. Естелік жазып қалдыр, – деп қарындаш пен ақ қағаз ұсынды. Тәкен ойланып, төмендегі өлең жолдарын жазды:

Көктен бір жасын түсіп, өрт кетсе егер,
Артынша жердің жүзі ду көгерер.
Болғанда, сол уақыт оралармын,
Көтеріп, ырыздығым дәм тартса егер...

Тар қапастағы тағдырлас жандар төс түйістіріп, құшақтасып қоштасты.

Көздерін орамалмен таңып, аяғына темір кісен салып, екі қолын артқа қайырып арқанмен байлады. Арқанның бір жақ ұшын хансу әскері ұстады. Тағы екі сақшы қосылып, жетектеп автобусқа әкеліп отырғызды. Жеті күннен соң лагерьге жетіп, тұтқындар арасына әкеп қосты. Аяғына кісен салынды.

***

Әсерлі әңгімеге елітіп, үнсіз отырған ұлдар жамырап қоя берді.

– Көрмегеніңіз жоқ екен-ау!.. Сұмдық!.. – деді көңілі бос Қуанбектің көздері боталап.

– Боевик кинодағыдай! – Әсершіл Ибраһим толқығаннан орнынан тұрып кетті.

– Ызғарлы түрме камералары көз алдыма келді!

Ғаламтордан атыс-шабысқа толы кино көруден жалықпайтын Айболаттың аузы ашылып, таң-тосын:

– Атам, бүгінгі күннің хас батыры!.. Не деген патриот!.. Гарри-Потердің гипноздығы болмаса, атам басынан өткерген бұралаң жол шытырман кинофильм емес деп кім айтар?!.

– Е-ей, құлындарым!.. Қайдағы фильм?!. Қайдағы кино?!.

– Енді не дейсіз?!.

– Тағдыр!.. Жазмыш!..

– Тағдыр деген не ата?!. – Айболат тосын сауал қойды.

– Тағдыр дегеніміз, шыр етіп жарық дүниеге келгенде, Алланың бұйрығымен маңдайға жазылған адамның ғұмыры.

– Қызық!

– Естімеген әңгіме, – деп кәрияның немерелері ынтыға түсті.

– Шуламаңдар, – деді Қуанбек үлкендігін танытып. – Тағдыр туралы айтыңызшы, ата?!.

– Тағдыр дегеніміз, әркімнің басынан өтетін жақсылық пен жамандық, байлық пен кедейлік, бақ пен дәулет, қызмет іспетті істерді Алланың алдын-ала белгілеп қоюы.

– Сонда біз робот болғанымыз ба?! – деді Айболат. – Қалайша?!.

– Жоқ, – деді кәрия – Алла тағдырымды алдын ала белгілеп қойған, жақсы-жаман, кәпір-мұсылман болуым Алладан деп, тағдырдан көру дұрыс емес. Тағдырда көрсетілген бақ-дәулетті адам ұстап тұра алмай, уысынан шығарып алуы мүмкін. Тағдырда иманды-имансыз болу да жазылмаған. Тек еркінде емесі – дене пішімі, бақ-дәулеті, атақ-қызметі және ажал.

Адам баласы қашан да жақсылыққа ұмтылуы керек. Мәселен, мен тағдыр ісі деп Қытай елінде жүре берсем бола ма?!. Туған жеріме жетуді аңсадым! Тәңірі тілегімді қабыл етті! Алладан медет тіледім! Қолымнан келгенше әрекет еттім!..

***

Қыркүйек айы басталғаннан ауа райы күрт бұзылып, күн салқындады. Аспан әлемін алашарбы бұлттар торлап, ілкіде жаңбыр жауып өткен. Түнерген аспан, жүдеу күз адам еңсесін басып көңілсіздікке жетелейді.

Жаманшылық хабар жата ма?!. Маоның қатты сырқат екендігі естіле бастады. Бір күні әскерлер мен абақты қызметкерлерінің ерсілі-қарсылы жүгіргені, бір нәрсеге қатты абыржығаны білінді. Далада жұмыс істейтін тұтқындарды дереу ішке айдап кіргізді. Бір тұтқын Тәкеннің құлағына ұлы көсем Мао қайтыс болды деді сыбырлап.

Ертеңінде абақты әкімшілігі Маоның қайтыс болғанын хабарлады. Тәртіп мәселесін тәптіштеді.

– Сендер қылмыскер болсаңдар да, мына жағдайды қатты ескертеміз, – деді шілтиген хансу бастық. – Халқымыздың ұлы көсемі қайтыс болды! Сендер дұшпан болсаңдар да, адамсыңдар!.. Қайғырыңдар!.. Жылаңдар!.. Қырық күн бойына күлуге болмайды!.. Карта, дойбы ойнау сияқты көңіл көтеретін іспен шұғылданбайсыңдар! Кімде-кім тәртіпсіздік танытып, бағынбаса заң шеңберінде жауапқа тартылады!

Құлақтарыңа құйып алыңдар! Ертең таңертеңгі сағат 10-да аза тұтып, Маоның суреті алдында бес минут үнсіз тұрамыз.

***

Қолдарына бір-бір шыбық ұстаған хансу әскерлері, сағат тоғыздан аса тұтқындарды камерадан шықпырта айдап шығып, жүре алмайтындарды сүйреп, қатар-қатар сапқа тұрғызды.

Тұтқындар бес минут аза тұтып, үнсіз тұрды. Он жеті адамға күлді деген айып тағып, денелерін жаланаштап, өлімші етіп сабады.

Түс ауа лагерьге ұйғыр мен қазақ тұтқындарын әкелді. Көпшілігі Мао қайтыс болған күні арақ ішіп мас болған, күлген және ән айтқандар. Яғни, ұлы көсемнің қайтыс болғанына қуанды деген айып тағылып, сотталғандар.

Қытай өкіметі бұған дейінгі өрескел іс-әрекеттерін, сорақы қылықтарын Жаң-Шың бастаған билік басындағы төрт адамға аударып, халық алдында барынша ақталмақшы болды. Газет-журналдар мен радио күндіз-түні Америка Құрама Штатын мақтап бақты. Олардың озық мәдениеті мен қарыштап алға дамуын насихаттап, кино фильмдерін жиі-жиі көрсетті. Америкаға арқа сүйеп, социалистік Вьетнамды басып алу соғысына шұғыл кірісті.

Тұтқындарды сырттағы жұмысқа айдап апаратын хансу әскерлерінің арасындағы кейбір делқұлы, әумесерлері мақтанғандары сондай:

– Вьетнамды бір аптада басып аламыз!.. Жермен-жексен етеміз!.. – деп кеуделерін соқты. Сап түзеп келе жатқанда, қатарға ілесе алмай сүрініп, жүре алмаған жарымжан кәрі-құртаңдарды жазықсыздан-жазықсыз тепкілейді. Олардың шектен шыққан бұл оспадарлығына ешкім тиым салмады. Тіпті кейде:

– Вьетнамға жойқын соққы беріп, Ханойға жақын қалдық! – деп те даурықты.

Хансу әскерлерінің бұлайша лепіріп-мақтанулары екі айдан аса уақытқа созылып, бір кезде бәсеңсіп, бұрынғы екпіндерінен айрылып, қабақтары түсіп, көңілсіз жүретін болды. Соған қарағанда, бір шикілік бар-ау деп ойлады Тәкен.

Ұлы көсем қайтып, Маоның жұбайы бастаған төртеу қолға түскеннен кейін бұрын көп аталмайтын Дың Шаупыңның есімі естіле бастады. Бұл кісі бұрын «оңшыл» есептеліп, үш рет билік-тен аластатылған болатын.

Дың Шаупың сынды басшының қайтадан билікке келуі Тәкен сияқты ұлтшыл, оңшылдарға пайдасы тиіп, жеңілдік жасалды. Ондай тұтқындарға рақымшылық берілсін деген орталықтың қарарын газеттерден оқығанымен, бұл саяси құжат Такла-Маканға әлі жеткен жоқ.

– Бізді босатыңдар, ізденейік, орталықтың бұйрығы шығыпты, – деген адамдарға түрме басшылары:

– Ол сендерге арналмаған – деп, сөздерін жүре тыңдады.

Оңшыл, ұлтшыл деген айыппен сотталған тұтқындардың соңынан іздеп келген ағайындары абақтыдан босатып әкетіп жатты. Тәкенді іздейтін ешкім жоқ. Шәуешек, Дөрбілжің, Қобық ауданында тұратын туыстарына хат жазды. Жергілікті әкім-шіліктен: «Келсе болады» деген сенім хат алып, маған жолдаңдар деп өтініш айтты. Ақыры 1980 жылдың ақпан айында Қобық ауданындағы Тоқтарбайдан, Дөрбілжің ауданындағы немере ағасы Серғазыдан, сақшы бөлімі берген кепілдеме қағазы келді. Наурыз айының соңында абақтыдан біржолата босап шықты.

Талай жыл тар қапста бірге отырған тағдырлас Дүйсенбек, Меке, Әбдікәрім, Жүністер қош айтып, шығарып салды.

Дүйсенбек Тәкеннің қолын қысып тұрып:

– Дәм тартып, Қазақстанға аман-есен жетсең, біздің үйге барып менің тірі екендігімді жеткіз. Бұл саған аманат! – деді көздері жасаурай.

Тәкеннің жол хаты Қобық пен Дөрбілжің аудандарына ғана жазылған болатын. Алдымен Дөрбілжіңге келуді жөн көріп, наурыз айының соңында Жайыр тауының етегінде қой бағып отырған туысы Бердіғапардың үйіне жетті. Аға-жеңгесі Шеризат пен Ақан қуанып, Тәкеннің келгенін хабарлаған жігітке сүйіншіге ақша ұстатты.

Ағайын-туыстары бірінен соң бірі қонаққа шақырады. Үстін-дегі ескі киімдерін шешкізіп, дүкеннен судай жаңа киім алып берді. Ертеңінде Сергазы ағасының үйіне келді. Олар той жасап, маңайдағы көрші-қолаңның бірін қалдырмай шақырды.

Жамағайынның ыстық ықыласы мен мейіріміне сусындап, көңілі аспандаса да, көңілі алаң еді. Туыстардың аялы алақанында ұзақ жүре алмайтынын сезген Тәкен терең ойға батты. Бұлардың да шекелері шылқып отырғаны шамалы. Шәуешек ауданындағы Құлыстай селосына барып, ескі бейітте жатқан анасының басына құран оқыды. Үнсіз біраз уақыт отырды. Аяқтары ұйып қалғандай, орнынан әрең тұрды. Өлгендер мекені – тас қорымнан ұзай берді. Жан-дүниесі астаң-кестең. Бір қараса, көздерінен пора-пора жас ағып келеді.

***

«Үйге хат жазайын» деп шешті Тәкен. Қазір Қытай мен Қазақстан арасында хат-хабар жүріп жатқанын, әйелі мен бала-шағасының Аягөз ауданы, Тарбағатай кеңшарында тұратынын естіген.

Содан бері неше рет хат жолдады. Әлі жауап жоқ. «Бәлкім, Тарбағатайдан басқа жерге қоныс аударған болар» – деп те уайымдады. Уақыт болса өтіп жатыр. Үміті жіңішкерген шақта Қарағашта тұратын қарындасы Бижамалдан хабар алды.

Жазушы Қажығұмар Шабданұлының үйіне келсе, әйелі:

– Сүйінші! – деді күлімсірей алдынан шығып.

– Қалағаныңыз болсын! – деді Тәкен қуанып.

– Үйіңнен хат келді! Сурет жолдапты.

Хатты оқып, балаларының суретін көргенде көзінен жас тоқтамай қойды. Қарындасы Бижамал: «Аға, үй-іші тегіс аман, тәтем сені тосып жүр» депті.

Қажығұмар мен жұбайы Тәкеннің әйелі Қанымжанға риза болды.

– Жиырма жыл ерін күткен жар осындай-ақ болсын! – деді.

Шәуешекте де жұпыны тіршілік. Ұлттар арасындағы алауыздық өршіп тұр. Тұрғылықты хансулар ежелден қазақ мекендеген құнарлы жердің жақсысын иемденіп алған. Қазақтардың мал жайылымы тарыла бастапты. Жандайшап, сұрқия дағұр, дүнген ұлттарының жағдайы тәуір. Қызба мінезді Тәкен, көпе-көрінеу әділетсіздікке шыдамай, бір шатақ іске ілінбей тұрғанда елімді тезірек табайын деп тас-түйін бекінді.

Ертеңінде ауа-райы бұзылып, аспан тұнжырай бастады. Ебіден жел тұрды. Түс ауа жолға шықты. Жол сөмкеге аздаған азық-түлік салды. Солтүстік-батысты бетке алып, жүріп кетті. Сәл жүрген соң қалың күнбағыс алқабына кезікті. Бой жасыруға қолайлы жер. Аздан соң қара жолға түсті. Ат-арба мен машина ерсілі-қарсылы көп жүрген жол тақтайдай сайрап жатыр. Шәуешек қаласынан шекараға дейін он сегіз шақырым. Осы қарқыннан танбаса, екі-үш сағатта жетіп-ақ барар.

– Уа, Раббым!.. Жолымды оңғарта гөр! – деді жігерленіп.

Айнала-төңірек қарабарқынданып, қатты соққан желмен қабаттаса жаңбыр жауды. Үсті-басы малмандай су. Жүрісі ауырлады. «Жаңбырдың жауғаны – Алланың нұры!..» деп жұбатты өз-өзін. Тісі-тісіне тимей жаурай бастағанда, өткінші жаңбыр пышақ кесті тиылды. Су киімдерін сығып, жүрісін жалғастырды. Қас қарайды. Шамалауынша, шекара жақын. Бақты тауының төбесіндегі шекара бекетінің прожекторы самаладай жарық шашады. Қытай жақтағы прожектор да шыр айналады. Айқыш-ұйқыш тартылған сымтемірдің астынан амалдап өтіп, жер бауырлай алға жылжыды. Таңдайы кеуіп, су ішпек еді, жол қапшығы жоқ. Бір жерде қалған-ау, шамасы.

Жылжи берді-жылжи берді еңбектеп. Бағыты – Бақты тауы. Бір кезде соқамен жыртылған топыраққа ілікті! Шекарадан өтті.

– Уһ! – деп тыныс алды.

Бойына күш-қуат енгендей, түнгі салқын ауаны құшырлана жұтты...

ОРАЛУ

« ... Айналайын!
Атамекен, Ақ мекен!
Қандай қазақ ізденіп сені тапты екен?!
Туған өлке тәтті екен ғой,
Тәтті екен!..»

Мұқағали Мақатаев

Семей сапарының қызықтарын түн ортасына дейін әңгімелеп, кеш жатқан Мейірбек қатып қалыпты. Түсінде серіктес ағаларын көріп жүр. Кәмен ата бас зоотехник екен. Үстінде жаңа кәстөм-шалбар. Қолтығында пәпкі. Іші толған қағаз-қалам. «Бала ерледің! – дейді бұның қолын қысып. – Он үш жасар балаға үлкендермен еріп, үш жүз шақырым жердегі Семейге жаздың аптап ыстық айында қоғам малы – үш отар қойды айдасып бару үлкен ерлік!.. Сенің ерен еңбегіңді бағалап, кеңшар басшылары «Құрмет белгісі» орденіне ұсыныс жасады. Қуана бер!.. Мектеп директоры атына алғыс хат жазамыз!.. Күні ертең оқу жылы басталғанда, қаз-қатар тізілген оқушылар мен ұстаздар алдында, алғыс хат оқылады. Атағың айға шықты дей бер!..»

Бір қараса, жеңіл машинамен тас жолда ызғытып келеді. Рульде өзі... Осы тұсқа келгенде оянып, көзін ашып алған. Далада жатырмын ба деп топшылаған. Неге қап-қараңғы? Е-е, үйде екен ғой! Шешесі жаз күндері шыбын кіреді деп терезелерді қараңғылап тастайтын. Бауырлары ашылып-шашылып, пысылдап тәтті ұйқыда жатыр. Ағасы Нұржас орнында жоқ.

Мейірбек ойланып біраз жатты. Перде тұтылған есіктен ауыз үй жақтан шешесі мен көршісі Балғаным апаның сөздері анық естіледі.

– Азамат болды деген осы! – дейді анасы. – Ет комбинатына өткізген қойлары семіз шығып, артық привес* алыпты.

– Еңбек күні қалай болды?

– Семейге жүрерінде бір қой берген. Енді бір қой алашақпыз. Ақшалай табысы да әжептәуір.

– Той жаса! Қаршадай болып сонау-у ит өлген жерге бару оңай ма? Жігіттің жігіті ғана шыдар! – Балғаным кемпір әңгімеге тамызық тастады.

– Жасаймыз. Тұрсын да оқуын бітіріп келіп қалар.

– Өтіп бара жатқан өмір-ай! Тұрсын да тауысты ма инстөтін? Бес жыл оқиды деуші едің.

– Уақыт дегенің сынаптай сырғып, зымырайтын көрінеді.

– Енді Қарағашта мұғалім бола ма?

– Ауылға жібере қоймас. Өткендегі бір хатында Алматы маңайына сұранып жүрмін деп жазған. Алла біледі.

– Е-е, көрші-ау, қыз баланың жолы жіңішке емес пе?!. Аман жүрсін қайда барса да. Өзім де қыз өсіріп отырмын.

– Оның рас, өмірлік азығы – дипломын алды. Қыз балаға оқу бітірмесе бола ма?

– Мейірбек Семейден не әкелді? Көрсетпейсің бе? – Балғаным кемпір шешесімен көрші болған соң, өстіп батыл сөйлейтін.

– Маған байлауыш, әкесіне бәкі, бауырларына бояу қарындаш, оны-мұны алыпты. Мына бір қаламсапты Бақытқа берші, қуанып қалсын.

– Мейірбекке рахмет! Ештеңе дәметіп келгенім жоқ. Тіл-көзім тасқа. Айтпады деме, осы ақсары балаңнан түбі бірдеме шығады.

– Талабына нұр жаусын! Оқуға да ынталы ғой.

– Е, бәсе! Сөйдесеңші! Ойбу, көп отырып қалдым. Шал шыжбалақтап, жоғалтып жатқан шығар. – Балғаным кемпір самбырлай сөйлеп тұрып жатты. – Тойға шақыруды ұмытпа, көрші?!.

– Қоңсы отырып, сені шақырмағанда, кімді шақырам...

Мейірбек тысқа шықты. Күн тұсау бойы көтеріліпті. Дала ыстық. Әкесі мен Нұржас ағасы құлқын сәріден Көкжайдаққа

* *Привес* – үстеме, қосымша салмақ.

шөп шабуға кетіпті. Кеш бата бір-ақ оралады. Түскі астарын далада ішеді. Әкесі қол шалғы тартып, ағасы шабылған шөпті шөмеле етіп жинайды. Үйдегі бас көтеретін – Нұржас. Мейірбек екеуінің аралары үш жас. Ағасы кішкентайынан пісіп-қатқан қарулы. Қара жұмысты қайыспай істей береді. Өзі палуан. Жасөспірімдер арасында күрестен бірінші разряды бар. Алдыңғы жылы бір жарыста оң қолын сындырған соң тастады күресті. Біраз биікті бағындырар ма еді, кім білсін? Енді күресті жалғастыра алмайтыны өкініштi.

«Жақында оқу жылы басталады, – деп ойлады Мейірбек. – Әке-шешеме қолқабыс жасап, кітап оқысам. Сегізінші сыныпқа керек оқулықтарды, дәптер, қалам сияқты заттарды алуға Аягөзге барсам...»

Мейірбек ауылын жаңа көргендей елжірей қарады. Тарбағатай тауынан бастау алып, бұралып ағатын Аягөз өзенінің сағасына, тал-терегі сыңси өскен сұлу жерге орын теуіпті Отияр. Түйенің қос өркеші сынды іркес-тіркес Отияр, беріректегі Ақтас, Найзақара таулары қандай әдемі! Талдыбұлақ, Мойылдысай, Қаламан, Буышыққан өңіріндегі белуардан келетін шөп тамыз айы болса да, әлі жайқалып тұр. Жазда шауып алған шөпті қоңыр күзде екінші мәрте оруға боларлықтай. Өзі отырған Мықтының төбесі де осы маңдағы биік таулардың бірі. Етектегі қара жартастың түбінен Аягөз өзені батысқа қарай ағады. Сол тұстағы су ылғи қарақошқылданып жатады. Терең иірім. Жағасы құлама жартас. Талай балық аулаған жері. Кейде қызығып, өзенге қойып-қойып кететін балалар. Малти алмасаң терең иірім тартып әкетуі мүмкін. Өзіне сенген бала ғана жолайтын ол тұсқа.

Ақтас тауының да қатпар-қатпар тарихы бар. Биік найза шындар қасынан өтіп бара жатқанда, құлап кетердей әсер береді. Ол таудан кәдімгі әк тас өндірген. Қазір де ауыл адамдары қажет кезде ақ тасты алып келеді де, шелекке ыстық су құйып қорытып алады. Ақтаста ғажап үңгір бар. Аумағы әжептәуір үңгір-тесіктің есігінен ішке енсең жап-жарық. Төбесіндегі қосалқы ауыз қазақ үйдің шаңырағын елестетеді. Табиғаттың тамашасына таң қалмасқа шара жоқ. Үңгір іші толған күміс, ақша оралған шүберектер. Үлкендер қасиетті үңгір атайды.

Ақтас тауын ордалы жылан мекендейді деп естіген. Бір ғажабы шұбарала жыландар кісілерге тиіспейді. Жып етіп тастың қуыс-

қуысына еніп, көрінбей кетеді. Ауыл адамдары алтын қоры мол дейді. Алтын шоғырланған жерде жыланның ордасы болады екен. Ақтас тауының қыр желкесін қиялай көтеріле берсеңіз, төмпешік болып жатқан ескі қорымдар көрінеді. Мейірбектің арғы ата-бабаларының бейіті осы жерде. Кемінде бір ғасыр болған шығар. Әкесіне еріп барғанда, қара шал ұзақ отырып құран оқыған. Ары жүрсеңіз аумағы шағын бұлаққа жолығасыз. Жер астынан шыққан бастау суы мұздай. Мұхаметрахым ата ана бір жылы бұлақтың көзін аршып, тазалаған соң ішінен ақ сақалды кәрия көрініп, бата берген көрінеді. Жаратушының тағы бір құдіретін қараңыз. Аягөз өзені сонау ойда, кемінде бес-алты жүз метрдей төменде. Ал бастау жоғарыда. Қалайша су шығады деп таң қалған Мейірбек. Найзақара тауының төбесінде жеті әулиенің қорымы бар. Ол да беймәлім тарих. Әкесінен сұрағанда: «Е-е, қарағым! Болжаусыз дүние көп қой жалғанда. Біздің Ақымбет деген аз атаға ақындық пен бақсылық қонған көрінеді. Халық ақыны Сапарғали Әлімбетов пен өмірінің соңына дейін Аягөзде тұрған марқұм Сүбебек Нұрбаев деген елге мәлім дарынды ақыны бар елміз. Сүбебек төкпе тілді еді. Соңында бір өлеңдер жинағы калды...»

– Мейірбек, Мейірбек-жан! Қайдасың?! – Бала қалың ойдан серпілді. Шақырған анасы екен.

***

– Алақай! Әпкем келе жатыр, әпкем!..

Анадай жерде қарындасы Шәпи жүгіріп келеді. Қолында ораулы зат. Әпкесінің әкелген базарлығы шығар. Әлгінде ауыл шетіндегі қара жолдың шаңын көтеріп бір машина көрініп еді.

Бұл ауылға көлік аз қатынайды. Бес-алты жыл бұрын елу шақты түтіні бар ақар-шақар елді-мекен еді. Шағын ет комбинаты, бастауыш мектеп, ұстахана, дүкен болатын. Жаңадан кеңшар орталығы салынып, бір-ақ жазда жұрт қопарыла көшіп кеткелі Отияр жетімсіреп қалды. Басшылардың айтатыны: үлкен жолдан шалғай, бұрылыста орналасқан. Әкетіп бара жатқан шаруасы болмаса ешкім ат ізін салмайды. Шөпшілер бригадасы да ауылдан алыста, Қалқаман жақта. Әзірше екі отар қой бар. Шалы бұдан

біраз жыл бұрын қайтыс болған Бәтен апаның өкіл баласы, қалада тұратын Николай Казанцев деген орыс ала жаздай апта құрғатпай келеді. Көлігі – үш аяқты мотоцикл. Ұзын бойлы қара орыс кәнігі балықшы. Келген сайын өзенге ау құрып, қап-қап балық тиеп әкетеді. Сұраған кісіге: «Сатып ал, жиырма сазанға бір қой» дейді күліп. «Іргедегі тегін балықты аулауға да мойнымыз жар бермейді. Ана орыс болса ат арытып, сонау қаладан келеді, ә!?», – дейтін ересек адамдар таң қалып...

Тұрсын әпкесі үйдің тұңғышы. Одан кейін Үміт, Нұржас, Мейірбек, Олжас, Шәпи, Бекжас және Нұрлан. Әпкесі астанадан жоғары оқу орнын бітіріп оралды. Енді білдей мұғалім.

Үй іші абыр-сабыр. Бауырлары әпкелерінің қасынан шықпайды. Отағасы бүгінгі қуанышқа арнап қой сойды. Басы мен сирағы үйітіліп, бір қазан ет қазанда қайнап жатыр. Жас еттің иісі тәбеттерін ашқан қара домалақтар есік алдындағы ошақ маңынан ұзар емес. Оларға да мереке! Қызық-қуаныш! Кісі шақырмаған күннің өзінде, жаз айларында қой сойылу бұл отбасына көл-көсір қуаныш сыйлайтын.

– Осы құлындарым ішіп-жемегенде, несін асыраймыз малды, – дейді Сенбі кәрия балаларына риза пішінмен көз тастап.

Ілкі сәл өтпей бір-бір жапырақ нан мен кеседегі ыстық сорпаны ағаш қасықпен сапырып-суытып, үрлей түсіп, дөңгелек үстел айналасында үпір-шүпір бір өңкей тақырбас, қарала-торала ұл мен қыз отырды.

– Қарындарың шұрылдап бара ма? Қазір қуырдақ піседі, тойып алыңдар. Соңыра қонақтар келгенде жылтыңдап, қазан-ошақты төңіректей бермеңдер, ұят болады, – дейді шешелері.

Тұрсын әпкесі көркем қыз. Үстіне киген көйлегі де өзіне шапшақ, аса жарасымды. Қалың бұрымын төбесіне түйіп қойыпты. Мейірбек әпкесінің шашына ұқсайтын қыздардың суретін газет-журналдан көрген. Ал бұлардың мектебіндегі апайларының шаш қоюы бөлектеу. «Қалай дегенмен үлкен қаладан оралды» деп ойлады ол.

Бәрінен бұрын, өзіндей оқушыларға сабақ беретіні қандай жақсы. Мұғалім болу оңай емес. «Ұстаз да дикан сияқты. Әр адамның жанына білім дәнін себеді» деген ұлағат сөз оқып еді бір жерден.

***

Қонақтар ет жеп, асықпай шәй ішті. Дуылдасып, әжік-күжік әңгіме айтып отырды да, жастау бір келіншек жіңішке даусын сызылта созып, халық арасына танымал әнді әуелетті дейсіз.

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең, неге аяйын аттың терін.
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім...

Қалған әйелдер қосыла кетті.

Мейірбек өзенге түсуге кеткен інілеріне ермей үйде қалған. Ауызғы бөлмеде әпкесіне көмектесіп, әрі астана жаңалығын тыңдап отыр.

Бір кезде әпкесі:

– Мейірбек, менімен бірге Алматыға барасың ба? – деді сұраулы жүзбен.

– Оны кім айтты?

– Әке-шешем қарсы емес, сен келіссең болғаны.

– Ойланайын, – деді ақсары бала қуанғаннан не айтарын білмей.

– Алматы облысының, Шелек ауданында Тескенсу деген ауыл бар. Институт басшылығы жұмыс істеуге сол жаққа жіберді. Өткенде Тескенсуда болдым. Алматы-Нарынқол тас жолы бойында, Алатаудың баурайындағы ауыл. Табиғаты көркем, қысы жылы, қара топырақты өлке. Жеміс-жидек, көкөніс көп өседі. Біздің елге таңсық, қып-қызыл апорт алмалар ол жақтағы әр үйдің ауласында шашылып жатады. Бара қалсаң өз көзіңмен көресің.

Баланың көз алдына ақ бас шыңды Алатау, тау баурайындағы жасыл алқап елестеді. Жер көрген, ел көрген жақсы. Алматыдай әсем қалаға сапар шегу, ауыл баласына арман.

***

– Шу-у, жануар!

Қоңыр биені қолындағы делбемен жеңіл қағып қойды әкесі. Құлағын жымқырып «сенсің бе» дегендей мойнын әнтек бұрған жануар жүрісін ширатқан. Қара шал анда-санда болмаса, жасаған биеге қамшы үйірген емес.

Қараңғылық сейіліп келеді. Күн әлі шыққан жоқ. Мүлгіген тыныштықты арба дөңгелегінің дыбысы ғана бұзғандай. Жыңғыл түбінен сұр қоян жалт ете көрінді де, зытып жөнелді. Аягөз бен Отияр арасы қырық шақырым. Ат-арбаға недәуір жер. Сол үшін әкесі ылғи ерте шығатын. Өйткені күндіз ыстық. Таңғы салқынмен талай жерді өндіріп тастайды.

Қалың тонға оранған Мейірбек үйден шыққан бетте есінеп, жантая кеткісі келіп еді. Артынша ұйқысы шайдай ашылды. Дәм тартса, әжесінің үйіне бір қонып, Боркен ағаға еріп Алматыға жүреді. Мектеп-интернаттағы балаларды сағынар. Қарағаштағы Әбдіахмет досына, Қарлығашқа хат жазар. «Оныншы сыныпты сол жақтан бітіріп, Алматыға оқуға түсесің» дейді әпкесі. Үлкен мақсатқа ұмтылған ләзім. Семейден қайтар жолда Самат ағасынан қалмай Қарағашқа тартып кетіп еді. Міне енді әжесін көргісі келіп, асығып келеді.

Қоңыр бие аяңға көшкен. Мейірбекке салса желдіртіп-желдіртіп алар еді. Әкесі үйтпейді.

Әжесі аландап отыр екен. «Кешеден оң қабағым тартып, сендердің келетіндеріңді біліп едім» дейді қуанғаннан.

Шәй қойып, дастархан жасады. Тәтті-дәмділерін шығарып жатыр. Ауыл-үйдің амандығын сұрап, жырғап қалды. Мейірбектің бас-аяғына шола қарап:

– Семейден оралғаныңа қуандым. Енді тағы Алматыға жүріп барасың. Сендердің ер жетіп, топшыларың қатқаны шексіз мерей! Одан артық қуаныш бар ма? «Білімдінің алды кең жарық, білімсіздің алды көң шарық» деуші еді үлкендер. Алла алдыңнан жарылқасын! Оқу бітіріп, стол басында отыруға жазсын!

***

Ертеңгілік шайларын ішіп бола бергенде есік қағылып, талдырмаш денелі қара торы жігіт кіріп келген.

– Жоғары шық, – деді қара шал қонақты төрге оздырып.

Боркен аға екен. Пойызға екі билет алыпты. «Төрт шамасында үйге соғамын», – деді. Кететін мезгіл жақындаған сайын қобалжи бастады.

– Әскерге жүріп бара жатқан жоқсың. Алматы қашық емес. Каникулда келесің, – деді әкесі жігер бере сөйлеп.

Вокзал басында қаптаған ел. Пойыз уақытында келді. Боркен аға екеуі вагонға жайғасты. Жолсерік әйел билеттерін тексерді. Таза орамал мен ақжайма берді. Боркен аға ақша төледі. Мейірбек қалтасын қарманып еді, «әуре болма» деді сыпайы ғана.

Пойыз жылжыды. Артта Аягөз қалып барады. Жолаушылар орын-орындарына жайғасқан соң Боркен аға вагон-ресторанға ертіп барды. Мейірбек бұрын көрмеп еді. Кәдімгі асхана. Даяшылар қызмет жасап зыр жүгіріп жүр. Кісілер өз үйлерінде отырғандай мамыражай. Кеседегі шәй сәл шайқалғаны болмаса, жайлы. Боркен аға даяшы келіншекке тапсырыс берді.

***

– Тұра ғой, келдік, – деген дауыстан оянған. Боркен аға жымиып қояды. Мейірбек жылдам киінді.

– Екінші Алматыға таядық, – деді. Бірінші Алматы да болғаны ғой сонда.

Пойыз жылдамдығын азайтты.

– Боркен!.. Мейірбек!..

Бұларды терезеден көріп, вагонмен қатарласқан әпкесі жүгіріп келеді.

Кең даңғыл бойымен ағылған машина. Құжынаған халық. Асқар Алатау басында аппақ қар! Мұндай көрініс тұңғыш көрген бала таң қалды. Қызылды-жасылды гүлдері жайнаған қала келбеті керемет! Кісілер де сыпайы, мәдениетті көрінді. Алтыншы троллейбусқа жайлап еніп жатыр. Жұрт салонға толғанда троллейбус орнынан қозғалды.

Бұлар келіп түскен аялдама – телестудия аталады екен. Қасында аспанмен таласқан телемұнара. «Қалай тұрғызған? Не деген биік?!» деп ойлады бала. Алатаудың ақбас шыңдары мен мұндалайды. «Шіркін, қасына барып көрсе ғой!..» Аяқ жол мен асфальт арасындағы арықта сылдырлап мөлдір су ағады.

– Мейірбек, қайдасың? – деген дауысқа селк етті.

Әпкесі мен Боркен аға анадай жерде күле қарап тұр.

– Ертең қала аралаймыз. Максим Горький паркіне барамыз. Зоопаркті көресің, – деді әпкесі жымиып.

Бұлар тоқтаған үйдің иесі – әпкесінің құрбысы Ғайша тәте екен. Қазақ радиосында оператор боп істейітін жүзі жылы кісі. Екі сөзінің бірі «алтыным, жарығым, құлыным...» Үстел үстінде ауыл баласына таңсық апельсин, банан, мандарин, кивиге дейін самсап тұр.

Боркен аға шәй ішкен соң жатақханаға кетті.

Мейірбек ертеңінде әпкесімен бірге қала аралады. Зоопаркті тамашалап, суретке түсті.

***

Алматы маңындағы ауылдар арасы өте жақын екен. Бірінен шықсаң көп ұзамай екіншісі көрінеді. Жолдың қос қапталын ала жайқала өскен тал-теректер. Мейірбек автобус терезесінен көз алмай қарап отырды. Мұндай жер жәннаты болады екен-ау! Автобус Алатаумен жарысқандай зулады кеп. Тау сілемдері айқын көрініп келе жатқан. Қараңғылық түскен соң қарабарқынданған жоталар көзден тасаланды.

Автобус салонында төсек-орын, киім-кешек, оны-мұны салынған жеті-сегіз шабадан. Ғайша тәте де бірге келеді. Көлік жүргізушісін қосканда бес адам. Шофер жігіт қол көтерген жолаушыларды ала кетіп, ақша тапқысы келіп еді, Боркен аға рұқсат етпеді.

– Бес-он сомға қызықпай-ақ қой, бауырым. Өзімізбен өзіміз отырайық, – деген.

Бір ауыл шетінен өте бергенде тарс еткен дыбыс естілді. Артынша шатыр-шұтыр терезе сынды. Шофер тежегішті басып тоқтай қалды. Дүрлігіп кабинадағылар да түсті. Оң жақтағы терезенің күл-паршасы шығыпты. Дәлдеп атылған тас.

– Әй, оңбағандар-ай! – Шофер ашуланды. – Қолыма түскенде итше тепкілейтін ем...

«Бәріне мен кінәлімін» дегендей, әпкесі үнсіз отыр. Ыңғайсыздықты Боркен аға сейілтті:

– Жарайды бауырым. Сынған терезенің ақшасын төлермін... Бір ашуыңды бізге бер, – деді сабырға шақырып.

– Жұмысқа жақында тұрғам. Бас инженерге өлердей жалынып, зорға сұранып шығып едім, – деді мұңайып.

Кіжіндің не, кіжінбедің не, бәрібір. Жол торыған бұзық балалардың теріс қылығы көңілдеріне кірбің түсірген автобустағылар тоң-торыс. Сынған терезеден жел кеулеп автобус ішін азынатып жіберді. «Не деген оңбағандық, – деді Мейірбек ызаланып. – Мұндай оғаш іспен тентек ұлдар ғана айналысады. Тас атып, терезе сындырғандарына мәз шығар. Ұстап сазайларын тартқызса ғой...».

Көзді ашып-жұмғанша Тескенсуға келіп жеткен. Әпкесі мектеп күзетшісінен пәтер кілтін алды. Қараңғы көшелерден өтіп, ауыл шетіндегі бір үйдің алдына кеп тоқтады. Әпкесі есік ашып, шам жақты. Үш бөлмелі жаңа үй екен.

– Құтты болсын! – деді Ғайша тәте. – Әй, қыз, мына бөлмелер неткен кең?!. Футбол ойнайсыңдар ма? – Ғайша тәте бөлмелерді аралап, көріп жүр. Шофер мен Боркен аға автобустағы заттарды кіргізді. Әпкесі электр шәйнекке шәй қойып, заттарды жинастырып, әлгінде ғана бос тұрған үйге шуақ таратып жіберді.

Жұлдыздар жусаған ауыл түні тыныш. Жұрт жата бастапты. Әр жер-әр жерден иттердің үрген дауысы естіледі. Жақын маңнан ақырған есек дауысы шықты. «Дауысы не деген ащы!» деп ойлады Мейірбек.

Көлік жүргізуші мен Боркен аға үшеуіне залға, әпкесі мен Ғайша тәтеге көрші бөлмеге төсек салыныпты.

***

Жастыққа басы тиісімен ұйықтап кеткен. Оянса, Боркен аға орнында жоқ. Тұрып кеткен бе? Ас бөлменің есігінен жарық көрінеді. Біреулер сөйлей ме? Сыбыр-күбір сөйлесіп отырған екеудің дауыстары анық естілді.

«Е-е, Боркен аға мен әпкесі екен ғой!..»

Боркен аға: – Мен сені алысқа кете ме деп қорқып едім...

Әпкесі: – Мен де уайымдадым.

Боркен аға: – Бір бөлмелі жатақхана алдым.

Әпкесі: – Құтты болсын!

Боркен аға: – Үйленсең пәтер береміз дейді бастықтар...

Екеуі біраз уақыт үнсіз отырды.

Әпкесі: – Бір-екі жыл еңбек етейін... Ата-анама қарасайын...

Боркен аға: – Ертең-ертең деп, уақыт өтіп барады.

Әпкесі: – Асықпайық...

Боркен аға: – Сонда қашан? Өзің білесің, әкемнің төсек тартып жатқанына алты жыл. Ұлдан жалғыз болған соң, менің үйленгенімді көргісі келеді. Сенің институт бітіргеніңді тосып жүр ғой әке-шешем...

Әпкесі: – Бір жыл күт...

Боркен аға: – Әке-шешеме қандай уәж айтам?

Әпкесі: – Игіліктің ерте-кеші жоқ...

Боркен аға: – Келістім...

Әпкесі: – Қасымда боласың деп, Мейірбекті ертіп келіп едім.

Боркен аға: – Бізбен бірге тұрады.

Әпкесі: – Рахмет, Боркен!

Боркен аға: – Бауыр басып қалдым... Жақсы бала... Мейірбек маған енді бөтен емес қой...

Ақсары баланың жан дүниесі қопарылып түсті. «Айналайын әпкетай! – деді іші-бауыры елжіреп. – Әпкетайым!.. Қарақан басын ойлайтын кейбіреулерге ұқсамай, әке-шешеміз бен бауырларының қамын жеген жүрегіннен айналдым!.. Боркен аға!.. Жезде!.. Сен де қандай жақсы жансың! Бәсе, қаймана біреу бұлайша жақсылық жасай ма?. Бақыт тілеймін екеуіңе!..»

***

Күн әлдеқашан шыққан. Мейірбек тұрайын деп оқталды да, жылы төсекті қимай ұйықтаған адамдай қозғалмай жатыр. Үй іші жып-жарық. Күн шуағы бөлмеге қиғаштай түсіп тұр. Боркен ағалар кетіп қалған ба? Әпкесі қайда?

– Оу, Мейірбек, тұра ғой!..

Тез киініп тысқа шықты. Әпкесі су сеуіп, есік алдын сыпырып жүр.

– Шәй ішкен соң мектепке барып келейін. Директорға жолығайын, сенің құжаттарыңды өткізейін, – деді әпкесі. – Өткенде мына үйге уақытша тұра тұрыңдар деген. Ауыл ортасынан басқа пәтер сұрайын.

– Әпке, Боркен ағалар кетіп қалған ба?
– Иә.
– Неге оятпадың мені?
– Ұйқыңды қимадым.
– Шығарып сала алмадым...
– Келеді тағы. Өзіміз де Алматыға барамыз...

Мейірбек үйде жалғыз. Кітап-қағаздарын қарап отырды да, есік алдына шыққан. Ақбас Алатау қол созым жерде. Етегіне шейін жасыл алқап созылып жатыр. Ауыл шетіндегі күре жолдан шөп тиеген тіркемелі трактор көрінеді. Есікті бекітіп, орталық көшеге бет түзеді. Барлық үйдің ауласы бау-бақша. Алма ағаштарының басында қып-қызыл алмалар! Көшеде бейсауат кісі көрінбейді. Бұл елдің негізгі кәсібі – темекі өсірумен айналысады деп естіген.

Балаға ауыл ұнады. Шығыс елдеріне тән нақыш бар сияқты. Үйғырлар көп тұратынын, тандыр нан жабатын пештері болатынын әпкесі айтқан.

Таңырқап келе жатқан ақсары ұлды, бір бала тоқтатты:
– Ассалоумағалейкум!
– Уағалейкумассалам, – деді Мейірбек қолын ұсынып.
– Кімді іздеп жүрсің?
– Ауылмен танысып...
– Қонақ екенсің ғой? – Қара бала Мейірбектің бас-аяғына көз жүгіртті.
– Біз осында көшіп келдік.
– Мектепке келген мұғалім апайдың бауырысың ба?
– Оны қайдан білесің?
– Жездем мектепте физрук. Сол кісі айтқан.
– Танысып қояйық, – деді Мейірбек қолын ұсынып.
– Тоқтар, – деді қара бала.
– Есімің жақсы екен.
– Сенің де...

Тоқтар ашық-жарқын екен.
– Ауылға қашан келдіңдер?
– Түнде.
– Ауыл ұнады ма?
– Ұнағанда қандай?!. Әсіресе Алатау!..

– Бұл оңтүстік қой!.. Жер жәннаты – Жетісу дегенді естіп пе едің...
– Естігем...
– Туыстарың бар ма бұл жақта?
– Шелекте, әке-шешемнің бір танысы тұрады. Күйеуі мектеп директоры деп есітегнмін.
– Уақытың болса үйге жүр.
– Рахмет, – деді Мейірбек. – Танысқанымыз жаңа ғой. Кейін міндетті түрде келемін.
– Әне, анау көк қақпалы, қызыл шатырлы біздің үй. Қай уақытта болса да есігіміз ашық.

Әпкесі түске тақау келді. Жаңалығы көп екен. Мектеп директорымен жолығып, пәтердің жағдайын айтқан екен, ертең басқа баспана тауып берейік депті. Мейірбек 8 «б» сыныбына баратын болды. Сынып жетекшілері Арғынбай Жанпейісов деген жігіт. Ол кісі де институт бітірген жас маман.
– Мейірбек, кешке қонаққа барамыз, – деді әпкесі. – Мектептен шығып келе жатсам, Жанар деген қыз жолыға кеткені. Институтта бізден бір курс жоғары оқыған.

***

Жанар тәтенің әкесі – мұғалім, шешесі – сатушы, Нұрлан, Есқожа деген інілері бар екен.

Бау-бақшалары әжептәуір жерді алып жатыр. Үй маңындағы алма ағаштарының басы жемісін көтере алмай иіліп тұр. Таңдағаныңды үзіп ал да, жей бер. Кешқұрым өрістен азан-қазан мөңіреп мал келді. Нұрлан бір алма ағашының түбіне барып, сілкіп-сілкіп қалған. Топылдап жерге алмалар түсті. Тайынша-торпақтар жей бастады. Мұндай да болады екен ау?!. Мейірбектің ауылында алма өспейді. Есесіне, мойыл, қарақат, қызылқат, таңқурай қалың өседі.

Бақшаның тең жарымы жүгері. Собығы кісінің білегіндей сап-сары болып піскен екен. Мейірбек қызығып, алманы біраз жеген. Қарны сыздап барады. Дұрыстап ас іше алмады. Ұялған тек тұрмастың керін келтіріп, «болады, тойдым» деп қояды. Әңгіменің

бір тұсында тұрып жатқан үйлері жайлы сөз болды. Әпкесі мектеп директорының уәдесін айтты.

– Оған әуре болмаңдар, – деді Меделхан аға.

– Баспана керек қой, – деді Жанар әкесіне қарап. – Ертең қыс келеді және сабақ басталған соң уақыт жетпейді.

– Көршіміз Ділдә апа жиені екеуі төрт бөлмелі үйде тұрып жатыр, – деді Меделхан аға. – Сөйлесіп көрейін.

– Бір бөлмесін босатып берер, – деді Жанардың анасы.

***

Бала жаны жаңалыққа құштар. Көрсем, білсем, үйренсем деген ізгі ниет алға жетелейді, сөйтіп көңіл көкжиегі кеңейеді.

Мейірбек көңілді. Әпкесі екеуі мектептен келе жатыр. Сыныптас оқушылар мен ұстаздары туралы әңгімелеуден жалықпайды.

– Жақсы болды, – дейді әпкесі. – Ауылдан алыс ұзамаған баласың. Жаңа ортаны жатырқай ма деп қорқып едім.

– Сізге серік болуға келдім емес пе?!.

– Рахмет, алтыным...

Алғашқы қоңырау жақсы өтті. Сап түзеген оқушылар мектеп ауласын жайнатып жібергендей. Мектеп директоры сөз сөйледі. Жаңа оқу жылымен құттықтап, жазғы каникулда оқушылардың тың күш жинап, демалып келгендерін, енді алаңсыз оқуларын айтып өтті.

– Мектебімізге Тұрсын Сенбіқызы деген апайларың келді. Математика пәнінің ұстазы, әрі тоғызыншы сыныпқа жетекшілік етеді. Мейірбек деген інісі 8 сынып оқушысы.

Оқушылар қол шапалақтады.

Ақсары бала қызарып кетті. Ыңғайсыз сияқты. Әпкесі жас маман, мұғалім. Ал бұл ше?!.

Өзінің «мені көрдіңдер ме» дегендей, алдыңғы сапта тұрғанын қарашы. Бәрінің назары бұған ауғандай. Қыздар жымың қағып, бір-біріне сыбырлайды. Әңгімелері бұл туралы екендігін іші сезеді.

– Өзі деловой сияқты, – деп қалды бір ұл.

– Оны қайдан білесің?

– Қасқая қарап тұрғанын көрмейсің бе?

– Белсенді болуы мүмкін.

– Шашын жылмита тарапты... Пәлесін қара?!.

Мейірбек ұялып барады: «Жәмила апай... бекер айттыңыз-ау!.. – Мазақ еткені-ай, мыналардың...»

Жиналыс бітіп, оқушылар сыныпқа кірген. 8 «б»-ның балалары орындарына отырып жатыр.. Староста болуы керек, шашы қысқа қиылған сары қыз тақта алдына шықты да:

– Тыныштандар! – деді дауыстап.

Қызу әңгіме саябырсығандай.

– Жаңа оқушымен танысайық, – деді әлгі қыз. – Қай жерге отырғызамыз?

– Шеткі парта бос тұр...

– Көріп тұрмын... Жалғыз қалдыру ыңғайсыз ғой...

– Бос орынға мен ауысайын... – деді арықтау келген бала.

Бұл сыныптағы тәртіпті оқушы Дастан болатын.

– Отырсаң отыр, – деді тәмпіш мұрын қыз Дастанға.

Мейірбек старостаның ұйғаруымен Жәнияның қасына жайғасты. Көршісі тап-тұйнақтай қыз. Кітап-дәптерлерін қызыл матамен тыстап қойыпты. Мейірбекке тостағандай көздерін төңкере қарады да, ары жылжыды.

Есік ашылып, класқа сынып жеткшісі Арғынбай Жанпейісов енді.

***

Көз жетпес қоңыр құйқалы шиырдың ортасындағы темекі алқабында жұмыс істеп жүрген адамдар кейде көрінбей кетеді. Алдарында биік-биік үйілген темекі собықтары. Қайда қарасаң да қызу еңбек. Қолдарына ұзынша темір ине ұстаған оқушылар жып-жып еткізе темекі жапырақтарын қатар-қатар тізіп жатыр. Мейірбек те қатарынан қалмайын деп тырысып бағуда. Қолына темір ине неше рет қадалып, саусақтары қанады. Дуылдап, ауырып барады. Балалар байқап қала ма деп жан-жағына қараған. Бәрі өзімен өздері. Тапсырма орындаса үйге қайтуларына болады. Сол үшін біреудің-біреуде жұмысы жоқ.

– Не болды Мейірбек? – Бұның мүшкіл жағдайын Тоқтар байқаса керек. Ол көрші сыныпта оқитын. Бұлардың класымен

жарысқа түскен. Жеңгендеріне ақшалай сыйлық береміз деген уәдесі бар бригадирдің.

– Болмай жатқаны...

– Пәлі, қолыңды қанатып алғансың ба?

– Оқасы жоқ... «Көрмегенге көсеу таң» деуші еді әжем... Сол кісі айтқандай, бұрын істеп көрмеген жұмыс қой...

– Үйренесің...

– Өзің нормаңды бітірдің бе?

– Асыра орындадым, – деді Тоқтар. – Саған көмекке келдім.

– Рахмет!..

Тоқтардың қолы-қолына жұқпайды. Темекі жапырағын инеге тақап, жып етіп өткізе қояды. Тоқтар екеуі Мейірбектің тапсырмасын шапшаң орындап шықты.

Содан соң екеуі ауылға қарай аяңдады.

– Қалай, үйренетің түрің бар ма? – деді Тоқтар.

– Біртіндеп меңгеретін шығармын...

– Біздің үйге қонаққа кел.

– Келем...

– Сау бол!

***

Біраз болды, Ділдә апаның үйінде тұрып жатыр. Әпкесі екеуіне жеке бөлме тиді. Мейірбек жазу үстелін терезеге тақап қойған. Дәл терезе түбінде жайқалып алма ағашы өсіп тұр. Желді күндері жартылай ашық терезенің ашпалы көзінен ағаш жапырақтарының сыбдырлаған дыбысы естіліп, ойлануға, мұңға шақыратындай. Ертеңгі сабағына дайындалып болып, әдеби кітаптағы қызықты оқиғаға елітіп отырғанда шабыттанып, әсерленіп кететіні бар...

Бәрі бірге тамақ ішеді. Алғашында жатырқап еді, қазір үйренді. Апаның қолында Мейірбектен төрт жас кіші Гүлшат есімді жиені бар. Тақылдаған пысық қыз үйде әжесі мен әпкесі жоқ кезде Мейірбекке тапсырманы үйіп-төгіп тастайды.

Ділдә апа зейнеткерлікке шықса да жұмыс істеп жүр. Үйдің қасында үлкен баласы Омархандар тұрады.

Жақында пеште пісірілген тандыр нанды көрді. Көрші үйдің келіншегі пешке дүрілдете от жағып жатқан. Бір кезде үйден

дәу тегенемен беті орамалмен жабылған қамыр алып шықты. Мейірбек жақынырақ барып, қарап тұр. Әйел дөңгелек қамырды аузы жоғары қараған пештің ішіне лып еткізе шаптай қояды.

– Бір айналып кел, ыстық тандыр берейін, – деді Мейірбекке.

Сол күні өмірінде алғаш, дәмді тандыр нанға бір тойды.

***

Бөтен ауылға келгендеріне жарты айдан асты. Темекі тігуді біршама игерді. Жақында үйден хат алған. Шешесінің шимайы. «Сендерді сағындық» депті.

Мейірбек талаптанып, бірдеңе жазып жүр. Әңгіме ме, суреттеме ме, өзі де білмейді. Оқиғасы бірсыдырға, тәуір болғанымен, тілі жеңілдеу ме? Редакцияға жолдауға ерте сияқты.

Ауа райы құбылып тұр. Түске дейін ашық еді. Түс ауа аспанды ала бұлттар торлап, жаңбыр сіркіреді кеп.

Әпкесі үйге келген соң киімдерін ауыстырып, жылы пештің қасына жайғасса да бойы жылынбады. Қатты тоңыпты. Екеуінің де киімдері жұқа-тұғын.

– Аяғым шаншып кетті, – деді отыра қалып.

– Бұрыннан ауыратын ба еді? – деді Ділдә апа.

– Жоқ, кешеден бері.

– Дәрігерге қарал.

– Ертең демалыс, дүйсенбі күні барайын.

– Сөйт қарағым. Осы жүргенім, денсаулықтың арқасы.

– Апа, – деді әпкесі аяғын ұстай алып ауырсынғандай. – Шыдатпай барады.

– Ыстық суға салайық, суық тиген ғой.

Ыстық суға аяғын салған соң тынышталды.

– Е, бәсе!.. Жазыласың, қарағым! Жылы киініп жүр, – деді Ділдә апа. – Адам күтінуі керек. Аяқтан тиген суық қиын... Ет асып қойғам. Дұрыстап қонақ етудің реті келмей жүр еді. Екі інісімен Жанарды, Омархан үйінің балаларын шақырдым.

– Несіне әуре болдыңыз, – деді әпкесі ыңғайсызданып.

Ділдә апа сөзін аяқтай бере сыртқы есік ашылып, шақырған кісілер кірді.

Қонақтар ас ішіп болғанда қатты дауыл тұрып, шатыр-шұтыр етті де, жалп етіп шам сөнді.

– Бағана басындағы электр сымы үзілді, – деді Нұрлан.

Ділдә апа қорадан ондық шам әкелді. Шынысын сүртіп, керосин құйып еді, үй ішіне себезден сәуле шашырады.

Ақ жауын ұзаққа сілтер түрі бар.

Тыныштықты Гүлшат бұзды:

– Тұрсын тәте, ертегі айтайық, – деді жаңалық ашқандай.

– Ойыма түсіріп көрейін, – деді әпкесі. Дастархан басындағы балалар сығылысып жақын отырды.

***

– Ертегі емес, болған оқиға, – деп бастады әпкесі әңгімесін – Ертеде мәскеулік атақты профессордың үш қызы болыпты. Қалың орман ішінде, қаладан біраз жерде саяжайы бар екен. Профессор жаз айының бір күні қыздарын орманға алып келеді. Олар таза ауада қыдырып, жеміс-жидек теріп дем алады. Орман іші тыныш. Сайраған құстардың дауысы мен сыбдырлаған ағаш жапырағынан өзге дыбыс естілмейді.

Қыздардың үлкені бір күні дөңбекшіп, кірпігі ілінбей ұзақ жатады. Екі сіңлісі ұйықтап кеткен. Айдың өларасы. Дала қараңғы. Бір кезде алыстан талып әсем әуен естіледі. Жан сарайын баураған әуез жақындай түскендей. Қыз ғажап үнге үнсіз беріледі. Музыка үні сәт сайын жақындай береді, жақындай береді...

Ертеңінде таңертең өліп жатқан әпкелерін көрген екі қыздың зәресі ұшады. Құшақтасып ұзақ жылайды. Бір кезде қуат жиып, мәйітті жер қойнына тапсырады.

Тағы ымырт жабылды. Ортаншы қыз елегізіп көз ілмейді. Түн ортасы ауа әсем саз жетеді құлағына. Елітіп тыңдап жатады... Таңертең оянған кенже қыз ah ұрып жылайды. Ортаншы әпкесінің көзі бақырайып өліп қалыпты. Не істеу керек? Нендей амал бар? Әкесінің келуіне бір апта бар. Жалғыз қалды. Өлімнің кезегі өзіне жеткенін сезіп, қам жасайды. Тықыршып түнді күтеді. Қолында мылтық. Уақыт өтер емес. Үрей мен ұйқы қысқан қыз шаршайды. Тығылған жері – кереует асты... Бір кезде алыстан талып, сазды әуен естіледі. Елітіп жатқан қыз селк етеді. «Барлық

гәп осы сиқырлы музыкада, – деп ойлайды. Апаларыма ажал әкелген осы үн!..»

Музыка үні есік алдында, әне табалдырық аттады. Қыз шүріппені басып қалды. Қатарынан үш рет атты. Одан арғысы есінде жоқ... Үрейі ұшып, қалғып кеткен.

Таңертең тұрса, сіңіріне ілінген, арық адам құлап жатыр. Қолындағы скрипкасы ұшып кеткен.

– Yh! – десті тыңдап отырғандар.

– Соңы не болды?

– Кім екен?

– Қыз атып өлтірген кісі бір кезде керемет композитор болыпты, – деді әпкесі әңгімесін сабақтап. – Қартайған шағында айықпас дертке шалдығып, емделмеген дәрігері қалмайды. Өлерін біліп, қала шетіндегі қалың орман ішіне үй тұрғызып, сол жерді мекен қылады. Шабыты қысқанда, түн ауа сыбызғысын сызылтып шерлі музыка ойнайды екен. Профессордың қыздары сиқырлы сазға ұйып жатып, үрейі ұшқаннан жүректері жарылып өлген дейді.

– Аянышты! – деді Гүлшаттың көздері шарасынан шыға қорқып.

– Аянышты! – десті өзге балалар да.

– Тұрсын тәте, білесіз бе... менің апам да көп ертегі біледі, – деді Гүлшат.

– Айтыңызшы, апа! – Балалар жалынды.

– Жарайды айтсам, айтайын, – деді Ділдә апа.

***

– Ертеде, бір кісі жолға шығып бара жатып, пайғамбарымыз Мұхаммед ғалейхи саламнан бата сұраған екен. Сонда Расульалла:

– Әй, үмбетім! Мына бір жағдай есіңде болсын, – дейді.

Көп ұзамай алдыңнан бір нәрсе жолығады. Толғап жұтып қой. Қорықпа. Алға жүре бер. Сәлден соң алдыңнан тағы бір нәрсе ұшырасады. Ол сенен пана сұрайды. Оған да қол ұшын бер. Тарта бер алға. Жол бойында жылтырап бір зат көрінеді. Жер қазып, оны көміп таста. Не заматтан соң жалаңаш пенде көресің. Одан қаш. Түсіндің бе? – дейді.

– Мақұл! – Жолаушы уәде береді. Келе жатады. Шаршап, дем алады. Алдында биік тау көрінеді. «Бірінші жолыққан нәрсені жұтайын» деп, толғап-толғап жұтып қояды. Келе жатады. Бір кезде тілі салақтап, қатты шаршаған бозторғай жолаушының қойнына кіріп кетеді.

– Құтқаршы мені жауымнан! – дейді шырылдап. Қалш-қалш етеді. Бір кезде қанаттары суылдап қырғи көрінеді.

– Ей, адам, жол-жөнекей бозторғай ұшыраспады ма?

– Оны не істейсің?

– Бүгінгі жейтін нәпақам еді. Қуып келе жатып, көз жазып қалдым, – дейді қырғи.

– Сондағы жейтінің жұдырықтай ғана ет пе?

– Иә.

– Олай болса, ол асыңды мен берейін, – дейді жолаушы.

– Қайтіп?

– Мынау жете ме? – дейді коң етінен бір жапырақ кесіп алып.

Алға жүріп кетеді. Бір кезде жылтырап бір зат көрінеді. Қасына барып, жер қазып, көміп тастайды. Кетіп бара жатып қараса, әлгі зат далаға шығып қалыпты. Белуарға дейін қазып, тағы да көміп тастайды. Жүре бергенде бұрылып қараса, әлгі зат одан әрі күнге шағылысып, жалтырайды. Жолаушы өзінің бойымен бірдей етіп жер қазып, тағы көмеді. Дем алып, жолын жалғайды. Біраз жүрген соң қараса, күнмен шағылысып, жалтырап жатыр көмген заты. «Үш рет көмдім, жата берсін» деп алға жүре береді.

Күн күйіп тұр. Шаршап, аз уақыт дем алады. Жолын жалғастырады. Қараса анадай жерде жалаңаш екі кісі бірінің етін бірі жеп жатыр. Қорқып, қашып кетеді.

Жолаушы сапардан оралған соң, пайғамбарымызға көргендерін баяндайды. Сонда Мұхаммед ғалейхи салам былайша жауап қайтарған екен:

– Адам баласы ашуланған кезде өзін-өзі ұстай алмай, қаны қайнайды. Қанды қайнататын сайтан! Сабырлық Алладан. Сол үшін ашу қысқанда адам шыдап, ақылға жүгінсе сабасына түседі. Алдыңнан кезіккен тау қандай еді. Бісміллә айтып жұтып жібергенде мейіздей тәтті болып, таңдайыңда еріп жүре берді емес пе? Ендеше, адам ашуланған кезде сабырлы болғаны ләзім.

Шырылдап пана сұраған бозторғайға көмек беріп, үлкен сауап жасадың. Қысылған кезде біреуге қол ұшын беру, жақсы сөз айту, жақсылық жасау да үлкен адамшылық.

Жарқырап жатқан затты үш рет жер қазып көмдің. Ол бәрібір көріне берді. Адам жасаған жақсылық та солай. Алтын сияқты жарқырап, төңірегіне нұр шашып тұрады.

Адамға өсек, өтірік айту күнә! Ғайбат сөйлеуге болмайды. Ғайбат айту, біреуді жамандау адамның етін тірідей жегенмен бірдей.

Ділдә апай ертегісін айтып болғанда балалар үндемей қалды.

– Ғибраты мол әңгіме екен, – деді Жанар тәте.

– Үлгі алатын ертегі, – деп балалар да қостады.

– Тағы да айтыңызшы, апа? – деді балалар жабыла өтініп.

– Ұйықтайтын уақыт болды... Тынығайық, – деді Ділдә апа.

***

Әпкесі таңертең орнынан тұра алмады. Оң аяғы күп болып ісіп кетіпті. Түндегі жасаған емнен, шаншыған аяғының басылуы уақытша екен. Жанына батып ауырса да, ешкімді мазалағысы келмей шыдап таң атырыпты. Жақтары суалып, көздері шүңірейіп қалды.

– Мейірбек, маған алаңдама! Тұрып, шәйыңды іш те, сабағыңа бара ғой, – деді. – Жәмила апайға ауырып қалды деп айтарсың.

Ақсары бала шәй ішті де мектепке жөнелді. Жол бойы әпкесін уайымдады. Ауылдан алыста жүргенде ауырып қалғаны қиын болды.

Зарықтырып, алты сабақ зорға бітті-ау!

Жауған жаңбырдан жердің миы шығып, езіліп жатыр. Аспан ала бұлтты. Адамның еңсесін түсіріп, көңілсіздік иектейді. Зорға жетті үйге. Сыртқы есік ашық. Әпкесі көрінбейді. Елегізіп Ділдә апаны іздеді. Ол кісі баласының үйінде сияқты. Гүлшат түстен кейін оқитын. Ділдә апай оралғанша тықыршып тағат таппады.

– Келдің бе? Қолыңды жуа ғой, шәй ішейік...

Ділдә апа іш тартып, елжірей сөйледі.

– Апа! Әпкем қайда? – болды баланың алғашқы сауалы.

– Балам-ай, жазым да, ауру да аяқ астынан!.. Әпкенді түске жақын жедел жәрдем ауруханаға алып кетті.

– Жүрегім сезіп еді...

– Сауығып, ортамызға оралар!.. Суық тиген бе, шала естідім.

– Сонда, қайда әкетті?!.

– Көрші «Қазақстан» кеңшарына. Біздің ауылда аурухана жоқ қой. Соңыра Жанар екеуің барып келіңдер.

Ауруханаңың ала халатын киген, қос балдаққа сүйенген әпкесін танымай қалды. Бас салып құшақтады. Көзінде жас.

– Бұларың не?!. Қойыңдар, – деді Жанар. – Өзінің де көзіне мөлтілдеп жас келгендей.

– Аяқ жазылар... Мейірбекті ойлап қатты қайғырдым...

Әпкесі күлімсіреді.

– Е-е, бәсе!.. Күлші осылай... – Жанар тәте жымиды. – Жаман ырым бастап, көз жасыңа ерік бергенің қалай?

– Енді жыламаймын...

– Дәрігерлер не дейді?

– Диагноз қоя алмай жатыр. Бір жарым ай жатасың дейді.

– Қырық бес күн?!. О-ой, көп қой! – деді Жанар таңданып.

– Енді не істеймін?!.

– Бұлар да бірдеңені білетін шығар. Емдел, аландамай... Жазылып шығуыңа тілектеспіз, – деді Жанар.

– Мейірбекке көз қырыңды сала жүр, – деді әпкесі қоштасарда.

Үшеуі ананы-мынаны айтып, біраз отырды да, қараңғыға қалмайық деп Жанар мен Мейірбек автобус аялдамасына беттеді.

***

Түн. Ақсары ұл оңаша бөлмеде кітап оқып отыр. «С. қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар. Даланың көңілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп, дәмелендіріп тұрады. Жолдың аузында көлденең созылып жатқан тұрқы он шақырымдай болғанмен, енсіз кереге сықылды, жалғыз тау. Не бауыры, не сыртында ықтыртын жоқ

ысқаяқ. Арқалық жадағай, жалғыз қабат болған соң, қыс күнінде жел терісінен соқса да, оңынан соқса да паналығы жоқ: азынап тұрады. Қыстың басынан екі жағын қар алып, жұмыртқадай қылып тегістеп тастайды...» деп басталатын Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі бала жүрегін баурап барады. Бір сағат мұғдарында бас көтермей оқып шыққан. Мұңлық қыз Ғазизаның қайғылы өлімі жан дүниесін астаң-кестең қылды. Қатыгез Ақанды атарға оғы жоқ. Қорғансыз, панасыз Ғазизаның кәрі әжесі мен анасы байғұстарды аяды.

Осы әңгіме әсер етті ме, әлде туған жерге деген мұң жанын жабырқатты ма, ақсары бала «Сағыныш» деп тақырып қойып әңгіме жаза бастады. Бастапқыда тәуір жазып келе жатты да, аяқтайтын тұсында малтығып қалған. Сызды, түзеді, қайыра оқыды. Өз білуінше жаман емес. Бірақ әңгімеге келіңкіремейді. Суреттеме десе дұрыс шығар. Таза параққа көшірді де, конвертке салып, сыртына мекен-жайын жазды. «Қазақстан пионері» газетіне жолдамақ.

Үлкен іс тындырғандай көңілі марқайды. Сағатқа қараса түнгі екі. «Қой, далаға шығып келіп, жатайын» деп тысқа беттеген.

Қараңғы түн. Ауыл иттерінің тыным алған шағы. Үй қасындағы дүкен жанында қаран-құран етіп біреулер жүргендей. Мейірбек кім деп ойлады. Бір кезде дүкен маңдайшасындағы жарық сөнді де, қараңдағандар тапырақтап қаша жөнелді. Жүрегі зу етті. Дүкен үйге тиіп тұрған. Қорқа-қорқа жан-жағына қараған бала дүкенге жетті. Есік ашық. Бұнысы қалай? Жаңағылар ұрылар ма?

Дереу үйге келді. Есік тарсылынан Ділдә апа оянып кеткен.

– Бұл жүрісің не, балам-ау? – деді үрейленіп.

– Апа, дүкеннің есігін біреулер бұзып кетіпті, – деді аптығып.

– Бұзғаны несі?!.

– Жаңа далаға шыққам. Дүкен қасындағы біреулер мені көріп калды ма, жарықты сөндіріп қашып кетті...

– Меделхан үйіне хабарлайық! – Ділдә апа киініп, қасына Мейірбекті ертіп, көрші үйдің терезесін қақты.

Түн ішіндегі дабылдан Меделхан ағаның үй іші үрейленіп, түгелге жуық оянды. Расында дүкен есігі ашық жатыр. Ұрылар Мейірбекті көрген соң арам ойларын іске асыра алмаған сияқты.

Ертеңіне бұл әңгіме ауылға тегіс естіді. Ақсары баланың баукеспе ұрылардың зәресін алып, «қуып жібергені» кәдімгі хикаяға айналды.

Бұл жағдай Мейірбектің ел алдындағы беделін бір мысқалға көтеріп жіберді.

***

– Көрімдік бересің!.. Көрімдік!..

Досы Тоқтар. Қолында газет. Өзі мәз.

– Әйтпесе, көрсетпеймін!..

Тоқтар ораулы газетті жылт еткізіп көрсетті де, артына жасыра қойған.

– Жарайды, қалағаныңды ал, – деді Мейірбек.

– Газетке әңгімең басылыпты.

Тоқтардың қолынан Жәния жұлып алды.

Көз жүгіртіп тез-тез оқып шықты да:

– Мейірбектің мақаласы шығыпты! Бұл біздің мектепке үлкен мәртебе! – деді газетті екінші бір балаға беріп жатып.

– Анаң қара! Пәле өзі тымпиып, – деді Ермек деген сотқарлау бала газетті ары-бері аудара қарап.

Мұғалім класқа енді де, улап-шулаған оқушылар орындарына жайғасты. Сонда ғана әңгімесі басылған газет Мейірбектің қолына тиді.

Үйге барғанда қараса, досының әңгіме деп жүргені өткенде жолдаған суреттеме.

Мейірбек Тоқтардың үйіне бір барғанда, сыртқы мұқабасы тозған, авторы белгісіз кітап тауып алған. Атақты ақын-жазушылар өмірі мен кітапты қалай оқу хақында жазылған жинақ екен. Оқып шығайын деп сұрап алған. Сол кітапты қолына алды. Мына бір – «Сөз өнері дертпен тең» деп аталатын әңгіме қызық сияқты.

«Үш жазушы: Бальзак, Флобер, Толстой. Әрқайсысының өз жұмыс стилі бар, – деп басталыпты әңгіме.

Жұмыс столына отырған кезде Бальзак өзінің не туралы жазатынын әлі айқын біле қоймайтын. Ол үшін айқыны – идея болатын. Флобер мен Толстой жазуға кірісер алдында болашақ

шығарманың мақсаты мен жоспарын жақсы біліп отырған. Өз кейіпкерінің портретін бүге-шігесіне дейін анықтап жасап қоятын.

Бальзак жобадан, эскизден бастайтын. Қолжазба ол үшін болашақ шығарманың сценариі ретінде ғана құнды еді. Негізінен жұмыс корректурадан басталып, сонда аяқталатын. Флобер қағазға бір сөйлем жазбас бұрын оны сағаттар бойы ойлап отыратын. Толстойға осы қасиеттің екеуі де тән еді. Бальзак күніне он бес беттен, ал Фолбер аптасына үш-төрт беттен ғана жазатын. Толстой асыққанды жаны қаламайтын. «Казактар» повесін жазушы он жыл бойы жазды. Тіпті кішкене әңгімелер мен повестердің өзіне айлар, кейде жылдар жұмсалатын. «Поликушка» екі жарым жыл бойы, «Холстомер» 1856 жылдан 1885 жылға дейін, «Помещик таңы» бес жыл жазылды. «Соғыс пен бейбітшілікке» жазушының айтуынша, «өмірдің ең жақсы жағдайларында атқарылған алты жылын» жіберіпті.

Бальзактың сюжеттері табан астында туа кететін.

Флобер сияқты Толстой да сюжеттерін жылдар бойы жетілдіріп жүретін. Флобер мен Толстой тұтас бір кітапхананы қопарып шығатын. Бальзак әр кез олай ете бермейтін.

Бальзак пен Флобер үшін жұмыс істейтін ең қолайлы уақыт – ойды бөгде ешнәрсе алаңдатпайтын түнгі мезгіл еді. Толстой олардан кем еңбек еткен жоқ. Бірақ басқа көзқарасты ұстады: ол көңілі айрықша сергек болатын таңғы мезгілде жазуды қалайтын. Әдетте ол таңертеңнен түске дейін жұмыс істеп, одан соң кітап оқитын, музыкамен, шахматпен айналысатын, достарымен әңгімелесіп, хаттарға жауап жазатын. Күн тәртібін осылай құрған жазушы: «Творчестволық еңбектің негізгі шарты – жұмыстың үздіксіз жүргізілуі, бұл тек жұмыста табысқа жету үшін ғана емес, сонымен бірге қарқынды бәсеңдетіп алмау үшін де керек» – дейтін.

Толстой мереке күндерінде де, тіпті қатты сырқат кезінде де төсекте жатып жұмыс істеген адам...»

Мейірбек бас алмай оқып шықты. Кеш батқанын аңғармапты. «Ертеңгі сабаққа дайындалайын» деп ойлады оқулықтарын алып жатып.

***

Көресінді Гүлшаттан көрді. Кейінгі кездері қайта-қайта тиісіп, жөнді-жөнсіз нұсқау айтып зығырданын қайнатсын. Құдды әпкесі дерсің. Әпкесі де бүйтіп ұрыспас. Не деген мазасыз. Ділдә апа оқта-текте болмаса, орынсыз қабақ шытып көрген емес. Ал түнеу күнгі қылығына кінәлі өзі.

– Балам, мен жұмыстан кешірек оралам. Ала сиырдың бұзауын мал өрістен қайтпас бұрын айдап әкел де, қораға қама. Жамыратып алма. Екі үйдің қарап отырғаны – осы жалғыз сиыр. Ұмытпа, айналайын! Ұқтың ба? – деп айрықша тапсырған.

Балалармен доп ойнап жүріп ұмытып кетіпті. Қас қарайғанда есіне бірақ түсті. Жүгіріп жетсе, қоңыр бұзау енесінің желінін қақтап еміп қойған екен. Өкінгенмен не пайда!

Көп ұзамай Ділдә апа келді.

– Әй, балам-ай! Қара шәй ішетін болдық-ау! Ана қыз да ешкіше секеңдеп, үйде отыруды білмейді. Әй, балам-ай! – Жұмыстан шаршап қайтқан Ділдә апа үш-төрт кесе шәй ішті де жатып қалды.

«Енді айтқан тапсырмасын бұлжытпай орындармын, ұят болды...» деп ойлады Мейірбек.

Ал бұл жолғысы...

– Әй, оқымысты! Не ғып отырсың?!

– Түсінбедім.

– Түсінбейтін несі бар. Шегеленіп қапсың ғой, тіпті.

– Үй тапсырмалары көп.

– Су әкелдің бе?

– Әкелдім.

– Қанша?

– Екі шелек.

– Сол ғана ма? Ол суың қазір-ақ бітеді. Тағы әкел. Кешке кір жуады апам. Нан да жоқ үйде. Дүкенге баруды ұмытпа.

– Жарайды, суға да барам, нанды да әкелем.

– Қашан?

– Сабағымды қарайын.

– Отыз минөт уақыт жете ме?

«Тықылдап қайтеді!.. Бұйрық бергішін!..» Ашу-ызасы келді. Үй тапсырмаларын орындайын деп сабақ қарауын әрі жалғастырған.

Он минөт өтті ме, жоқ па, тағы келді Гүлшат.

– Әлі отырсың ба? Тұр, жаныңның барында!

Көзі шарасынан шығып, өңі бұзылып кеткен. Әлі жетсе сабап тастайтындай.

Өзін-өзі ұстай алмады Мейірбек. Тепсінген Гүлшатты шапалақпен тартып жіберді. Көзінен от жарқ еткен Гүлекең айқайға басып, үйді басына көтерді.

Мейірбек сөмкесін көтеріп, Тоқтар досының үйіне тартып отырды.

Досы қуанып, жырғап қалды. Бұның Ділдә ападан қорқып келгенін қайдан білсін. Екі күн түнеді. Ешкім іздеген жоқ. Мазасыздана бастады. Қайтып барайын десе ұялады.

Үшінші күні кешке Ділдә апа өзі келді.

– Балам-ау, бұның не?!. Неге қашасың үйден?!. Алда-жалда бір нәрсеге ұшырап қалсаң, не бетімді айтам әпкеңе?!. Ана қыздың өзі де кінәлі. Дікеңдеп, бұйрық беріп жатқанын талай естіп едім. «Сенен төрт жас үлкен, айтқанын тыңда ағаңның» деймін оған. Тыңдай ма?!.

Үйге жүре ғой!.. Өзінің де сыбағасын бердім қаншықтың... Шіңкілдеуін қояр!.. Үлкенсің ғой, қарағым!.. Қол көтерме!.. Тиісуін қоймаса, маған айт!..

Ділдә апаға ілесіп үйге келді. Гүлшат қабағы астынан бір қарап алды да, сабағын қарап, үнсіз отыра берді. Жұп-жуас бола қалыпты. Назар аудармауға тырысты.

Содан кейін орынды-орынсыз дікеңдеуін қойды Гүлшат.

***

Мейірбек Алматыға келе жатыр. Әпкесін жақында облыстық ауруханаға ауыстырған. Қанша дегенмен астана ғой!.. Дұрыс емдесе, жазылып кетуі мүмкін. «Қазақстан» кеңшарындағы хирургтер, ауру аяқтың диагнозын ақыры таба алмады. Әпкесінің айтысына қарағанда, аяғы бұрын еш ауырмаған. Суық тисе жазылатын уақыт болған сияқты.

Автобус Алматыға тез жетті. Әпкесі ауруханаға қалай келуге болатынын қағазға сызып, анықтап жазып берген. Адаспай бірден тапты.

Ауруxана үйі бес қабатты ғимаратқа орналасыпты. Жедел жәрдем көлігінен бір кәрияны зембілге салып, ақ халат киген екі адам көтеріп ішке алып кірді. Ауруханаға тізім бойынша кіргізеді екен. Әпкесі хирургия бөлімінде, үшінші қабатта болып шықты. Кезек тосып біраз отырды.

Палатада төрт адам жатыр. Дәрі иісі шығады. Аң-таң жанжағына қарап тұрған.

– Бері кел, Мейірбек! – деген дауысқа бұрылса, әпкесі. Көзінен таныды. Жағына пышақ жанығандай қатты жүдепті. Шашын алдырып тастаған ба?!. Басына ақ орамал тартып алыпты.

– Адасқан жоқсың ба? Қалай жеттің? – деді күлімсіреп.

Қарай бергенінен ыңғайсызданды ма, шашын неге алғызғанын түсіндірді:

– Қозғалмай жатқан соң ба, басым кірлеп, сірке қаптап кетті... Өзі қалың шаш, жууға жағдайым келмейді. Тақырлап алдырып тастадым ақыры.

Әпкесінің көзінен жас домалап түсті. Қит етсе жылап қоя беретін болыпты. Аздан соң көзінің жасын сүртіп, басын көтерді.

– Жарайды, шашы құрысын!.. Жазылып кетсем, шаш – садаға!.. Ал жарығым, өз жағдайың қалай? Қарның ашып жүрген жоқ па?!.

– Уайымдамаңыз, бәрі ойдағыдай, – деді Мейірбек.

– Көрмейсің бе, жатып қалғанымды...

– Қайғыра бермеңіз, сауығып шықсаңыз, көрген қиындығыңыз ұмытылар.

– Айтқаның келсін!..

Әпкесі екеуі әңгімелесіп ұзақ отырды.

Ауруханадан шыққан соң, «Саяхат» автовокзалынан Шелекке жүргелі тұрған автобусқа отырып, ауылға қайтты.

***

Қоңыр күз. Күн суытып келеді. Дала реңі сарғыш түске боялған. Темекі науқаны әлдеқашан аяқталып, жұрт қыс қамына кіріскен. Өткенде ұшпа қар бір жауып, артынша еріп кетті.

Мектеп директоры Жәмила апай әпкесінің жалақысын керек кезде беріп тұрады. Бірақ жиі мазалап, бара бермейді. Пәтер ақысын төлегенде және әпкесіне бararда ғана алады.

Мейірбек біраздан бері күнделік жазып жүр. Көңіл түкпіріндегі сөздерін қағазға түсіріп қояды. Үлкен жазушыларға еліктеген түрі. Лев Толстой да күнделік жүргізіпті. Кейіннен сол жазбаларын кітаптарында пайдаланған көрінеді.

Күнделік демекші, ол туралы өткенде Тоқтар үйінен сұрап алған кітапта былай деп жазыпты: «...Қаперіне онша сенім артпаған Майкл Фарадей қырық екі жыл бойы күнделік жүргізіп, оған өз көрген-түйгендерін мұқияттылықпен жазып келеді. Қойын дәптерлер мен күнделіктерді Бетховен «ғажайып кітаптар» деп атады. Қойын дәптеріңіз болсын, – деген кеңес береді Джек Лондон, – онымен бірге тамақ ішіп, сапарға шығыңыздар. Ойыңызға орала кеткен әрбір ойды соған түсіріп қойыңыздар. Қанша дегенмен де жай қағаз сұрғылт ми ағзасынан әлдеқайда берік келеді. Сол себепті қарындаштық жазбалар ойды қаперден гөрі жақсырақ сақтайды. Марк Твеннің, Алфонс Доденің, Антон Чеховтың қойын дәптерлері – болашақ шығармаларына әзірліктер қоймасы

Кітаптарды, газеттер мен журналдарды оқи отырып, қажет деген үзінділерді дәптерлерге, ал ең дұрысы, жеке карточкаларға жазып қойған жөн. Оларды кейін түрлі тақырыптар бойынша іріктеп алу оңайға түседі. Күнделік жүргізу, қойын дәптерді пайдалану, міне, Пушкин мен Тургеневтің, Лев Толстой мен Максим Горькийдің жұмыс әдістері осындай болатын...»

Алда қараша айы. Дәм тартса, Алматыға барып, парад шеруін көрмек. Әпкесіне айтқан. Ауруханаға содан соң соғады.

***

Сыртқы есіктен еніп, аяқ киімін шешіп жатқанда таныс дауыс естілді. Бұл кім болды екен?!. Сөйтсе, төрде әкесі отыр. Бұл тосын жаңалық еді.

Ақсары ұл қара шалдың қойнына сүңгіді.

– Амансың ба, ботам-ау?!. – дейді әкесі ұлын құшақтап.

Үй іші мәре-сәре! Ділдә апа самауыр қойып, шәй демдеді. Қазанға ет салды. Әкесі әкелген базарлықтарын сөмкеден шығарып жатыр. Жылы киімдері. Қысқы пальто, қоян малақай, қой

жүнінен тоқылған шұлық. Бір дорба құрт пен ірімшік! Бауырсақ та салыпты. Елдің дәмі деп Ділдә апаға үйеме табақ жылқы етін беріп жіберіпті.

– Былтырғы соғымнан сыбаға, – дейді әкесі.

– Құдай-оу, бәйбішеңіз қандай үнемшіл!.. Былтырғы соғым етін осы уақытқа дейін қалай сақтаған?

Ділдә апа әкесінің өтініші бойынша Меделхан мен Омархан ағаның отбасын шақырды. Үлкендер жағы әңгіме-дүкен құрып ұзақ отырған. Ду-ду әңгіме. Қызу кеңес. Балалар да бақыт құшағында.

Әкесі таңертең мектеп басшысына жолықты. Баласының тәртібін, оқу үлгірімін сұрады. Содан соң түстен кейінгі автобуспен Алматыға қайтты. Мейірбек аялдамаға дейін шығарып салды.

Аттанарда:

– Ал, балам, өзіңе-өзің мықты бол! Жағдайыңды біліп, қуанып қалдым. Сабағыңды жақсы оқы. Ат атандырып, сүйек сындырма! Жолда әпкеңе соғып, амандығын білем, – деді.

Қара шал автобусқа отырған кезде Мейірбектің көңілі қоңылтақсып, жылап жіберуге шақ қалды. Әкесіне сездірмей, жеңімен көзін сүрте қойған. Байқап қалса ұят. Әкесі баласының боркемік, жасық болғанын ұнатпайтын.

– Құлыным, сау бол! Хат жазып тұр, – деді қол бұлғап.

Автобус көзден тасаланып, ұзап кеткенше орнынан тапжылған жоқ.

***

– Өзіме де сол керек!.. Аңқау басым-ай!..

Ақсары бала ашуланып келеді. Тыңдау керек еді Ғайша тәтенің сөзін. Мақтанып несі бар!.. Адасты деген осы!.. Қаланың ортасына барады дегенге нөміріне де қарамай бір автобусқа отырған. Алматының бір шетіне шығандап шықты да кетті. Қиқы-жиқы көшелер, аласа үйлер болады екен-ау мұнда да. Ауылда жүргенде басқаша елестеткен. Ылғи зәулім-зәулім, көп қабатты ақ шаңқан үйлер шығар дейтін. Қайда-а? Қазіргі келе жатқан көшесі ойқы-шойқы. Бір әйелден жөн сұрап еді, тура жүре бер

деп осылай нұсқап жіберген. Бүйтіп көше адақтап жүргенде мереке тарқап кететін болды-ау!..

«Табамын! Мүмкін емес!» – деп қайрады өзін. Жүріп-жүріп аялдамаға жетті. Үш-төрт кісі тұр. «Осы автобус орталық алаңға барады» деп орыстың жігіті тағы да бір автобусқа отырғызып жіберді. Ол ұзақ жүріп келіп, соңғы аялдамаға тоқтаған. Ары қарай бармаймын дейді.

– Неге? – деді бала қорқып.

– Бармаймыз, значит бармаймыз...

– Не істеймін енді, ағатай?!.

– Маршрут өзгерді, ары қарай жүрмейміз.

– Алматыны жақсы білмеуші едім...

– Бір қайырымды жан жолығар!.. «Сұрай-сұрай Меккеге баруға болады...» деген данышпан қазақ атамыз.

Сөйтсе, мереке күндері автобус бағыттарын өзгертіп, парад тарағанша басқа көшемен жүретін көрінеді.

Тағы бір аялдаманы тапты. Мұнда адам қарасы молдау. Қызылды-жасылды шар көтерген бір кішкентай қыз шешесінің қолынан ұстап алыпты. Өзі тақылдап тұр.

– Мама, айтыңызшы, танкілер бола ма?

– Болады, қызым.

– Солдаттар ше?

– Олар да болады.

– Самолет ше?

– Оны білмеймін.

– Вадим айтып еді ғой.

– Болуы мүмкін.

– Алақай! – деп қуанды қыз. – Алақай! Әскери ұшақтарды көретін болдым!..

Мейірбек қуанды. «Демек, парадқа бара жатыр. Сондарынан қалмайын...»

Аялдамаға автобус келіп тоқтады. Кішкентай қыз бен орыс әйелі автобусқа отырды. Мейірбек те ілесті. Екі көзі шар ұстаған қызда. Автобусқа адамдар толды. Бес-алты аялдама жүрген соң қыз бен шешесі түсті. Бұл да еріп келеді. Көше қайшыласқан халық. Арттарынан қалмай сөмпеңдеп келе жатқан ақ сары баланы қызын жетектеген әйел аңдаған жоқ. Қыр соңынан қалмай,

екі автобус, бір трамвай ауыстырып мінген бала орталық алаңға да жетті-ау! Парад шеруі басталған екен. Соңына дейін тамашалады. Түрлі-түрлі әскери техникаларды көрді. Балмұздаққа мейлінше тойды.

***

Жаңа жыл таяды. Мектепте күнде дайындық. Мейірбек бастауыш сыныптың балаларына Аяз ата болмақ. Ақша қар – парталас қыз Жәния. Екеуі қосылып Алатау әнін айтады.

Алып тұлға байсалды,
Манаураған Алатау.
Қызыл-жасыл гүлдері,
Алаулаған Алатау,
Манаураған Алатау,
Алаулаған Алатау...

Бұл – сол кездегі танымал ән. Әнді айтарда Жәния тулады.

– Айтпаймын! – дейді қырсығып.

– Неге? – дейді музыка пәнінің мұғалімі Күләш апай.

– Ұнамайды.

– Сонда қандай ән айтқың келеді?

– Балқадишаны...

– Ақан серінің бе?

– Иә-ә.

– Ол махаббат туралы ән. Жаңа жыл тақырыбына келмейді.

– Бәрібір емес пе? – дейді Жәния да айтқанынан қайтпай.

Сұрағы орынды. Күләш апай мүдірді.

– Болмайды дедім, болмайды!..

Жәния зорға илікті.

Міне, жаңа жыл! Далада қар жауып тұр. Жәния – Ақша қар. Үстіндегі аппақ аппақ көйлек өзіне керемет жарасады. Құйып қойғандай, құлпырып кетті. Бұрын қалай байқамаған. Мейірбектің жүрегіне шоқ түсті. Парталас қызға ғашық болды. Қол ұстасып, шыршаны айналып жүрген кезде, қыз саусақтарын көпке дейін жібергісі келмейді.

Жаңа жыл кеші өте қызықты өтті. Мейірбек жанын салды. Ән де шырқады. Бастауыш сыныптың балалары дән риза.

***

Қысқы каникулды Шелекте өткізді. Мұнда Төлеуғали аға мен Жұпар тәте тұрады. Бота есімді қыздары бар. Үйлері алты бөлмелі. Бір қабырға тұтас кітап сөрелері. Қалаған кітабыңды ал да оқи бер. Ешкім бөгет жасамайды. Өз еркің. Жалықпасаң болғаны.

Ақсары бала екі-үш кітап оқыды. Ботаны ертіп киноға барды.

Әпкесінен хат келді. Қазір Семейде. Хатында Мейірбекті көп тапсырыпты. «Қолдарыңызда тұрсын, болмаса интернатқа орналастырыңыздар» деп өтініш жасапты.

– Бұған не айтасың? – деді Жұпар тәте.

– Сол жерде оқи берейін.

– Әпкең ұзақ жатуы мүмкін. Онда не істейсің?

– Оны уақыт көрсетер, – деді үлкен адамша.

– Бөтен адам емеспіз, өзің шеш.

Мейірбек қайта-қайта мектеп ауыстырып жүргісі келмеді. Сыныптағы балаларға үйренді. Қалған екі тоқсан да жылдам өте шықпай ма? Оның үстіне досы Тоқтарды, Ділдә апа мен Гүлшатты да қимайды. Көршісі Жәния ше?!

Ақсары бала Жұпар тәтеге рахмет айтты.

Он бес күндік каникул тез өте шықты.

***

«Көзден кетсе, көңілден болар үміт...»

Қазақ неткен данышпан халық. Бұл сөздің жаны бар. Мейірбек күзден бері Қарлығашқа бірнеше рет хат жазған. Әлі жауап жоқ. Күте-күте шыдамы таусылды. Басына қилы-қилы ой келген. Алыстағы бұған хат жазып жүргенше, өзге дос тауып алған шығар. Мейірбекті ұмыта бастаған шығар.

Көршісі Жәния одан сайын магниттей тартып барады. Қандай сиқыры бар? Қыздың қиылған көз қарасы мен қылығы көз алдында. Бұрынғыдай емес, екеуі оңаша қалса, жүрегі дүрсілдеп, аузына жөнді сөз түспей қалады. Хат жазуға талай оқталды. Қолына қалам алса сөздері қиыспайды. Жазған хатын ұнатпай, талайын жыртып тастады.

Сол күні кешке бар өнерін салып хат жазды. Бәрін айтты. Жақсы көретінін де бүккен жоқ. Жазуын жазды-ау... Ыңғайын тауып бере алса-шы. Есі шықты. Сабақтың соңында кітап арасына хатты салып, Жәнияға ұсынған.

Содан бері тым-тырыс... Бірнеше апта өтті...

Жәния бәз-баяғыдай ашық-жарқын. Араларында түк болмағандай. Қарадан қарап Мейірбек қысылды. Жұмбақ сыр!.. Түсініп көр?!.

Сырын Тоқтарға айтқан. Ол қара аспанды төндірді.

– Біттім дей бер!

– Не-ге-е?

– Құрыдың!.. Ол қыз хатыңды директорға апарып береді. Сені мектептен шығарады.

– Хатқа бола ма?!.

– Жә, қорықпа?!. Кім біледі, мүмкін, мұғалімнің інісі деп аяп, көп болса жиналысқа салар. Бәрібір ұят!.. Апырым-ау, хат жазып нең бар қызға?! Ғашықтығыңды ауызша айтпайсың ба?

Содан бері ұстараның жүзінде жүргендей. Мектеп директоры біліп қойғандай мазасы кетті. Бірде пионер вожатый сыныпқа кеп жиналыс өткізді. Тәртіп жөнінде әңгіме қозғалды. Қыздарға хат жазатын ұлдар бар дегенде зәресі ұшты. Қазір мені тақтаға шығарады деп ойлаған. Бірақ пионер вожатый өйткен жоқ. Өстіп жүргенде, өз ауылы Қарағаштағы Қарлығаштан хат алды. Ауылдағы барлық жаңалықты, балалардың бұны әлі ұмытпағанын, газетке шыққан суреттемесін сынып боп оқығанын жазыпты. Жауапты кешіктіргеніне кешірім өтініпті.

Мейірбек екі оттың ортасында қалғандай! Қарағашта Қарлығаш, мұнда Жәния. Масқара болды-ау!.. Көрсеқызарлық жасадым деп өзін жазғырды. Қарлығашқа әне-міне жауап жазамын деп жүргенінде Жәниядан хат келді.

«Мейірбек, ренжіме, – деп басталыпты хат. – Ұзақ тостырып қойдым ба?!. Қандай жауап беретінімді білмей көп толғандым... Шынын айтсам, мен де сені жек көрмеймін... Жақсы дос болып қалайық.

Сәния. 27 наурыз, 1970ж.»

Тескенсудағы ғашықтық хикаясы осылай тәмәмдалды.

***

Оңтүстікке көктем ерте келеді.
Көктем, көктем! Қыз – көктем ауылдағы!
Өлең-жыр, әзіл-күлкі ауыл маңы.
Тиянақ таппай ұшқан көбелек,
Көк гүлге қонды-дағы дамылдады, –

деп ақын жырға қосқан, керімсал көктем тіршілік атаулыны жадырата күн жылынған. Көк шөп қаулай өскен. Алатау етегі жасыл кілемдей түрге енген.

Мектепте мемлекеттік емтихан. Оқушылар тоғыз ай тоқыған білімдерін сарапқа салуда. Мейірбектің де көңілі шат. Екі пәннен беске тапсырды. Енді үшеуі қалды. Әлгінде Қарағаштан хат алған.

«Балам, амансың ба? Үйді сағынып жүрген шығарсың, – деп жазыпты анасы. – Каникулың таяды. Кішкентай қарындасың Шәпи күтіп жүр. Сені қатты сағындық.

Әпкеңе ешбір ем қонбады. Қазір үйде. Ақтас тауынан тас әкеліп, он күн қатарынан аяғын булап едім, құлан таза жазылды. Қазір өздігінен жүре алады. Балдағын тастаған.

Біздегі үлкен қуаныш осы.

Хат жазған анаң.

Сау бол! 13 мамыр, 1970 жыл»

***

Мейірбек Қарағаштағы кеңсе алдында Ақтүбек бөлімшесі жаққа жүретін машинаны әркім-әркімнен сұрастырып жүр. Отиярдың өзіне бармаса да, төрт-бес шақырымдай жете бере жол қиылысынан түсіп қалуға болады. Ар жағында ауылы тиіп тұр.

– Оу, бала! Сен әлгі, Сенбінің Алматыда оқитын ұлысың ба? – деді ақ сары баланың сәлемін алған Райып аға.

– Иә.

– Әкеле жатқан сарқытың көп шығар, ә!

– Баршылық.

– Ой, азамат!

– Жолдың бұрылысына дейін ала кетесіз бе?

– Ала кетейін, отыра ғой.

Мейірбек машинадан түсіп жатқанда Райып ағa:

– Жеткізіп тастауға болар еді. Көрмейсің бе?!. Аяқ асты асығыс шаруа шығып тұрғанын, – деді кейістік білдіріп.

– Рахмет, аға!


– Әкеңе сәлем айт!

Мейірбек төтелей тартып келеді. Талай жүрген жері. Әр тасына дейін таныс, жүрегіне ыстық мекен. Алып ұшқан көңілі байыз табар емес. Әне, Отияр да көрінді. Төбе басындағы қоржын там көзіне жылы ұшырады.

Ай-хой, туған жер! Перзентің жетті асығып! Аш қойныңды айқара! Сағынды ғой сарғайып! Қазір ол былтырғы бозөкпе бала емес. Шет пұшпақтап болса да, өмірдің көлеңкесі мен күнгейін көрді, кермек дәмін татты, бойымен бірге ойы да өскендей.

Ақ сары бала үкідей ұшып келеді.

Эсселер





ТӘУАФ

Ихрам немесе ислам туралы пайымдау

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Қажылық дегеніміз – арғы дүниеге, яғни ахиретке сапар шегіп бара жатқандай әсер етеді екен. Өйткені адам үстіндегі бұл дүниелік киімдерін шешіп, екі бөлектен тұратын ақ мата – ихрам киеді. Ахирет киім де ақ мата. Қайтыс болған кісіні шомылдырып-ғұсыл түсіріп, сосын орайды. Ихрам да солай. Қажылық сапарға баратын адам жуынып, дәрет-ғұсыл алып, екі бөлек ақ матаға оранады.

Бұл рәсімді біздер Ыстамбул әуежайында, Жидда қаласына ұшардан екі сағат бұрын орындадық. Ыстамбулдағы Ататүрік әуежайы шағын қалашық іспеттес. Мешіт, асхана, дүкен, қалааралық телефон байланысы бәрі бар. Мұндағы ұшақ тоскан он сағатымыз лезде өте шыққандай.

Сонымен ихрам хал-күйіне ендік. Екі бөлек ақ мата жыпжылы... және аздап қорқынышты. Олай болатын себебі, ихрам кию адамның Алланың жолында бұл дүниеден бас тартуын көрсетеді. Адам өзінің қызметін, отбасын, бала-шағасын артына қалдырып, Алла тағалаға толық беріледі. Тыйым салынған қағидаларды қатаң ұстайды.

Исламның тағы бір кереметі – ол адам патша ма, король ме, бастық па, қатардағы жұмысшы ма, бәрі бірдей ихрамға оранады. Ихрамның тағы бір сыр-құпиясы – исламдағы теңдіктің дәрежесі көрінеді. Қажылыққа барған кімде-кім болмасын, «ихрам

кимеймін» деп айта алмайды. Қажылыққа келдіңіз бе, демек ихрамға енесіз.

Байқап қарасаңыз, исламдағы теңдік, Аллаға құлшылықтың кез-келгенінен айқын аңғарылады. Намаз оқуды алайық. Намазда бір сапта тұрып, үлкенбіз бе, кішіміз бе, нәсіліміз ақ па, қара ма, бай ма, кедей ме бәріміз сәждеге жығыламыз. Ораза ұстауда да солай.

Алла тағала қасиетті Құран Кәрімнің, Хұжрат сүресінің 13 аятында: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың – тақуаларың. Шәксіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы», деп жазады.

Бүгінге дейін өркениетті елміз деп есептейтін мемлекеттердің өзінде түр мен түске, бай мен кедейге, нәсілге бөлу кездеседі. Ал исламда бұның біреуі жоқ. Ислам нәсілшілдікке, ұлтшылдыққа қарсы. Бұл жөнінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Мұсылман мұсылманға бауыр» деген хадисі бар.

Әл-Харам және Әл-Қағба

Ыстамбулдан ұшқан ұшағымыз кешкі ақшам-мағриф мезгілінде Қызыл теңіздің жағалауына орналасқан Жидда қаласының әуежайына кеп қонды. Қасиетті Мекке мен Мединеге мұсылмандардан өзге бірде-бір адам кіре алмайтындықтан бірнеше жерден қатаң тексеруден өттік. Ұйқы шала, жолсоқты боп шаршағанымызбен жүрегіміз лүпілдеп, толқу үстіндеміз. Таң алдында Меккеге де жеттік-ау!

Мекке таулы-тасты аймаққа орын тепкен шаһар. Қаңтар айының аяғы болса да, шыбынсыз жаз. Көше бойларындағы пальма ағаштары жайқалып тұр. Жап-жасыл. «Қазір Астанада 30 градус аяз, мұнда кемі 26-28 градус ыстық шығар», – деп ойлағанбыз. Шынында сол күні 25 градус екен.

Аппақ киімді құжынаған халық құмырсқаның илеуін елестетеді. Қажылық сапарға бірге барған 8 адам – алматылық Муаз Сабри (жетекшіміз), Жеңіс Әсетоллаұлы Үсен, Тоқтар Жамалбекұлы Абайылда, Кеңес Мұсаханұлы Шаймерденов,

Нұрдәулет Бәбиханұлы Ақыш, астаналық Әшім Нығман және сайрамдық Шымыр Жандаров қалың нөпірге араласып кеттік.

Алла тағаланың жер бетіндегі алғашқы үйі Әл-Қағба орналасқан Әл-Харам мешітіндеміз. «О, Алла! Бұл үйді сый-сияпатқа, құрметке, қадірлікке, қошеметке толтыр. Және қажылық, не ғұмыра жасағанның да сый-сияпатын, құрметін, қадірін, қошеметін арттыр!» деген мағынада арабша дұға оқып ішіне ендік.

Осы дұға арқылы Қағбаның ұлылығын еске алдық. Қағба не үшін ұлы? Алла тағаланың үйі болған соң ұлы! Миллиардтаған адамды бір нүктеге бағыттап қойған жалғыз Жаратушының құдыреті! Жер бетіндегі барша мұсылман қауымы күніне бес мәрте Әл-Қағбаға жүзін бұрып, Алла ризашылығы үшін намаз оқиды. Жылына мұнда 75 миллион мұсылман келеді екен! Осының бәрі он сегіз мың ғаламның иесі Жаратушы Рахман-Рахимның таңғажайып күш-құдыреті!

Әл-Қағбаны көрген кезде тағы: «Ей, Алла! Мені Қағбаны көруді нәсіп еттің, енді қиямет күні жәннатқа еніп, өзіңнің дидарыңды көруді нәсіп ет!» деп тілеген абзал көрінеді.

Жәннатқа кіргендегі адамның бақыты – Алланың дидарын көру! Бұл жөнінде Құран Кәрімде: «Кім жақсылық істейтін болса, оған жәннат бұйырады және тағы қосымша жақсылық беріледі», деген. Осы аятқа тәпсір жасаған ислам ғалымдары, жәннаттан артық қандай жақсылық болу керек деген кезде, адамның Алланың дидарын көруі деп жорамал жасапты. Тағы бір аятта: «Жақсы адамдардың жүздері нұрланып тұрады. Олар өздерінің Раббыларына қарап қуанады!» – дейді.

Сонымен Әл-Қағба дегеніміз төрт бұрышты тас ғимарат. Қағба – араб сөзі, текше (куб) деген мағына береді. Әл-Қағбаның төрт бұрышы төрт жақты көрсетеді.

Жыл сайын Зұл-хижжа айының 9 жұлдызында Әл-Қағбаға жаңа жапқыш-кисуэ жабады. Кисуэнің биіктігі – 14 метр. Осы биіктіктің үштен бір бөлігінде Кисуэнің белдігі-хизәм орналасқан. Хизәмнің ені 95 см, ұзындығы 47 метр. Ол 16 бөлімнен тұрады. Хизәмда алтын жалатылған күміс жіппен қасиетті Құран Кәрімнің қысқа сүрелері жазылған. Хизәмнің астында 6 жолақ бар, олардың әрқайсында да алтын әріптермен тізілген Құран аяттары бар.

Әл-Қағбаның бұрышында қара тас орналасқан.Тәуаф етушілердің көбі қара тасқа жақындап оны ұстауға, немесе сүюге тырысады.

Егер кісілердің көптігінен қара тасты сүю мүмкін болмаса, онда қара тасқа қарап, ишарат қылып, сосын қолдарын ерніне тигізеді. Оны истіләм дейді.

Қара тастың қасиеттілігі, Алланың оң қолын ұстаумен бірдей екен. Мүмкіндік болса қажының қара тасқа қолын қойып: «Алла тағала, мен барлық күнәларымды мойындадым. Бұдан былай сенің бұйрықтарыңды ғана орындаймын» деп тілек тілегені ләзім.

Қара тасты сүю, болмаса ұстау – үлкен жауапкершілік! Былайша айтқанда, Алла мен адам арасында келісім-шарт жасалады. Ал бүкіл әлемнің жаратушысымен келісім-шартқа отырған соң адам аса сақ, һәм сондай тақуа болуы тиіс. Егер келісім-шарт бұзылса, Алланың сізден кек алуына, азаптауына ылайық адамсыз! (Алла, одан сақтасын!!!)

Қара тасты сүйгенде немесе ұстаған кезде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетін орындадым деген сезім ойда болуы керек. Себебі, қара тастың адамға пайдасы да, зияны да жоқ. Омар радиаллаһу: «Ей, қара тас, – деген екен, – Алланың атымен ант етемін. Сен маған ешқандай пайда да, зиян да бере алмайсың. Сені Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүйгенін көргендіктен, Расул-Алланың сүннетін орындау үшін істеп жатырмын...»

Тәуаф, Бәйтүл мәғмүр, Бәйтүл ғизза...

Тәуаф – қажылықтың негізгі бөлігінің бірі. Ол Әл-Қағбаны 7 рет айналатын салт-дәстүр. Тәуаф арабтың «айналу» деген сөзі.

Бәрімізге мәлім, мешітке кіргенде 2 рекағат тахиятіл-сәлем намазы оқылады. Әл-Қағбаға кірген соң да сәлем беруіміз керек. Дүние жүзінде тек осы Әл-Қағбада ғана 7 рет тәуаф орындалады.

Неге 7 рет айналамыз? 7 рет тәуаф жасаудың құпия-сыры неде? Бақсақ, тура осы Әл-Қағбаның үстінде, көкте Бәйтүл мәғмүр деген періштелердің мешіті орналасқан. (Бәйтүл мәғмүр – періштелерге толы деген мағынаны білдіреді.) Ал Бәйтүл мәғмүрдің үстінде, Алланың ғарышында Бәйтүл ғизза деген мешіт бар.

Осы Бәйтұл мәғмұр мешітіне күніне 70 мың періште келіп, тәуаф жасап шығып кетеді. Періштелердің көптігі сондай, қияметке дейін қайта айналып соғуға кезек тимейді екен. Яғни, күніне 70 мың періште кеп отырады.

Адам Әл-Қағбаны әр айналған сайын Алланың сый-құрметіне бөленеді. Себебі, Алла тағала Бәйтұл мәғмұрде тәуаф жасаған періштелерін қалай құрметтесе, қажыларды да солай құрметтейді.

Тәуаф, әншейін айналу емес, ол шынайы ықылас-ниетпен атқарылуға тиіс. Жалғыз Жаратушыдан өзге ештемені ойламаған жөн. Біз де солай еттік. Өзімізге, отбасымызға, егемен елімізге ынтымақ пен игілік, ізгілік пен береке-бірлік, бейбітшілік тіледік. Дұға оқыдық. Қара тас жатқан Әл-Қағбаға ұзақ-ұзақ қарадық.

Иін тірескен, ығы-жығы халық. Шақшиған күн. Аяқ астындағы мәрмар тас та ыстық. Тәуаф етушілер алда-жалда бірін-бірі байқамай шынтағымен қағып немесе аяғын басып кетсе: «Сабур, хадж!..» дейді жымия күліп. Не деген ізет, кішіпейілділік!!!

Енді жоғарыда сөз еткен тәуафтың санына келейік. Бұл жерде нақты дәлел жоқ сияқты. Кезінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әл-Қағбаны 7 рет айналған. Адамдар да соны қайталайды. Мұны білу шарт емес. Мысалы, намаздардың рекағат-санын алайық. Таң намазының парызы 2 бас. Неге 2 деп сұрамаймыз ғой. Сол сияқты Бесін намазының парызы 4 бас. Неге ол 3 немесе 5 емес... Ислам ғалымдары 7 санын қасиетті сан болуы мүмкін деп жорамал жасапты. Атамыз қазақ та 7 санын қасиеттейді.

Ибраһим мақамы

Әл-Қағбаны 7 рет айналған соң Ибраһим мақамына келіп, оның алдында 2 рекағат намаз оқыдық.

Ибраһим мақамына неліктен соншама құрмет көрсетілген? Мұхаммед (с.ғ.с.) соңғы пайғамбар болса, Ибраһим бүкіл пайғамбарлардың атасы. Әл-Қағбада ең алғаш рет азан шақырған – осы Ибраһим ғалейхи салам. Мұсылмандардың қажылық парызын орындауына себепші болған Ибраһим пайғамбар.

Адамзат тарихындағы ең үлкен бойұсынушылықты орындаған күллі пайғамбарлардың атасы – Ибраһим. Ол өзінің қартайған шағында көрген жас сәбиін – жалғыз баласын және әйелі Ажар

екеуін Алланың әмірімен елсіз, шөл далаға апарып тастайды. Неге деп сұраған жоқ.

Рас, Ибраһим Алланың елшісі – пайғамбар, һәм ер адам болсын. Ал Ажар анамыздың Аллаға деген сенімін әрі мықтылығын айтсаңызшы! Отағасы айдалаға әкеп тастап бара жатқанда: «Бізді неге қалдырып барасың?» дейді. Ибраһим үн қатпайды. Ажар анамыз тағы: «Кімге тастап барасың?» дейді. Ибраһим атамызда үн жоқ. Ажар анамыз үшінші мәрте: «Алла тағала бұйырды ма?» дейді. «Иә», деген жауап алғанда Ажар ана: «Ендеше, Алла тағала бізді аштан өлтірмейді», деп сусыз шөл далада, тау-тастың ортасында қауіп-қатерге қарамастан құндақтаулы жас сәбиін бауырына басып қала береді.

Кезінде адамдар пұтқа, тасқа, мүсіндерге табынып жатқан уақытта оларды сындырып, көпқұдайшылыққа қарсы болып, жалғыз Аллаға құлшылық жасауға шақырған да Ибраһим пайғамбар.

Хақ мұсылмандар намаз соңында, Әт-Тахият дұғасынан соң Ибраһим пайғамбарға, оның отбасына салауат айтады. Өйткені, қажылыққа себепші болған Ибраһим атамыз.

Сонымен Әл-Қағбаны 7 рет тәуаф еткен соң, сол тұсқа тақау Зәм-зәм бұлағынан су ішуге бұрылдық. Мұнда да иін тірескен халық. Әбден қанып зәм-зәм ішкен қажылар ырымдап бет-қолдарын жуады.

Зәм-зәм салқындау болғанымен жұмсақ. Ішіп жатырмыз, ішіп жатырмыз. Сондай дәмді! Тіпті тоятын емеспіз!

Қарсы алдымызда қасиетті Әл-Қағба!

Жұдырықтай жүрегіміз лүп-лүп соғады!

Ол дағы қуанғаннан, Он сегіз мың ғаламның патшасы, Жалғыз Жаратушының нұрына шомылғандай!

Алланың шынайы құлы болып өткенге не жетсін!!!

Әлхәмдүлиллә!!!

Зәмзәм тарихына үңілсек...

Сонымен, Ибраһим пайғамбар Ажар анамызды кішкентай Исмайыл екеуін айдалаға әкеп тастайды. Бірер күннен кейін Ажардың жолға алып шыққан азығы таусылып, торсықтағы суы да бітіп, омырауындағы сүті де тартылады. Сәби Исмайыл жылап,

қарны ашып тамақ сұрайды. Аштық пен шөл қысқан Ажар зыр жүгіріп су іздейді. Ол Ас-Сафа төбешігіне шығып, көз жетерлік жан-жағына қараса, қарсы беттегі Әл-Мәруа төбешігінде ағып жатқан суды көреді. Ас-Сафадан Әл-Мәруаға жаны шырқырап жүгіріп барса, әлгіндегі көрініс сағым болып шығады. Сөйтіп, Ажар Ас-Сафа мен Әл-Мәруа арасында 7 рет жүгіреді. Екі төбешік арасында жүгіріп жүріп, ол Алла тағалаға дұға айтып, жан-тәнімен сенетіндігін білдіреді. Әбден шөлдеген Исмайыл жер теуіп жылап, су сұрайды. Сол мезетте сәби аяғының астынан су атқылай бастайды.

Сол зәмзәм суы сонау Ибраһим заманынан бері, қаншама ғасырлар өтті, әлі шығып жатыр. Қияметке дейін ағa береді. Күнбе-күн миллиондаған адам зәмзәм суынан ішіп, сусындап, ыдыстарына құйып әкетіп жатыр.

Бұл – Алланың құдыреті!

Бүгінгі таңдағы химик ғалымдар зәмзәм суының құрамын зерттегенде, адам организміне пайдалы элементтер бар екенін анықтаған. Адам зәмзәмді ішкен кезде қарны ашпай жүре береді. Бұл жөнінде Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Зәмзәм суы тамақ ішкісі келген адамға тамақ, шипа іздеген адамға шипа», десе, тағы бір хадисінде: «Зәмзәм қандай ниетпен ішілсе, сол ниеті орындалады», деп жазған.

Сағи

Бұл арабтың «жүгіру» деген сөзі. Сағи Ас-Сафа мен Әл-Мәруа төбешіктерінің арасында 7 рет жүгіретін діни жора. Қажы сағиды Сүбіхан Алла тағалаға жалбарынып, су іздеген Ибраһим пайғамбарымыздың әйелі Ажар мен баласы Исмайылдың құрметіне орындайды. Әйтеуір жұрттан қалмай ілесіп жай жүгіру емес, ниетімізді түзулеп, Ажар анамыздың жаны шырқырап қиналғанының есімізге түсірген ләзім. Қазір Ас-Сафа мен Әл-Мәруа төбешіктері мешіттің ішінде, төбесі жабық, едені ақ мәрмар тас.

Қажылар бұдан соң шаштарын алдырады немесе қысқартырады.

Үлкен қажылықтың алдындағы кіші қажылық, яғни ғұмрән осымен тәмамдалады.

«Қажылық дегеніміз – Арафат!..»

Ертеңінде таңертеңнен бастап қажыларды тиеген автобустар ұбақ-шұбақ тізіліп, Мина қалашығына бет алды.

Минада сап түзеген аппақ шатырлар алыстан мен мұндалайды. Миллиондаған адамдар кеп орналасып жатыр.

Бір күн түнеген соң қажылар Арафат алаңына жиналды. Бұл жора бізге нені елестетеді? Қасиетті Құран Кәрімде көп айтылатын Қиямет күні адамзат баласы түгелі қайта тіріліп, Алла тағаланың алдына жиналады. Ендеше, Арафаттағы жиын – Қияметтің кішкентай көрінісі іспетті.

Арафатта тұру – қажылықтың негізгі шартының бірі. Оған Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Расулалланың: «Қажылық дегеніміз – Арафат!» деген сөзі дәлел.

Арафат тауы Меккеден жиырма шақырымдай жерде. Бұл таудың жанында жұмақтан қуылған Адам Ата мен Хауа Ана 40 жылдан соң кездескен.

Арғы дүниеде Алла тағала алдындағы адамдардың жиналуы қорқынышты! Ол кезде күн адамдардың басына жақындап, әр адам тиісті сыйлығын немесе жазасын алады. Кімнің күнәсі аз болса, аққан тері тобығынан келеді, одан көбірек болса белінен, одан көбірек болса кеудесінен, ал кейбіреуі, тіпті өзінен сорғалап аққан теріне батып кетеді екен!..(Астахфирала!..)

Арафат алаңына қажылар жылдың бір мезгілінде, бір күнде, бір уақытта жиналады. Бұл да исламдағы бірлік пен теңдікті көрсетеді.

Арафат алаңынан біз ағылшындарды да, француздарды да, жапондарды да, немістерді де, түріктерді де, зәңгілерді де, арабтарды да, кәрістерді де, дүние жүзінің түкпір-түкпірінен келген барлық мұсылмандарды көрдік.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде айтылғандай, Алла тағаланың мейірімі Арафатта айрықша түседі. Осы жерде Жаратушыға жалбарынып, көп-көп дұға оқып, тілек тілеген ләзім. Тағы да Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мұхаммед-Мұстафа: «Кімде-кім Арафатта тілек тілей алмаса, ол адамның күнәсі ешқашан кешірілмейді!» деген екен.

Алла тағала періштелерге: «Қараңдар, құлдарым алдыма келіп тілек тілеп жатыр. Сендер куә болыңдар, мен олардың күнәларын кешірдім», дейді екен.

Арафатта кешке дейін болған қажылар Мұздалифаға барып түнеп, бармақ басындай көлемдегі 70 тас жинап, таң ата қайыра Минаға оралады.

Шайтанға тас ату

Шайтанға тас ату – күнаға тас ату, яғни күнәларымызды өзіміздің аулақтау, бұдан соң күнаға жоламау деген мағынаны білдіреді.

Байқасақ, біз Жамаратта шайтанға қарсы соғыс ашып жатқандаймыз. Шайтанның азғыруына көнбейміз деп өзімізден оны қуамыз. Өйткені шайтан адамдарды адастырады. Жаман нәрсені жақсы етіп көрсетеді. Күнаға батырады. Бұл дүниедегі мақсат-мұраты сол.

Шайтан лағнетолланың адамды азғырушы екендігі жөнінде қасиетті Құран-Кәрімде бірнеше жерде айтылады. Мәселен, Нұр сүресінің, 21 аятында: «Ей, иман келтіргендер! Шайтанның соңына ермеңдер. Кімде-кім шайтанның соңына ерсе... ол, сөз жоқ, арсыздыққа, жамандыққа жетелейді...» делінсе, Исіра сүресінің, 53 аятында: «Пенделерімізге айт: «Жақсы сөз – жарым ырыс» де. Араларыңда сыпсыңдап, шайтан жүретіні даусыз. Ал ол қашан да адамды аздыратын ашық дұшпан» делінген.

Рәми-л-Жамаратта 3 түрлі шайтан бейнеленген. Олар – үлкен, ортаншы және кішкентай шайтандар. Онда келген қажылар әр шайтанға 7 тастан лақтырады. Сонда әр шайтанға 7-ден, жиыны бір күнде 21 тас лақтырылады.

Жоғарыда айттық, тас – бармақтай немесе бұршақтың дәніндей ғана. Әр тасты лақтырған сайын «Аллаһу әкбар!» деп тәкбір айтады.

Жамаратта неге 3 түрлі шайтан бейнеленген? Себебі, шайтандар да түрлі-түрлі болады. Бір шайтан әйеліңіз арқылы, екіншісі байлық, дүние, ақша т.б. жағдайлар арқылы азғырады. Адамды алдап-арбау үшін кез-келген формаға ене алады. Адамдардың көзіне көріну-көрінбеу өз еркінде. Мақұлықатқа берілген 99 жаман қасиет тұтасымен бойына сіңірілген. Солардың ішінде ең жаман қасиеттері – тәкаппарлық, өзімшілдік, ерегісу, өз қатесін өзге біреуден көру, қызғаншақтық, ұшан-теңіз білімі бола тұра ақылсыздық. Алла бұйрығына бағынбау. Мекені жер бетінде.

Көкке көтеріле алғанымен, періштелерден таяқ жеп қайтып келеді. Адамның жүрегіне ғана араласа алмайды. Миын, ой-санасын толық меңгеріп кете береді...

Шайтанға тас атқан кезде адам шынайы мінез-құлқын сыртқа шығарады екен. Біреулер кірпіштен өрілген шайтан бейнесіндегі бағанаға қолдарындағы тастарын тістеніп, кіжініп, айқайлап атып жатты. Кейбіреулер тіпті қолдарындағы тастары таусылған соң, аяқ киімдерін шешіп лақтырады. Оғаш, күлкілі жағдай... Сол жерде шайтан лағнетолла тұрған жоқ қой!.. Кірпіштен өрілген шайтан-бағандар символ, яғни елестету бейнесінде жасалған...

Құрбан шалу

Құрбан айты – мұсылмандардың ең үлкен мейрамы.

Құрбан шалу – Аллаға шүкір ету мағынасын білдіреді. Адамдар қажылықтың негізгі шарттарын орындап болған соң, Аллаға алғыс айтып құрбан шалады. Шындығында, Алла тағалаға шалған малдың еті қажет емес, қажеті – адамдардың ниеті, тақуалығы, яғни бойұсынулары.

Қарап отырсақ, Ибраһим пайғамбардың отбасының Жаратушыға шын ниеттерімен, шексіз бойұсынулары, Алланың әмірін орындауы, тақуалықтары өзге мүмин-мұсылмандарға үлгі-өнеге! Егер біз өз шаңырағымызда әйел, бала-шағамызды имандылыққа тәрбиелеп, айтып отырсақ, сол айтқандарымызды орындатсақ, екі дүниенің де қуанышына кенелеміз! Бұл жөнінде, қасиетті Құран Кәрімнің Таһа сүресінің, 132 аятында: «Үй ішіңді намазға бұйыр және өзің де оған көңіл бөл. Біз сенен ризық тілемейміз. Сені біз ризықтандырамыз. Соңғы табыс тақуаға тән», – деп айқын жазылған.

Сонымен қажылық аяқталады. Бірақ тәуаф етушілер міндетті түрде Медина қаласына барып, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Расулалланың қабіріне зиярат етеді.Бірнеше күн қатарынан Медина қаласында болады, Пайғамбарымыздың мешітінде намаз оқып, сансыз сауапқа кенеліп, иман-байлығын күшейтеді. Елде еленбей күтіп отырған отбасы мүшелеріне, туыстарына, қызметтес әріптестеріне, достарына, көрші-көлемге тәспі, жайнамаз, тақия сияқты тәбәрік-сыйлық алады.

Алланың рақымы түскен шаһарлар

Мекке мен Мединаның, шынында қасиетті елді мекен екендігіне көзіміз жетті. Мәліметке сүйенсек, бұл қалаларда ұрлық пен қылмыс жоқ десе де болғандай. Азан шақырған кезде сатушылар заттарын жамылғыш-шүберекпен жаба салып мешітке жүгіреді. Қараусыз, иесіз қалған тауарларға ешкім тиіспейді. Қос қаладан да біз автотұрақ көрмедік. Тұрғындар небір қымбат бағадағы жеңіл мәшинелерін есік алдына қоя салады. Әсіресе, Меккеде көлік қатынасы біздегі Алматы мен Астана көшелеріндегі тығынға ұқсап, соншама мол болғанына қарамастан, жол апаты сирек. Алда-жалда көліктер жеңіл-желпі қақтығысып қалса, айғай-шу шығармай-ақ, бірін-бірі Алла ризалығы үшін кешіріп өз бағыттарымен кете береді.

Әлхәмдүлиллә! Не деген имандылық, кеңдік, кішіпейілділік! Содан да болар, Жаратушы Раббымыз Мекке-Медина шаһарларының халқын мейірім-ықыласқа бөлеуде.

Медине қаласының тұрғындары ерекше мейірімді. Біз тоқтаған қонақ үйдің иесі, Мұхаммед есімді араб азаматы бес күн бойына Алла ризалығы үшін жүздеген кісілерге екі мезгіл ыстық ас пен шәй берді. Орталық сауда үйінің алдында, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Расулланың мешітіне сауап үшін адамдарды тегін тасып жүрген шағын автобустың жүргізушілерін жолықтырдық. Көшеде келе жатқанымызда, Алла ризалығы үшін деп, жабық мәшинеден түрлі-түрлі сусындар, шырындар мен жеңіл-желпі ауқаттануға ыңғайланып жылтыр қағаздарға оралған азық-түліктерді тарата бастайды. Қолыңызға сиса, көтеріп жүре алсаңыз қаншасын болсын ала беріңіз!

Айта берсе мұндай сауапты істер мен мысалдар көп.

Медине шаһарында түн қараңғылығы сөгіліп, енді-енді таң ағаранда бастаған елең-алаң мезгілде, таң намазы уақыты қарсаңында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мешітіне қарай ағылған халықтың қалың нөпірін көрсеңіз! Бәрі де Жалғыз Жаратушының ризалығын алмаққа ұмтылған жандар. Олардың үстіндегі киімдері әрқилы, ғұрып-әдеттері бөлек-бөлек, тілдері де, түрлері де бір-біріне ұқсамайтын болса да, кәміл-берік иманға ұмтылған хақ мұсылман екендігін бағамдайсыз.

2004 жылы қажылыққа жер шарының түкпір-түкпірінен 3 миллионға жуық адам жиналыпты. Жалпы, бір жыл көлемінде кіші (ғұмыра) қажылық жасаушыларды қосқанда, Мекке-Мединеге 75–76 миллиондай адам келеді екен! Осыншама кісіге мүлтіксіз қызмет жасап, тап-тұйнақтай орналастыру оңай ма?! Не деген береке-бірлік һәм ыждаһаттылық десеңізші!

Сөз соңы немесе түйін

Қасиетті Мекке-Мединеде болған 16 күніміз бейне ертегі дүниесін елестетіп, көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Ойлап отырсам, осынау фәни жалған да сондай келте, сондай шолақ екен-ау! Өйткені, жер бетіндегі 50 жыл Алла қасындағы 80 минутпен тең. Сонда 100 жылымыз 2 сағат 40 минут! Бұл жөнінде қасиетті Құран Кәрімнің Хаж сүресінің 47 аятында: «Шынына келсек, Алланың бір күні сендер санайтын мың жылмен парапар» – делінген. Демек, мейлі 100 жасасақ та, бұл өмір өткінші! Оны мағыналы-мәнді өткізген пенде шын бақытты! «Бұл дүниеде жақсы іс істегендер ғана жақсылыққа жетеді. Құдайдың жері кең. Сабыр еткендерге Алланың қайтарар сыйы қисапсыз», делінеді, тағы да Құран Кәрімнің Зәмир сүресінің, 10-шы аятында.

Аллаға тәуба! Бір қуанарлығы, ешкім үгіттемей-ақ халқымыздың имандылыққа деген ынта-ықыласы ерекше! Шынтуайтында кісінің кісілігі оның иманы мен біліміне, көңілінің тазалығына қарай бағаланса керек. Себебі, ислам – ғылымға негізделген дін! Исламның үлкен бір парызы – ғылым!

«Ислам XX ғасырдың аяғы мен XX1 ғасырдың басындағы феномен болып отыр, – деп ой толғайды философия ғылымының докторы, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Амангелді Айталы. («Ислам феномені және қазақтар». «Егемен Қазақстан». 26.11. 2003 ж.) – Бұл феноменнің әсіресе тәуелсіздік алып, демократиялық даму жолына түскен өз діндерімен табысып жатқан халықтар үшін маңызы зор».

Ал, академик Ғарифолла Есім бүйдейді: «Есте болатын жай, Қазақстанда ислам діні дәстүр, қажет десеңіз, ұлттық дәстүр, ғұрып арқылы сақталды. Сондықтан, бүгінде дінді дәстүрден ажыратуға тырысушылық ел санасына дағдарыс әкелетін іс. Бүкіл

адамзат баласының тарихын сұрыптап қарастырсақ, өткен тарихта – ешқандай қоғам дінсіз болмаған. Қоғамда діни сана үнемі болып келді. Дін мен қоғам бір-бірінен ажырамайтын феномендер...

... Құран Кәрімді меңгермей, қоғам жайлы, жеке адамның жан-дүниесі туралы жақсы, жетік білеміз деуге де болмас. Қоғамдық сананы қалыптастыруға қызмет етіп жүрген ғалымдар ілімді тануда, әлемді тануда Құран Кәрімді негізге ала жүргізбесе, адамды да, қоғамды да адастырып алу қаупіміз бар екенін мойындайтын да мезгіл жетті. Сондықтан, біз бұдан былай қоғамға қызмет ететін мамандарды Құран Кәрімді меңгерген, зайырлы мемлекет қызметшісін дайындауды қолға алуымыз қажет. Сөздің қысқасы, сауатты, білімді мұсылман интелегенциясын қалыптастыруымыз қажет.» («Егемен Қазақстан». 21.X. 2006 ж.)

... Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті, – деп хәкім Ибраһим-Абай атамыз неге жазды дейсіз!

Осынау өлең жолдарында терең мән-мағына, тәлімді тағылым-ғибрат жатыр емес пе?!.

XXI ғасыр – өркениет пен руханият ғасыры дегенді жиі естиміз. Ондай заманға береке-бірлігі ұйыған, экономикасы күшті, білімді һәм білікті ел ғана қол жеткізбек. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің рухани өсіп, кемелденуі, ең бастысы иманы кәміл зиялы қауымның қолында. Бұл орайда қажылық тәуафтың алатын орны айрықша!

Астана – Алматы – Жидда – Мекке – Медине.
2004 жыл, қаңтар-ақпан.

ЕЛТІНЖАЛ ЕСТЕЛІКТЕРІ

Жер шалғай болғандықтан Қызылжардан ертелеу шығып едік, айналасы екі сағаттың ішінде Жамбыл ауданының шетіне іліктік.

Ақ селеуі мен изені араласқан, көк шөбінің иісі мұрын қытықтаған табиғат ана биыл түлежіп тұр. Машина ішіндегі екі серігімді білмеймін, ашық тұрған терезеден қызыға да құмарта қараймын далаға. Міне, Ғабең атындағы кеңшар көрінді. Оң бүйірімізде бір табын сиыр жайылып жүр. Күрең қасқа атты бақташы бізге күн сала қарады. «Ғабең де туған ауылына әркез келгенінде осы жерден талай өтті-ау... Не ойлады екен?!..»

Сағыныш. Туған-туыстарымен, ауылдастарымен ыстық қауышуды көз алдына елестеткен де болар», деп қиял жетегіне еріп отырғанда, Жаңажолға да келіп кірдік.

Жаңа келген кеңшар директоры отыздан енді асқан, қимылы ширақ Біржан Кенжегозинов жазушы ауылын араламақ ниетімізді білген соң, қасымызға ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабдолла Сұлтанғазинді, өмір бойы мектепте ұстаздық еткен, зейнеткер Айдарбек Аткелтіруұлын қосып берді.

Есеней бүркеуінде

Ауылдан шыға бере қарауытып қалың тоғай көрінді. Бұны жергілікті қазақтар малға ықтасын болғасын Бүркеу деп атап кеткен. Қайыңы мен қарағайы аралас орман ішіне де келіп кірдік. Еңселі, шатырлы үйдің қасына көлігімізді қалдырдық. Бұл үй орман қорықшысына арнайы салынған екен, қазір бос, ешкім тұрмайды.

– Мына жерге Ғабең – Ғабит Мүсірепов әркез келгенінде киіз үй тіктіріп, демалатын, – деді Айдарбек аға аумағы әжептәуір алаңқайды нұсқап. – Ал, анау қарағайдың орта тұсындағы арқалы орындыққа жазушы сатымен шығып тыныс алатын, табиғатқа қарайтын.

– Ғабеңнің мен білетін өзгеше қасиеті, туған жерін ерекше жақсы көруші еді, – деп бастады әңгімесін Қабдолла аға. – Осы жерге келгенде ағаш арасын аралап, көлге барып демалғанды ұнататын. Келген сайын солай жасап жүрді де. Мынау арғы бетте Құдайқұл, Қобағай деген көлдер бар. Сол көлдердің жағасына барып шомылып, бой жазғанды қалайтын.

– Иә, Ғабең ауылға келгеннің ертеңінде-ақ, өзінің туған жері Елтінжалға аңсары ауатын. Қайда сапар шекпесін жол басын Елтінжалдан бастайтын, – деп қостады Айдарбек аға. – Одан кейін Есеней мен Ұлпан зираттарына баратын. Әке-шешесі мен туыстары жатқан қорымға соғатын. Көлдегі құстардың азайғанын көріп: «Табиғатты қорғауға шалағайсыңдар ғой. Кейінгі ұрпаққа не қалдырасыңдар?!» деп қынжылатын еді. Көп толғанатын. Одан кейінгі айтатын әңгімелері де елдің әлеуметтік жағдайы, ауыл тұрмысы болып келетін. Жастардың білімге талпынуы қандай дәрежеде екендігін тәптіштеп сұрайтын. Бір әңгімесінде: «Апыр-ай, бәрің мұғалімдікке оқи берген екенсіңдер. Осы елдің ішінен техниктер, агрономдар, инженерлер шықпайтын ба еді?» – деп айтқаны бар.

Бүгіндері ойлап отырсақ, Ғабең айтқан сол әңгіменің астарын кезінде түсінбеген екенбіз. Қазір кеңшарымызда ауыл шаруашылығы мамандары бірде жетсе, бірде жетпей жатады. Одан кейін Ғабеңнің бір жақсы көретіні мектеп оқушыларымен кездесу еді. Жалпы, қай кезде болмасын ол кісі келген уақытта ауылымыздың үлкені, кішісі барлығы арқа-жарқа, мәре-сәре күй кешіп, тойға қатысқандай әсер алатын.

Бір келген сапарында, туған-туыстары мен жеңгелерінің ортасында Ғафу Қайырбеков: «Ғабе, сіз сұлуларды, көріктілерді Алматыдан іздейсіз. Жаңажолда толып жатыр екен ғой сұлулар!» деп әзіл тастағанда, ол кісі: «Е-е, бұл – біздің ауыл ғой!..», деп айрықша көтеріліп қалып еді.

Осы жерде киіз үйдің ішінде қонақасы берілгенде кешкұрым жағалай өлең айтқызуды жақсы көретін. Аудандық партия

комитетінің бірінші хатшысы болып жүрген Мәркен Ахметбеков: «Мен өлең білмейтін едім» деп тартыншақтағанда; «Уай, ауылда тұрып бір ауыз өлең білмейтінің қалай болғаны?» деп еріксіз ән салғызғаны бар. Ұмытпайтын жәйдің біреуі осы.

Одан кейін Ғабең өзі баяу, ақырын дауыспен баптап әңгіме бастайтын. Тақырыбын әр кез өзгертіп отыратын. Бірде мәдениет, бірде әдебиет, бірде ел арасындағы қарым-қатынас болса, бірде аудан экономикасын тілге тиек ететін. Соған қарағанда, қазір топшылаймын, ол кісі сыртта жүрсе де, ел жайын тереңірек біледі екен. Ғабеңнің көзі тірісінде үлкен сыйы – мектепке өз кітапханасынан 5 мыңнан астам кітап берді.

– Анау биіктегі қарағай арасындағы арқалы орындықты кім жасаған?

– Бұл, ауыл азаматтарының тартуы. Ғабең айналаға биіктен де қарап отырып дамылдасын деген ғой. Басына күніне бір рет ерінбей шығады десем, өтірік болмас. Ол кісі бұған кешқұрым шыққанды қалайтын. Сатымен қарағайдың орта тұсындағы орындыққа көтерілетін де, жайғасқан соң 10-15 минуттай үнсіз отырып, ойланып қалатын. Сол кезде біз, Ғабеңнің ойына балалық шағы оралып отыр ма, әлде, болашақты болжай ма деп жорамал жасайтынбыз.

«Қыз қарағай» әнін тудырған жалғыз шырша

– Жаяу біраз жүрген соң шағын алаңға шықтық. Күн еңкейіп, көлеңке көлденең түскен сәтте сәл-пәл қарауытқан алаңның ортасында көздің жауын алып бір текті ағаш тұр. Жаздың жалпағында әлдекім Жаңа жыл тойын тойлау үшін көшіріп әкеп орната салғандай. Жан-жағын шарбақпен қоршатып қойыпты.

«... – Баяғыда Бурабай орман техникумында сабақ беріп жүргенде қазақ тілінде бір оқулық шығарамыз деп, ағаш тектіні түр-түрге бөліп, балама іздегенде мен «ель» дегенді «қыз қарағай» деп алдым, – деді Ғабең.

Мен Ғабеңнің сөз тапқырлығына таң қалдым. Ертесінде Ғабең, Ғафу, Сәкендерді поезбен Қарқаралыға шығарып салып, кешкісін Алматыға ұшып келген соң да, үлкен жазушыдан естіген осы бір сөз көкейімнен кетпей қойды. «Қыз қарағай... Қыз қарағай...ай-ай!..» деген әуезді саз сөздері әлсін-әлсін

санамда жаңғырып мазаны алды. «Жаман ақын болғанша, жақсы оқушы болған артық!» деп жүрген маған еріксіз қолыма қалам ұстауға мәжбүр етті.

«Ауылында бар ағаның қыз қарағай,
Тал бойында бір мін жоқ қыз баладай...»

(М. Әубәкіров. «Қыз қарағай»,
«Қазақ әдебиеті» газеті. 24 сәуір, 1992 жыл).

Иә, сөзін Мақсұт Әубәкіров жазған «Қыз қарағайға» белгілі композитор Жоламан Тұрсынбаев ән шығарғанын, оны нәшіне келтіріп орындаушы күміс көмей Бибігүл Төлегенова екенін қазір елдің бәрі біледі.

Менің айтайын дегенім – қалың қарағай арасында өскен жалқы ағаш жасыл шырша туралы.

Бес-алты қадам жерде қоршаулы шарбақ көрінеді. Оның ішінде жас өскін – кішкентай шырша өсіп келеді. Әкеліп отырғызған Ғабит Мүсірепов атындағы кеңшардың бұрынғы директоры Тобыл ағамыз екен.

– Бұл – ұл қарағай. Қыз қарағай жалғызсырамасын дегенім ғой, әрі Ғабеңнің аманатын орындағаным, – дейді екен Тобыл аға. – Бәлкім, осыдан барып бұл өңірде шыршалар көбейер.

– Ілкіде, бір жалғыз үй көрдік қой. Орман қорықшысы жоқ көрінеді, сол мекен-жайды пайдалануға бола ма? – дедім мен шыршаларды қорғайтын ешкім жоғын сезіп.

– Сауалың орынды, – деді Айдарбек аға. – Осы ара қорық болсын деген облыстық кеңестің арнайы қаулысы бар. Бірақ, ол қаулы іс жүзіне аспай жатыр. Қазір тіпті күзетшісі де жоқ. Әлгіндегі үйде жалғыз отбасы тұрып жатыр. Қыстың күні үшінші сынып оқитын қыз баласы далаға шығып кетіп, адасып, дала алайтүлей боран екен. Ертеңінде ah ұрып қалады... Содан соң еріксіз ауылға көшіп кетті. Тағы бір үй салса, қоңсы болып, бір-біріне ес болып отыруға болар ма еді.

Әйтеуір, бұл іс шешімін таппай жатыр.

– Өкінішті жай екен.

– Бақылаушысы жоқ орманға кім келмейді. Жазда, күз айларында жидек, саңырауқұлақ теруге деп, шеті сонау Свердлов, Челябі, Қорған, Омбы қалаларынан келген жеңіл машиналар қаптап кетеді. Қонып жатады. Біз тыныққасын демейміз, тыныққасын. Табиғаттың байлығын аямаймыз. Бірақ, сол келушілердің арты өртке айналып жатса, иә болмаса басқа бүлікке душар болса қиын ғой. Олар кеткен соң бөтелке сынығы ма, консерві қалбыры ма бада болып шашылып, жайқалып тұрған жасыл шөп те жапырылып, астаң-кестеңі шығып жатады. Күзетші болса: «Әй, соңдарыңды жинап кетіңдер. Қоздаған шоқ қалмасын, табиғатты бүлдірмеңдер!» деп отырса, ол да үлкен сес қой.

– Ел арасынан Ұлпан анамыздың кезіндегі бір әңгімені естіп едім. Бір жылқышының ағаш кесіп алып таяқ жегені жәйлі.

– Есеней қарт өмірден өткеннен кейін ауыл басы Ұлпан ана болып қалыпты. Сол уақытта бір жылқышы ешкімнің рұқсатынсыз құрық кесіп алыпты дейді. Әлгі жылқышыны Ұлпан шешеміз шақыртып алып, естуімізше айыпқа дүре соқтырған сияқты.

Ол, әрине бір тал бұтақты аяғандық емес, табиғатты қорғағандық қой. Ұлпан анамыздың орманды болашаққа сақталып қалсын деген аналық ниеті де.

– Ұлпан анамыз қайтқан соң қалай болды?

– Қазір біздің сөзіміз көп те, ісіміз аз...

«Судан шыққан кісі су іше ме екен?..»

– Менің есіме тағы бір қызық әңгіме түсіп отыр, – деді Қабдолла аға.

Ұмытпасам 1970 жылдардың басында Ғабең ауылға келе қалды. Ол кезде Жаңажол Сәбит Мұқанов атындағы кеңшарға қарайтын. Ортамызда облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Шманов бар. Ауылдан шығып Құдайқұл көліне соқтық. Көлдің маңы айтақырланып кетіпті. Өзі тарыла бастаған. Мезгіл таңертеңгі 10 кезі болатын. Арамызда ауданнан шыққан автодүкен бар еді. Іші толы әртүрлі тауарлар, тәтті шарап дегендей – бәрі бар. Жағаға келіп шешініп, бәріміз көлге түстік. Ғабең де түсті. Судан соң жігіттер жылыну үшін коньяктан алып жатыр. Бір кезде елдің артын ала Ғабең де судан шықты. Бәрімізді күтіп, даяшылық қызмет атқарып жүрген Қаңтарбай деген жігіт Ғабеңе коньяк ұсынуға ұялды білем, стақанға құйып минералды су берді. Сонда Ғабең тұрып:

– Судан шыққан кісі су іше ме екен?.. – дегені ғой. Жігіттер ду күлді.

Мен Ғабеңе рөмкеге коньяк құйып ұсынып едім, көлдің суынан жауыраңқырап қалса керек, тартып-ақ жіберді.

Ғабең атындағы кеңшар қалай құрылды?

– Біз жаңажолдықтар өзіміздің ауылдан осындай әлемге әйгілі азаматтың шыққанын әркез мақтан тұтамыз. Оның өзіндік себебі бар, – дейді Жасұлан Бұғасұлы деген азамат. – Жаңажол бұрын бөлімше еді. Небары жүз шақты үй болатын. Оның көбісі төбесіне алабота шыққан жер там еді. Бізді біресе Сәбит Мұқанов атындағы, біресе «Озерный» кеңшарына алма-кезек қаратып, ешбір құрылыс салмайтын. Мектеп сегізжылдық еді. Ауылдық кеңесті, байланыс бөлімшесін «Озерный» кеңшары көшіріп алды. Міне, осы жағдайды келіп-кетіп жүргенде ақсақалдарымыз Ғабеңе айтады ғой. Ғабең 1975 жылы кезекті демаласында ауылда болып Алматыға қайтқан соң Дінмұхамед Қонаевтың қабылдауына барады.

Дінмұхамед Ахметұлы: «Ғабе, туған еліңізге барып жақсы демалып қайттыңыз ба?» – дейді. «Ауылым мен қонатын үй таба алмай, бригада басынан бір вагон әкеліп, сонда түнеп шықтым», – дейді ол. Сөйтіп ауылдағы барлық жағдайды айтады. Димекең: «Онда, Ғабе, сіздің ауылыңызды өз алдына дербес кеңшар жасау жағын ойластырайық» – деп жауап береді.

Сөйтіп, 1975 жылдан бастап Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша Жаңажол ауылы жеке кеңшар болды. Бұрын 100 үй болса, қазір 200 түтін. Үш қабатты мектеп, биік те сәулетті мәдениет сарайы бар. Мәдениет үйінің құрылысына өзі бас-көз болды. Бірақ біткенін көре алмады. Мен өзім 1950 жылдан бері кітапханашы болып еңбек еттім. Ғабит ағаның 90 жылдық тойынан өзге бұрынғы тойларын да өткізуге белсене атсалыстым. Қолына су құйып, қызмет жасаған інісімін.

Жазушы кигізген көйлек

– Кезінде біздің ауылда «Қызыл орамалды құрбылар» атты тракторшы қыздардың бригадасы болды. Ол кісі елге келген сайын осы бригаданың қыздарына жиі соғып тұрды. Өз ақшасымен бір-бір көйлек кигізетін. Ауыр еңбектен шаршаған қыздардың көңілін көтергісі келгені болар бәлкім, – дейді Ғабеңнің күйеу баласы, ұзақ жылдар ұстаздық еткен Жантас Базарбаев.

– Ал, біз Ғабеңді, балалар жағы – өзінің қыздары «папа» деп кеткен соң, барлығымыз да «папа» дейтінбіз, – дейді Ғабеңнің туған інісі Әшім ағаның қызы Сара тәтей. – Ертеректе әжем бар кезінде отбасымен, балаларымен келгенде алтыбақанға қажетті керек-жарақ ойыншықтардың барлығын мәшинесіне тиеп алып келіп, елді бір қуантып тастайтын. Содан алтыбақан құрғызады да, жастарды жинап, ән айтқызады, би билеткізеді, өзінің де көңілі шалқып басқалардың да мейманасын тасытатын. Біз – кішкентай балалар қуанып, жүгіріп жүретінбіз. Үлкендер де мәз-мейрам болып, өткен-кеткенді, ескі тарихи оқиғаларды айтып рақаттанып қалатын.

Ғабең туған ауылын, ақсақалдарды, үлкен ұлы шешелерін ешқашан ұмытқан жоқ. Қай уақытта келсе де: «Шіркін, менің алтын жеңешелерім, қашан алдымнан шығып бетімнен сүйер екен?!», деп отыратын. Кейінгі кезде шешейлер, үлкен әжелер қайтыс болғанда: «Е-е, елу жылда – ел жаңа» деген осы екен, тіпті бетімізден сүйетін де адам жоқ екен ғой», деп ішқұса боп жүрді. Бұл – жасының ұлғайғандығы, елін сағынғандығы ғой деймін. Ол кісі өмірінің соңына дейін елім, жерім деп, аналарды, қыздарды сыйлаумен өтті.

Өмірден озарында біз – туыстары 15 шақты күн қасында отырдық. Сонда: «Тегінде өлмей бақ. Адам өлмей бағу керек. Өлген соң қанша тұрасың?! Менің бұл жерде қалғым келмейді, қалдырмаңдар, барлығың да жиналдыңдар ма?! Туған жеріме алып кетіңдер», деп туған елін, туған топырағын аңсап өтті. Өзін Алматыда қалдырмауымызды өтінді. Бірақ Ғазиза шешеміз: «Мен қалай барам. Аяғым болса сырқат, жасым келіп қалды, бара алмаймын», деді. Ақыры, асыл әкемізге топырақ Алматыдан бұйырды. Тіршілікте қадірін білмеппіз. Ғабең дүниеден өткен соң бізге асқар тау екенін ұғынған сияқтымыз.

Сара тәтейдің даусы дірілдеп, көзіне жас алып біраз үнсіз отырды.

Ауыл адамдарының жерлес жазушы перзентіне деген мақтанын, сезімін білдіретін осындай қызық әңгімелерді Елтінжалға келсеңіз жиі естисіз.

1992 жыл, маусым.



ТАРБАҒАТАЙ ТАРЛАНБОЗЫ

Қасиетті Құранда, сендер санайтын мың жыл Алла тағаланың қасында бір тәулікке тең дейді. Сонда он ғасыр – жиырма төрт, ал жүз жылымыз – небәрі екі сағат қырық минут! Яғни, бір ғасыр өмір сүрген кәрияның ғұмыры екі сағат қырық минут!

Қас-қағым сәт! Келте ғұмыр!

Ерғазы Рахимов арқалы ақын, талантты жазушы, тамаша журналист еді! Өкініштісі – арамыздан ерте кетіп қалды. Қаламгерлік кемеліне толып, енді-енді таныла бастағанда өкініш-ке өкініш үстемеледі. Жұбанышы – артына қалдырған бес-алты кітабы. Оқырман кәдесіне жарарлық толымды мұра.

Ол кісіні қатарлас жолдастары әзілдеп Малтүгел деп атаса, жасы кіші інілері Ер-аға дейтінбіз.

Мен Ерағаңмен 1972 жылы, тоғызыншы сыныпта оқып жүргенде, Аякөз аудандық «Алға» газеті редакциясында таныстым. Жатсынбай, бірден бауырына тартты. Орта бойлы қаршыға көз қара кісі екен. Жазған шағын әңгімемді сол жерде оқып, пікір айтып, кейбір тұстарына түзетулер жасап, газетке жариялаймыз деп алып қалды.

Жаны жайсаң жақсы ағамен сол таныстығым ұзақ жылдарға ұласты.

Ерағаңның томашадай кабинеті босамайтын. Әдебиет әлеміне ұмтылған жас талаптар, аудандық газеттің штаттан тыс тілшілері жиі жиналатын.

Қызық еді-ау, сол жылдар.

Қазақтың қарқарадай ақыны Хамит Ерғалиевпен, сарабдал сыншы Сағат Әшімбаевпен, жампоз жазушы Оралхан Бөкееевпен тығыз араласып тұрды. Тұлпардың тегін тұлпар таниды демекші, астанадан шалғайда жатқан Ерағаңның талантын сыйлаған Оралхан Бөкеев екеуінің арасында ағалы-інілі жақсы сыйластық орнады.

Алматы мен Семейдегі достары мен інілері Ақылбек Манабаев, Мерғали Ибраев, Кенжекан Боқасов, Қазтай Әбішев, Тұрдыбек Алшынбаев, Тоқтархан Шәріпжанов, Қажытай Ілиясов, Жұмаш Кенебаев, Ғабиден Құлахмет, Татухан Абылайханов Аякөзге келгендерінде Ерағаңа соқпай, қона жатып әңгіме көрігін қыздырмай кетпейтін.

Ерағаң көпшіл, қонақжай еді. Үйінен қонақ үзілмейтін. Жаны да, өзі де көркем Тұрсын жеңгеміздің қазаны қашан да пештен түспейтін еді-ау! Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев та Ерғазының төрінде аунап-қунап жатып, Тұрсын апамыздың қолынан дәм татқаны белгілі. Сол жолы ғой, Мұқаң:

Аякөз – деген – аядай бұлақ деседі.

... Ая, көз, ая, – Арулар елі кешегі! – деп төгіле толғанғаны.

Ерғазы ағаның інісі, белгілі әнші, композитор Тұрсынғазы Рахимовтың айтуынша, оның 13 жасында Мұқағали сонау Алматыдан ақын әрі жазушы, аңқылдақ әрі дархан Ерғазыны әдейілеп іздеп келіпті. Екі бірдей ерен азамат Аякөз жерінде шұрқыраса табысып, бірін-бірі түсінісіп, ет бауыр жақындасып, Аякөз өңірін армансыз аралапты. Сол жолы Мұқағалидың «Аякөз – Ару», «Махаббат моласы» атты әйгілі лирикалық, ойлы өлеңдері дүниеге келген.

Аузы ашылса жүрегі көрінетін, кісіге сенгіш, аңқау ағамыздың айналасын күлдіріп жүретін қожанасырлық мінезі де бар болатын.

Аякөз аудандық «Алға» газетінде көп жылдар қызмет істеген Ерағаң журналистиканың қай жанрын болмасын «шеміш-кеше шағып» өте жылдам жазатын. Қойын дәптеріндегі деректер мен адам аттарына қарап, ойланып отырып-ақ құлаш-құлаш суреттемелер мен көркем очерктерді бірден мәшінкеге бастыратын. Жалғыз кемшілігі, жұмысқа дәйім кешігіп келетін

де, ерте қайтатын. Кабинетіне «әдебиетпен ауырған» жасы бар, жасамысы бар жігіттерді жиып алып, әңгіме-дүкен құратын.

Бірде редакция алқасында тәртіп мәселесі қаралады. Газет редакторының орынбасары (газет екі тілде шығатын – Т. Ә.) Суворов баяндама жасайды да, арасында Ерағаңның жұмысқа кешігетінін, былайша айтқанда «еркелеп» кеткенін тілге тиек етеді.

Ерғазы ағаның ашуы келеді. Орнынан тұрып сөз қайтарар еді, әттең орысшасы ойқы-шойқы. Мысы құрып, үндей алмайды.

Есесіне ертеңінде таңертеңгі 9-да кабинетінде отырады. Жәй отырмай, шылымын бұрқыратып жазып отырады.

– Ой, Ергазы здравствуй! Ты вообще молодец. Как быстро исправился, – дейді таң қалған Суворов.

Ерғазы аға табан астында:

– Не іздрәсти Суворов! – деп жазуын жазып отыра берген екен.

Бір мың тоғыз жүз сексенінші жылдардың басында Ерғазы ағаның екі-үш кітабы бірінен кейін бірі едел-жедел жарық көрді. Осы жаңалықты естіген Суворов Ерағаңды газет редакциясы ғимаратының дәлізінде көріп, құттықтайды да:

– Наверное, ты очень много гонорар получил. А, что машину не покупаешь! – депті.

Сонда Ерғазы аға ойланып тұрып-тұрып:

– Я пешком ходит абария ждет. Зәшем, мне мәшине?! – деген екен...

Ерғазы Рахимовтың «Жалын» баспасынан 1977 жылы «Зейнел күйі» поэмасы жеке кітап болып басылып шыққан соң, араға бірер жыл салып «Сүрі қар», «Тентек келін», «Терісайрық», «Нұрлы шақ» аталатын прозалық, поэзиялық жинақтары дүркін-дүркін жарық көріп жатты. Осы кітаптары арқылы Ерағаң оқырман қауымға танылды. Сүйікті жазушысына айналды.

Е. Рахимовты прозашы ретінде белгілі еткен, «Қазақ әдебиеті» апталығында 1978 жылы жарияланған әңгімесі – «Бір атым насыбай». Сонау жаугершілік кезеңдегі қос батыр Орақбай мен Ерденнің Өкпетінің баурайында кездесіп, шоқпар сілтесіп, соңында бір атым насыбай себепші болып табысып, татуласқан сәті әдемі өрілген.

«Өкпеті таңғы уыз ұйқыда. Күндіздің өзінде қорқынышты құж-құж жақпар тастар қою қараңғылыққа шомып, мүлде меңіреуленген. Үрей шашады. Қанжығадай тарам-тарам, сала-сала болып біткен терең орманды шатқалдардан жыртқыш аңдардың оқтын-оқтын айбар шеккен, шошынған дыбыстары естілгені болмаса, тау іші жым-жырт. Ашу-жігерін бойына жиып, сәлден соң қона түсуге қомданып отырған алып қара құс тәрізді» деп басталған шұрайлы тіл, тартымды оқиға оқырманды жетелеп ала жөнеледі.

«Сүрі қар» әңгімесіндегі Қапан шал да есте қалатын кейіпкер. Қазақтың мәрт мінезді қайсар кәриясы.

«Күні кешегі сау күндегі ажары қызыл күрең, нар іспеттес кәрияның айтып келген ажал – қылтамақпен ауырғалы қарашығынан нұр тайып, ұрт еті қашқандықтан бет сүйектері оқшырайып кеткен. Аппақ сақал-мұртымен, қоңқиған мұрны ғана қалған арық шүйке шал өткеннің бәрін ұмыттырғандай. Бір кездегі қыранды баққан құсбегі, асауды тақымыына ойнатқан серісал жылқышы дегенге сенгіңіз келмейді. Айналасы екі айдың мұғдарында шөгіп, арып бара жатыр. Аңсары Өкпетінің құзар шыңындағы тасбұлақтың суын ауыз толтыра ішсем дейді. Өртті өзегі бір шөкім сүрі қарға зар! Бұрынғы жылқышы, қазіргі шофер Қырықбайы әке тілегін орындасам деп елпеңдеп еді, дәрігер кенже баласы Елубай, сүрі қар ылас және елге күлкі боламыз, дәрігер деген атымыз бар деп ағасын тыйып тастады. Әкесін апармаған қаласы, көрсетпеген балгері қалмады. Еш нәтиже жоқ. Енді міне, Елубайдың укол салуын да тыйып тастады. Ақыры Қырықбайы шал аңсаған сүрі қарды да жеткізді-ау! Тарамыстанған қос қолымен сүрі қарды апыл-ғұпыл асап-асап жіберді. Екінші, үшінші мәрте асады. Уһ деп демін алды. Маңдайынан тер бұрқ етті. Төсін жапқан ақ сақалынан қар суы тамшылайды. Сөнуге айналған көз жанарынан ұшқын шашылды. Кепкен бет терісіне жұқа қызғылт нұр тарап бара жатты.

Үлкен ұлы Қырықбайға риза әке көңілі жайланған. Мынау фәни жалғанда біреуге жек көру сезімі болмағандай о дүниеге аттанып, көзі жұмылып кетті. Әлгі бір сәттегі қуаныш табы мәйіт жүзінен білінеді».

«Сүрі қар» осылайша оқырманды ойландырып, жан дүниеңізді қопарып тастайды. Әке-шешені сыйлау кісіліктің белгісі екендігін жаңғыртып, еске түсіреді.

«Сүрі қар» – сәтті шығарма!

Өзінің адалдығымен, кісіге зәредей жамандық ойламайтын аңқау сенгіштігімен елге танылған Малтүгел бабамыздың есімі жұрт жадында. Тіпті бір жылдары қушыкеш Сыбанбектің әзілдеп айтқан сөзіне сеніп, алмасаң ренжимін деп екі өркеші баладай сүттей ақ інгеншені жетелетіп, бүтін керуендегі екі қап тұзды қолқалап алып қалып, көктем шыға өсіремін деп жерге сепкенін екінің бірі біледі.

Иісі Қаракерей ғана емес, жалпақ жатқан орта жүзге мәшһүр сол аңқау, «тұз еккен» бабамыздың күлкілі, қилы-қилы мінездері жазушының «Малтүгел», «Аңшылық», «Бозбалалық», «Бас артынан бас», «Соқыр бүркіт», «Бәйге», «Үш айналды», «Ит жеген бір жанбас», «Өлмейтін болғанымыз ғой», «Мұртын байқасамшы» әңгімелеріне арқау болған.

«Тентек келін», «Момын», «Тасжарған» повестерінде бірі-біріне ұқсамайтын адам баласының арасындағы өзара қақтығыс-соқтығыс, арам ниеттілердің адал жандарға қастығы түрлі-түрлі оқиға барысында көрінеді.

«Бөзтөбе» повесіндегі Жанайдар да кесек мінез, шыншылдығымен дараланған образ. Мұнда өткен ғасырдағы Қазан революциясының алаң-елең шағындағы оқиғалар кеңінен қамтылған. Арам ниетті Разданның арбауына түскен ақ көңіл, пәк, арлы Ақбидай бейнесі жүректі шымырлатады. Өкініштісі, өзінің алданғанын өлді деп сендірген Жанайдар аман-есен елге оралғанда ғана біледі.

Өксікті тағдыр! Өкінішті ғұмыр!

Ерғазы Рахимовтың тағы бір көлемді «Түнгі жолаушы» повесінің де орны бөлек. Мұнда жазушы психологиялық шегініс әдісін пайдаланып, Тезекбай кәрияның он бір жасар немересі Бекболатты ертіп түнде келе жатып басынан өткерген қиын-қыстау жылдарды қайта жаңғыртып, оқырман көңілінде қалатындай айшықты бейнесін жасаған. Ең ғажабы – сондай шығармалар цензураның көзіне түспей, қырағылардың да қисық қайшысына ілікпей шығып кеткені жұмбақ.

1970-80-ші жылдары қазақ халқының басынан 30-жылдары өткен нәубетті кезең – қолдан жасалған ашаршылық, репрессия туралы қалам тербеу қиын болатын. Ерағаң тиым салынған сол тақырыпқа батыл қадам жасаған.

Кеңшардың маңдай алды қойшысы қайрақтай қара жігіт Аманбектің әкесі Айтуғанмен Тезекбай шал бірге тумаса да аға-іні есебінде бірге өсті. Тезекбайдың әкесі Жапабай марқұм Айтуғанды үйлендіріп жеке отау етіп шығарды. Кейін де әлі-бұлыққа жетіп, жас шаңырақ бекігенше назарында болды. Сөйткен Айтуғаннан туған Аманбек қазір тойынған, көзіне шел біткен. Жол үстінде тышқаншықтан астындағы аты өліп, Аманбектен кеңшар орталығына барып келейін деп ат сұрағанда, тіпті сәлемін әзер алады. «Атаң кім, апаң кім дейтін емес, қол ірген ажыраспаған қолтума балалар қалай-қалай өзгеріп кеткен-ә?!.», – деп ренжіген Тезекбай шал, немересі Бекболатты ертіп түнделетіп жаяу тартады.

Осы повесті оқып шыққаннан кейін көп күн бойында аппақ көйлек киіп, ақ шілтер жағасын айқара ашып тастаған мойны жұп-жұмыр, шалқақ төс жас қыз – Сақып, күні кешегі жылқышы, саңырық танау, жылан көз сұр адам – Шонтай, Жыланды өзектің жағасында жолдан бұрыс, бір топ ұшқаттың түбінде айқасып өліп жатқан өліктер менің көз алдымнан кетпей қойды. Міне, оқырманын ойға қалдырып, үрей ұялататын шын суреткер шындығы мен шеберлігі.

Е. Рахимов аталмыш повесінде өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы ашаршылық, сталиндік репрессияның қазақ жұртының жүрегіне салған жазылмас жарасын ашық әшкерелейді. Шонтай сынды сатқын, екі жүзді әпербақан жандардың арам пиғылы уақытша дәурен құрғанымен түбі ашылып, өзгеге жасаған жауыздығы тірідей азап шектіріп, бұралқы иттей көрінгеннен көз түрткі көріп өлгені нанымды.

Повестің финалында түнімен жаяу жүрген жолаушылар – Тезекбай шал мен немересі Бекболат таң ата кеңшар орталығына жетеді. Осы кезде соңдарынан ат дүбірі естіледі. Артымыздан жеткен Аманбек ат әкеліп ұсынса мінбе, тіпті, қайырылып қараушы да болма дейді шал. Неге деп таң қалады немересі.

Әр мұржадан көтерілген түтін аспанға көтеріліп барып, бауырлай сіңіп жатыр. Күйеу баласы мен қызының түтінін ажыратып, бойына жылу енгендей болған Тезекбай немересін еркелете құшақтап тұрып, сөйлеп кетті:

«... – Балам, бағана ғой кәрі жирен екеуміздің біріміз әлді болғанда, тышқаншықтан өлмес еді. Амал не, менде тіс жоқ. Сенің азуың әлі уыз, жетілмеген. Оны неге айтып тұр деме? Ұғып ал! Адамдардың арасындағы адам сипатымен жүрген жылқының тышқаншығы сияқты індет ауру – Аманбектер. Момынды ажалынан үш күн бұрын өлтірді. Ал сол тышқаншықты ер жетіп азамат болғанда, сен шайнайтын боласың. Қазір алданып атына мінсең, соңыра азу салуға дәтің бармай қалады. Арыңды сақта, балам! Солай!..»

Жылқыда кездесетін тышқаншық ауруын – тамағына түйнектеле қалып, тыныс алдырмай тұншықтырып өлтіретін без шошыну ауруын тіспен езіп, шайнап жазатын еммен астарлас этнографиялық сипатты жайдың терең мағынасын жазушы осылайша тұспалмен түйеді.

Жазушының тілі бай, тартымды. Қазақтың небір мәйекті тілін жымдастыра қолдана білген.

«Түнгі жолаушы» оқиға қоюлығымен, кейіпкер характерлерін даралай аша білуімен ерекшеленеді.

Шынын айту керек, кеңестік кезеңде аудандық партия комитетінің органы болған аудандық газетте жұмыс істеу оңай болмады. Қатып қалған қалыптан шықпай, қақпаймен ғана жазу шығармашылық ерікке жіберген бе? Міне, Ерағаң саналы ғұмырының отыз жылдай уақытын дәл осы «ләппай тақсыр» газеттің қара жұмысына арнай жүріп, әдеби ортадан алыста жатып-ақ шұрайлы тілмен көркем шығармалар тудыруы бір жағынан ерлік, екінші жағынан тас жарған талантының арқасында туған дүниелер еді ол.

Әттең тонның келтесі-ай!

Иә, Ерағаң арамызда болғанда, жетпіс жылдығын тойлар еді. Алла бұйрығына амалымыз қайсы?!.

«Нұрлы шақ» өлеңдер жинағындағы бір өлеңінде ол:

... Арманға, алға жан салмай,
Дөп басып тауып айта алмай,
Адамдар сенің алдыңа,
Сыбаға сыйды тарта алмай,
Ұлылық сырын сарқа алмай,
Минутты жүрмін тауса алмай,
Сағатым әлі соққан жоқ, –

деп жазып еді.

Мен айтар едім:

– Ер-аға, сіз жырлаған, сіз аңсаған сағатыңыз соқты! Бес күндік фәни жалғаннан, мәңгілік мекеніңіз – ақиретке аттанғаныңызбен, артыңызда жан-жүрегіңізбен жазған кітаптарыңыз қалды!

Сізді құрметтейтін, шығармаларыңызды сүйсіне оқитын оқырмандарыңыз бар!Сол қуаныш, сол бақыт тарланбоз аға!

Қазақтың қара сөзі мен қара өлеңінің табиғатын тереңнен таныған, тіл құнарына тегінен жарыған сіздей асыл заттың сөз сонары өзгеше еді. Оған куә – әңгіме, повестеріңіз. Оған кім-кім де еріксіз бас иер!

Бұл сөз – соның жоралғысы.

2008 жыл, қараша.

ЖҮРЕК ШАМЫН ЖАҚҚАН

Менің Қараталым

Ту-ту алыста, артта қалған, енді бірде зер сала үңілсеңіз күні кеше ғана сияқты көрінген бал дәурен-бала шағын сағынбайтын, аңсамайтын адам баласы аз шығар.

Ес білгеннен көргені, ақжал толқындары тосын мінез таныта жағаға ұрған, бірде монтаны жуаси айнадай жарқыраған Балқашын ұмыта алмас, сірә!.. Қалың қамыс, сыңсыған тоғай, көз қашын ұмыта алмас, сірә!.. Қалың қамыс, сыңсыған тоғай, көз қарықтырар көкжиекке шейін астасқан айдын-шалқар су, жыртылып айрылған ию-қию құс базары, жаз бойына жағажайда асыр сала ойнаған, судан шықпайтын қарадомалақ ұлдар, балық аулаған үлкендер, кеш бата айнала-төңірек тегіс қоюланғанда аспан әлемінде жыпыр-жыпыр жусаған жұлдыздар, көлбақалардың құрылы мен шегірткелер шырылы, бірі-бірімен жарыса кезекезек үрген иттер, жарық шашқан ауыл үйлері, бәрі-бәрі... үйлесім тауып... сезімтал, нәзік қара бала көңілінде ақынжандылық дәнін еккен. Әдебиет пен өнерге, мынау аппақ әлемге құштарлығын шешесі Төлеуғайшаның:

– Балам, сен есте қаларлық оқиғаларды, көрген-білгеніңді, оқыған кітаптарыңды, көрген киноларыңды қағазға түсіріп жүр. Арасында «Қазақстан пионеріне» жолда. Күнделік жүргізу, ұқыптылыққа тәрбиелейді, – деген болатын.

Аяулы анасының сол сөзі қамшы болды; ауыл кітапханасы қорындағы барлық кітаптарды зерделей оқыды, тәлім алды, тіл ұстартты; кейде шытырман оқиғаға толы шығармадан толқып тебіренгені сондай, арман-қиялға беріліп, ұшқыр ой-сезімдері биіктеп, әуелейтін ақшулан бұлттардан да биік-биік.

Жанат Елшібектің туып-өскен жері Балқаш көлі жағалауындағы шағын ауыл – Фрунзе. Кейіннен Қараталдың құйғанындағы алты балық шаруашылығы бірігіп, Фрунзе атындағы балық колхозы болған.

Фрунзедегі мектеп бастауыш болғандықтан, балалар бесінші сыныптан бастап жеті шақырым жердегі Көпбірлік ауылында оқуларын жалғастырған. Кітап-қағаз салынған сөмкелерін арқаларына асынған, қоңыр күзден жазғы каникулға дейін күніне ары-бері он төрт шақырым жаяу жүретін балалар оқуға, білім мен өнерге соншама құштар болды. Жәкеңдер 11 сыныпты 1965 жылы бітірді. Сыныптастары жақсы оқыды. Кластағы балалардың тең жартысы институтқа түсті.

Есте қаларлық бір оқиға. 10 сынып оқып жүргенде жазғандары үзбей жарияланатын жас тілші болғаны үшін, «Қазақстан пионері» газетінің арнайы жүлдесіне ие болып, сыйлыққа отыз бес кітап алды. Осы кітаптар арасында жас талап жазушылардың 1964 жылы жарыққа шыққан «Таңғы шық» деген әңгімелер жинағы бар еді. Ол жинақта, қазақтың көрнекті жазушылары Мұхтар Мағауиннің, Төлен Әбдіковтің, Дулат Исабековтың, Есенжол Домбаевтың, Алтыншаш Жағановаңың, Шәмшиден Әбдірамановтың т.б. жиыны жиырма қаламгердің туындылары басылған. Алғысөзін жазған сыншы Зейнолла Серікқалиев.

Жәкең арада жиырма жыл өткен соң сол «Таңғы шық» жинағына шығармалары енген жазушылармен жолығып, сұхбаттасып жеке кітап жазып шығарды.

Ол кезде пошта байланысы жақсы, ауылға күнара газет-журналдар мен хат-хабар келеді. Хат тасушы Дәумен аға Жәкеңе бір құшақ газет әкеп береді.

Сол кездегі жас тілшілер, бүгінгі белгілі қаламгерлер Ырым Кененбаев, Жақау Дәуренбеков, Қайсар Әлім т.б. достарымен кейін бірге қызмет істеді.

– Менің Қараталым!.. Алтын ұям – бесігім! – дейді Жәкең туған жерін тебірене еске алып. – Жырақта жүрсем де әлі менің жанымда секілді. Есіме алған бетте жұдырықтай жүрегімнің бір бұрышында мәңгі өшпестей сақталған суреті мен әсем әуені жыр боп төгілері тағы да ақиқат.

Жетісу өлкесіндегі әр бұлақтың, әр қайнардың, әр тұманың мен үшін қадір-қасиеті мүлдем алабөтен. Мұзарт шыңдарын

күнге сүйдірген Алатау сілемдерінен бастау алар осы тұма-бұлақтардың дені арналы өзендерге айналып, тұс-тұстан андыздаған күйі Көкше теңізге – менің Балқашыма құяды емес пе! Айрықша сезімге бөлеген қасиетті Қараталдың бойында, барақатты Балқаштың жағасында туып-өскендіктен болар, тапыл-тұпыл басып, оң-солымды ажырата бастаған алаңсыз кезден көргеніміз де, күңұзаққа ермегіміз де, ойынымыз да – су. Қолдың саласындай тарам-тарам жылғалар қарт Қараталдың құйғанында бар атырапты өрмекшінің торындай шимайлап жататын...

Жылдардың қанатында

Мектепте оқып жүргенде жазған сутеттеме, әңгіме, фельетондары үлкен жаңғырық туғызды. «Дедекбай» деген фельетоны «Қазақстан пионері» газетіне жарияланды. Осы фельетоны жарыққа шыққанда, республиканың түкпір-түкпірінен жүздеген хат алды. Фельетонда бір баланың салдыр-салақтығы, кітаптарына дұрыс ие болмай, үсті-басы кір-кір, аяқ киімі жұлым-жұлым болып жүретіні айтылады. Хат жазған балалар: «Мұндай оқушы біздің сыныпта да бар» деп жазды.

Туған жері теңіз жағасы болғандықтан, су кешіп, қамыс-құрақты аралау, балық аулау, құс ату сияқты жағдайларды өзге балалармен бірге Жәкең де басынан өткерді.

Әсершіл, еліккіш бала үшін таптырмас қиял-ғажайыпқа толы шақ қой ол дегеніңіз!..

Бүгінгідей есінде, бір қызық оқиғаны тілге тиек етіп жазған «Мергенім-ай» деген мөлтек әңгімесі газетке басылды. Онда бір бала ауылдың іргесіндегі көлден жүзіп жүрген үйректі атып алады. Содан әлгі «мерген» баланың көңілі аспандап, достарына, көрші-көлемге, әке-шешесіне мақтанып, атып алған «олжасын» әкеп тастай салады. Бақсақ, оң аяғына шүберек байланған үйдің үйрегі болып шығып, қатты ұялады.

«Бала тілі – бал», «Этюдтер» деген рубрикамен әңгімелері көп шықты. Осыдан кейін Жәкеңді ауылдастары «Этюд бала» деп атап кетті. Этюдтері «Ара» журналына да жарияланды.

Жәкең мектеп бітіргенде қатарластары арасында беделді, кәдімгідей ел таныған, жігіт болды. Оған себеп – алтыншы

сыныптан бастап республикалық «Балдырған», «Қазақстан пионері», «Қазақстан мұғалімі», «Лениншіл жас», «Білім және еңбек» басылымдарына жазған мақалалары мен мөлтек әңгімелері жиі басылатын.

Мектеп бітірген жылы КазПИ-дің филология факультетіне оқуға түсті. Оқуға түсерде «Лениншіл жас» пен «Қазақстан пионері» газеттері өндірістік мінездеме жазып берді. Студент кезінде де оқушы кезіндегі белсенділігі бір бәсеңдемей, Алматыдағы газет-журналдарға жазған дүниелері дүркін-дүркін жарияланып тұрды.

3 курста оқып жүргенде «Лениншіл жастың» бас редакторы, белгілі жазушы Шерхан Мұртаза қызметке алды. Одан соң қазақ журналистикасының қара шаңырағы – «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетіне жұмысқа ауысып, зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін табан аудармай жұмыс істеді. Соның ширек ғасыры жауапты хатшы қызметін атқарды.

Шыны керек, газетте істеп жүрген журналистердің шығармашылықпен айналысуға мұршасы бола бермейді. Жәкең қаршадайынан қалыптасқан еңбекқорлығының, табандылығының арқасында газеттің қат-қабат, қарбалас жұмысынан қолы босаған кезде; сенбі-жексенбі күндері, жылына бір рет келетін еңбек демалысы кезінде ойға алған көркем туындыларын қағазға түсірді. Соның нәтижесінде, 4 хикаяты мен 30-дан астам әңгіме-новеллалары дүниеге келді. Ал «Қош бол, теңіз...» повесі республикалық «Жалын» баспасының балалар мен жасөспірімдерге арналған жабық бәйгесінде жүлде алған. Көркем очерктері, эсселері, мақалалары жүзге жуық жинақтарға енген. Шығармалар жинағының 5 томдығы 2007 жылы «Елорда» баспасынан, ал таңдамалы повестер мен әңгімелер жинағы «Атамұра кітапханасы» сериясымен «Тағдыр желі» деген атпен 2011 жылы, «Атамұра» баспасынан жарық көрді.

Ұлтымыздың әдебиеті мен өнерінің өркендеуіне «Атамұра» баспа корпорациясының айрықша үлес қосып келе жатқандығын айрықша айтуымыз керек. Аталмыш баспа, «Атамұра кітапханасы» деген серия бойынша қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті қаламгерлердің 100 кітәбін шығарса, енді «Атамұра мектеп кітапханасы» сериясымен данышпан, хәкім,

қазақтың бас ақыны Абайдан бастап балалар әдебиетінің танымал ақын-жазушыларының жинақтарын шығара бастады.

– «Атамұра» баспасынан шыққан «Тағдыр желі» жинағым маған аса ыстық, – дейді Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Жанат Елшібек.

Иә, Жәкеңнің тұңғыш хабары мен ребусы 6 сыныпта оқып жүргенде «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінде жарияланыпты. Содан бергі жарты ғасыр ішінде республикалық газет-журналдарда Ж.Орынбаев, Ж.Балқашұлы, Ж.Елшібек деген атпен әртүрлі тақырыптағы мақалалар, репортаждар, суреттемелер, очерктер, әңгімелер, хикаяттар, этюдтер, танымдық шытырман басқатырғыштар мен өзі түсірген фото-туындылар жарық көрді. Олардың ұзын саны мыңнан асып жығылады.

Қазақ баспасөзіндегі танымдық жанрлар: кроссворд, чайнворд, криптограмма, шрифтограмма, стрелкограмма, лабиринт, шарадалар мен метаграммалар, ребустар, ой-жұмбақтар, викториналарды өрістетудегі оның еңбектері ұшан-теңіз.

Ж.Елшібек Қазақстандағы тұңғыш алып сөзжұмбақ («Білім және еңбек» журналы. №8. 1984) пен ең алғаш алып сконворд-тың («Егемен Қазақстан» газеті, маусым, 2000 ж.) иесі. «Сен білесің бе?», «Зерек», «Мың бір қызық», «Таным» аталатын кітаптары бар.

«Жас Алаштың» әйгілі «Газет ішіндегі кітапханасы» айдарында жарияланған үш автордың бірі. Оның «Табиғат – тылсым» атты әңгімелер циклы 2002 жылы, сәуірде газеттің 15 санына жарияланды.

Жәкеңнің тағы бір қыры, деректі дүниелерді қаз-қалпында, мөлдіретіп жазуы дер едім. Оған «Ана тілі» баспасынан 2012 жылы жарық көрген әдеби портреттер, эсселер және мөлтек әңгімелер жинағы – «Сырлы әлем» айғақ. Аталмыш кітаптың алғысөзін жазған, бүгіндері 90 жасқа келіп отырған, айтулы академик, атақты ғалым Серік Қирабаев бүйдейді: «Жанаттың осы жинағы тұтасымен әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлерінің шығармашылық әлеміне арналған екен. Әйгілі ақын-жазушылардың, өнер саңлақтарының көркем бейнелерін әр қырынан сомдаған әдеби портреттер мен эсселер өте тартымды жазылған. Есімдері елімізге елеулі тұлғалар образдары шұрайлы штрихтермен, ұтымды детальдармен кескінделген...»

Оқырман аталмыш кітаптан халық жазушылары Шерхан Мұртаза, Қалтай Мұхамеджанов, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза-Әлі, Мұхтар Мағауин, сөз өнерінің маңмаңгерлері Балғабек Қыдырбекұлы, Сейдахмет Бердіқұлов, Марфуға Айтқожина, Темірхан Медетбек, Жақау Дәуренбеков, Мағира Қожахметова, Қастек Баянбай, Әлібек Асқаров, Есенғали Раушанов, қылқалам шеберлері Айша Ғалымбаева, Гүлфайрус Исмайлова, Раушан Момбекованың шығармашылық сырлы әлемімен танысады.

Өз өрнегі бар жазушы

«Табиғат – әр беті терең мағынаға толы бірден-бір кітап» демекші, табиғатқа қатысты әр жылдары, әр мезгілде қойын дәптерге түртіп қойған қызықты штрихтарды сәті келгенде елеп-екшеп шағын әңгімелерге дән ретінде пайдалансам ба дейтін. Ол жазғандары эссе де, этюд те емес, нақты деректерді өзек еткен, өзі бастан кешірген елді елең еткізерлік оқиғалардың қай-қайсысы болмасын түпкі идеяға селкеулік түсірмей, бірін-бірі байытып, еселей толықтырып тұрғандай. Әр кезеңнің, әр уақыттың жаңғырығы іспетті бұл дүниелерді табиғат ғажайыптары хақындағы хикаят деп атапты Ж.Елшібек.

Адам жады ғажап! Балалық шақтағы көргендері мен басынан өткерген оқиғалар тайға таңба басқандай, көзін жұмса болды кино тамашалағандай сезімге бөлейді. Жәкең түсінде де су жалдап, теңіз кешіп жүреді. Ол кезде үш айлық жазғы каникулдың қалай зу етіп өте шыққанын білмейтін. Ересек балалар үлкендерге ілесіп теңізге шығып кетеді. Ал Жәкең құралпы қара сиректар ұзақ күнді әртүрлі ермекке арнайды; доп қуады, асық ойнайды, қармақ салып, құстардың ұясын санайды. Сөйтіп күн көкжиекке құлағанда шаршап-шалдығып, сүріне жығылып үйге жетеді.

Жазушы Ж.Елшібектің табиғат ғажайыптары жайлы хикаяттағы мөлтек әңгімелері бірінен-бірі өткен әсерлі, әдемі, қызық оқиғаларға құрылған. Оқып бастасаңыз жетелей жөнеледі, соңына жеткенше бас алмайсыз. Бұл сөзімізге «Жылан жұтқан тауық», «Балық жегіш түйе», «Құдықтағы ұя», «Жылан баққан бала», «Кекшіл аю», «Иттің көз жасы», «Асқазандағы жылан», «Сөйлейтін піл» т.б. әңгімелері дәлел.

«Кекшіл аю» әңгімесінде, шалғайдағы жалғыз үй – жайлауда отырған шопан екінті ауа отардың бетін кері бұрып, қарай тұрарсың деп баласы Қанатқа тапсырып үйге келсе, әйелі жоқ. Жерошақта бықсыған қоламта сөнуге жақын. Күндегі дағдысы асын әзірлеп, самауырды гүжілдетіп қоятын жұбайының көзге шалынбауы секем алдырды. Қазан-ошақ жиналмаған, киіз үйдің есігі мен түндігі жабылмаған. Аттан түспей іргедегі таудан құлап ағатын тентек өзенге тартады. Ондағы ойы, су алуға барғанда аяғы тастан тайып құлап қалмады ма деген күдік еді. Арлы-берлі өзен бойлап біраз шарлайды. Арғы бетте отырған көрші малшылардан сұраса, ешкім көрмепті. Салы суға кетіп қас қарая үйге оралады. Шешесінің жоғалып кеткенін естіген ұлы – Қанат та аң-таң. Ол да анасын уайымдап, көзіне жас алып төңіректі тегіс шарлайды. Шешесінің атын айтып айқайлайды. Жартастарға жаңғырыққан дауыс зорайып, қорқыныш-үрейі одан сайын үдейді.

«... – Әке, осы... шешемді аю... алып кеткен шығар...

– Тәйт әрі! Өзің не деп шатып тұрсың!.. Қайдағыны айтып...

Күмілжіген ол қатты зекіргеніме қарамастан көкейіндегісін ірікпеді:

– Кеше сізге білдірмей, бұлақтың басындағы үңгірден көзін жаңадан ашқан аюдың кішкентай қонжығын алып келгем. Қорада байлаулы тұр. Байқадыңыз ба, бүгін етектен енесі көрінбеді. Күндіз біз қой бағып жүргенде сүт пісіріп отырған апамды көтеріп алып кеткен болар. Түнеугүні өзіңіз айтпап па едіңіз, ашуланған алар қойды да, адамды да ұрлап кетеді деп...»

Әкесінің ақылымен ертеңінде таңертең аюдың қонжығын Қанат апарып тастайды. Содан соң аю жоқ сәтті пайдаланып, апан аузындағы дәу қара тасты зорға дегенде жылжытып, қатты қорыққаннан үрейі ұшқан әйелді алып шығады.

Шопанның жұбайы шошымалы сырқатқа ұшырайды. Түн баласы айқайлап ұйықтай алмайды. Көнекөз қариялардың айтуы бойынша атып алынған аюдың жүрегін жеп соңында құлан-таза жазылады.

Хикаяттағы әңгімелердің мазмұнын тізіп шығайын деп отырғам жоқ. Мәселе көлемі шағын шығармалардың шынайылығында, жоғарыда айтқанымыздай қызық оқиғаға құрылуында.

Осы орайда, қазақтың көрнекті ақыны Ғафу Қайырбековтың төмендегі жүрекжарды пікірін келтіре кетсем деймін.

«...Жазушыға керегі екі нәрсе – бірі суреткерлік, екіншісі әдемі көркем тіл. Бірі болмаса, бірі жоқ. Көп жағдайда соның біреуінің жоқтығын мойындамай, қаншамамыз ұзақ әуре боламыз. Жанатта Құдайға шүкір, екеуі де бар...

«Қош бол, теңіз...», «Жазылмайтын жара» повестерінде мынау қиын заманның екі бірдей толғақты мәселесін өзек еткен жазушы Жанат Елшібеков балалар әдебиетіне нағыз суреткер, талантты профессионал жазушының келіп қосылғанын дәлелдесе керек, – дейді толғанып. Ал сыршыл қаламгер, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мағира Қожахметова: «Ж.Елшібектің повестерінде туған жер, ауыл тағдыры, экологиялық түйткіл, сұрапыл соғыстың өшпес іздері көркем бейнелеген» деп бүкпесіз сөз арнайды.

Кейінгі жылдары жазылған «Балықтың қылтаны» повесі Жәкеңнің басында ұзақ пісті. Сонау 1932 жылғы ашаршылық трагедиясы... Арқадан ауып келген адамдар... Мынау аппақ әлемге, жарық өмірге құштар-ынтық жандар... Кеңес одағын басқарған «шаш ал десе бас алған» қатыгез, сұмпайы басшы-сымақтар... Қорғансыз кісілер...

Ж.Елшібектің әкесі Орынбай жылқышы, шеге зауытында жұмысшы, одан соң колхозда балықшы болған, өмірдің тауқыметін көп көрген қажырлы кісі болатын. Өз көзімен көрген төмендегі оқиғаны әкесінің аузынан естігені Жәкеңнің жадында қайыра-қайыра жаңғырып, миынан шықпай қойды.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей, 1932 жылы көлде балық та болмай қалыпты. Жәкеңнің әкесі куә болған, көрші ауылдағы бір үйелменнің отағасы ауға түскен азғана балықтың етін әйелі екеуі жеп, қылтанын балаларына тастайды екен. Аш-арық балалардың мүсіркей аяп, сүйекке қақалып өлсін деген мақсатпен... Бірақ балалары балықтың тікенін сорып, әл жиып алатын көрінеді.

Кейінгі жылдары қағазға түскен «Балықтың қылтаны» повесіне осынау шағын деталь себепші болғанымен, шығарманың пісіп-жетілуі, дүниеге келуі көп уақыт алды. Теңіз жағалап Арқадан ауып келген адамдар, 1932 жылғы жұт, ашаршылық трагедиясы көз алдынан кетпей қойды. Хикаяттың кілті табылған кезде жазуға отырды.

Повестегі басты тұлға – жасы сексеннен асқан Меңзипа әженің жүріп өткен қиын-қысталау бұралаң жолы, қартайған шағында

немересін ертіп әке-шеше бейітін іздеп келуі, ата-баба рухына тағзым, туған жерге деген махаббаттың, сан жылдар сартап болған сағыныштың көрінісі!.. Жанарыңызға жас келіп, еріксіз мұңға берілесіз... Перзенттік парызын орындаған көзі көрмейтін зағип Меңзипа әже мен немересіне риза боласыз...

Хикаят финалында арманы орындалған Меңзипа әжейдің көңілі аспандап, әжім айғыздаған жүзі нұрланып, бір жасап қалғанын көресіз. Марқұм әке-шешесі мен туыстарының рухтарына бағыштап ас беріп, құран оқытып, кіндік қаны тамған туған жердің аясында аунап-қунайды, бақыт құшағына бөленеді.

«Таусылмасын жан отың...»

Алдыңғы жылы күзде, Жәкең мен Жанна жеңешем және бір топ жазушы достарыммен ұлы Абай елін араладық. Артта қарт Семей қалып барады. Аспан қылаусыз ашық, шөкімдей бұлт көрінбейді. Қыркүйек айы тамылжып тұр. Бұлдырап Шыңғыстау көрінгеннен, атақты Күшікбай асуына іліккеннен Жанат ағамның көңілі көтеріліп, әңгіме тиегін ағытты.

Көп ұзамай тау бүйірінен ағып шыққан Күшікбай бұлағына жеттік. Бұл тұманың басында Абай да, Шәкәрім де, Мұхтар Әуезов те талай болған. Мұқаңның «Қорғансыздың күні» дейтін ғажап әңгімесінің оқиғасы осы ел өмірінен алынған. Қасқабұлақтан өтіп, Құнанбай қорымына, Жидебайдағы Абай, Шәкәрім, Кеңгірбай басына тәуаф еткенде Жәкеңнің жанары жасаурап, өзімен-өзі үнсіз қалғаны қасындағы бәрімізді қатты толқытты.

Оның сыры неде екен?!. Ана бір жылдары қасиетті Мекке қаласына, Әл-Харам мешітіне барғанда, көзінен ыршып түскен тамшылар төмен домалап аузына тамған-ды... Ағыл-тегіл жылап келеді екен... Бір қараса қарақұрым жұртпен бірге Қара тасты шыр айналып жүр... Жүрегін иман нұры аймалап, қуаныш кернеген қажылар Қағбаның іргесіндегі зәм-зәм суынан шөл қандырып, Сафа-Мәруа тауына асыққан...

Қажылық сапары ойына оралған болар Жәкеңнің... Адам баласы сағыныш пен мұңнан айрылса бәрінен айрылады дейді... Тәңірі сағыныштан айырмасын деңіз...

Туған өлкесі Қараталын, балалық базарлы күндердің таңбасы қалған Балқашын жүрегі елжірей еске алады дәйім.

– Әне-әне-е, естимісің... сағыныш сазы құлаққа талып жеткендей... Балқашқа құлаған құстар әні ме?!. Сөз жоқ, соның өзі!.. Көкек туысымен көк күмбезіне әсем өрнегін өрнектер кербез тырналар үні ғой!.. Сезім қылын тербер сиқырлы әуез алыстан талып естілгендей... Ерке Есілдің жағасында, елорда төрінде ала қағазға тесіліп отырсам да Қараталымды бойлай, бауыр басқан Балқашымды бетке алған қанаттылар керуенін ой көзімен көргендеймін, – дейді Жәкең толғанып.

Кейде әкесі Орынбай мен анасы Төлеуғайшаны түсінде көретіні бар. Жұбайы Жаннаға жеті шелпек пісіртіп, таңғы шәй үстінде құран бағыштайды. Өлілер рухы тірілерден дұға дәметеді ғой қашан да!..

Алпысқа толғаны кеше сияқты еді. Өнер адамына тән мінезі кейде шалт-шапшаң болғанымен, табиғатынан бекзат, сырбаз, қарапайым, кішіпейіл Жәкең жетпіске алқынбай, аптықпай әдемі жетті. Аллаға тәуба айтудан жалыққан емес. Өйткені, аса қамқор, ерекше мейірімді Тәңірі, адал пендесін алғаусыз алқайды, иман нұрын төгеді.

Төрт перзентінен бірнеше немере сүйген Жәкең, бақыт құшағына бөленген қадірменді ата бүгінде.

«Жанат Елшібектің жазушылық, журналистік еңбектері жұртқа кеңінен белгілі, – дейді дарынды ақын Темірхан Медетбек. – Ол еңбектері елеусіз емес. Қаламы қарымды, қуатты, адал, аққөңіл досыма жыр тілімен былай дегім келеді:

Жаны сергек Жанатым,
Жүрек шамын жағатын.
Айналаңды жылытар,
Таусылмасын жан отың...

2017 жыл, ақпан.

КӨКБӨРІ РУХТЫ СУРЕТКЕР

Асқар Алтай!

Бұл есімнің бүгінгі қазақ әдебиетінде өзіне ылайық орнын ойып алғаны рас. Көзі қарақты оқырман оның әр шығармасын асыға күтеді. Солай болуы заңды да! Өйткені Асқар Алтай қазақтың шұрайлы тіліне жөргегінен жарыған жазушы. Алтайдың әйгілі Марқакөл өңірінде бес мыңнан жеті мыңға дейін алалы жылқы біткен Шонжырбай бай – Асқар Алтайдың арғы атасы. Одан – Жылқышы, Жылқышыдан – Алпысбай, Алпысбайдан – Құмар. Алпысбай атақты Шәкәрімнің ұлы Зиятпен дос болған, Шығыс Түркістан республикасы басшыларының бірі Сәліспен Семейде бірге оқыған. Арғы бетте генерал Мажунин дүнген көтерілісіне басшылық еткенде, оған қазақтар да қатысқан. Алпысбай ел басына күн туғанда әкесі Жылқышыдан қалған бес жүзден астам қылқұйрықтан көтеріліске қатысқан қазақ жігіттеріне қосарлап ат та мінгізген.

Ал Құмар Мәскеу төңірегіндегі атақты Диверсиялық барлау мектебінің Шығыс барлау бөлімін (1936-1942 ж.) бітірген. Сонда жүріп советтің барлаушылық қатал тәжірбиесінен өтіп, қытай, моңғол, тибет, ұйғыр, орыс тілдерінде еркін сөйлеп, еркін жазған. 1942 жылы генерал Дәлелхан Сүгірбаевтың кеңесшісі болып, Совет одағынан Зайсан шекарасы арқылы Шығыс Түркістанға енгізілген. Ол тәуелсіз Шығыс Түркістан Республикасын құрысып, Алтай аймақтық Сақшы бастығы қызметіне тағайындалады. 1951 жылы Оспан батыр ұсталғаннан кейін Құмарды қызметінен алып, Кеңес одағының ұйғаруымен Пекин Заң университетіне білімін көтеруге жібереді. Ол сол кездегі қазақтар арасында жоғары білімді заңгер азаматтардың санаулыларының бірі еді.

Құмар Алпысбайұлы Мағжанның «Батыр Баянын», Жүсіпбектің «Ақбілегін» әңгімелеп отыратын. «Алтайда ел нары екен қалың найман, Қытайға қалың найман қанат жайған» деп әкесінің әнге қоса ыңылдап айтқан сөздері Асқардың құлағында бала шағынан қалып қойған. Ол Шәкәрімнің көптеген өлеңдерін білетін, көп сөйлемейтін. Ал сөйлеп кетсе сөздің майын тамызатын. Асқардың өз анасы Меңке де сөзге ұста адам еді.

Асқар алғаш әкесінен Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» өлеңін естіген. Құмар аға домбыра шертпейтін. Бірақ өлеңді ыңылдап айтатын. «Отанды құтқару» деген Мәскеуден берілетін атақты радио толқыны болды. Түнгі сағат он бірден соң сол радио желісін тыңдап, жалындаған жастық жылдарын еске алып, Шығыс Түркістанның азаттық жолында шейіт кеткен жолдастарын айтқанда көзінен жас парлап отыратын.

Асқармен КазПИ-де бірге оқыған Жетпісбай досы екеуі, XX ғасыр басындағы әдебиеттен дәріс беретін Төкен Әбдірахманов ұстазынан Мағжан мен Шәкәрім туралы сұраған кезде, Төкең екеуін оңаша алып шығып:

– Әй, сендер мені соттатқалы жүрсіңдер ме? Бұдан былай ондай әңгімені естімейтін болайын деп, – ауыздарына қақпақ қойған. – Оны қайдан біліп жүрсіңдер?

– Мен әкемнен естідім, – деген Асқар.

Асқардың балалық шағы өте бай һәм құнарлы болды деуге толық негіз бар. Алты, жеті жасына дейін көп адамды көрген жоқ, қалың жылқы мен малды көрді. Құдды суретпен сызып қойғандай, қыл қаламның да құдіреті жетпейтін сұлу Алтайдай арда табиғаттың ортасында өсті. Өз көзімен көрген жабайы аң-құс, жан-жануарлар, бала Асқарды рухани түлетті. Бала кезінен бөрі мен бөлтірік аулауға, бұғы мен аю атуға аңшы Қауқай, Буратай, Нұрғали қариялармен, әкесі Құмармен бірге барып жүрді. Сондықтан да оның шығармаларында аңшылық туралы оқиғалар жиі ұшырасады. Шынайлығымен, тылсымдығымен оқырманын тамсандырады.

Ал мамыр айында Алтайдың алқызыл модағайлары кес-кестеп, қып-қызыл өрттей болып қарсы алған кезде өзі де түсінбейді, жан дүниесі астаң-кестең болып кететін. Сондай таңғажайып сәттерді басынан кешірді.

Асқардың алғашқы жазған туындысы – «Құла құнан». Төрт-бес беттік шағын әңгіме. Ондағы оқиға өмірде болған. Ағасы асау құнанды үйретіп, Семейдегі оқуына кетіп қалады. Асқар құла құнанды мініп жүреді. Кейін аяғына жем түсіп, етке өткізіледі. Құнанның қабырғалары дала тағысы зебра сияқты тарғыл болатын. Құла құнанға шығарған өлеңі де бар.

Құла құнан дегенде, құла құнан,
Қиығы бар мінер жақ құлағынан.
Шапқанда, шабысы кем бе еді оның,
Желдей ескен даланың құланынан.

Бұл әңгіме оныншы сыныпты бітіріп, КазПи-ге оқуға түсуге дайындалып жүргенде жазылды. Бүгінге дейін ешқайда басылған жоқ. Сол күйі үстел тартпасында жатыр.

Асқар аса сезімтал, әсершіл болып өсті. Сыныбындағы Сәуле есімді қызға бірінші кластан ғашық еді. Содан ойланып, толғанып «Біз әлі кездесеміз» деген роман жазбақ болды. Оншақты беті жазылды да. Бірнеше тарауға бөлді. Кейіпкерлерін айқындады. Бірақ сол қалпы қалып қойды.

***

Асқардың студент кезінде жазған алғашқы көлемді шығармасы – «Қызыл бөлтірік» повесінің алатын орны айрықша. Ол осы хикаятымен-ақ әдебиет әлеміне нық басып енді.

Бала жаны еліккіш, бала қиялы ұшқыр. Он екі жасар Архаттың Бал әжесінен естіген ертегісінен соң, бала қиялына қызыл бөлтірік берік орнады. Бөлтірік атаулы сұр болса, бала қиялындағы құрғыр қызыл.

Бал әжейдің Қызыл бөлтірік туралы аңыз-әңгімесі ойдан шығарылмаған. Түбінде негіз бар. Міне, бала мен атасы аңға шықпақшы. Қуанышында шек жоқ. Қуанбағанда ше! Қиялындағы қызыл бөлтірікті көреді. Оған бала бек сенімді.

Бала көзімен берілген көркем Алтайдың көріністері ғажап! Сұлу табиғат шалқыған көңілін тербейді әлдилеп. Іштей түлейді Архат.

Кәрия сүйікті немересінің алғашқы аңшылықтан құр қол қайтпауын ойлап, небір қиындықтарға жолығып, тау-тасты аралап жүріп, бөлтірікті тауып береді. Алайда қатты ауырып, далада қайтыс болады. Онсыз да дімкәс өкпе мен сырқат қолқа ақыры алып тынды. Бала атасынан да, әзер қолына түскен қызыл бөлтірігінен де айрылып, атасының мәйітін ауылына алып келе жатады.

Ауыр мұңмен аяқталатын хикаят соңында кейіпкерді күліп атқан, кіршіксіз таң қарсы алғаны суреттелген. Тылсым табиғат түлеген.

Ол баланың асқақ арманы! Жас жүрегіне қаяу түскеніне қарамастан мойымаған қайсар рухы!

***

А.Алтайдың тұңғыш жинағы «Қыр мен қала хикаяларына» (1998 ж) енген «Қара бура», «Қаладағы құтпандар» хикаяттары жазылу формасы соны, тұщымды туындылар.

«Қара бура» хикаятындағы қара бура – символ. Қара бура – қазақтың езіп-жаншылған, сорлаған, қорланған рухы! Жиырмасыншы ғасырда қазақ халқы басынан нені өткермеді?! Тепкіні де, теперішті де, аштықты да, құғынды да көрді. Орыс отаршыларының езгісіне көніп, ылажсыз мойын ұсынып, айдаған қойша жүре берді. Қазақты жер бетінен жою үшін, қаңғыртып жіберу үшін «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген сайқал саясат желеуімен әуелі алдындағы азды-көпті малын тартып алды. Ал малдан айрылған бейшара халық бас сауғалап, быт-шыты шығып шекара асты. Аштан қынадай қырылды. Бұл апалаң-топалаңға қазақтың өз ішінен шыққан жандайшап, жағымпаз, сатқын, тайғанақ адамдар да барынша үлес қосты.

Хикаят басында ашу-ызадан қаны қарайған қара бура аязды ақпанда өз жолымен келе жатқан автобустың алдына шөгіп, кесе-көлденең жатып алады. Қыларынды қылып ал дегендей өркөкірек. Анда-санда ақ көбіктенген аузын аша азынайды-ай кеп. Өйткені, екі аяқтыларға кекті! Басқа ноқта, санға шідер, аяққа тұсау салатындар осылар деген ойға берік бекінген. Ал жылжып көр батыр болсаң. Автобус жүргізушісі шыж-быж. Бензинім таусылуға тақау, моторды сөндірсем қатып қаламыз,

сөндірмесем жанар-май таусылады дейді ышқынып. Осы кезде жолаушылардың арасындағы қара бураның иесі – Ескендір шалдың немересі Ұлбосын нәзік қолдарымен қант ұсынады. Қара бура «Меңсіз Қара» деген нәзік дауысты бота күнінде көп естіген. Кейіннен сол нәзік дауысты жоғалтып алып сағынып жүрген. Ұлбосынның созған алақанына мойнын иген бура танауынан буы бұрқырай жұп-жұмсақ ернін тигізе бір тал кесек қантты ептілікпен іліп алды. Одан соң қыз екі уыстай қантты тас жолдың арғы бетіне қарай көрсете шашып жіберді. Қара бураның тіліне тәтті дәм үйіріліп, солай қарай бетегенде, салон толы жолаушылар да «уһ» десіп, автобус орнынан қозғалады.

Екі аяқтыларға қанша қаһарлы, өш болса да мейірімге зәру бураның Ұлбосын қыз ұсынған қантты жеп, жүрегі елжіреп қоя берді. Қазақ та сондай халық! Қайтпас қайсар, табанды болғанымен жеме-жемге келгенде жан дүниесі нәзік, кең, кешірімшіл, аяғыш, еліккіш. Сол аяғыштығы, сол кеңшілдігі, сол кешірімділігі, сол көнбістігі өз басына соққы-таяқ болып тигенін, тоз-тозы шыға жаздай барып аман қалғаны тарихтан мәлім.

Түйеші Ескендірдің көрмеген құқайы жоқ. Неше жерден намысқой, қайсар, табанды, рухы мықты болғанымен жалғыздың аты – жалғыз! Ауданнан келген шолақ белсенді өкілдің: «Ендігі күш-көлік – трактор, машина, комбайн. Түйе мен жылқының күні өтті, көзін құртамыз олардың» дегеніне илікпегені үшін өкілдің қасындағы жас жігіттер Ескендірдің қол-аяғын қыл арқанмен шандып, байлап, төрт жүзден астам келені мылтықпен жайратып салады. Онымен де қоймай, кейіннен жапон мен қытайдың шпионы деген айып тағып, он үш жылға кесті. Содан 1951 жылы бірақ оралды. Автор Ескендір тағдыры арқылы 20 ғасырдағы қазақ тағдырын айтып отыр.

Басқа ұлт тіліне, мәдениетіне әбден бейімделген, соған әдеттенген, өз ана тілінде сөйлеуге намыстанатын, өз ұлтын жек көретін нигилист, дүбәрә қазақтар бүгін де бар және жеткілікті.

«Қара бура» – ұлттық намысты қамшылайтын, ес жиғызатын һәм қазақтың өткенін ғана емес, бүгінгі кескін-келбетін де қанын сорғалатып көрсетуімен құнды шығарма.

Төл әдебиетімізде ит-құс, жан-жануарлар туралы шығармалар баршылық. Ойымызға алдымен түсетіні, М.Әуезовтің «Көксерек»,

М.Мағауиннің «Тазының өлімі», С.Шаймерденовтің «Ит ашуы» сынды повестері.

Ал А.Алтайдың «Қаладағы құтпандары» өзгеше дүние.

Хикаятта қаладағы қаңғыбас бес ит – алпамсадай Ала төбет, қара овчарка – Тік құлақ, сүліктей Сары тазы, қоспа қанден – Торшолақ, сүйріктей қаншық – Ақ қанденнің кезбе тірлігі қамтылған. Иттердің көзімен кәрі анасын тастап кеткен қайырсыз ұрпақтары, маскүнем еркек, нашақор қыз-жігіттердің адамгершіліктен аттаған, қоғамға жат, лас, жиіркенішті кейіп-кескіндерін көріп, төбе шашыңыз тік тұрады. Күшік кездерінде ол иттердің өз иелері, мекен-тұрақтары болған. Кейіннен әртүрлі себеппен далада қалып, кезбелік өмірге көшкен. Қазақта жеті қазынаның бірі саналатын иттердің мұндай аянышты халге тап болуына, әлбетте олардың иелері, екі аяқты адамдар кінәлі.

Жазушы иттердің тағылық тірліктерін жеріне жеткізе бейнелеген. Көз алдыңызға елестетіп, сурет салған. Қаладағы қоғам келбетін бес ит көзімен суреттеп шыққан.

Желтоқсанның ақырған аязынан аш иттер бүрсең қағады. Түн сабылып жортып келеді. Іздегендері қу құлқын қамы. Топ басында тік құлақ – овчарка. Өзгелері соңында. Иттер қала сыртындағы ауыл тектес жатаған тамды үйлерді бетке алған. Кенет алдағы Тік құлақ терезелері үңірейген, өртенген үйді көріп сілейіп тұрып қалған. Ит жазбай таныды. Күшік кезінен көзіне ыстық мекен. Бірақ қожайыны жоқ. Өртеніп кеткен ғой. Өртеңнің ішінен ештеңе таппаған өзге иттер тайып отырды. Тік құлақ қалып қойды. Иесінің өзін мәпелеген сәттері елестеп үнсіз жылады...

Хикаят соңында құндақтаулы сәбиді көтерген қыз жөргектегі нәрестені аялдамаға әкеліп тастайды. Артында қалып бара жатқан тастанды сәбиге бұрылып, көз салған да жоқ. Не деген тас жүрек жан.

Аяздан бүрсеңдеп тоңған, аштықтан бұралған иттердің ортасында – қорғансыз сәби. Құтпандардың көздері қарауытып әлі қыркынан да шықпаған періште-сәбиді жәукемдемек. Сол үшін де бірімен-бірі таласты. Абырой болғанда аяқастынан бір топ қыз-жігіт келе қалып, тастанды бала тірі қалды!

Жоғарыдағы екі хикаятта да төгілген тілмен бірге жан тебірентер тағдырлар, өмірдің ащы ақиқаты бар.

***

Асқар әңгіме жанрының шебері. Бұған жазушының «Казино» жинағына (2008) енген әңгімелері айғақ. Оның әрбір әңгімесінің мәні мен мазмұны бір-біріне ұқсамайды. Оқыс оқиғалар көкірегі ояу адамды селк еткізері хақ.

Жинақтың беташары – «Казиноны» бей-жай отырып оқи алмайсыз.

«Құдайсыз қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат... ештеңе жат емес екен. Ал мұндай мұндар дүниеде өртті жүрек, дертті сана ақылға қонақ бермей, асау сезімге ғана бой алдырмақ...» деп басталған әңгімеден астан-кестең, маламатан, былық тірлікке кезігесіз! Астанадағы генерал – «кәнбешниктің» қырықтан асқан баласы Жошының тамағы тоқ, көйлегі көк. Баратын жері Казино. Бар мақсаты, сұңғақ та сұлу Есілаймен кездесу, нәпсі-шайтанның құмарын басу. Жошы бұрын үйленген, сәби де сүйген, неге екені белгісіз, әйел затына деген суық, жат сезім бар бойында. Сол сезім ажырастырып та жіберді. Ол әрекетіне титтей өкінген жоқ. Тіпті бауыр еті – баласына да суып кеткен. Міне, қырықтан асты. Алды – тұман, арты – қараң.

Жошы болмысында қатыгездік мол. Бақсақ, қатыгездіктің дәмін еккен әке-шешесі екен. Әлде төрт, әлде бес жасында бір-біріне пышақ ала жүгіргенде бала тұңғыш рет қызыл қанды көріп шошынған. Жігіт ағасының имандылықтан білетіні – Бісміллә Рахман Рахым. Одан өзгенің бәрі нәпсі қалауы. Істеп жүрген тірлігі – арақ ішу, құмар ойыны, зинақорлық – бәрі-бәрі күнәлі істер.

Астанадағы әкесінің де шекесінің «шылқығаны» шамалы. Әлдебір жас қызға «бұт артып» (шешесінің айтуынша), сәбілі болуымен өзімен-өзі әуре.

Жошының сапалақ тұлғамен сұхбаттасуы, шайтанның ісі. Өйткені: *«Алланы еске алудан кімде-кім бас тартса, біз оның соңына шайтанды салып қоямыз, шайтан оны азғырып, мәңгі бірге жүреді»*, – дейді қасиетті Құран Кәрім («Зуһруф» сүресі», 37 аят).

Жаратылысында Жошы жаман жігіт емес. Күнәлі, жиіркенішті іс-әрекетін саналы түрде істегенмен, оған өзі қатты өкінеді. Нәпсі-

шайтанның арбауына шырмалғанымен, одан шығудың жолын білмейді.

Жошы, Жошының әкесі сынды адамдар өмір сүрген қоғамның барар жері – құрдым! Апат! Ақиқатында, қай адам, қай қоғам болсын, өз жағдайын өзі өзгертпесе, олардың жағдайын Алла өзгертпейді. Үйткені өмір бірыңғай шуақты емес. Қатыгездіктен де тұрады. Жарық жалғанды жалпағынан басып, ойға келгенін істеп жүргендер аз ба? Жер бетіндегі бүгінгі былықтар мен қырғи-қабақ соғыстар, түрлі-түрлі табиғи апаттар мен катаклизмдерге кінәлі адамдар!

Сол үшін адам баласы өзін-өзі жақсы жаққа өзгертуі керек! Парақорлықтан, жағымпаздықтан, мақтангершіліктен, қызғаныштан, көре алмаушылықтан, тойымсыздықтан, тыраштанудан, еліктеуден, арақ-шараптан, ысырапқорлықтан т.б. толып жатқан жағымсыз істерден!..

Жинақтағы Асқар Алтайға тән стиль: оқырманды бірден баурап, жетелейтін шұрайлы тіл, шиыршық атқан оқиға мен оқырманға салар ой, дәл қойылған тақырып мен мұндалап тұрады. Қараңыз: «Казино», «Салбурын», «Сібір офицері», «Көзімнің қарасы», «Қабірші», «Балақ бау», «Шың», «Дода», «Дық», «Оба жылғы сауық», «Мар», «Мең-зең», «Кентавр», «Лайбаран» т.б.

Әсілі сәтімен қойылған тақырып, шығарма шырайын ашып қана қоймайды, сол туындының табиғатынан, желісінен хабардар етері рас.

Түбі омбылық, аға лейтенант, офицер Бурахан Булатов әскери қызметіне адал еді. («Сібір офицері»). 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасы ой-санасын ғана емес, жан дүниесін де астан-кестең етті. Желтоқсаншыларды ауыздықтауға, басып-жаншуға арнаулы әскери құрамнан іріктелген екі жүз жауынгермен бірге Новосібір қаласынан келген жиырма шақты офицер қатарында Бурахан да болды. Бұйрық қатал. Талқыға түспес. Арыстанша арпалысып жүрген өз қандас бауырлары екендігін естен шығарып алған ол, қыздарды шаштан сүйреп, жігіттерді жағадан алып, жан алғыш жендетке айналды. Қолы қанға малынды. Бір кезде жас офицерге оқыстан: «Осы мен не істеп жүрмін?» деген ой келді. Ұлттық намысы оянды. Алғашқы кездегідей емес, арыны

бәсеңдеп, әлденені сылтауратып, тасаланып тығыла берді. Соны байқаған Станислав деген офицер: «Сен немене, қазақтарға жүрегің ауырып тұр ма? Ә, қазақтығың ойыңа түсті ме?» деп қыжырта тиіскен. Бурахан ол сөзді елемеуге тырысса да, жүрегі шаншып ауырды.

Новосібірге оралған соң да байыз таппай аласұрды Бурахан. Станиславтың: *«Сен офицер емессің. Совет офицері атына кір келтірдің! Сен сатқынсың! Сен ұлтшылсың! ...Тағы да айтам: және сен кещесің! Сен өз қатыныңның досың Михайлмен ойнас екенін білмейсің... О, сорлы!»* – деген сөздері құлақ түбінде ызыңдап тұрып алды.

Апыр-ай, шынында солай екен-ау! Қазақ жастары жазықсыз қырылды. Оған өзі куә. Ол дегеніңіз отарлаушы елдің көпе-көрінеу қорлығы, басынуы емей немене?! Ал үйленгеніне үш-ақ ай болған жан жары Александраның істеп жүргені анау! Жүрегі сезетін. Бірақ айғағы жоқ-ты. Ер жігітке бұдан асқан қорлық бар ма? Абақты, кісенді қоғам зорлығын істеді. Аңқау офицер әмірлі биліктің құрбанына айналды. Кір шалған ар сотынан құтылар жалғыз жол – өлімді таңдады! «Офицер асылып өлмеу керек, атылып өлу керек» деген әзәзіл ой миын мүжіді. Офицер ғой. Қарудың серті бар! Барар жер, басар тауы қалмады! Ар-намысын – жанының садағасы етті!

«Сібір офицері» қатал әңгіме. Қатал болғанымен, ақиқат өмір шындығы.

«Салбурын» әңгімесінің тақырыбы тосын. Неге салбурын? Оқып көрелік. *«Бұйырғынды бел ақбұйраттанып, Арқаның апай-топайы бітеу күртіктеп тастаған қаңтар басы еді. Күнгейдегі қалың шұбардан ығыстап шыққан көк бөрі күйлі болса да кәрі тақыс-ты, бірақ құлан шабысты. Соңынан түсер құғынды сезген ол қары жұмсақ қараған арасынан сытылып, теріскейге қарай тартқан.*

Бел-белегір жоны – жұқа сере. Қозы жонға көтеріле соңына бұрыла қараған. Бірі ат, бірі моторлы шана мінген екеу шұбардың шетіне шығып, әлдеқалай аял құрыпты. Құйрығы қар сызған аң бөрібұлекке салып, жөней берді. Беті – қиыстағы құла орман иірімі...»

Үш аңшы әскери тікұшақ ішінде. Олардың бірі – министрдің орынбасары – Досай, екіншісі тең төраға Уәлихан, үшіншісі –

бизнесмен Жарқын. Кәсіби аңшы болмағандарымен әуескойлықпен салбурын жасамақ. Алғашқы күні кәрі арланды атып, мәз болған жігіттер кеш қарая жұртта қалған бес-алты үйлі ауылда әуелі тас моншаға түсіп, соңынан соғымның сере қазысын кертіп жеп, кекірік атып сол үйде еру болады. Елірген жігіттер ертеңіне аңға қайыра шығады. Мінгендері белді көлік, екі «Джип». Недәуір уақыт қасқыр атаулы кезікпей қояды. Бір жерге тоқтап, түстеніп алармыз деп келе жатқанда алдарынан қос бөрі жөнеле бергені. Бірі – арлан, екіншісі – қаншық. Көп ұзамай қаншық қасқыр оққа ұшады да, арланның артына түседі аңшылар. Әбден елірген жігіттер мен аң серісінің арасындағы алапат жарыс басталды. Жылдамдық тілі сексенге тақады. Дала тағысы шабысқа шабыс қосты. Бірақ құтылып кете алмайтынын, қуғыншылардың құтқармайтынын аңдады. Бірте-бірте шаршап, қос өкпесі қабына берді. Темір көліктердің де жылдамдықтары азайды. Қашып қайда барады деп тоқмейілсіген топ оқ шығарып атпай-ақ, әбден титықтағанша қуайық, қайтер екен десті. Қасқыр айласын асырды. Аранға қиялай әкеп, қабырғалай соқтырған. Аңшылар әупіріммен шығып қайыра қуып берді. Міне, дәл осы кезде күтпеген оқыс оқиға өрбіді. Көкбөрі машина жақын қалғанда төрттағандап кері шегінді де, «Джиптің» маңдай әйнегіне оқтай атылды!

Ал саған салбурын! Ал саған қызық! Әулекі, тойып секірген тоғышар топ тәубесіне келгендей...

«Көзімнің қарасы» әңгімесінің де идеясы керемет! Үйлену тойы үстінде Рамазан есімді жігіт ағасы өзге ұлт өкіліне күйеуге шықпақшы туған қызын дүйім жұрттың көзінше тапаншамен атып тастады. Астафираллаһ! Не деген қаталдық! Бірақ қатал шешім болғанымен әке үкімі! Әке қарсылығы! Әңгіме басында «Әзірет-Әлі» кафесінде қызының дүңген жігітке тұрмысқа шығуына қарсы болған әке сөзін қаперіне ілмеген Самал.

«... – Көке! – деді Самал, – Мен оны сүйемін! – дауысы салмақпен зілді шықты. – Кешіріңіз! Маған басқа ешкімнің де керегі жоқ.

– «Көке» деме, – деді Рамазан ызғарлы үнмен. – Енді сенде «көке» де жоқ... «Әке» де жоқ. Көкектің жұмыртқасы...»

Кім ол Рамазан? Көп қазақтың бірі ме? Жоқ, бақсақ, кәрі Кавказды мекен қылған Рамазан, кешегі «бірінші Шешен соғысына» да, кейінгі «Шешен соғысы» тұсындағы соғысқа да

қатысқан жан екен. Қызының үйлену тойына да Кавказдан келіп отыр. Бәсе, бәсе...

Әңгіме басталардағы зау биікте көк әлемнің көзіндей боп қалықтаған қара ноқат – қазақ рухы! Шұбартқан Алатау, мұнартқан Алматы қара баршын қанатының астында! Зау биіктегі қара баршын бейнесіндегі – қазақ рухы, салт-дәстүрден алыстаған, ажыраған, имансыздана бастаған ұрпағына аянышпен көз салады жүрегі парша-парша болып.

Қазақ қыздары бұрын бұратана ұлтқа күйеуге тиіп пе еді? Шықса да ілуде біреуі! Қазір ше? Қазір «модаға» айналған. Шүршіт пе, зәңгі ме, ағылшын ба бәрібір. Қызға қырық үйден тию, қала берді күңнен тию деген тәмсіл қайда?

«Көзімнің қарасы» бүгінгі күннің қаны сорғалаған шындығы! Намысты оятар айқай! Жан айқайы! Жазушы айқайы! Япырай, бүгінгі қазақ қызы ертеңгі ұрпағымыздың аналары емес пе? Қаймана біреуге шығып кете беретіндей көппіз бе?

Жинақта «Киллер сауысқан» (Көзжендет) деген әңгіме бар.

Адам баласының ойлап таппайтыны жоқ. Қараш есімді шал сауысқанмен аң аулайды. Кәдімгі ала қанат сауысқанмен. Мұндай сойқанды тірлікті кімнен үйренген? Жас кезінде Памир тауларына дейін жылқы барымталап барған сапарында, әлде «сібірлік», әлде «хансулық», Қосман есімді сайда сайғақсыз, құмды ізсіз біреуден үйренген «өнері» бұл. Кейіннен кемпірі өліп, жалғыз ұлы Қайрат қалаға қоныс аударып Қарқараның биіктерін жайлап жұртта жалғыз қалғанда, зеріккеннен бұл да сауысқанымен аң аулапты. Көз шұқуға әбден машықкан сауысқан жануардың жазықсыз жанарын ағызып жібереді. Жанарсыз қалған жануар қайда барсын? Омақасып, құлап өз-өзінен өлмей ме?!

«...Жебелеп ұшқан жендет сауысқан құсап жетпістің де желкесіне шығып еді. Сонда да сауысқанмен саятшылық құруын тоқтатқан емес. Көзжендет те аң мен жануардың жанарын оюын қойған жоқ. Күні кеше көк бөрінің көзін оймады ма?! Басын жоймады ма көзжендет... Қайран көзжендетке өкпе жоқ. Иесі үшін арқар мен түлкі түгілі бөрі мен барысқа да түсіп еді ғой!..».

Кейінірек Қараш Алматының тап іргесіндегі Думан ауылына баласы мен екі немересі үшін көшіп келді. Сол кезде аяғы

ауыр келіні босанып, көзсіз сәби туды. Көзсіз, қассыз туған нәрестенің бет-жүзі жып-жылмағай! Бұл Қараш шалдың обал-сауапты белден басып, күнаға белшеден батқан ісіне Алланың жазасы! Бірақ оны мойындайтын Қараш жоқ! Ала қанат сумақай сауысқанға кінә тағады. Сол сусыл қанат сауысқан себепкер дейді өзін-өзі ақтап...

Ақиқатында Қараш – ауру адам! Сауысқанға кінә артқандай, рухани кембағалдығын, рухани көрсоқырлығын мойындамаудың өзі аурудың ісі емей, немене?! Ал соқыр адамдар жайлаған қоғам да соқыр һәм сырқат!

Бұл әңгіме жөнінде талантты әдебиет сыншысы Әмірхан Меңдеке «Жас Алаш» газетінде, (№ 31, 17 сәуір, 2008 жыл) «Соқыр қоғам, соқыр ұрпақ, соқыр...» деп аталатын мақаласында жан-жақты саралап, терең талдаған болатын. *«Суреткер Асқар Алтай бір ғана әңгімесімен қазіргі қоғамымыздың сиық-сықпытын дөп әрі терең ашып көрсете алыпты, – дейді Ә. Меңдеке. – «Көзжендет» әңгімесінде айтылған «соқыр ұрпақ» (соқыр ұл, соқыр немере, соқыр шөбере), яғни ұлттық топырақтан ажыраған, ұлттық болмыстан алыстаған, ұлттың мүддесін білмейтін, ұлттың мұңын түсінбейтін ұрпақ бүгінгі күні билікті де жаулап алды. Ал енді не қалды?.. Не қылдық?...»*

Қарасаңыз, күн де, ай да, жұлдыздар да өз орнында. Алла тағала жаратқан он сегіз мың ғаламның артық-тыртығы болсашы! Раббымыз ұлан-ғайыр жерді жаратты. Оның бетіне таулар тұрғызып, өзендер ағызды. Түнді күнмен жалғастырды. Ой жіберген қауым үшін осының бәрінде белгілер, дәлелдер бар. Ал жұмыр жердегі саналы саналатын адамдардың істегендері, көп жағдайда кереғарлық.

Аталмыш жинақтың аңдатпасында: «Абсурд әлем новеллалары» деп жазылған. Неге абсурд? Абсурд етіп отырған кім сонда? Әрине адамдар. Тағы да қасиетті Құран-Кәрімге жүгінейік: *«Анығында, Алла адам баласына қылдай қиянат жасамайды, тек адамдар өздеріне өздері қиянат жасайды».* («Жүніс» сүресі, 44-аят).

Қазақтың көрнекті жазушысы Дулат Исабеков «Казино» жинағындағы әңгімелер жайлы: *«...Әдебиетімізге өз үнімен, өз тілімен, өз шындығымен екпінді, қарқынды қаламгер келді. Асқардың тілі бай, Алтай тауларының топырағындай құнарлы, шөбіндей шүйгін. Қазақ тілінің қаймағы бұзылмаған, жалқұйрығы күзелмеген, бөгде сөзбен былғанбаған ортада ер жеткен жазушы екенін кітаптың әр бетін оқыған сайын біле түсесіз»,* – деп қалам тербепті. («Қазақ әдебиеті» апталығы, № 52, 27.12. 2008 ж.)

Кітаптағы отыз әңгімеден қилы-қилы тағдырларды көресіз! Өкінесіз! Ойланасыз! Әсерленесіз! Ал оқырманды ойлантқан, жан дүниесін ұйқы-тұйқы қылып қопарған – жазушы Асқар Алтайдың дара дарыны, қапысыз суреткерлігі.

***

Жазушының отыз жасында жазған «Алтай балладасы» (Алтайдың алқызыл модағайы) роман-мифі жайлы баспасөз бетінде көп жазылды. Романда үш-ақ кейіпкер – аңшы, аю, қыз. Аңшы мен аю қызға ғашық. Осы үш кейіпкердің жан толғанысы, тағдыры суреттеледі. Адамдармен бірге аюдың таң қаларлық тіршілігі мен психологиясы ашылады. Аю психологиясын шеберлікпен ашуы – жазушы танымының тереңдігіне тән. Белгілі ақын Сәкен Иманасов «Табиғаты бөлек, танымы терең» деген баға берсе, С. Қасқабасов, Б. Майтанов сияқты саңлақ ғалымдар аталмыш романда мифопоэтикалық байырғы сарындар мен пост-модэрндік ізденістің молынан қолданылғанын зерттеу еңбектерінде жан-жақты талдаған. Ал «Қайың сауған ел ауған», «Ноқталы арман» деген атпен үзінді боп «Жұлдыз» журналында жарияланған көлемді романы туралы сөз басқа... Ол туралы кезінде Хамит Ерғалиев пен Хасен Оралтай, Мұхтар Мағауин мен Тұрсын Жұртбай бастап ауызекі пікірлерді бүгінде оқырманы айтып жүр.

Ендігі әңгімеміз Асқардың «Жұлдыз» журналында (№ 1, 2012 ж.) жарияланған су жаңа туындысы «Туажат» романы турасында.

Роман басталуының өзі оқыс, төтенше. Қыс. Сақылдаған сары аяздың шақылдап тұрғанына үшінші тәулік. Мұз құрсауындағы ерен Ертіс бойы да қаһарлы. Сөйтсек, он жеті жасар жігіт қызық

қуып, желігіп шықпаған екен. Дала бөрілері нағашысының жалғыз атын жеп кетіпті. Соған кектенген Байбура мотошанаға мініп, бөрілерді қуып келеді. Қаншық қасқырды қуып жетіп, апаш-құпаш айқаса кетті. Азулы аң оңайлықпен беріле ме? Ақыры айлалы аңшы жас жігіт дегеніне жетті. Бөрінің жағы қарысып қалды. Саптама қонышынан білектей селебені суырып алған Байбура бөрінің артқы сирағы байлауын кесіп жіберді де, тірідей соя бастады. «*...Ашуға бой алдырған Байбураның ызалы жүрегі мен долы қолы дегеніне жетті. Ол қаншық қасқырдың терісін аз ғана уақта сыпырып алды. Бас терісі мен тіземен төмен терісін, қызыл шақа бұтына қысқан құйрығын ғана өзінде қалдырды. Булыққан күйі ноқталаған капрон арқанды кесіп, сирақтарын да босатып жіберді.*

Қызыл шақа тәнінің беті жыбыр-жыбыр ете тартып, ал өзі былқ етпестен жатқан бөрі кенет сирақтарын серпіп-серпіп қалды. Ол оқыс орнынан тұрды, Сең соққандай сенделіп кетті. Қатты аязда тоңазыған қызыл шақа тәнінен көтерілген аппақ бу өзімен бірге ерді. Бөрі шалма лақтырым жерге дейін буы бұрқырап, сенделіп барды да, сылқ құлап түсті...»

Не деген жанкештілік?! Терісі сыпырылған Көкбөрі. Көкбөрі болғанда Ана-Бөрі. Біз жалпы түркілер, қазақтар, яғни көшпенділер тотем бойынша Анабөріден тарадық дейміз. Қазір біз сол рухтан айрылғанбыз. Ол рухты өз қолымызбен өлтіргенбіз. Рухтың өлуіне жан-жақтағы империялар да себепші. Өткен ғасырлардағы жоңғарлардан кейін бір жағы Қытай, бір жағы Ресей рухымызды әлсіретуге алып келді. Аумалы-төкпелі сын сағаттарда, тағдыр не олай, не былай болып кетеді-ау деп тұрған кезде Алланың назары түседі. Біздің арамыздағы рухты адамдар оянады! Жекелеген тұлғалар рухты оятады! Өкініштісі сол, сол қайсар рухты біз ұмытқанбыз... Тіліміз де, діліміз де әлсіз, еліктеушісолықтаушы ұлтқа айналдық. Ағылшын келсе ағылшынға, қытай келсе қытайға, орыс келсе орысқа еліктейміз.

Дәл бүгін қазақ терісі шала сыпырылған сол бөрі сияқты. Рухы да сондықтан шала. Шала рухты, тіпті рухсыз, намыссыз жұртқа айналып бара жатқандаймыз. Жазушы осыны айтып тұр. Бір кездегі рухты ер мен бүгінгі рухсыз елді меңзеп отырғандай.

Романда Байбураның көрмеген құқайы жоқ. Ол да аса ауыр, қиын шақта амалын тауып құтылып кетеді. Алла құтқарады! Бойындағы бабалардан жалғасып келе жатқан, өзі де ұмыт қалдырған бөрілік рухы жебейді. Бірақ Байбура бойындағы өлмес рух қазақ халқының бойында әлсіреп кеткен. Ендігі уақытта әлсіреген рухты ояту керек. Қазақ бойындағы қайсар рухтың дымы құрыған! Өзінде сол қайсар рух бар екенін де халық ұмытқан.

Байбура мықты жігіт еді. Тағдыр оны 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына салды. Одан соң Ауғанстан соғысына қатысты. Аулына келгенде досы сатып кетті. Өзінің ішінде де жаны күйіп жатыр. Желтоқсан оқиғасы кезінде сүйген қызы Алқабегімнен айрылды. Ол қыжыл да бар.

Сонда Байбураны ұстап тұрған не? Ол – туған жері Алтайға деген сағынышы, туған жерге деген шексіз махаббаты, туған топырағымен сінген текті рухы.

Жүрегі алып ұшқан Байбура Алтайға, кіндігі кесілген туған жеріне келе жатыр. Қысқа ғұмырдағы жүріп өткен жолдары – Алтай – Алматы – Ауғанстан – Кавказ – Алтай... Көзінен парлаған жасты жел іліп әкетті. Жазушы осы тұста Алтай табиғатын қандай шеберлікпен суреттеген:

«... Көздің жауын алып, аузыңды аңқита аштыратын Қатон-Қарағайдың сұлу табиғаты хас арудың тал мүсін, кербез кескінін елестетіп өтеді. Шыңғыстай ауылы тұсынан арша-шырша таласа өскен құлама қияға қарай мүйізін кесіп тастаған әлде бір кербұғы керіле шапты. Байбураның да көңілі көтеріліп сала берді.

...Көкпеңбек айдынды көл. Аумағы аламан бәйге шаптырым. Тұп-тұнық көл айдынына көлеңкесі шомылып Мұзтаудың тәкаппар шыңдары шайқалыссыз көлбейді. Бұған жақын етегінде екі бұлан көл кешіп, бір-бірін желкеден қасынып тұр. Жиектей созылған белеңнің бауырын жалдай жатқан қара жол тепсеңге орын тепкен орманшылардың үйіне барып тұйықталыпты. Ал көлдің арғы бетіндегі қысырдың жонындай бесік сауырлы, орманды таудан асып, аттың ері тектес қос қасы күміс жапқандай шоқылана көтерілген атақты Мұзтау шыңы асқақтайды. Оның ұлы сұлбасы көл бетін әрлеп, көз тұнар сұлулыққа суғарып, айдынға аққудай шомылады.

Ауғанстанның Гималай мен Гиндукуш, Кавказдың Эльбрус секілді әсем таулы жерлерін көрсе де, Қатонның Қаракөлі мен Мұзтауы, Күршімнің Марқакөлі мен Құзғындысы сияқты мінсіз сұлулықты Байбура кездестірген емес...»

Роман жарияланған соң, көп ұзамай «Жұлдыз» журналында (№ 6, 2012 ж.) Дулат Тұрантегінің «Туажат» романы хақында бірер сөз», «Қазақ әдебиеті» апталығында (№39,21.09.12ж) филология ғылымдарының кандидаты Айман Ментебаеваның «Туажаттың тылсым образы» деген атпен пікір-мақалалары шықты.

«Кез келген көркем туындының оқырманға ой салуы – оның көркемдік міндеттерінің бірі, – дейді А. Ментебаева.– «Туажат» романы өзінің бұл міндетін жеріне жеткізе орындап шыққан. Туажат образына сай тылсым сырын да оқырман ой көзімен шолсын деп тереңіне жасырған... Себебі, бір оқығасын қайтып қолыңа алғың келмейтін, оқығасы оқыған жеріңде-ақ ұмыт қалатын шығармалар көп. Ал «Туажат» санаңда таңбаланып қалатын, қайта-қайта қайталап оқуға оралтатын рухты шығарма» десе, Д.Тұрантегі: *«Романды оқып отырғанда бірден М.Шолоховтың «Адам тағдыры» хикаяты еске түсе бастайды. Мұнда неміс басқыншы фашистеріне қарсы сұрапыл соғыста әбден сілікпесі шығып, небір сұмдық қорлықтарды бастан өткерген солдаттың тағдыры баяндалса, мына шығармада ұлт тәуелсіздігі жолындағы желтоқсан көтерілісінің басшылық тарапынан аяусыз жаныштатуы мен сайқал саясаттың ықпалымен болған Ауған жеріндегі мәнсіз майданның құрбанына, мазағына айналған, азапқа түскен тағдыры суреттеледі».*

Байбура неге туажат? Жат болатындай не жазды? Қан кешіп келген жігіт, өмірге, қоғамға жат! Бәріне жат! Ол туажат! Өзіне-өзі жат! Ол өзін-өзі жек көреді. Өйткені істемегені жоқ. Кісі өлтірді. Қолы қанды. Жан дүниесі ылайлы. Міне, Туажат образы... Қайшылықты, қасіретті. Ал өлімнің ұшында тұрған адамға қол ұшын беруге біздің қоғам дайын ба?!

«Алла тағала адам баласына қылдай қиянат жасамайды. Адамдар біріне-бірі қиянат жасайды!» Бұл қасиетті Құраннын сөзі. Демек Он сегіз мың ғаламның иесі өзі жаратқан құлына аса мейірімді! Рахымды! Ал адамдар ше? Обыр, жалмауыз нәпсі не

істемей жатыр?! Не істетпей жатыр?! Біз Байбура сынды қайсар рухты жігіттерден айрылдық.

Ауғанстан соғысы – ашылмай жатқан трагедия! Ауғанстан соғысы әлі жұмбақ. Алайда, сол Ауғанстан соғысы оған қатысқан қазақ жігіттерінің алмастай өткір рухты екендігін танытты.

Роман бір деммен оқылады. Кино көргендей күй кешесіз. Бұл жазушының шеберлігі.

***

Асқар Алтайдың кез-келген шығармасында жадыңызда жаңғырып тұрар, үнемі үзілмейтін өршіл рух бар. Ол – бабаларымыздың Бөрі тотеміне табынған сонау заманнан келе жатқан – Көкбөрі рухы! Содан да болар, жазушы сомдаған кейіпкерлер шетінен қайсар, қайратты, намысқой, жігерлі.

Әдебиет тарихынан белгілі жәйт, талантты жазушы прозаның қай жанрында болмасын қамшы салдырмас, әмбебап болады! Мейлі әңгіме, мейлі повесть, мейлі роман жазса да! Асқар Алтай да сондай ерек талант иесі! Бұл сөзімізге оның бүгінге дейін жарық көрген шығармалары айғақ.

2013 жыл, ақпан.



«АЛМАТЫҒА КЕЛІП КЕТСЕҢШІ... САҒЫНЫП ЖҮРМІН!...»

Әңгірі сыйлаған тағдырдың қилы-қилы келетіні сияқты, пенденің пешенесіне жазылған мінез-құлқы, түр-түсі, жүріс-тұрысы, қабылет-қарымы да бір-біріне еш ұқсамайды. Алматыдай үлкен шаһарда, арсы-гүрсі тасып-қайнап жатқан әдеби ортадан оңашалау, елеусіздеу, ақырын жүріп анық басқан Бейсебай Кірісбайұлы, әгәрәки сөйлеп кетсе әр сөйлемінен әжуа-мысқыл төгілген тілі уытты сатирик, һәм тамаша балалар ақыны еді. Бұл сөзімізге Бейсебайдың әр жылдары жарық көрген алты жинағы айғақ.

– Бейсебай алғашқы өлеңдерін жазғаннан-ақ, жарқ етіп бірден көзге шалынды, – дейді Бейсекеңнің курстасы, белгілі ақын Болат Үсенбаев.– Сатиралық сарындағы ойнақы да ойлы өлеңдері сонау 1970 жылдардың басында-ақ республикалық балалар басылымдарында жиі жарық көрді. Сол кездегі бозбаланың, он алты-он жеті жастағы досымыздың «Балдырған» мен «Ұланда» («Қазақстан пионері») суретімен басылған топтамаларын көріп, тамсана оқып, таңданыстық. «Шіркін, Бейсебайдың арманы жоқау, біздің де өлеңдеріміз суретімізбен қашан шығар екен?!» – деп қиялдадық Танымасақ та іш тартып, өнеріне тілектес болдық. Кейіннен студенттік дәуреніміз бірге өтті. Таныстық, табыстық. Өлеңі өткір болса да, өзі момын екен. Қызметтес те болдық. Бейсекең шаруасына мығым, сөзіне берік, достыққа адал, мінезді жігіт еді. Жүрегі жұмсақ болатын. Көп адамға ашыла бермейтін. Анау-мынауды қағып тастайтын, басындырмайтын. Жүрген жерін қағытпа қалжыңдарымен, әзіл-оспағымен нұрландырып

жіберетін. Осы мінез оны балалар мен ересектерге арналған шығармаларында айқын аңғарылады.

– Біздің кіндік қанымыз тамып, өсіп-ержеткен жер – Алатаудың сілемдері, Кетпен тауының етегінде орналасқан жасыл желекке көмкерілген, табиғаты аса көркем Шонжы ауылы, – дейді Бейсекеңнің туған інісі, мектеп мұғалімі Сейсенбай Кірісбайұлы. – Әкеміз Әлдибай әңгімешіл, айналасына кіл өнерпазды, сөздің қадірін білетін, сөз ұғатын жандарды топтастырып жүргенді қалайтын, елге сыйлы, қадірлі кісі болды.

Біз сегіз ағайынды едік. Егіздің сыңары, бір бауырымыз шетінеп кетті. Бейсе-ағa ата-анамның үшінші перзенті. Ол дауыс көтеруді, ренжуді білмейтін, қашан көрсең жымиып қана жүретін, жүрегі жұмсақ, мейірімді жан болатын. Осы мінезіне қарап құрметтеді ме екен, ағамды үлкен де, кіші де, курстастары да «Бейсе-аға» деуші еді.

Бала кезінде кітапқа құмар болды. Кітапханадан шықпайтын. Әлем әдебиетін, қазақ жазушыларының кітаптарын бас алмай оқитын да жататын, еш жалықпайтын. Оқығанын бізге, достарына айтып беретін. Әңгімені майын тамызып, өте әсерлі, тыңдай түскен үстіне тыңдай бергің келетіндей құлпыртып айтатын еді. Жарым жолда тоқтап қалса, «бұған не болды?» дегендей аңыра қарап, жан-жаққа тарап кетпей, қайта жалғастырғанша бетіне телміріп, дымымыз ішімізде қозғалмай отыратынбыз. Біздің таңдау доп қуғаннан гөрі әңгіме тыңдағанға түскеніне қуанатын болу керек, әдеттегісінше «бұларың жөн» деп бір жымиып алып, үзілген жерінен іле жалғастырып әкететін. Ауылдың бар баласын үйіріп алып, әңгіме айтқанда бәріміз аузымыз ашылып тыңдайтын едік.

Әңгімесінің көбін ойдан құрастырады, шеберлігінде шек жоқ. Тісеу деген кейіпкері бар, атын өзі қойған. Сол Тісеудің қызықтары күнұзаққа бір таусылмайды ғой. Оны тыңдап отырып, кештің қалай батқанын аңғармай да қалатынбыз. Мал өрістен қайтып, қозы жамырап, бұзау енесін еміп қойып, апаларымыздың қолынан тастамайтын көк шыбығы екі күннің бірінде жон арқаны тілгілеп, сөз естіп жататын едік. Ұйқасын келістіріп, шап-шағын шақпа өлеңдерді де тез құрастыратын.

***

Иә, қысқа жазу Бейсекеңе тән болатын. Аз жазатын, саз жазатын. Сәбидей аңқау, жаны таза, ақпейіл дарын иесінің фәни жалғаннан озғанына он екі жыл болыпты-ау! Қатарымызда жүрсе, биыл алпыс жасқа толады екен.

1970 жылдың сәуір айында, «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетіне менің үш бірдей шығармам (өлең, мақала, суреттеме) жарияланды. Төбем көкке жеткендей! Енді ше?! Өзің тоғызыншы сыныптың оқушысы болсаң, өзің ақындыққа талпынып жүрген қиялшыл болсаң! Сыныптас достарым кезек-кезек құттықтауда! Мұның алдында Аягөз аудандық «Алға» газетіне мектеп өмірінен ара-кідік хабар-ошарым шығып тұратын. Мына жағдайдан соң физика пәнінің мұғалімі Нағима Мұқанова мені «тілші» деп атайтын болды. Түсі суық, қатал апай сабақ сұрағанда: «Әй, корреспондент, шық тақтаға!» дейтін. Адуынды болғанымен, осы күні ойлап отырсам, жарықтық іш тартқан екен ғой...

Көңілім шалқып жүрген сол күндері республикамыздың түкпір-түкпірінен бірінен соң бірі ағылып хаттар келе бастады. Сол күндері мен ұзын саны отыз алты хат алдым. Дені қыздардан. Сұрайтындары балаға тән аңқау сауалдар. Хат жазысып тұрайық, дос болайық дейді. Бәрі әдебиетке ғашық, құштар! Атақты аға-апаларына ұқсап ақын, жазушы болғылары келеді. Армандары асқақ! Арасында жезқазғандық сегізінші сыныптың бір оқушы қызы сәлем жолдай келіп, «көрмесем де, мен өзіңе ғашықпын» деп аяқтапты хатын өлеңдетіп.

Қыздардың хаттарына жауап қайтара бастаған күндері айбақсайбақ, қиқы-жиқы ұсақ әріптермен жазылған көкшіл конверт алдым. Хат иесі Алматы облысы, Үйғыр ауданы, Шонжы селосында тұратын тоғызыншы сынып оқушысы Бейсебай Кірісбаев. Қыздардан келген отыз алты хат бір төбе де, мына хат бір төбе болды мен үшін. Өйткені ол кезде Бейсекең «Қазақстан пионері» арқылы танылған жас тілші. Талапты жазарман бала.

Бейсекең екеуміздің достығымыз осылай басталды.

Ол 1975 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне күндізгі бөлімге түсті де, мен отбасылық жағдайлармен елде қалдым. Әскери борышымды өтеп, кейінірек журфакқа сырттай оқуға түсіп, араға он бір жыл салып 1986 жылы Алматыға келдім. Онда Бейсекең танымал ақын, «Балдырған» журналында проза бөлімінің меңгерушісі. Сол аққөңіл, аңқылдаған қалпы! Менің астанаға келіп, газетке тұрғаныма балаша қуанды.Осылайша біздің достығымыз жалғаса берді.Бейсекең інілерінің оқу оқып, ер жетуіне қарайлап, қолынан келгенше жәрдемдесе жүріп қатарынан кештеу – отыз үш жасында үйленді. Баспананың қиындығын да бір кісідей көрді. Қаншама пәтер ауыстырды. Онда кішкентайлары Біржан әлі дүниеге келмеген. Келіншегі Тұрсынхан екеуінің көп дүние-мүлкі жоқ, қоныс аудару қажет болса, көрпе-жастықтарымен киім-кешек, ыдыс-аяқтарын буып-түйіп, таксиге отырып келесі мекен-жайларына тартып отыратын.

1992 жылдың күзінде (онда Петропавлда тұратынмын) Алматыға келгенімде Бейсекең сырқаттанып жүр екен. Әңгіме арасында тұрып жатқан пәтерлерінің суықтығын, баспанадан қиналып жүргендігін айтып қалды. Таңертең тұрғанымда Тұрсынхан екеуі жұмысқа ертерек кетіп қалыпты. Стол үстінде тілдей хат жатыр.

«Толымбек!

Біз сені дұрыстап қарсы алып, дұрыстап шығарып сала алмадық. Осының бәріне... сырқат қоғам кінәлі. Бізді соған мәжбүр етті... Кешке келем. Кәмилаға сәлем айтқын. Әлі алда жақсы кездесулер болады.

Менің баспанам шешілген соң біраз түйіндер тарқатылады...

Өзіңе өзің мықты бол.

Бейсебай.

Алматы. «Татаркадағы» күрке.

17.10. 1992 жыл.»

Келесі жылы Райымбек даңғылы бойынан, I Алматы вокзалына тақау жерден бір бөлмелі пәтер алғанда, Бейсекеңнің қуанышында шек болмады. Алматыдағы курстастары мен достарын, «Балдырғандағы» әріптестерін шақырып той жасады.

«Осы пәтерді алуыма Нұрлан Оразалин мен Тұманбай ағаларым қол ұшын берді» деп отыратын.

Өзі армандағандай, баспаналы болған соң, «біраз түйіндер тарқатылды». 1998 жылы Біржан дүниеге келсе, 1998 жылы «Жазушы» баспасынан «Ықылық» аталатын сатиралық кітабы жарық көрді. «Бұл – менің таңдамалы жинағым! Бұйырса, енді сатиралық роман жазамын!» дейтін. «Ықылық» жинағының жарық көруіне жәрдемдескен «Жазушы» баспасының директоры, танымал ақын Есенғали Раушановқа ризалығын жиі айтатын.

1996 жылы менің балаларға арналған алғашқы кітабым – «Еркешора» шыққанда, «бұл сенің визиткаң, паспортың» деді ерекше қуанып. Қай кезде де жаңадан жазылған дүниелеріме жылы пікірін айтып, сүйеп-демеп отыратын.

Біз кейіннен Астанаға қоныс аудардық. Алматыға жол сирек түседі. Бейсекең маған, шаруаларыңды тәмамдап, асықпайтындай боп кел, дұрыстап әңгімелесейік дейтін. Мен солай істейтінмін.

Бейсебай атақты ақын ағалары – Мұзафар Әлімбаевты, Тұманбай Молағалиевты, Құрманбай Толыбаевты, Сұлтан Қалиұлын, Серік Қапшықбайұлын, Ескен Елубаевты жақсы көретін. Курстастары, қызылордалық Шаһизада Әбдікәрімовті, алматылық Аманхан Әлімовті аузынан тастамайтын. Белгілі балалар жазушысы Балтабай Әділов 1993 жылы Қарақалпақстаннан көшіп келгенде қуанғанын көрсеңіз! Біреуі «Балдырғанда», екіншісі «Ұланда» қызмет істейтін ұзынды-қысқалы, ағалы-інілі достардың жұптары жазылмайтын. Көп сөйлемейтін, біртоға Балтабай Бейсекең туралы айтқанда жанып кететін.

– Бірде «Балдырғанның» қызметкері айтулы ақын Сәкен Иманасов аға Бейсекеңе:

– Күнпарағыма «подставка» тауып берші, – деп өтініш жасайды.

– Жарайды, тауып берейін, – дейді Бейсекең.

Іздеп көрсе әлгі зат табыла қоймайды. Сөйтіп жүргенде бірнеше күн өтіп кетеді.

– Бейсебай інім, әлгі «подставкаң» не болды? – дейді Сәкен аға бір күні.

Бейсекең саспайды.

– Аға, кешіріңіз, «подставкаң», «отставкаға» кетіп қапты, – дейді.

Ұзақ жылдар «Балдырғанда» жауапты хатшы болған белгілі балалар ақыны Сұлтан Қалиұлы «Ұлан» газетіне бас редактор болып, орнына Бейсекең отырады. Ертеңінде Сұлтекеңді іздеген бір жас журналист:

– Сұлтан аға керек еді, – дейді.

– Ол кісі қазір «Ұланда». Және есіңде болсын... енді Сұлтан-Аға емес, Аға Сұлтан, – дейді Бейсекең.

Ұлымыз Ерасылды Бейсекең екі жасқа толғанда көрді. Сонда әйелім екеуміз жарысып, кімге тартыпты деп сұрап жатырмыз ғой. Бейсекең асығар емес. «Совместный производства» де-еп қарап отыр...

Шынында Бейсекең ауызекі тілде де сөз тапқыш, әзілқой болатын. Әрбір сөйлемі юмор-сатираға тұнып тұратын.

2002 жылғы 22 желтоқсанда Астанаға жүрер алдында, Бейсебайдың үйіне кештетіп келдім. Қолында «Қазақ әдебиетінің» жаңа саны. Жазушы Асқар Алтайдың «Қызыл қасқыр» атты әңгімесін оқып, әсерленіп отыр екен. Екеуміздің тақырыбымыз біразға дейін осы әңгіме айналасында өрбіді.

– Тілі қандай! Төгіліп тұр-ау, төгіліп!.. Оқығасын айтсаңшы! – дейді әсерленген Бейсекең. – Жүйрік жануар Шынарбоз неткен текті мал! Ақыры ноқта кигізбей, қамшы тигізбей шың ұшарынан бір-ақ қарғыды-ау!.. Пай-пай, тентегім-ай! Қайсар қазақ бабамның мінезі ғой бұл!

Шынында, Бейсебай сөзді ғажап танитын. Көркем әдебиетті таңдап, талдап оқитын. Өз шығармашылығына да қатал қарайтын.

Бұлдіршіндерге арналған алғашқы жинақтары «Тамшы» мен «Аппақ бақбақ» кітаптарын оқып отырып сөзбен сурет салып, әдемі ой айтқандығына риза боласыз. Тілі кестелі. Кей балалардың бойында кездесіп қалатын жағымсыз мінез-қылықтарды меңзеп, ұялтып, әдепті, тәрбиелі болуға шақырады. Оқып көрелік.

Үш бауыр

Біріншісі – інісі,
Сап-салмақты жүрісі.
Сабағына мұқият,
Құптарлық іс мұнысы.

Екінші өзі – үндемес,
Жалқаулыққа мүлдем өш.
Ол да барлық сабақтан,
Әкеледі күнде «бес».
Үшіншісі – ағасы,
Сәл салақтау, шамасы.
Сабағына «орташа»,
«Атасының баласы»

Әбіл мен Сабыр

Уақыты жоқ текке өткен –
Әділ бүгін «бес» алды.
Қуанышпен мектептен,
Үйге қарай бет алды.

Кешке дейін доп тепкен –
Сабыр бүгін «екі» алды.
Мұңайып ол мектептен,
Үйге қарай бет алды.

Кемпірқосақ

Жаңбыр жауып басылды,
Күннің көзі ашылды.
Деді інім:
– Жүрші, аға,
Анау тұрған қырқаға!
-Онда не бар?..
Балағың
Былғанады,
Қарағым!..
– Жүрші тезден,
Жүрші, аға!
Жетейікші қырқаға!
Тұр қырқаның төрінде
Кемпірқосақ керілген.

Жақын барып,
Түбінен
Көрейінші оны мен

Жалғыз терек

Бұл не деген мықтылық –
Жаздың аптап ыстығын,
Өткереді тік тұрып!

Бұл не деген мықтылық –
Күздің қара дауылын,
Қарсы алады тік тұрып!

Бұл не деген мықтылық –
Қыстың қарлы боранын,
Қарсы алады тік тұрып!

Аппақ бақбақ

Көрдім мың-мың бақбақты,
Бақ ішіне қаптапты.
Аппақ ұлпа тұр ұнап,
Кенет бірін жұлып ап,
Жетпейтіндей батылым,
Үрледім мен ақырын.

Ұшты ұлпалар жан-жаққа,
Жоқ өзінде салмақ та.
Қолымдағы бақбағым,
Болып қалды шап-шағын

Бейсебай Кірісбайұлының төменгі сынып оқушыларына арналған «Кілтипан» (Өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер. Алматы. «Балауса». 1992) кітабында да тілі шұрайлы, оқиғасы қызық, балалардың оқуына жеңіл, түсінікті өлеңдер молынан орын алған. Мәселен:

Менің шарларым

Қызыл, көк, сары,
Шарым көп.
Зуладым тағы,
Дамыл жоқ.
Қызыл, көк, сары,
Шарым көп.
Жарылды бәрі,
Шарым жоқ...

ОЮ

Әжем ою ояды,
Оюлары әдемі,
Қатар тізіп қояды.
Мен де ою оямын,
Әжеме ұқсап әуелі.
Қатар тізіп қоямын.
Әжем ою ояды,
Өрнектерін тамаша,
Бояуменен бояйды.
Мен де ою оямын,
Әжем қалай бояса,
Мен де солай бояймын...

«Кілтипанда» айтар ойы анық, әдемі өлеңдермен қоса, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, ертегілер де мол.

Б.Кірісбайұлы табиғатынан сықақшы. Оған «Ықылық» жинағы куә. Ондағы шығармалар өзінің жанрлық сонылығымен құнды. Кітаптағы сатиралық сонеттердің, жаңылтпаштар мен жұмбақтардың тілі өткір. Ащы әжуа мен астарлы мысқылға бай. Көп айтқаннан оқыған абзал. Қане, Бейсекенді тыңдайық.

«Шым-шым шумақтардан»:

Моншада

Алты сағат кезек күтіп... кірді епте,
Жарты сағат өтпей... шықты дірдектеп.

Рингте

Бұлшық етін қайта-қайта бұлтитты,
Қарсыласы мұны бірақ сылқитты.

Екеу

Күйеуі күңкілдеп ұн елеп отыр,
Әйелі көзін «күйелеп» отыр.

Сапырады

Баласына «суайтсың» деп ақырады,
Ал өзі өтірікті сапырады.

Күнбағыс – Жанбағыс

Көшеде,
Бүгін де, кеше де:
Дендері таза,
Емес ешбір кеміс те,
Үш «бабушка»
Екі «дедушке»
Екі «ағашка»
Төрт «шабашка»
Үш «девушке»
Бәрінің сатып тұрғаны – шемішке!

Кішкентай ауылдың үлкен қасыреті

Бес көше – бес ру,
Бес көше бес жақтан есіру!
Болмайды кешіру,
Бес ру бес жақтан төс ұру...
Ру-Ру-ру...
Соңы: құру-құру...

Сату

Бір қазақ су сатып жүр,
Бір қазақ «жусатып» жүр.

Жоғарыда келтірілген, қазақтың ата-ата, ру-ру болып бөлінетін «сырқатын» дәл Бейсекендей қысқа, нұсқа, тура бейнелеген ешкім жоқ сияқты. «Сапырады», «Күнбағыс – Жанбағыс», «Сату» өлеңдерінде де бүгінгі күннің қарама-қайшылықты шындығы жатыр.

«Сатириктер қай кезде де, қайсыбір қоғамда да оттың ыстығына қақталып жүреді, – дейді белгілі қаламгер, көсемсөзші Талғат Айтбайұлы. – Өйткені олар көңілге қораш, көзге сүйел көрінетіннің бәрін тілдің безбеніне салады, шыжғырады. Осы ретте өз басым Бейсебай Кірісбайұлын қоғамдық дерттің дауасын іздеп, қазақтың қасыретін шұқып көрсетіп жүрген күрескер деп білемін. Әрі-беріден соң, ол – қайраткер! Әдетте біз ел басқарған, саясаттың серкесі болған көсемдерді солай атаймыз. Дәл бүгінгі күні облыстың тізгінін ұстаған әкімдер мен экономика, мәдениет, өнердің ұсқынын кетірген шенділерден гөрі Бейсебайдың сөзі дуалы, қуатты. («Қазақ әдебиеті», «Бейсебайдың белесі», № 16, 16-23 сәуір, 1999 жыл)

«Ықылықта» әжуа, шымшыма, сықақ өлеңдер мол. Бәрі де өмірден ойып алынған. Сенесіз, сенбеске лажыңыз қалмайды. Күлесіз, күлесіз де күрсінесіз. Алған обьектісін тұп-тура бомбылау, келемеждеу, келемеждей отырып одан жирендіру – Б.Кірісбайұлының шеберлігі!

Бейсебайдың тағы бір шеберлігі – жаңылтпаштар мен жұмбақтарының өзінде сатиралық реңк жатыр. Мәселен:

Жағажайда

Қамажай,
Жағажайда жатыр.
Жағажайда,
Қамажайдың қасында.
Қарағайдай кәрі ағай жатыр,
Кәрі ағайға Қамажай қарамай жатыр.

Көлденең көзқарастар

Біреулер жер басып жүр,
Біреулер «мөр» басып жүр.
Біреулер кері басып жүр,
Біреуді құр тер басып жүр!

Қонақта

Қолымызға,
Бір-бір
Кір-кір
Кесе ұстатты.
Сол бір-бір,
Кір-кір
Кесемен,
Құрғыр кір-кір кесемен,
Бір-бір кесе шәй іштік.
Өстіп жалғаса береді, жалғаса береді.

Б.Кірісбайұлының кез келген сықақ өлеңдерін бей-жай отырып оқу мүмкін емес. Қоғамдағы қордаланған одағай, қораш көріністерді, көзге сүйел іс-қимылдар мен оқшау оқиғаларды безбенге салып түйрейді. Ашына жырлайды. Сөйтіп, осындай әреке әрекеттерден, жағымсыз, мерез мінездерден арылуды меңзейді! «Б.Кірісбайұлының «Ықылығы» жиырма бес жыл

бойы жазған сықақ өлеңдерін іріктеп, бүтін кітап етіп ұсынған тұңғышы дейді жазушы Талғат Айтбайұлы («Қазақ әдебиеті», № 16, 1999 жыл). Жиырма бес жылда – жалғыз кітап! Бірақ асықпай-аптықпай бітірген ісінен кейін біз білетін Бейсекең «ішіп кетпей», қылыштан да өткір қаруына қайта жармасыпты. Арпалысатын да, асысатын да «жауларына» қарсы мірдің оғындай дөп тиетін улы тілімен кезекті шабуылға шығыпты. Жаңа туындасынан жайдан-жай айқай, атойлау емес, дайындығы мықты, «тылы» күшті күрескердің мінез, әрекеті сезіліп тұрады...»

«Егемен Қазақстан» газетінде тұрақты беріліп тұратын «Сөз-сойыл» әзіл-оспақ, сын-сықақ мүйісінде Бейсекеңнің қысқа-қысқа дүниелері жиі жарияланатын. 1998 жылы Кірісбайұлы «Сөз-сойылдың» жүлдесін де жеңіп алған.

Кеуделерде нұрлы үміт,
Өшіп-жанып тынатын.
Әйелі мен бір жігіт,
Пәтер жалдап тұратын.

Әлгі жігіт бір күні,
Қапшағайға барады.
Апта сайын тірлігі –
Теңізге ау салады.

Тартты ауды... білінді,
Шықты теңіз балдыры.
Екінші рет ілінді,
Кәнсербінің қалбыры.

Үшінші рет тағы да,
Салды ауды жобалап.
Балық түсті бағына,
Алтын балық... о, ғажап!..»

деп басталатын, Пушкин үлгісімен жазылған «Ақ көңіл жігіт пен оның... алакөңіл әйелі және алтын балық жайлы ертегі-пародия» деген көлемді сатиралық өлеңі есімнен кетпейді. Бұл

өлең әуелі «Қазақ әдебиеті» апталығында жарияланды, кейіннен «Ықылық» жинағына енді.

Бейсекеңнің бұл туындысында оқиға Алматыда өтеді. Кейіпкерлері де Қапшағай теңізіндегі алтын балыққа үш рет жолығады. Айтқандарының бәрі орындалып, байлыққа белшесінен батқан олардың кесірленгені сонша, «енді осы дүние-мүліктің иелері бізді көзінен бір сәтке де таса етпей, бақылап тұратын күзетші керек» деп шіренеді алтын балыққа. Ол айтқандары да қалтқысыз орындалады. Кейіпкерлері көздерін ашса теміртордың ар жағында жатыр екен, қасында пагонды күзетшілер.

Бейсекең ақындықпен қоса проза жанрында да елеулі еңбек етті. Оған айғақ, «Адамша кел» жинағына (Алматы, «Жалын» баспасы, 1991 жыл) енген сықақ әңгімелері. Аталмыш кітаптағы «Ой, көститеміз ғой», «Жекпе-жек», «Ши қалпақ, әтеш және мен», «Ұйқылы-ояу», «Мен қалай ақын атандым», «Сиырлар» операциясы», «Басқа пәле... тістен», «Қалаға кеткен балаға хат», «Пұшайман болған Әупірім», «Жұрнақ жер басып жүр» т.б. әңгімелерімен танысқан оқырман ондағы ордалы ой, ащы әжуа, кейіпкерлерін келістірген кекесін мен мысқылға тәнті болған шығар.

Сатирик һәм балалар ақыны. Былай қарасаңыз, бірі-біріне қабыспайтын сияқты. Ал Бейсебайдың тұла бойында осы екеуі де болды. Оның қай шығармасын алсаңыз да нысанасына дөп тиіп жататын. Және аз сөзбен-ақ үлкен-үлкен ойлар, қадау-қадау проблемалардың бетін айқара ашатын!

«Балдырған» журналынан Бейсекеңді бөліп қарау мүмкін емес. Ол қызмет жасаған жылдардағы «Балдырғанның» әр бетінде оның қолтаңбасы бар. «Балалар туралы жазу – оларды шексіз сүюді, мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін сергек, жіті қадағалауды талап етеді», – дейтін. Ол соңғы деміне дейін осы ұстанымынан айнымай кетті.

Бейсекең балажан еді. Ұлы Біржан десе ішкен асын жерге қоятын. Күнде кешке Біржанға арнап ойдан құрастырып, ертегі айтып беретін. Оған әбден дағдыланған кішкентай ұл әкесінің жаңа ертегісін тыңдамай кірпігі айқаспаушы еді.

– Бейсеке, мына ертегілерің тың дүниелер екен, еш жерден оқымаған сияқтымын... Қағазға түсірмейсің бе? – дедім бірде оған.

– Жұқарған денсаулық, беймаза өмір мұрша бере ме?! Жазамын бұйырса, – деді ол мұңайыңқырап.

Шынында Бейсебай қиял-фантазияға, тақырыпқа аса бай еді. Кемеліне келіп, нағыз жазатын шағында, 48 жасында кете барды фәни жалғаннан.Жастайынан қағылез, нәзік Бейсекең қайтарынан бір жыл бұрын жиі-жиі ауруханаға түсіп, әбден мазасызданды. 2003 жылдың маусым айында бір хабарласқанымда. «Алматыға келіп кетсеңші, арқа-жарқа бір әңгімелесейік... Сағынып жүрмін!..» деп еді. Тіршіліктен қол тимей, тілегін орындай алмадым досымның.

Бүгінгідей есімде. 2003 жыл. Тамыздың 17-сі. Телефон қоңыраулатқам. Өзі көтерді. Амандық-саулықтан соң: «Үш күннен соң хабарласшы! Болмай жүрмін! Калинин селосы жақтағы саяжайыма барып, таза ауа жұтып демалам. Ұмытпайсың ба, үш күннен соң званда!..» 20 тамызда Бейсекең қайтыс болды. Неге 2, неге 4 күн емес?! Неге 3 күн деді екен?! Қайран қаламын. Сезген-ау, жүрегі! Жазмыш, қысқа ғұмырдың қас-қағым сәттей шолақтығы, сол, әне!..

Уақыт озған сайын қазақтың талантты сатиригі, тамаша балалар ақыны, қадырменді әке, адал дос, жаны жарқын Бейсекеңді-Бейсебай Кірісбайұлын іздейміз, сағынамыз. Сағынамыз да, жұмыр басты пенденің бәрі, Алланың жазуымен бірі ерте, бірі кеш, әйтеуір түптің-түбінде қиямет қайымға дейінгі мекен – барзақ әлеміне баратынын мұңая ойлаймыз. Мәселе адам баласының аз немесе көп жасауында емес-ау! Гәп қалай ғұмыр кешуінде. Ол жағынан Бейсекең белгісіз біреу емес. Аллаға шүкір, Біржандай ұлы, том-том болмағанымен, шоқтықты, сәулелі, сүбелі шығармалары қалды.

2015 жыл, ақпан.

ДАЛАНЫ СҮЙЕТІН АҚЫН

Екі мың сегізінші жылдың маусым айында Алла нәсіп етіп, шырайлы Шымкентке, «Айғақ» медиа-холдингінің іскер басшысы, бүгінгі күннің атымтай жомарты Дулат Әбіш басқаратын телеарнада болдым. Әңгіме арасында Дулат інім, Қытай елінен келген ақын Нұрхан Сұлтанбайұлы біраздан бері бізде қызмет істеп жүр, қазір өзі де келіп қалар, таныстырам деді аңқылдай сөйлеп. Аузымызды жинап үлгермей, кабинетке қалың қара шашы иығына түскен, бір қарағанда өзбектің атақты әншісі Фарух Закировқа ұқсайтын қараторы, көркем, қырмұрынды жігіт ағасы кіріп келді де:

– Ассалаумағалейкум! – деп сол жерде отырған бәрімізге жағалай амандасып шықты. Ашық-жарқын, орман-бермен мінезді ақын жігіттің арқасы барын аңдадым. Ауыздығымен алысқан асау аттай байыздар емес.

– Көкем, – деді Дулат менің аты-жөнімді айтып.

– Хош келіпсіз, аға! – Жаңа көрдім-ау деп жатырқамай, тосырқамай іш тартып, әңгіме тізгінін ағытты Нұрхан. – Жақсы болды-ау... Жабырқап, жалғызсырап жүр едім... Алдында сөз бастайтын, із тастайтын ақеділ ағаның бары қандай тамаша?!. Түнде бірнеше өлең жаздым, оқысам бола ма? – Қонақ қойдан жуас дегенді еске алып, Дулатқа қарадым мен... Ол да, оның қасындағы теледидардың екі-үш журналисі де келіскендей сыңай танытты.

– Сізді сырттай білуші едім... Қаламгер болған соң, өзімсініп жатқаным да... Сөкпеңіз, аға?!.. – Ақын жігіт эмоцияға беріліп айтуын айтып қалғанымен, аздап қысылғандай...

– Оқы, оқи ғой, – дедім мен меймандығымды және жасымның аз да болса үлкендігін пайдаланып.

Нұрхан иығына түскен қара шашын салалы саусақтарымен қайырып, жөткіріниіп, өткір қоңыр көздерін жарқ еткізе,

жымия күліп жан қалтасынан бірнеше парақ қағаз шығарып, оқи жөнелді.

Дала таңын сүйемін, дала түнін,
Дидарынан даланың жаратылдым.
Сағынып әрең жеткен айдынына,
Аққулардың қауырсын, қанатымын.

Дала берген даладай бар ақылым,
Алыптардың арманы – қанатымын.
Боздақтардың қанымен боздап аққан,
Қара Ертістен ақын боп жаратылдым.

Дала мінез жанмын мен, дала тілді,
Дауылына жанып өстім қанатымды.
Есіл ерлер қанымен еңіреген,
Ертісімнен ақын боп жаратылдым.

Тағдырым таусылмайтын дастан менің,
Арманым аласармас – асқар белім.
Аққуменен ән қосқан сал – серісі,
Мен едім арасында аспан жердің...

Нұрқан өлеңді әдемі оқиды екен. Оның әуезді, қоңыр даусы поэзияның тылсым тереңдігіне тартып, ойлантып, мұңайтып, армандатып, асқақтатып баурап алды бізді. Қайран да, қайран аққөңіл, адал, еңбекқор һәм бейнетқор, көнбіс, бірде дана, бірде бала мінезді бабаларымыз көз алдыма келді көлбеңдеп. Дархан дала – сыр кітабы, жыр кітабы екен-ау! Мінгесіп-ұшқасып, тізіліп-тізбектеліп, сынаптайын сусып аққан, әсте тоқтамайтын қызық пен шыжыққа толы, қанша қашсаңыз да шылбыр үзіп шыға алмайтын, айналып соға беретін тәтті һәм ащы тіршіліктен жалқы сәтке қол үзіп ұзаңызшы түтін ыстаған, аласапыран, асығыс ызу-қиқы шаһардан... Қыр асыңыз, төбеге жетіңіз, сілкініп-серпіліп, сергек санамен қараңыз анау-у ке-ең жазира далаға! Сонда-сонда ұғасыз дала әуенін, дала жырын, дала сырын.

Біз ақын оқыған «Дала» өлеңінен осыны ұқтық.

Нұрқан ақын даланы сүйеді, далаға ғашық! Ал далаға, туған жерге деген іңкәрлік – мынау аппақ әлемге, тіршілік атаулыға құштарлықтан, көктем көңілден, ақжарылқап арманнан, мөлдір махаббаттан бастау алады!

Ақын Нұрханның өлеңі осылай дейді.

Ақын Нұрхан осылай сөйлейді.

Бұл, шын мәнінде туған жерге, кіндік қаны тамған туған еліне деген махаббат. Бұлай толғанбаса, бұлайша ақтарылмаса ақын, ақын бола ма?!.

Поэзия – жүректің сөзі. Жүректен шыққан шымыр сөз жүрекке жетіп, бұғып жатқан бұла сезімнің бұлықсып бас көтеруіне себепші болады. «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» деген тәмсілдің өршіл өлеңге де қатысы бар. Ал жүректегі сезімді оятып, адам жанын дүр сілкіндірген, түлеткен, күрсінткен, тәтті мұңға шомылдырған өлең тегін өнер емес.

Нұрқанның көпшілігімізден тағы бір артықшылығы, хәкім Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлең жолдарын бойтұмардай берік тұтқандығы, соның дәлелі – бес уақыт намазын қаза жібермейтіндігін көзім көрді. Поэзия, муза жайлы әңгі-мелеп келе жатады да, Аллаһтың хақтығы хақында сөз қозғалса, көздері жайнап, жүзі нұрланып, шабыттанып, қанаттанып шыға келеді. Бұл тұрғыда Нұрхан ақынның имандылық тақырыбына арнаған жырлары мол.

Нұрхан Сұлтанбайұлы «Пенделер, о пенделер» деп басталатын өлеңінде:

Аллаһ атымен самғаймыз қанат қағып,
Аллаһсыз қосыла алсын санатқа кім?
Әулиеге бас ұрған әулекілер,
Білсе еді –
Әулиені Аллаһтың жаратқанын, – дейді.

Яғни, ақынның діни-танымдық көзқарасы, ұстанымы нық.

Ғибадаттан қиналма,
Жәннәттің кілті – иманда.
Қабіріңе мүмкін сыймайсың,
Кең дүниеге сыйғанда, – деп ақын бізді ахырет дүниесіне құр алақан бара бермей, оған қажет дәрежеде әзірленуге тиіс екенімізді есімізге салады, ой тастайды. Бұ дүниеге малданып, біреулерге дүние үшін қошемет көрсетіп жүргендерге:

Қарайсың оған қиылып,
Ол қарайды түйіліп,
Барлығын одан сұрайсың,
Аллаһтан бетер сыйынып.
Бір-біріңді алдап жүргенде,
Ажал жетер шүйіліп,
Дүние-бағың қалады,
Артыңда босқа үйіліп, – дейді.

Аспантаудың аржағынан ата-мекенін аңсап, сағынып жеткен ақын жылы сөйлеп, бауырына тартқан ағасына деген назын, мұнымен қоса бұл күнде қазақтың мұңына, жырына айналған ана тіліне деген жан айқайын «Адасқақ» деген өлеңінде қалай-қалай ақтарған:

Жақсы сөзге жаман жүрек жалғар ма?
Жалғамайды,жаным соған арманда.
Жүрген жақсы сақауларша ымдасып,
Сөз төркінін танымайтын жандарға.

Сөз төркінін танитұғын жандарға,
Кездескенде шыққандай-ақ заңғарға.
Уа! Ғажап мәз боласың сол күні,
Жеткендей-ақ қол жетпейтін арманға.

Айналайын, тілегім бұл жан аға,
Сөз төркінін ұқсаң тура бағала.
Көңіл сырын көзден ұғар шақ қайда?
Түсінбесең, күйсемеші... далаға...

Тілің өтіп тұрсадағы данаға,
Тілің өтпей қорланасың балаға.
Олай болса қалғып тұрған қайғы екен,
Сыр жеткізу мына байтақ далаға.

Тұман бүркеп ой-санамның жан-жағын,
Сол тұманда адасып жүр арманым.

Адасқаны сол емес пе?
Қазақты әкеп...
Қазаққа... тілмаштыққа салғаным...

Ақынның тағы бір шығармасын, «Аралдағы жалғыз жан...» өлеңін оқып көрелік:

... Құлаққа ұрған танадай тып-тыныш,
Қабағы – қарлы түн қамыққан.
Қайғысы кем емес тамұқтан,
Табиғат ділімен тазарып,
Өзінің «тілінен» жалыққан.

Табиғат тілімен сөйлеуге зарыққан,
Ғұмыры – құм дала жабыққан.
Адам боп безініп бәрінен,
Құс болып ұшқысы келеді қалықтап...
Аралдағы жалғыз жан...

Теңіздің дәмі тамшысынан білінбей ме?! Ұзақ өлеңдегі жалғыз шумақтың өзінен ғасыр қасіреті – Арал тағдырын көреміз. Ал Арал тағдыры – адам тағдыры, қазақ тағдыры емес пе?! Көреміз де жұдырықтай жүрегіміз алабөтен соғып, қан қысымымыз көтерілер... Арал апатының адам қолымен жасалғандығын бағамдаймыз!.. Бодандық қамытын киген ол заманда ақиқатты ашып айта алдық па?!. Жігеріміз – құм, талабымыз тасқа тимеді ме?!. Беу, дүние-ай!..

Ақын – Жалғыз Жаратушының жердегі көзі. Ақынсыз – бұл дүние тым-тым көңілсіз, сұрғылт, көңілсіз болып көрінер еді.

Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Қытай еліндегі Алтай аймағының Жеменей ауданы, Қаржау ауылында дүниеге келген Нұрхан Сұлтанбайұлы Топанбидің ата-мекенге оралғанына он жылдан асты. Содан бергі уақытта Шымкент қаласында тұрып келеді.

Нұрхан Оңтүстік Қазақстан облысында өткізілген жыр мұшайраларында бірнеше рет жүлделі орынды иеленген. Қытайда

Шығыс Түркістан – Шыңжаң өлкелік Іле-қазақ облыстық жазушылар одағының және өлкелік қазақ тіл мәдениеті ғылыми қоғамының мүшесі болған. Ол жақта да сыншылардан, қалың жыр сүйер қауымнан өз бағасын алған. Сартап сағыныштың, көл-көсір қуаныштың, селдеген сезімнің әсерінен туған жерге табаны тигеннен бері, екінші тыныс-дарыны дүр сілкініп, түлеп, арқаланып, айбаттанып, қайраттанып өлең топтамаларын түйдек-түйдегімен ақ қағазға түсіруде. Ол сөзімізге ақынның «Бабалардан жалғасқан...», «Аралдағы жалғыз жан...», «Сыр», «Сарыарқа», «Көкшетау», «Біз», «Ақын даусы», «Идеяммен далдалап...», «Ақын анықтамасы», «Біздің Мархабат», «Құлдай болып дедектеп», «Марапат», «Өлең назариясының беташары», «Сапар», «Адасқақ» сынды және т.б өлең-жырлары куә-айғақ!

Арғы бетте жүргенде «Үкілі ырғақ» ұжымдық кітабында өлеңдері жарық көрген, мұнымен қоса мерзімді баспасөзде өлеңдері жиі жарияланатын Нұрхан Сұлтанбайұлының «Біз», «Ақын даусы» деген өлеңдер жинағы мен «Қасірет» деген хикаяты «Ғасыр-Ш» баспасынан жуықта жарық көрмек.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін Нұрхан жәйлі оны жақсы танитын оңтүстікқазақстандық ақын-жазушылардың пікірін де келтіре кеткеніміз артық болмас. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкер, ақын Ханбибі Есенғарақызы: «Нұрхан, біздің қазақ поэзиясына басқалай әуен-үнмен, тау бұлағындай таза қалпында келіп қосылды» десе, ақын Сатыбалды Дулати: «Нұрхан поэзиясы біздегі кейбір ақындардың орысшадан аударған, яғни орыс өлеңінің үлгісі емес. Таза қазақ өлеңі» деп жүрекжарды пікірлерін арнады. Ал жазушы Захардин Қыстаубаев: «Ақынды ақын ететін оның өзгеше, қилы, күрделі тағдыры болса керек. Нұрхан бауырымыздың өлең жазбауға шарасы жоқ. Ол бір ғұмырында бірнеше пенденің өмірін кешіп, бірнеше қоғамдық формацияны басынан өткеріп жүрген замандасымыз. Ол өз жан дүниесіндегі телегей-теңіз, астаң-кестең сезімдерді, мидай араласып кеткен оқиғалар мен орындары ауысқан уақыттардың өрнектерін қара сөзбен қағазға түсіре алмас еді. Оған он адамның өмірі аздық етер, сірә. Сондықтан өлеңге жүгінеді. Ал, өлеңге бәрі де сияды, ол бәрін де жеткізе алады. Өлең – қуатты қару. Нұрхан соны шеберлікпен пайдалана біледі».

Ия, өтпелі кезеңнен өкпемізді қолымызға алып, өткенімізге салауат айтып, ертеңімізге еңсемізді тіктей бастадық. Еліміздің рухани-мәдени саласы жандану үстінде. Аздап тоқырап, аздап кібіртіктеп қалған әдебиетіміз гүлдеп, қанатын жайып келеді. Ойлы оқырман ақын-жазушыларын сағынып, жақсы кітаптарды іздеп оқитын дәрежеге жеттік. Әлбетте, әр қаламгер өз әлінше еңбек етері хақ. Бұл ғасыр қазақ әдебиеті айдынына шетелдегі отандастарымыздың шығармашылық мөлдір бұлағын қосты. Бір-бірін толықтырып, күшейтіп, шуақтандырып, сәулелендіріп, дамытып отыратын әдеби дәстүр тәуелсіздіктің бізге сыйлаған асыл қазынасы, інжу маржаны! Өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді деген осы!

Қандас, қаламдас бауырымыз Нұрхан Сұлтанбайұлы ер жасы – елуге келіп отыр. Киелі, қасиетті ақындық өлкесіндегі ақ желкенің дәйім жүрдек болсын, бауырым. Өлең сүйер оқырманыңды әуезді, әдемі, сұлу жырларыңмен қуанта бер.

2012 жсыл, қазан.



ЕЛІМ ДЕП ЕҢІРЕП ӨТКЕН

Тәуелсіздік алғалы айтулы тұлғаларымызды ғалымдарымыздың мақалалары мен жазушыларымыздың кітаптары арқылы танып-біліп жатырмыз. Бар екен ғой, нар екен ғой бабаларымыз! Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Санжар Асфендияров... Бұл тізімді осылайша соза беруге болады. Туған жері мен халқын елжірей сүйген, сол үшін жандарын қиған бабалар рухы не деген асқақ! Мұстафа Шоқай есімі де сол ұлы бабаларымыздың қатарында! Жастайынан зерек, алғыр, ұлтшыл Мұстафа бабамыз, білімділігі мен біліктілігінің арқасында терең ойшыл, оқымысты, мемлекет және қоғам қайраткері деңгейіне жеткен тұлға. Қоқан хандығы мен Ресей империясының тұсында ел билеп, халқын қанды қырғыннан аман алып қалған Торғай датқаның ұрпағы Шоқай бидің баласы Мұстафаның тәрбие алған әулеті, өсіп-өнген ортасы, сол тұстағы әлеуметтік-саяси оқиғалар да жас жігітті ерте есейткен сынды. Және Мұстафаның жастық шағы кезіндегі ортасы да кілең мықтылар еді. Қазақ ұлтының саяси көзқарасының ұйытқысы болған, жоғарыда есімдері аталған Әлихан Бөкейханұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы бастаған зиялылардың бәрі Петербург университетінен білім алғандар ғой.

Мұстафа Шоқай Ташкенттегі ұл балалар гимназиясының үшінші сыныбында оқып жүрген жылы Түркістан жұртшылығын елең еткізген оқиға болғаны мәлім. 1905 жылы империяның астанасын дүр сілкіндірген төңкерістің салдары Ташкентте де айқын сезілді. Жер ауып келген орыс зиялылары мен түрлі өндіріс орындарында жұмыс істейтін жұмысшылар ғана емес,

студенттер мен жергілікті тұрғындар да төңкерістің төркінін білді, түсінді.

Ия, тарихтағы Мұстафа Шоқай сынды нар тұлғаны, «жүректен қозғайтын, әдептен озбайтын» сөз өнері – көркем әдебиетте жан-жақты сомдау, адам ретіндегі күйініші мен сүйінішін, жан толқынысын суреткерлік көрегендікпен көрсете білу үлкен дарынның ғана қолынан келсе керек.

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті жазушы-драматург Әкім Таразидің «Мұстафа Шоқай» романы, сөз жоқ ғибраты мол, әсері ерекше дүние. Автордың аталмыш жаңа романы Ә. Тарази шығармашылығындағы елеулі кезең, екінші тынысын аңғартқандай.

«Мұстафа Шоқай»* заман шындығын, қатпар-қатпар адам жандүниесін, сырын, мұңын кеңінен, тереңнен толғайтын кең құлашты күрделі роман қатарына жатады. Соған орай, басты қаһарманды да сәтті таңдаған. Былайша айтқанда, қаһарман романды, роман қаһарманды көтеріп тұр деуге әбден ылайық. Оған романның «әп» деп басталғаннан өзіне баурап, жетелей жөнелгені дәлел. Роман бозбала Мұстафаның балалық шағына, яғни оның Ташкенттегі ұл балалар гимназиясындағы небәрі он екі күні арқау болған.

Тарихта таңбаланған он екі тәулік, сыр-сипаты ерек, қадау-қадау, шым-шытырық оқиғаның бір ғана кітапқа желі-арқау болып тартылуы үшін қаншама тер төгу керек десеңізші! Ең бастысы, жазушы тақырыпты бүге-шігесіне дейін жақсы меңгерген, жақсы зерттеген. Мына тұсы қалай өзі деп күманданбайсыз. Шала сауатты, шала ақсүйек, шала бастық, шала ұлтшыл, шаш ал десе бас алатын ұрдажық, менмен, өз буына өзі піскен Кобриннің, Самосовтың, оған кереғар қаһармандар, адамшылықтың, әділеттің шынайы өкілдері – Дорренің, Беляевтің образдарын қопарып көрсеткен, жеріне жеткізе бейнелеген. Соның жарқын мысалы, Түркістан өлкесіндегі құпия бөлімнің бастығы – Александр Иванович Кобрин. Қараңыз: «Кеш батпаса екен деп тілейді. Кеш батса, тез ұйықтап кетсем екен деп тілейді. Ұйықтар алдында түс

* «Мұстафа Шоқай». Роман. Алматы. «Жазушы» баспасы. 2008 жыл.

көрмесем екен деп жалбарынады. Әлдекімге жалбарынады, кімге жалбарынатыны өзіне де белгісіз...» (3 бет).

Апыр-ай, өзін-өзі жегідей жеген, қорғасындай ауыр түстерімен арпалысқан бұл адам кім өзі? Түсін өңім деп ойлайды, өңін түсіне айландырып алған ба? Көзін аштым деп ойлауы мұң екен, қып-қызыл от, қап-қара жалын ортасына түседі. Бұйра шаштарының арасына ирелеңдеп жылан ба, жоқ әлде шылаушын ба, әйтеуір бірдеңелер кіріп кеткен сияқты ма, қалай? Түсіне алмай, біле алмай дал ұрады. Тұрғысы келеді, бірақ орнынан тұра алмайды. Енді бір қараса, тұрып отырған сияқты. Қалқайып, құр сүлдері ғана отыр. Жатайыншы деп ойлайды, жата алмайды. Сонау-сонау, төменге, терең шыңырауға құлап бара жатқандай... Түсініксіз жәйттер... Тағы да шалықтайды, сөйлейді, сөйлеседі біреулермен. Сонда сөйлескені Петля ма? Жоқ, Петля емес, киргиздар! Қайдан жүр олар? Әне-е, әуелде көз ұшында қарауытып, одан соң біртін-біртін жақындап қос атты тақап қалды, міне жақындады. Дәл терезенің түбіне кеп тоқтады. Екі киргизға екі оқ... Болды, бітті, құтылам сөйтіп... Құтылу қайда-а? Қос атты терезенің алдына келіп, көлденеңдеп, тұмшалап тастады. Ештеңе көрінбейді... Ах, киргизы!.. Сендердің көздеріңді құртпай адамзат жақсылыққа жетпейді. Бәрін сендер құртасыңдар! Жеп қоясыңдар! Адамзатты тозаққа түсіретін сендер! Киргизы... Қолындағы мылтықтың шүріппесін басып қалған. Бірақ гүрс еткен дауыстан өзі шошып оянғандай болды. Кенет сыртқы есік шиқ етіп ашылды. Әлгіндегі екі киргиздің біреуі босағада тұрып түлкі тұмағын шешті. Екіншісі де түлкі тымағының бауын әрең шешті. Енді қараса, құлап барады. Еденге құлады. Айналасы тұман, терең шыңырау, құз... Миы зырк ете қалды. Әлде, бұны атты ма? Сонда... сонда ажал деген осы ма? «Александр Иванович!» деген Колесоның дауысын естіді. Достары бетіне су бүркіп, құлап жатқан адамды тұрғызып алды.

Бұл – кеңпейіл, аңқау, аққөңіл, көнбіс қазаққа тізесін батырған, ойына келгенін істеп, ойран салған озбыр адамның образы. Кобрин ауру, Кобрин сана дағдарысына ұшыраған. Бірақ, ол өз кемшілігін білмейді. Мен осындай адам болуым керек деп ойлайды. Содан да өмір бойына үрей құшағында жүреді. Көшпелілерден қатты қорқады. Бәрін «киргиз» атайды. Бұл үрей, бұл қорқыныш Кобриннің соңынан өкшелеп қалмайды.

Жазушы Кобрин образын жеріне жеткізе зерттеген! Құпия полицияның бастығы Кобрин қанішер! Адам бейнесіндегі сайтан! Өзінің түрі де ұсқынсыз. Мұрны ұзындау ма, үшкірлеу ме, сол жақ танауы жырық, маңдайы тар, құлақтарында да мүкістік бар. Кісіге қарағанда мүләйімси қарайды, аяныш тудырады. Азиаттарды иттің етінен жек көреді. Алдында отырған адамды төмендетіп, келекелеп, жер қылып сөйлеуді жақсы көреді. Оның ойынша адамды сыйласаң, басыңа шығады. Сол үшін таптап, балшықша езу керек. Кәдімгі «саудың тамағын ішіп, аурудың ісін істейтін» адам. Өйтпесе, құпия бөлімнің бастығы бола ма Кобрин.

Қасиетті Құран-Кәрімде: «Аллаһ тағала адамдарға еш зұлымдық қылмайды. Бірақ адамдар өздеріне-өздері зұлымдық қылады» – дейді. Ендеше, Кобрин зұлымдық иесі. Оның құйтырқы залымдығы мен сайқалдығы ерен! Ет пен сүйектен жаралған адамның осындай қарау іс-әрекеттерге баруы зұлымдық емей не болушы еді?

Кобрин түс көріп, шатасып, шалықтап жатқан кезде әлдекімнің қолы маңдайына тиіп: « – Александр Иванович, что с вами? Подождите, откройте глаза. Подождите... Вам надо лечиться, милый. Мы вас будем лечить» (11 бет) дейді ғой.

Құпия полицияның бастығы Кобрин, гернерал-губернатор Самосов, Ташкенттегі ұл балалар гимназиясы директорының орынбасары Зеленскийлер ауру! Сырқат! Сол тұстағы Ресейді, алып Ресей империясын аурулар басқарған! Сырқат қоғам! Сырқат басшылар! Сырқат басшылар билеген қоғам, ауру басшылар басқарған империя, алпауыт мемлекет оңа ма?! Оңбайды.

Кобрин мен Петлиннің жағдайға байланысты құбылып, өзгеріп тұратын мінездері қандай жек көрініпті. Генерал-губернатор алдында көрініп қалуға, мақтанып қалуға жасаған хамелеон-актерлік мінездері шебер берілген! (248 – 260 беттер).

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Самосовтың әлемін, жан дүниесін жазушы терең зерттеген. Орынтағына мастанған, ісіп-кепкен бюрократ шенеунік, Ташкенттегі ұл балалар гимназияның екі түлегіне, біреуіне – алтын, екіншісіне күміс медаль тапсыру үшін Самосов гимназияға баруға жиналып жатыр.

Губернатор кеңсесі мен гимназияның арасы бір жарым шақырымдай. Мүмкін одан да жақын болар. Сол араға қалалық

бақтан бастап көшенің екі шетіне тұтастай тізіп әскер қойылыпты. Таяқ тастам жерге жаяу баруға да болады емес пе? Пайым-парасаты мен ақыл-ойы шектеулі Самосов олай істемейді. Генерал-губернатор деген атағы бар бастыққа жаяу жүруге болмайды! Тәкаппарлық буы әкетіп бара жатыр! Астына мінген автомобилі де елден ерек! Әдейі істеген бе, әдейі жасалған ба, автомобильдің тұмсығын аппақ қып бояп қойыпты. Бұл бір ерекше салтанаттың белгісі.

Романды оқығанда бейне бір көп сериялы көркем фильмді көргендей толқып, әсерленіп, қиналып, ыза болып, біресе отқа, біресе суға түскендей күй кешесіз. Жазушының тілі бай, өлең оқығандай әсерде отырасыз.

Сонымен генерал Самосов автомобильдің үстінде шіреніп отыр. Самосовтың бұл іс-әрекеттері, Ташкенттегі ұл балалар гимназисының директоры һәм Түркістан өлкесі генерал-губернаторының штаттан тыс кеңесшісі Дорре мырзаның көзімен берілген. Ал Дорре мырзаның ішкі ойлары, монологы ғажап! Сол ойы арқылы шілтиген, менмен, тәкаппар басшылардың (Самосов, Кобрин т.б.) тайыздығы, шенқұмарлығы, нәпсіқұмарлығы айқара ашылған! Ғажап ашылған! Дорренің ішкі ойында бәрі бар! Шындық бар! Ақиқат бар!

«...Дорре іштей күлді. Күле алмайтын адам мырс еткенін іштей сезді. Осы мен де қызықпын. Оркестрде нем бар? Генерал-губернаторда не шаруам бар? Келсін, білгенін істесін. Одан келер-кетер ештеңе жоқ. Сайқымазақ қой бұлар, сайқымазақ. Ал, келе жатыр міне. Самосов тастан қашалған пұт сияқты сіресіп тұра қалыпты. Мұртын едірейтіп жоғары қарай қайырып қояды өзі. Әй, қызық-ай! Түсініксіз заман ғой, түсініксіз. Соған түсінбей жүрген мен де қызықпын. Мұртын едірейтіп қақшиып отырған, автомобилін ала-құла қып бояп алған АНАУ да қызық. Мына тұрған екі батальон солдат иектерін көтеріп сіресіп қалыпты. Бұлар да қызық. Мәшинеңің алдында отырған адьютант сымбатты-ақ жігіт, генерал Еникеевтің үлкен ұлы. Ол да қызық. Генерал оған айқайласа, ол төмендегілерге айқайлайды.. Төмендегілер солдаттарға айқайлайды. Бұл ғажап бір дүние. Цирк. Театр. Ойын. Бәрі айналып келгенде құлқынға келіп тіреледі. Құлқын...» (39 бет)

Сонымен генерал-губернатор мінген ақ тұмсық автомобиль әлі келе жатыр. Ол келеді деп ауланың ішіне жинап қойған халықты бері қарай шығарып жатқан ешкім жоқ. Шақырайған күннің астында тұр пысынап. Бәрі де сценарий бойынша, генерал келгенше жан баласына қыбыр етуге болмайды.

Бір кезде қалалық бақтың дарбазасынан он екі-он үш жастардағы үш бала жүгіріп шықты. Бірі ала тақиялы, ала шапанды, екіншісі қазақша киінген, басында түлкі тымақ. Ал күн болса шыжып тұр. Үшіншісі – орыс бала, жалаңбас, шолақ жең ақ көйлек киген. Үшеуінің қолдарында үш бума гүл. Олар ақ тұмсық автомобильге тұра жүгірді. Генералға гүл ұсынбақ. Әлдебір бастық жағынып, үш баланың, үш ұлттың өкілін гүл тапсыруға әкелген-ау. Бірақ саптағы солдаттар әлгі үш баланы шап бере ұстап алды. Одан соң бес-алты полиция жетті айқайлап. Үш баланы жерге құлатып, аяқ-қолдарын байлап-матап, алып кетті. Генерал Самосовтың есі шығып бір тұрды, бір отырды. Зеленскиий қол-аяқтары байланған балаларды барып төмпештей бастады.

Ұл балалар гимназиясының директоры Дорре мырза адал жан. Оның адалдығын бүкіл Ташкент біледі. Бүкіл Түркістан біледі. Зиялы десең зиялы, мәдениетті десең мәдениетті. Сол үшін де, генерал-губернатордың мына сайқымазақ тірлігіне іші қыжқыж қайнайды, ызалы. Адам қызық деп ойлады Дорре мырза. Ол Еуропа қалаларында талай-талай театрларда болған. Мәскеуде де, Петербургте де бірнеше рет сахналық қойылымдарды тамашалаған. Бірақ, дәл бүгінгідей ғажап комедияны көрмеп еді. Гоголь болар ма еді. Апыр-ай...

Ақыры, ошарылып күткен елдің тағатын тауысып, бір шақырымға жетер-жетпес жерге соншама әскерді төгіп, сапқа тұрғызып, әуре-сарсаңға салып, әрең дегенде келіп жетті-ау генерал Самосов.

Бірақ, алтын медаль және ұлы мәртебелі императордың Санкт-Петербург университетіне еш сынақсыз түсу жолдамасы Мұстафа Шоқаевқа, ал күміс медаль және ұлы мәртебелі императордың Санкт-Петербург университетіне еш сынақсыз түсіру қақысы Беляев Алексейге беріледі дегенін естіген генерал-губернатордың түсінен сойқан ашу байқады Дорре. Бұлай етуге болмайды! Алтын медальді жабайы халықтың өкілі алуы тиіс емес! Шо-

винист генералдың түсінігінде, бұл Дорренің саяси соқырлығы! Түркістан өлкесінде императордың он миллион бес жүз мың боданы тұрады. Олардың бәрі бұратана, кіріптар! Ал алтын медаль императордың аса берілген өкілі – орысқа ғана тиесілі. Ол Беляев Алексей! Осы тұста жас та болса Мұстафаның намысшылдығы, әділет, адалдық деп соққан жүрегі, қайсар рухы қасқая қарсы тұрды. Генерал-губернатордың шешімімен бұрмаланған әділетсіздікке төзбеді. Күміс медальді алудан бас тартты. Оның батыл қадамын гимназия директоры Дорре мен Мұстафаның сыныптас достары да қолдады. Жиналған ата-аналар да гуілдей жөнелді. Жайшылықта көп сөйлемейтін тұйық, момын жігіт Алексей Беляев те аса мәртебелі, генерал-губернатор мырзаның алтын медалінің қажет еместігін айтты.

Ұл балалар гимназиясын бітіргелі тұрған кезде болған жоғарыдағы оқиға, бұған дейін Түркістандағы саяси ахуалдың жай-жапсарын кітап арқылы ғана білген жас Мұстафаны орыстардың баса-көктеген, шовинистік пиғылдары бірден есейтіп жібергендей. Қайтсем халқыма қорған-пана боламын деген ой мазалады. Түркі тілдес халық мекендеген Түркістанға орыс неге соншалықты өш? Нені іздейді? Сөйтсе, сол жерді мекендеген қырғыздардың, өзбектердің, тәжіктердің, қарақалпақтардың түрікмендердің, бұқар эмирлерінің, Жетісу бойынан, Қаратау бойынан, Сыр бойынан орыс оқуын оқып, алыс-алыс қалаларға барып, күнін көріп жүрген қазақтардың ұлттық сезімдері төмен екен-ау. Шетінен кісімсінген, кеуде соққан, ісіп-кеуіп семірген әлдекімдер. Тәжіктердің сиқы анау, екі тілде сөйлейді, парсыны аңсап, түріктерден қашады. Түрікмен де түсініксіз. Тілдерінде де, пиғылдарында да жарықшақтық, «алты бақан алауыздық» бар. Қайтсе болады? Тұтас бір өлкенің тағдыры менің қолымда деп анау Самосов, Кобриндер жүр шіреніп.

«Алла залым елді тура жолға салмайды» дейді Құран-Кәрімде. Ел несімен залым? Сөйтсе, шілдің боғындай пышыраған Түркістан жұртында ауыз бірлік, имандылық, тату тірлік жоқ екен. Бас-басына би болған, жеке-жеке түйе айдаған аз халық бір-бірімен ұстасқан, тістесіп жатқан шонжарлардан аса алмайды екен. Билік маңайы бүгін қату, ертең тату, бірін бірі мұқатқан, кекеткен тоғышар топтар.

Кітаптағы тағы бір елеулі кейіпкер, Мұстафа Шоқайдың досы – Вадим Чайкин таза, адал жігіт. Жаны нәзік Вадим Мұстафа десе ішкен асын жерге қояды, қашан да көмек қолын созуға әзір.

Романның соңына таман Мұстафа мен Вадим Чайкиннің Оспан ағасына еріп, ата-анасы тұратын, қазақтар Бұғыл атап кеткен Фогелевка селосына кетіп бара жатқан сәті суреттеледі. Жол-жөнекей алдарынан Әли есімді жігіт жолығып, кеше кешке Белгібайдың ауылына қарай қару асынған жиырма шақты мұжықтың өткенін, бүгін қайыра қайтып бара жатқанын, ұнжырғалары түсіп кеткендігін айтады. Білмеймін, Оспан аға жүрегім бір жамандықты сезеді дейді Әли де толқи сөйлеп.

Арада бес-алты шақырым жер жүрген соң көтеріліп барып, дөңестен төмен түсетін жерде бұлар аңтарылып тұрып қалады. Әлдебір қолайсыз оқиға болғандай ауыл жым-жырт, тымтырс. Атын тебініп, шаба жөнелген Әли үйдің алдына түсіп, іле-шала атып шығады да айқайлап жылай бастайды.

Алла сақтасын! Сұмдық көрініс! Зұлымдық емей немене?! Төрт ұл, екі қыз бен Мұстафаның ата-анасын қолдарын артқа қайыра байлап, атып тастаған.

« – Звери, звери, звери! – деген сөзді үш рет қайталап Мұстафаны құшақтап Вадим досының бетіне бетін басты». (382 бет)

Романды бір мақала көлемінде талдап шығу мүмкін емес. Ондай мақсатты біз алға қойған жоқпыз.

Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін ту етіп, туған елінің азаттығы жолында жат жерде опат болған Мұстафа Шоқай хақындағы жазушы Әкім Таразидің жаңа романының бірінші кітабы, сөз жоқ сүбелі шығарма. Келесі кітаптың бұдан да қызықты һәм әсерлі болуына тілектеспіз.

2009 жыл, мамыр.

ҚАЙТА ОРАЛҒАН ӘН

Неге жыламасын?!
Бәрісі де жылаған...
Жылай жүріп,
жылай жүріп шыдаған...

Мұқағали Мақатаев.

Илья Жақановтың қаламгерлік ізін аян еткен «Қайта оралған ән» повесі. Ол шығарманың жазылуына қандай оқиға әсер етті?!.

1962 жыл. Былтыр үйленген жас жұбайлар Илья мен Тиышкүл қырғыздың Ыстық көліне дем алуға барды. Рыбачье қаласында Тиышкүл жеңгеміздің үлкен ағасы қалалық прокурор болып істейді. Ильяның ойы қайынағасына барып сәлемдесу және қырғыздармен жақынырақ танысу. Сол ниетпен Рыбачьеге соққан соң бір-екі күннен кейін Ыстықкөлге де жетті.

Көкжиекпен көмкерілген Ыстықкөл неткен шалқар, неткен көркем! Қарай бергің келеді көз алмай! Қат-қабат ойлардан арылып, жан дүниеңіз тыныс алады! Ілекең мен Тиышкүл Ыстықкөлдің салқын суына шомылған соң құмға қыздырынып жағажайда жатады. Күнде солай... Бір күні Илья кетіп бара жатып, жағажайдағы демалушылардың арасынан екі қырғыз келіншекті көзі шалды. Екеуінің бас жағында кішкентай транзистор. Огинскийдің «Полонезі» ойналып жатыр. Сай-сүйекті сырқыратқан мұңды әуенді тыңдап тұрып қалды. Әлгі әйелдердің біреуінің жанары жасқа толып, мөлдіреп:

– Ошол... ошол... ошол шығарма... маған бұт махаббатымның қуаты болған, бұт махаббатымның мехнаты болған, бұт махаббатымның азабы болған... ақыры аяғында бұт махаббатымның қызығы болды, – деді.

Ілекең ілгері жүріп кетті. Тағы да бір күні әлгі келіншектер отыр екен. Таныс әнгімені жалғастырып жатыр. Илья олардан оңашалау жақын маңдағы жыңғылдың түбіне барып жайғасты. Әңгіме айтылуда. Композитор естіп отыр. Әйел әңгімесін айтып, айтып келді де: «...Ақырында болбоды... Мен өзімнің рахатымнан, өзімнің ләззатымнан, өзімнің жақшынақай өмірімнен қол үзіп, сол бейшараға қайта оралдым, – деді. – Ол екі көзі көрмейтін Бейшен деген зағип еді...»

Бітті, болды. Осы оқиға, осы деталь. Бұрыннан да өзі байқаған тағдырлардан ұқсас жағдайлар да қосылды. Жазушыда қиял қанаты, ойдан қосу дегендер бар. Өмірдегі оқиғаны шырғасын шығармай қағазға түсіруге де болады. Бірақ ол деректі дүние дәрежесінде қалады. Ал көркем шығарманың туу бөлек! Жалғыз деталь, жалқы оқиға әсер етеді жазушыға... Жүректен шықса, жүректерге жетеді.

...Медбике қыз Айнагүл жұмыс бабымен өз учаскесіндегі сырқат адамды іздеп келеді. Қолында әдірісі болса да азар табады. Келсе... ұядай-ұядай екі бөлме. Томашадай үйде жалғыз кереует. Қара пианино мен кітаптар толы этажерка... екі қабырғаға ілінген екі картина... Өзге жасау-жабдық жоқ... Иә, айтқандай, этажерканың үстінде шынысы жоқ, қоңыраулы сағат пен телефон... Бозарған ашаң жүзді, бұйра шашты, сыптығыр келген, бойшаң, қара көзілдірікті жігіт Бейшеннің науқасы оңай емес. Өт жолы бітеліп қалған. Денесінің күзгі жапырақтай сарғайып бара жатқаны да содан. Бауыры ісік. Ол... ол... о, тоба! Бауырдың істен шығуы деген сөз. Қандай қасірет! Шіркін-ай, ең болмаса, өт жүретін түтіктердің біреуін ғана емдеп, іске қосуға дәрмені жетсе!..

Айнагүл Бейшенге келген сайын оның ізгілікпен нұрланған шырайы мен ерекше ықыласы күн санап айқын сезіле берді. Мейірімге толы күлкісінің шуағында сәл болса да отыра тұрғысы келеді. Оған әр нәрсені айтып, көңілін жалқы сәтке болса да аулағысы келеді. Бірақ уақыт тапшы... Бір жағы соңғы курс, бір жағы жұмыс. Бәріне үлгеруі керек. Әр минөті қымбат, қарбалас... Бір ғажабы, Бейшен қай уақытта келсе де қара көзілдірігін шешпейді... Қара көзілдірік бүкіл қас-қабағын жауып баттиып

тұр. Қара көзілдірік Бейшенді Айнагүлге дәйім сонша ызбарлы етіп көрсететін. Осы көзілдірік оны тас мүсіндей мелшитіп тастайтын... «Көзі де ауыратын шығар» деп ойлады Айнагүл. Бірақ көзі сап-сау, мөлдіреп-ақ тұр. Оған іштей қуанды. Тіпті Бейшеннің бойына ешнәрсе жұқтырғысы келмейді... Бірде Бейшен әлденені есіне түсіргендей терезе жаққа қарап, пианино ойнай жөнелді. Салалы саусақтары клавиштердің үстінде зыр қағады! Бір сәтте сылдыр етіп күміс теңге төгілгендей, енді бірде таудың ерке бұлағындай... енді бірде арманшыл арудың мақпал түнде өзімен-өзі отырып ыңылдап салған тәтті әуеніндей... я болмаса жаныңды желпіген жұпар самалдай... Қыздың көңілінде жайсаң бір жаз орнады; маужырады, бұрын-соңды басынан өткермеген беймәлім құбылыс еркінен тыс қиял жетегіне ілестіріп бара жатты. Тұлабойы біресе ысығандай, енді бірде тітіркенгендей. Бейшеннің ойнап отырған пианиносынан шыққан әсем үн жүйке-жүйкесіне тарап... есін алды... Ол өмірінде музыкаға дәл сол сәттегідей елітіп, балқыған емес-ті... Ұят-ай! Жанын баураған музыканың атын білмейтін болып шықты Айнагүл! Ол музыка – Огинскийдің Полонезі екен... Содан жұмыста жүрсе де, лекцияда отырса да полонездің мұңлы әуені ойынан шықпады. Басын асқақ көтеріп қалың ойға шомған Бейшеннің жүдеу қалпы да көз алдына елестей берді. Қара көзілдірік те зәресін алады. Оның аржағында нендей құпия бар?!. Айнагүл жан баласымен сырласқан жоқ. Кімге ақтарады жан сырын? Түсінсе жақсы, түсінбесе ше? Өмірінде алғаш рет жанына жақын біреуді іздегендей күйге тап болды. Тілінің ұшында небір тәтті сөздер тұрғандай. Қиялының сан тарапқа самғауын қарашы! Мазаны алған, жүрегін астан-кестең еткен нендей әлек бұл?!

Кейіннен бәрі мәлім болды... Музыкант Бейшенді емдей жүріп, оның ізгіліктен жаралған жүрегіне, адамгершілігіне, дәйім мұңға, сырға жетелеген, ойландырған, толқытқан, әсерге бөлеген әндеріне ғашық екен Айнагүл. Бірақ Бейшен көк аспандағы бар ғаламға жарық-сәуле берген Күнді, қараңғы түнде нұр төккен Ай мен жымың қаққан сансыз Жұлдыздарды... о шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін Ыстықкөлді, мынау даладағы бұла көктемнің жұмсақ лебі мен жұпар иісін сезгенімен, соның бірін де көрмейді екен.

«...Көзімнен аққан ыстық жас омырауымды жуып, Бейшеннің кезерген ернін алақаныммен басқан күйі езіліп, еңіреп, сілем қатып қанша уақыт жатқаным да белгісіз. Әлден соң көзімді аштым. Кеудемді солқылдатқан өксік әлі басылмапты. Маңдайымды Бейшеннің еті қашқан арық төсіне сүйеп жатыр екем. Түннің қай мезгілі! Шам әлі жанып тұр. Мәңгіріп қалған басымды ептеп көтеріп жан-жағыма қарадым. Үй іші үрейлі. Денем дір ете түсті. Мынау кім? Құшақтап жатқаным Бейшен бе? Жоқ-жоқ... Иә... Иә... сол! Ол бейнебір тас мүсін, кірпігі сіресіп қатып қалған. Көзі қозғалмайды. Нұры жоқ, оты жоқ суық жанар... О, қандай қорқынышты... тұнжырап, көзін жауып тұратын қара көзілдірік қайда? Жоқ, әлде түс көріп жатырмын ба?

– Танымай қалдың-ау, Айнагүл!

– Неге? Қалайша? Неге? Сенбеймін! Жо-жоқ! Бейшен...»

Музыкант жаны қиын. Мінезі де аумалы-төкпелі. Кейде ол жауар бұлттай түнереді, кейде оның дарқан көңілі керімсал көктемдей. Бірде ол кінәмшіл. Нәзік, осал. Жас баладай өкпелегіш. Кейде қатал, сонда жібітіп көр оны. Ал жадырап, тасып кетсе оның көл-көсір қуанышы арналы дария... Жұрт не десе, о десін, Айнагүл Бейшенді сүйді. Оның әні мен жанын сүйді. Қашан да өзіне күш-қуат беретін полонезді сүйді. Оның тіршілік деп соққан ізгіліктен жаралған жүрегін сүйді. Бейшен де Айнагүлді мүлде ессіз құшып-сүйді...

Бейшеннің мына бір әні Айнагүлге арналғандай. Оған ғана сыр шерткендей. Айнагүл сол әнге құмар, ынтық! Бейшеннің арманы бұл! Бәрін сезеді қыз, сезеді де соған мәз-мейрам! Ол әнді естігенде елтіп, еріп отырады. Бірі-біріне сүйеніп, бір ағаштың егіз бұтағындай өмір арнасын бірге кешсе, одан артық бақыт, одан артық тілек бар ма?!. Бейшеннің әні соны көксеп тұрған жоқ па?!.

Ақ пен қараның, зұлымдық пен мейірімнің қатарласа жүретіні несі екен?! Сондай жағдайға тап болды... Оңашада зорламақ болған Өміркүлға күкірт қышқылын шашып, бір көзін соқыр етіп, үш жылға бас еркінен айрылды Айнагүл. Бейшен қалды еш нәрсеге түсінбей дал болып. Арада үш жыл өтті. Түрмеден шығарда Бейшенге жолдаған хаты сиямен емес көз жасымен жазылды. Бұл азап пен қасіретке толы хат болды. Бейшен байғұс қанша хат жазды десеңізші! Бәрін де жауапсыз қалдырған. Ойлап-

ойлап Бейшенге бармайтын болды. Осы алыстағаным – алыстаған деп шешті. Сөйтіп ендігі өміріне қаяу түсірмей дұрыстап тірлік жасайын деген ақ ниеті «Қадамжай» ауылынан бір-ақ шығарды... Поликлиникаға дәрігер болып орналасты. Осында Асқар сынды асыл ағасымен танысты. Бар екен-ау жақсы жандар! Қайырымдылық қашан да ізгілікке жаны құмар адамның қолынан келетініне көзі анық жетті. Айнагүл олардың аялы жан жүрегінің алдында басын иді!

Дүние неткен кең еді! Дүние неткен жарық еді! Иә, Бейшеннен қанша қашықтаса да, арада бірнеше жыл өтсе де ұмыта алмады. Қанша қаталдық етіп, қиып жіберсе де, Бейшеннен алыстау мүмкін еместей. Радиодан Бейшеннің әндері берілген кезде бар сабырдан айрылады. Мең-зең болып отырып қалады. Ал Асқар адамгершілік танытуда. Онда дәрігердің терең сезімді жаны бар. Айнагүл Бейшен мен Асқарды салыстырады. Екеуінің тек есімдері өзге дегені болмаса, екеуінің де жаны да, ізгілігі де бір. Бейшен уыттылау, Асқар барынша тұйық та сабырлы. Соңынан білді. Дәрігер Асқардың әйелі қайтыс болыпты. Баласы бар. Ол әлі кішкентай. Ал Асқар ұлына анасының қазасы туралы айтпапты. «Келеді» деп алдайды екен! Періште сәби соған сенеді! Күнде күтеді анасын! Терезеден тысқа сағаттап қарап тұрады. Бір күні Асқар Ошқа жұрмекші болып, ауруханада жатқан кішкентай Маратқа Айнагүлдің мүмкіндігі болса, барып тұруын өтінді.

Асқар мен Айнагүл палатаға енгенде тұлымы желкілдеген қара домалақ бала терезеге жармасып сыртқа қарап тұр екен. Бұлардың аяқ тықырларын естіп, жалт бұрылды. Басында көзі бақырайып Айнагүлге қарап тұрды-тұрды да: «Мама! Ма-ма-ма-а!» деп деп айқайлап, алақайлап жүгірді.

«...Бүлдіршіннің шырқыраған ащы да өткір дауысынан екі құлағым тұнып, бітті де қалды. Әп-сәтте не пәле болып кеткенін, өзімнің не күйге түскенімді білмей есім шықты. Кішкентай құшағын жая балапанша желкілдеп тұра ұмтылған бала сол бетімен жүгіріп келген бойда бауырыма кірді де кетті. Бетімнен, алқымымнан, тамағымнан шөпілдете сүйіп, булыға жылап, мандайын төсіме басып мені тырп еткізбеді: Ой, жалған-ай, бұл не тағы, не айдап әкеліп еді? Мына бір бөтен бала неге мама деп аймалайды?

Білмеймін. Жүрегім әлде жарылды, әлде өртенді, әлде тілініп кетті. Тұла бойымды алаулата жандырып жатқан ыстық қан да тасыды. О, тоба, жаным елжіреп бауырыма тығылған балдырғанды мейірлене құша түскенімді өзім де байқамай қалдым. Бұл не құдірет? Бұл не сиқыр! Әлде жақсылық? Әлде қырсық?

– Мама! Кетпе! Папа!.. – деп Марат ыстық жас жуған албыраған алма бетін бетіме құшырлана басқанда мен дегбір дегеніңізден айырылдым.

Баланың дегеніне көне бердім. Ол мені жеңе берді. «Мама» деген сөзі-ақ есімді тандырды...»

Ақыры Марат «мамалап» жүріп Айнагүл мен Асқарды қосты...

Ия, өмір қандай қиын, күрделі. Асқардың үйіне келгенімен, өзін бақытты санап жүрсе де бар ниеті Бейшенде. Ұмытайын деп серт еткенімен, ұмыта алар емес. Көзінің қарашығындай қастерлеген ақ махаббатын талақ етіп безінгені, бекер ме қалай?! Арман жібі үзілімегендей, үміті де таусылмағандай... Ақыры бар сырын айтты. Асқар Айнагүл басындағы өкінішті хикаяны толық білді. Не десін? Тыңдағанмен ештеңе демеді. Сыр сақтауға берік кісі ғой. Іші өртеніп жатса да үндеген жоқ...

Айнагүл бір күні кішкентай ұлды жетектеп келе жатып Бейшенмен ұшырасып қалды. Экскаватор қазған орға тақап, құлауға шақ қалған Бейшенді жүгіріп барып қолтығынан демеп ұстай алды. Марат екеуі оны үйіне дейін шығарып салды. Осы кездесу Айнагүлдің жан дүниесін астан-кестең етті! Ол Бейшенді аяды... сағынды... жылады...

«...Рыбачьеге осы күздің басында ауысып келгенбіз. Асқар қалалық емханада екінші бөлімшенің меңгерушісі, мен де осы ауруханада дәрігермін. Бірінші терапевт бөлімшесіндемін. Маратты келген бойда бақшаға орналастырдық. Осында келгелі біраз уақыт болса да Фрунзеде Бейшенмен кездескен күннен бергі жүдеу көңілім құлазыған осынау қоңыр күздей. Бейшенмен ұшыраспағаным жақсы-ақ еді. Енді-енді аузы бітіп келе жатқан жан жарасын қоздырды да жіберді. Ақыр қол үзіп, арамыз суып, бір-бірімізден шалғай кеткен соң көзге күйік болып көріне берудің қажеті, не тәйірі. Жүрек дерті қайта асқынды. Не істеп, не қойғанымды білмеймін. Айдалада сандалып қалғандай бәріне енжармын, есім де аумалы-төкпелі, езіліп, құрып барам.

Анда-санда аңырып отырып қалғанымды Асқар сезіп жүрді, шыдап жүрді, бәріне көніп жүрді. Өңі қуарған Асқарды есіркеп: «Бұрынғы күйлерің жақсы еді ғой», – деймін іштей. Басқа не айтам? Құр бекер кешір дей бергеннің өзі де ыңғайсыз. Одан не шығады. Оның өзі шаян шаққанмен бірдей.

Айыға қоймаған осы көңілсіздік аз болғандай бір күн түскі тамақ үстінде қолымнан кесемді түсіріп алдым. Асқар оған көңіл де бөлген жоқ. Тұк көрмегендей отыра берді. Полонез! Радиода полонездің әрі сырлы, әрі мұңлы, әрі отты әуені төгіліп барады. Далада ұйтқып жел көтерілді. Дауыл басталды. Майда қиыршық тастар терезеге шарт-шұрт тиіп жатыр.

Өмірімнің соңғы сәтіне дейін жасымды ағызып, менің ең тәтті күндерімді әр кез көз алдыма жарқ еткізетін сүйіктімнің жаны ынтызар осы полонезі жүрегімді суырып қолқама бір-ақ әкелді. Әлі де осал ма едім? Төзе алмағаным қалай?

Асқар мәңгіріп, мізбақпады. Шай де ішілмеді. Шылымды сирек тартатын адам енді көк түтіннің астында көрінбей қалды.

Полонез шорт үзілді. Асқар тысқа шыға жөнелді. Үйдің төбесі солқылдап, тасырлап кетті. Әлде пештің мұржасы құлады. О, ғажап, полонез қайта шалқыды... Полонез! Бейшен! Екеуінің де ыстығы-ай!

Дүниенің әлегін аспанға шығара шайқап-шайқап өткен дауыл ішін тартып, лып басыла қойды. Полонез де бітті. Өзімнен өзім селк ете түстім. Тағы лағып, құлазып кетіппін. «Мараттың киімдерін жел ұшырып әкетті-ау... Қап...» Далаға шықтым...

О, сұмдық! Мынау Асқар ма? Ол үйдің төбесінде неғып отыр? Мұнысы несі?

Асқардың шашы қобырап бетін жапқан. Шыққыр көзім енді көрді. Жаным мұрнымның ұшына бір-ақ келді. Денем аяз соргандай суып жүре берді. Үзілген сымның екі ұшын күшпен түйістіріп, тістене сіресіп отыр. Асқар сымды солай кере тартқан күйі тапжылар емес. Кеудесінде жан бар ма, жоқ па? Ток соғып, осылай қатып қалғаннан сау ма өзі? Ой, жасағаң-ай... Радиосы құрғыр қақсап тұр...

– Асқар! –деп айқай салдым.

Маған жалт қараған Асқар ұшып түрегеліп сымның екі ұшін екі жаққа бар пәрменімен сілке лақтырып жіберді. Үйдің төбесін

аяғымен ояжаздап долданып келіп қабырғаға сүйеулі тұрған сатыға да қарамай секіріп түсті. Маған қайырылып, назар салған да жоқ. Сол күйінген бетімен қақпаның есігін итере ашып кетті де қалды.

Үһ... Болаттай адам төзе алмады. Морт опырылды.

Асқар сол күні жұмыстан оралмады. Келесі күні де қайтпады. Үшінші түнді де Марат екеуміз елегізіп өткіздік.

Апта бойы екінші терапевт бөлімшесінің түнгі кезекшілігін Асқардың жалғыз өзі атқарды. Бұл не деген азап десеңізші. Мен оған ешнәрсе дей алмадым. Артынан іздеу де салғам жоқ. Телефон да соқпадым. Ол да тым-тырыс. Бәрін түсініп жүрді. Осы халде оның мені көрмей-ақ қойғаны абзал. Мұндай жағдайда жеке-жеке болғанымыз жақсы. Оның үйге қайрылмай жүргені де солай. Дүлей ашуды бұрқатып, топандатып жібермей солай тежейін дегені. Соның өзі оған рақат тыныштық. Соның өзі оның азаматтығы. Тек ниетіміз суымаса екен деп тілеймін.

Асқар осы бір күндері дертпен қоса өзінің ғазиз басын тауға да, тасқа да еріксіз соғатын зұлымдықтың қызғаныш деген кесепатты пәлесімен арпалысып бақты...»

Ақыры Айнагүл Бейшенге кетті.

***

Ілекең толғана жүріп хикаятты қағазға түсірді. Жазып болған соң беймаза сезім мазалады. Жұртшылық оны композитор деп таниды. Газетте, қазақ радиосында істеп жүргенін біледі. Адамның жігерін құм қылатын, жынына тиетін бір психология: «Ой, Илья композитор ғой» дейді. Жазушы деп қабылдамайды, маңайлатқылары келмейді.

Ол кезде композитормен қатар жүрген жігіттердің көпшілігі «Жазушы», «Жалын» баспаларына орналасып, бұрқыратып кітап жазып, жыл аралатып жинақтарын шығарып жатыр. Күні кеше әдебиеттен хабары болмаған, осының қолынан бірдеңе келе ме, келмей ме деген біраз жігіттер қалың-қалың кітаптар жазуда. Соларды ойлайды... Ойлап-ойлап, қой бұлар мені композитор деп әдебиеттің өрісіне қарай, әдебиеттің кеңістігіне қарай

жолатқысы келмесе, бұл кітаптің тағдырын қырғыз ағайындардан барып шешейін деген ойға тоқтады. Сөйтіп қырғыздарға барды. Республикалық «Алатоо» журналында атақты жазушы Төлеген Қасымбеков бас редактор. Дәл сол кездерде Ильяның «Даниярдың әнін» қырғыздар шырқап жүрген. Олар қазақ тілін жақсы түсінеді. Төлеген Қасымбеков қолжазбаны екі-үш күнде оқып шықты да, сол жерде Гүлшайра Момынованың күйеуі сын бөлімінде істейтін Қылышбекке берді. Ол жігіттің талғамы биік, қолжазбаға қатаң қарайды. Оқығаны мол, нақты сөйлейтін жігіт. Сол тұста қазақ оқырмандары Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила», «Шынарым менің, шырайлым менің» повестерін оқып, риза болып жүрген.

– Шыңғыстың шығармаларына қазақ оқырмандары сүйініп жатса, қырғыздардың да қуана қауышатын туындысы екен-ау, мына повесть – деді Қылышбек Төлеген Қасымбековке. – Ендігі сөз өзіңізде. Менің тарапымнан пікір білгіңіз келсе, бұл керемет дүние!

– Енді «Алатоо» журналының жауапты хатшысы Жәлел Садықов оқысын, – деді Төлеген Қасымбеков. (Ақын Жәлел Садықов классикалық үлгімен Манасты трилогия-драма етіп жазған). Сол Садықов Ильяның повесін оқып шықты да:

– Ғажап шығарма! – деді риза кейіпте. – Қырғызшаға аудару керек... Кім айналысады?

Осы тұста Қылышбек:

– Гүлсайраны пайдаланса*ңдаршы*, – деді. – Өзі лирик әрі Ильяның мына шығармасы тұнып тұрған лирика...

Сонымен «Қайта оралған ән» повесі жылдам аударылды. «Алатоо» журналына түгелімен басылды. Аудармашысы Гүлсайра Момынова.

Қырғыздардың арасында неше түрлі жазушылар бар, «Алатоо» журналына сырттан аудармалар көп басылады деген әңгіме шығып жатқан. Сол қаңқу сөзден жасқанды да, «Алатоо» журналы қырғыздың өз төл шығармасындай авторы Илья Жаканов, «Кайыра таншыған обан» деп басты.

Содан повесть журналда жарық көрді.

Одан соң «Қош бол, вальс» повесі жазылды. Кейіпкері – концлагерьде екі аяғынан бірдей айрылған Мәулен деген жігіт. Өзі

балерон, биші. Бұл оқиғаны да Ілекең «Сарыағаш» шипажайында жатып естіген...

Кешкі тамақтан соң демалушылар ағаштар көмкерген би алаңына жиналады, билейді. Ана кісі қол арбада жер-көкке симай, желпілдеп отырады. Бұл хикаят та келесі жылы «Алатоо» журналында басылды. Қырғыз радиосы мен телевизиясы осы екі повеске де радио пьеса, теле спектакль жазып эфирден берді. «Вальспен қоштасу» деген атпен Алматы теледидарында спектакль қойылды.

Ілекең «Қайта оралған» повесін «Жазушы» баспасының директоры Мұхамбет Нұртазинге алып келді. Ол кісінің мінезі тік, бет қаратпайтын адам екен.

– Илья Жақанов, сен композитор емесің бе? – деді.

– Иә, – деді Ілекең

– Бұған тапсырыс жасаған кім?

– Ешқандай тапсырыс болған жоқ... Жазсам деген дүнием еді... жазып шықтым...

Нұртазин ойланып отырды-отырды да:

– Бір аптадан кейін хабарласыңыз, – деді.

Сөйтсе қолжазбаны Мағзом Сүндетовке беріпті. Мағзом Сүндетовпен Ілекең бір университетте, ол – журналистикада, бұл – филология факультетінде оқыған. Гурьевтің азаматы, өзімен-өзі жүретін. Сол кездері жазушы Сүндетовтің роман, повестері дүркін-дүркін шығып жатқан. Өзі «Жазушы» баспасында проза бөлімінде редактор. Ілекең келді. Сүндетов сыпайы жігіт, жұмсақ мінезді, кейде лепіріп сөйлеп кетеді екен.

Бір аптадан соң Мағзом Сүндетов Ілекеңе телефон шалып, келіп кетуін сұрады.

– Мен қолжазбаны ыждаһатпен, астын сызып оқыдым... Бір күн болса да жауапты қызметте отырмыз... Мені дұрыс түсін, Ілеке... Баспаға келген кітаптарды жалғыз мен оқымаймын.. Рецензенттерге береміз... Олардың да пікірлерімен санасамыз... Ал менің көзқарасымды білгің келсе, көп жері қиыспайды... Сол тұстарын жөнде... Бір жобаға кеп қалар... Бәлкім қайта жазып шығарсың...

Илья үндеген жоқ. Тыңдап отырды, отырды да:

– Екеумізде бір-ақ нәрседе айрмашылық бар, – деді. – Сен баспада отырсың. Жазғаныңының бәрі бірден шығып жатыр. Мен де сен сияқты жазам, бірақ менің жазғандарым портфелімде... Шынын айтсам, бұл повесімді қырғыздар, «Алатоо» журналына бір сөзіне де қол тигізбей жариялады.

Мағзом Сүндетов «Қайта оралған ән» басылған журналды олай қарады, былай қарады. Түсі бұзылып кетті. Сөйтті де:

– Тyh, Ілеке-ай... Бағанадан бері осыны айтпайсың ба, қызықсың... – деді.

Сөйтіп «Қайта оралған ән» хикаяты басылды. Кітап жарық көрген соң баспа директоры Мұхамбет Нұртазин:

– Тамаша дүние екен! Тағы қандай шығармасы бар? – депті.

Ілекеңде «Қош бол, вальс» повесі де дайын еді. Оны да баспа тез арада кітап етіп шығарды.

Бұл жаңалықты естіген «Сынған қылыш» роман-дилогиясының авторы, танымал қырғыз жазушысы Төлеген Қасымбеков Ілекеңе қолқа салды!

– Ілеке, сенің стилің маған жақшы ұнады, – деді телефон шалып. – Маған да... үлкен сезіммен толғайтын жақшынақай қотармашы керек! Шіркін-ай, «Сынған қылыш» романымды дәл сіздей адам аударып шықса.

Ілекең ойланып жүрді де, Төлеген Қасымбековке «кітапті әкеліңіз» деп жауап берді. Сөйтіп «Сынған қылышты» қазақшалады.

Қырғыздың дарынды жазушысы, «Тау арасында» романы үшін Мемлекеттік сыйлық алған Түгелбай Садықбеков сол жылғы әдеби жыл қорытындысында Ілекеңнің повесін аспандатты!

– Қырғыз әдебиетіне жарқын талант келді! Енді қырғыз әдебиетінің көсегесі көгереді! Айтматовтың лиризмі қырғыз әдебиетіне оң әсер етеді! – деді.

... Міне, «Қайта оралған ән» повесінің тарихы осындай.

2010 жыл, маусым.



ҚОШ БОЛ, ВАЛЬС!

1964 жыл. Керімсал көктем, түрленген табиғат.

Илья Жақанов Сарыағашта демалып жүрген. Ол кезде Сарыағаш курорты қазіргідей емес, екі қабатты ескі мекен-жайда орналасқан. Әжетхана далада. Тамақ ішетін асханасы да бөлек, бір өзектің ішінде, қарағаштар қоршаған шағын алаңда. Тамақ ішетін орындары сайдың ішіндегі асхананың қасында. Он екі қанат үйдің орнындай ғана дөңгеленген би алаңы бар. Кешкі тамақтан кейін жастар, бірін-бірі сүйген жандар көңіл көтеру үшін би билейді. Жергілікті музыканттар баян тартады. Қазіргідей неше түрлі музыка аспаптары жоқ. «Амур толқындары» мен орыстың дәстүрлі ескі вальстері ойналады. Музыканттар ауысып тұрады. Неміс ойнаса ылғи классикалық музыкаларды орындайды. Шопеннің «Жетінші вальсін», Штраустың «Вена орманының ертегісін» шалқытады. Қазақшадан «Қазақ вальсі» ғана.

Жұрт ырду-дырду, мәре-сәре. Билеп жатады. Сол жұрттың ішінде шашын кірпі етіп қойған, жасы алпысқа тақаған қара сұрлау, кескен ементей қайратты кісі: «О-о,Штраус!..» деп қол арбаның үстінде шалқып, ойналып жатқан вальске делебесі қозып, орнынан ұшып кете жаздап, ұшып кете жаздап отырады. Жұрттың бәрі қол арбадағы кісіге таң қалады. Көбісі ол кісінің соғыста болғанын, екі аяғынан бірдей айрылғанын білмейді.

Ол кісіге Ілекең де сыртынан қарап, бақылап жүрді.

Бір күні кешкі тамақтан кейін Ильяның қасында екі-үш жігіт бар ас тарату үшін қырға шығып, сейіл құрды. Аздан соң жел тұрды. Артынша жаңбыр жауды. Жылы жаңбыр жәй ғана себелеп тұрды. Ілекеңдер қырдан шипажайға бет алды. Би алаңында біреу, екі тізесін құшақтап бүрісіп отыр. Жақындау келіп қараса, сол...

мүгедек кісі. Абыр-сабырда жұрт байқамай кетіп қалған. Ана кісі өздігінен өрге шыға алмаған. Сол жерде отыр тапжылмай.

– Ә-ә, қайырымды адамдар! Келдіңдер ме? – деді қол арбадағы кісі. – Ә-ә, айналайындар, келіңдер-келіңдер. Мені жеткізіп салыңдаршы.

Ілекеңдер кедір-бұдыр, ойқы-шойқы тротуармен қол арбаны итеріп шипажайдың ғимаратына, палатаға алып келді. Илья көз тоқтата үңіліп қарайды. Қажып-шаршаған кісіге ұқсамайды. Екі аяғының жоқтығы болмаса, реңі нұрлы, иман жүзді.

– Ә-ә, айналайын! Сен маған ылғи ілтипатпен назар аударасың, – деді кірпі шашты кісі сөз бастап. – Мен де байқаймын. Әр кісінің көзқарасы әртүрлі. Әрқайсының маған деген ізеті де әркилы. Бірі шын пейілмен құрмет жасайды, енді біреулері құр әшейін мезіреті қылады. Мені осы күнге дейін өлтірмей келе жатқан, өздерің сияқты қайырымды жандар. Айналайын, жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл деген.

– Илья Жақанов.

– Мәулен, Илья дедің бе? Іһ-м, тосын ат. Болады ондай. Ырымдап қойған болар.

– Дәл солай. Дөп бастыңыз.

Мәулен аса сезімтал жан. Ойынды оқып отыратындай. Илья: «мына оң аяқтан қай күні, қай жерде, қалайша айрылды екен?» деп ойлауы мұң екен:

– Бәрін білуге ынтықсың. Сезем, сен мені есіркейсің, аяйсың! Ол адамның адамға деген ілтипаты! Ізгілікке не жетсін! Рахмет, айналайын! Сен осы маған неге таңдана қарай бересің, а?

– Жәй.

– Жәй емес. Мен ше? Мен қалай қараймын саған?

– Кәдімгідей... Сіз биге құмарсыз, бірақ твиске келгенде тыжырынып, теріс қарап, ызаланып, шала бүлініп отырасыз. Оныңыз қалай? Твист жастар жақсы көретін би емес пе? Ал вальс, вальсті ғана сыйлайсыз. Оған тоймай қарайсыз.

– Оның рас. Вальс адамды сұлуландырып көрсетеді. Басқа билерді де ұнатам. Ал біртүрлі қимыл, опыр-топыр, твист дей ме, не деуші еді?! Меніңше нәзіктік, әсемдік, биязылық, сұлулық, бәрі-бәрі болу керек биде!

Мәулен екі иығын қозғап, Ильямен әңгімелесуге пейіл аңғартты. Күлімсіреп ұзақ қарады. Жақановтың жаны жылып, манадан бері темір құрсаудай шырмаған ойлары сейіліп, жадырап сала берді. Емін-еркін сезінді өзін.

– Жас кезіңізде қандай жігіт болдыңыз екен, ә?

– Дәл өзіңдей болғам.

– Биді көргенде делебеңіз қозып кетеді. Әсіресе вальске келгенде.

Мәулен: «Ім» деп жымиды да қойды.

Кірпі шашты кісінің адамға тік қарайтын өткір жанарына тұңғиық бір сыр ұялады. Нені ойлады екен? Әлгінде ғана жапжайдары жанның қабағы неге түйілді? Тағы да көңілі сынық. Жаны жасығандай.

– Қайран, вальс!

Мәулен бұл сөзді әрі сүйсіне, әрі сарсылтқан өкінішпен мұңдана отырып айтты. Содан соң сәт өтпей күлді. Илья езу тартты.

– Мен саған бір хикая шертсем.

Жақанов басын изеді.

– Мен осы Шымкенттің бір ауданында тұрам. Отбасым, балашағам бар. Шипажайдағы демалыс күндерім аяқталып келеді. Жақында үйдің іші алып кетеді.

Қане, інішек, ұнжырғаңды түсірмей сергек отыр. Менің әңгімем сені мезі қылмауы тиіс. Қайта ұйқыңды ашады. Анау радионы қосшы және қайнаған су әкеп бер. Аздап ентігіп қалдым, демімді басайын.

Аздан соң Мәулен әңгімесін сабақтады.

– Ұлы Отан соғысы басталар алдында, Москвада оқып жүрген кезіміз. Дәл сол кезде қазақтың операсы қойылып жатқан. «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғын» Москвада алғаш қойылды. Опера театрына әншілер, бишілер, дирижерлар, композиторлар керек болды. Сондай мақсатпен бізді Москваға жіберген. Үлкен театрдың бір студиясында сабақ оқып жаттық.

Сол тұста соғыс өрті лап етті. Ер-азамат майданға алынды. Мұқан Төлебаев Алматыға қайтты. Мен де іліктім тізімге. Қапан Мусин, Рамазан Елебаев, Смағұл Көшекбаев, Мәлік Жаппасбаев, Әли Базанов майданға кетті. Бұлар енді-енді көзге түсе бастаған қазақтың дарынды өнер қайраткерлері еді. Қапан Мусиннен өзгесі соғыстан оралмады.

Мәскеуде үлкен театрда биге машықтым. Балерондар бізді биге үйретті. Үлкен театрда көпшілікпен бірге биледім. Жеке партияларға қараймыз.Солардың қимылын көріп-біліп, іштей зерделейміз. Би өнеріне деген менің арманым сол күйінде қалды. Соғыста мен әскер жасағына түстім. Бізді бірден алғы шепке салып жіберді. Немістердің басымдық танытып, қырып-жойып, таптап келе жатқан кезі ғой. Біздің жасағымыз баудай қырылды. Тірі қалғанымыз тұтқынға түсіп, концлагерьден бірақ шықтық.

Илья әлгі кісімен әңгімелесіп түннің бір уағына дейін отырды. Бұл кісі майданға алғаш кірген сәтте-ақ қолға түскен екен. Содан кейін немістердің концлагерінде, Польша жақта, бірінен соң біріне ауысып отырған. Айтып отырған концлагерьлері: Бухенвальд, Асвенсиум, Биркенау, Загсхаузен, Наутхаузен. Сонда әртүрлі жұмыс істейді тұтқындар. Немістер қабаған овчарка иттерге талатады. Аяқтары кісендеулі тұтқындарды ешқайда шығармайды. Кейде еріккен неміс офицерлері, кімнің қандай өнері бар деп біліп алады да, кекетіп-мұқатып, мазақ қылады.

– Мен бишімін, – дейді кірпі шашты кісі. Ондағы ойы, бар өнерімді сап билесем ілтипатқа ілініп, ең жоқ дегенде ішетін тамағым дұрыс болар деген дәме ғой.

Сауық-сайранды жақсы көреді неміс офицерлері. Күнара жиылып, түрлі кеш өткізеді дүрілдетіп. Ал былайғы уақытта олардан қатыгез, олардан зұлым жан жоқ.

***

... Бір үзім қатқан қара нан. Жарты кружка ащы кофе. Тұтқынның қорегі осы. Тәбетің тартпайды. Қарап тұрып лоқсып, жүрек айниды. Қарағылары да келмейді. Амал жоқ, нәрлі тамақ көзден бір-бір ұшқан соң құрсақты алдарқату ғой. Аз өтпей ұлтабарың қыжылдап, ауыздан ақ көбік ақтарылып, кілкілдеген жалқаяқ, не запыран тастап жүргенің. Ауызда дәм жоқ. Мәуленнің тісінің түбі күлдіреген ісік. Ауыз шаярлық бір мысқал тұз болар ма еді?!

Арқасы тыз етті Мәуленнің. Надзирательдің темір шыбығы осып түсті. Сүйтсе, жалтақтап келе жатып саптан шығып кетіпті. Жалма-жан жүрісін түзеді, қатарға енді. Басында бостандық болмаған соң осы. Н. концлагерінде төрт жарым мың тұтқын

жатыр. Еркектерден өзге әйелдер, жас балалар да бар. Бәрінің көрген күндері бірдей. Дұшпаныңызға да тілемейсіз. Ұру, соғу, кемсіту. Жұмыс нормасын орындамағандар өлер-өлмес қуат беретін тамақтан қағылып, аштан қырылып жатады. Оларды крематорийге әкеліп өртейді. Қанипезер немістердің мұндай іс-әрекетке еттері өліп кеткен.

Шұбырған аш-арық тұтқындар. Алдан да, арттан да аңдыған надзирательдер. Жыландай ысқырған темір шыбықпен шықпыртып, автоматпен қақпайлап айдап отырып, ұстахананың алдында төбе-төбе боп үйіліп жатқан сымдардың ортасына әкелді. Мәуленнің тобы тікенек тор тоқуға кірісті. Қол жүрмейді. Қимыл сылбыр. Тірлік өнімсіз. Өзіне-өзі тұзақ құруға кім ықыласты? Надзирательдер бүйірден теуіп, балағаттап бүлініп жүр. Қасындағы қырғыз жігіт Жаныбек күндегі әдетінше Тоқтағұл жырын сыбырлаған дауыспен жырлайды. Күш-қуат, рух шақырғаны. Мәулен мәңгіріп отырып қолының тілім-тілім болғанын да сезбепті. Саусақтарының арасы, тырнағының асты шылқыған қан. Ашып барады... «Ажалдан алыс болсақ, бұл қайғы-қасірет те өтер-кетер!» деп қайраттанады Мәулен. Кемедегінің жаны бір дегендей тұтқындар тату. Шамалары келгенше қол ұшын беруге әзір бір-біріне. Қырғыз Жаныбек пен Мәулен екеуі дос, сырлас, мұндас.

«... – Мына сордан құтылатын күн туа ма? Сенесің бе соған? – Жаныбек үндемеді.

– Ә, солай ма. Ойлан... Ойлан...

– Қазір бұрынғыдай берекесіздік жоқ. Байқайсың ба? – деді Жаныбек сәлден соң.

– Кетпеннің сабын ұстаған он саусақ бірдей қатты жұмылмаушы ма еді? Дайын сияқтымыз. Бірақ, әлі созылып барады. Әлі де еш дабыл сезілмейді. Енді кешіксек не болды сонда? Фашизм өзімен бірге опат қылмай ма бізді де?

Жаныбек жеңіл күрсінді де:

– Неге қарайлай береміз? Көтеріліс қашан? Қашан енді? Бәрі де әзір. Тіршілік үшін тау қопар десе өз басым соған даярмын, – деді...»

Тұтқындар көтеріліс ұйымдыстырмақшы. Суға кеткен тал қармайдының әрекеті ғой! Үмітсіз шайтан ғана! Бірақ концлагерь

басшылары – комендант Ганс Шулер мен рапортфюрер Роберт Штормда маза жоқ. Неміс әскерлері шегінгенін естіді тұтқындар. Демек бостандық күні де алыс емес. Тек тұтқындардың бәрін жайратып, атып тастамаса болғаны. О-о, ондай жауыздық келеді эсэсовшылардың қолынан.

Гитлер Оңтүстік Германияға қашпайтын болды. Империя кеңсесінде отырып бүкіл шайқасқа өзі әмір бермекші. Сол үшін де Гитлер радио арқылы бар немісті қасық қаны қалғанша соғысуға шақырып, жалынып, жалбарына қақсап, зарлап жатыр.

Бүгін 25 сәуір. Фюрердің туған күні. Концлагерь басшылары осы мерекені атап өтуге жиналған. Гу-гу. Ду-ду. Ол жиынға Мәуленді шақырды. Балерина Фройлин Елизавет екеуін билетпек.

«... – Бұл қазақ балерон! Керемет! – деді комендант мені (Мәуленді Т.Ә.) қолымен нұсқап. Өзі ызалы күйде.

– Оho, балерон! Сіздің лагерьде бәрі де бар. Офицер. Жазушы. Композитор. Әнші. Енді міне, балерон да бар, – деп әйел комендант құшағынан шығып, мені таңдана айнала бір қарап өтті. Әулекілігін басып, байыппен ойлана қарады маған.

– Қай театрда биледің, жігітім?

– Ол әлі театрда билеген жоқ, – деді дирижер мен үшін жауап беріп.

– Қызық, дирижер мырза, сіз осы қазақты әлі қорғап келесіз... әлі... Мұны неге ансамбльге биші етіп алмағаныңызға таңым бар, – деп Ганс Шулер бір сөз тастады.

Жайсыз тиді дирижерға. Бірақ дирижер сабырлы қалпынан айнымады. Саспады. Іле жауап берді.

– Бұл әлі профессионал биші емес, – деді ол.

– Қателесесіз. Жауым болса да айтайын, бұл ғажап биші. Мұндай цивилизацияға бұлардың қолы қалай жеткен?Қалай? Қиялым жетпейді. Жапан түзде бәрінен мақрұм қалған азиат емес пе еді түге, – деп Ганс Шулер салы суға кетіп, сарсылып, қабағы түсіп, өзінен-өзі еліле берді.

– Сымбатты балерон! – деді әйел менен көз айырмай.

– Фройлин Елизавет, бұл жігітті биге шақырсаңыз болар еді. Испан биі. Шығыс биі... О, мұның бірі де сөз емес, бұған, – деді комендант ащы мысқылмен...»

Мәулен балеринамен биледі. Бар жанын салып балеринаны құйындай үйірді. Ганс Шулердің қабағы тұнжырады. Таңқалудан гөрі өшпенділік, қызғаныш сезімі тұтанды. Роберт Шторм да столдың бір бұрышында шарасыз күйде тұр. Дирижердің он саусағы «Көгілдір Дунайдың» сырлы акордтарын інжу-маржандай мөлдіретеді. Мәуленді өзі бұрын байқамаған құштарлық сезім баурап, еліктіріп әкеткен. Балерина көзіне көрінер емес. Екеуінің арасында тек дарын текетіресі, ар сайысы ғана бар. Құшағында балерина емес, елдегі сүйген қызы Шынары жүргендей. Сағынғанннан сарғайды ғой Шынарын аңсап!..

Келесі сәтте Штраустың вальсі кетті шалқып, тасып. Айнала бергенде оң тізесі шың-ң-ң ете түскендей болды. Көзінен от жарқ етті. Басы айналып құлап бара жатып қабырғаға сүйеніп, бүгілді де қалды.

– Биле! Біз саған өмір сыйлаймыз! Биле, биле азиат!

Балерина алғашында ешнәрсені сезген жоқ. Қан саулаған оң тізесін көргенде көзі шарасынан шыға айқайлап кері шегінді.

Осылай екі аяғынан бірдей айрылды Мәулен.

«... Мәулен бұта бастарындағы маржан шықтарға қарап ойға батып отыр.

– Қанаты кесілсе сұңқар да зарлы. Тұяғы кетілсе тұлпар да көзден жасын бырт-бырт үзер еді. Ал мен... Негылайын айтып. Вальспен қоштастым солай. Оны тек армандаумен өтем.

Ол қалтасынан шылым алды.

– Сағынам биді. Сағынам. Онсыз қиын маған. Түсін інім, – деді тыртығы бар маңдайын сипап отырып...»

– Шынар... Шынармен араңыздағы жағдай не болды? – деді Илья дегбірсізденіп.

– Үйлендік. Бала сүйдім, немерелеріміз де бар...

– Ол да бір бақыт!

– Иә, бүгін Шынар жеңген мен сүткенжемнің келетін күні. Кенжем өзіме тартқан! Ол да биші! Биін көрсең! Бала өмірдің жалғасы ғой! Мен жетпеген тілекке сол жетер! Бар арманым – біз көрген соғыс қасіретін үрім-бұтағымыз, болашақ ұрпақ көрмесе екен!

***

Осы оқиға Илья Жақановтың ойында ұзақ сақталды. Есінен кетпеді. Қатарлас әріптестеріне: жазушыларға, журналистерге, әртістерге ауызша айтады. Олар: «Ілекеңнің ауызша әңгімесінің өзі ғажап! Тура соғыста болғандай, тұтқындардың арасында жүргендей оқиғаны көз алдымызға елестетіп жібереді» дейді.

Арада екі жыл өтті. Бұл кезде «Қайта оралған ән» повесін жазып біткен еді.

Балерон биші Мәулен айтқан хикая әбден пісіп, толысты. «Қош бол, вальс» деген тақырып тұрақталды. Қашан жазам деп толғатып жүрген кезде, 1966 жылы, қазан айының соңында Сарыағаш шипажайына келді. Жаңа корпусы салынып біткен екен. Жаңаның аты жаңа! Бұрынғыдай емес, сыңғырлап тұр. Композитордың көңіл күйі көтеріңкі. Мынадай жерде еңбек ету, өзіңмен-өзің отырып шығармашылықпен айналысу қуаныш, бақыт! Өнер адамына қажеті оңашалық!

Қасында «Жазушы» баспасының бас редакторы Есет Әукебаев бар. Өзі соғыс ардагері. Мінезі биязы, жұмсақ, таза кісі. Соғыс тақырыбын жақсы біледі. Илья «Қош бол, вальс» хикаятының оқиғасын Есет ағасына әңгімелейді. Ол кісі тыңдап отырғанда, кейбір тұстарын «ол былай ғой» деп түзету жасайды.

– О-о, неміс офицерлері ақсүйек, кінәз, пан, – дейді Есет Әукебаев. – Өзің де айтып отырсың, олардың әрбір отырысы үлкен мереке! Керемет! Тазалықтары да күшті.

Ильяның қолында неміс концлагерьлері туралы жазылған шағын буклеттер бар. Алматыдан ала келген. Бұл – кәдімгі Ұлы Отан соғысының күллі қайғы-қасіретінің ошағы – концлагерьлердің сол кездегі жағдайын тәптіштеп суреттеген кітапшалар. Бәріне ортақ нәрсе – крематорий... Тұтқындарды өртеу. Адамдарға тәжірибе жасау. Қинау. Зорлық-зомбылық көрсету. Немістердің жауыздықтарынан төбе шашыңыз тік тұрады! Жүйкесі жұқа жанның түнде түсіне кіріп, тынышы кетіп, жайсыз ұйықтауы мүмкін. Кітапшаларды қайыра оқыды Илья. Кейіпкері Мәуленнің айтқан хикаясымен үндес келген соң, сеніммен жазуға отырды.

Палатадағы көршісі Есет Әукебаев қолға сирек тиетін әскери кітаптарды оқиды да отырады. Одан қалса, дем алады, ұйықтайды.

Илья Жақанов бөлмедегі шағын столда жазып отырады. Оқиғалар мен сюжеттері бірі-бірімен қиюласып, еркін сілтеді. Жылдам жазылды. Жиырма төрт күнде «Қош бол, вальсті» жазып бітті. Сонда Есет Әукебаев:

– Илья, сен өнер адамысың! Композиторсың! Кейбір музыканттардың шапқылап, сезімге беріліп жүретін мінезі жоқ екен сенде! Тапжылмай отырады екенсің! Жұмыс процесіне әбден көзім жетті. Мына жинағың өте сәтті екен! Құтты болсын! Құдай қаласа, шығарамыз, – деді.

Ильяға бұл сөз үлкен демеу болды!

Шипажайдағы демалыс күндері аяқталып Алматыға келген соң, повесті қайта-қайта қарап, көшіріп, сызып, стиліне шұқшиып жүрді. Ол кезде бүгінгідей компьютер жоқ, мәшінкеге бастырды.

Онда қазақ радиосында, музыка редакциясында істейтін. Сапарғали Шәріпов бас режиссер. Жазушылардың прозалық шығармаларынан үзінді «Жастар» редакциясы арқылы өтетін. Ал Жақановтың жаңа жазылған хикаятынан үзінді «Ұшқын» бағдарламасынан өтті. Соңынан тыңдармандардың сұрауы бойынша екінші мәрте берілді.

Сапарғали Шәріпов қазақ телевизиясының негізін қалаған адам. Бәрі сол кісінің сөзін жерге тастамайды. Сыйлы, қадірлі жан. Сол Шәріповтің шәкірті, режиссердің ассиссенті Алмас Бекбосынов Сапарғали ағасына:

– Радиодан тыңдадым! «Қош бол, вальсті» телевизияға шығарсақ жақсы болар еді, – деп өтініш жасапты.

Шәріпов асықпайтын адам. Соның өзінде сүйікті ассиссентінің әңгімесі қатты әсер етсе керек:

– Концлагерьдің барақтарын жасаймыз! Зембілмен ауруларды әкетіп бара жатады! Енді біреулері талып, құлап жатады! Өртенген үйлер!

Ақыры Илья «Вальспен қоштасу» деп тақырып қойып, телеспектакльдің сценариін жазды. Эфирден өтті. Мәулен ролінде Алмас Бекбосынов. Режиссері Сапарғали Шәріпов. Диалогтары ықшам, қысқа. Деректі хроникалардан концлагерьдегі көріністер көрсетілді. Тұтқындарды қасақана итке талату. Ұрып, соғу. Зорлық-зомбылықтар.

– Ал, биле, биле! – деп тұрады ұзынтұра бір неміс офицері. Ар жағында сұмдық көрініс: Өліп жатқан тұтқындарды аяқ-қодарынан сүйреп бара жатыр. Мәйіттерді крематорийге лақтыру сәті.

Телеспектакльдің хронометражы – 1 сағат 08 минут.

Осының алдында Илья Жақановтың «Қайта оралған ән» хикаятын қырғыздар өте жылы қабылдаған еді. Әйгілі Шыңғыс Айтматовтың «Жәмиласын» қалай қабылдаса, аталмыш повесті де солай оқыды.

Қырғыздар «Қош бол, вальсті» де қуана қарсы алды. Әсері күшті болды. Гүлсайра Момынова бірден қырғыз тіліне аударды. Қырғыз радиосы да екі рет радиоспектакль етіп берді.

«Қош бол, вальс» Қырығызстанда жан-жақты насихатталды. «Алатоо» журналында «Қайран вальс» деген атпен жарияланды.

Илья Жақановтың «Қайта оралған ән», «Қош бол, вальс» повестерімен Шыңғыс Айтматов та хабардар екен. Ол жөнінде Ілекең заңғар жазушымен кейін тілдесті.

– Музыкант адамның, композитордың прозашы болуы, өте ғажап нәрсе! – деді Айтматов. – Сирек құбылыс! Ондай проза... ошондоқтан музыкальный проза болып шығады! Албетте, албетте солай болады! Әттең уақытым жоқ. Оқысам абдан жақшы болор еді.

Қырғыздың өзге жазушылары: Төлеген Қасымбеков, Жәлел Садықов, Сүйінбай Ерәлиев, драматург Мар Байджиев т.б. қаламгерлер «Қош бол, вальс» прозадағы жаңалық, тосын жағдай деп жоғары баға берді.

Илья Жақанов екі повесін де «Жазушы» баспасы, проза бөлімінің бастығы Мұхамбет Нұртазинге тапсырды.

Нұртазин Жүсіпбек Елебековтің күйеу баласы. Өзі Ақмоланың қазағы. Шыншыл, тура адам. Баспадағы беделі күшті. Оның шешімін бас редактор да, баспаның директоры да өзгертпейді. Сол кісі Ильяның жинағын қабылдағанда:

– Сен композитор емессің бе? Осы күні ерінбеген жұрттың бәрі жазушы, – деді.

Қолжазбаны оқыған соң М. Нұртазиннің пікірі өзгерді. Риза болды.

– Басқа шығармаларың жоқ па?

– Осы екі повесіммен бірге бірнеше новелламды өткізгем...

– Қысқартып жүрген кім?

– Білмеймін.

– Қандай оңбаған, кім қысқартса да... Өздері бір нәрсені бітіріп тастағандай.

Келесі жылы екі повесть пен бірнеше новелла «Қош бол, вальс» деген атпен жарық көрді. Сыртқы мұқабасына рояльдің суреті салынған қара кітап...

Бұл жинаққа Семей өңірінен, Абай, Абыралы, Аягөз жақтағы оқырмандардан көп хат келді.

Әсілі, «Қош бол, вальс» хикаяты, лирика-патетика! Биші балерон! Ал балеронның қасиеті аяғында! Оны фашистер дәл аяқтан атады! Аяқтан айрылу – өлгенмен тең! Дирижер бір қолынан, болмаса суретші көзінен айрылса не болады?! Қасірет қой! Бірақ сондай қайғы-қасіретті Мәулен жеңді! Мұнымен қоса «Қош бол, вальс» хикаятындағы адамдардың тұтқында отырса да берілмеуі, мойымауы – Михаил Шолоховтың атақты «Адам тағдыры» әңгімесімен үндес! Соғыста қиындық көрген адамдардың тағдыры ортақ! Олар жеңілмеген, шегінбеген, қайсар рухты жандар! Азап шегіп, талмаусырап, өзегі талып, қиналып өлейін деп жатқанның өзінде Мәулен билеп жүреді. Жаныбек қырғыздың «Манасын» толғайды! Орыс шалы ән салады! Шуақты күндерге, болашаққа сенім жазықсыз жандарды көтеріп отырады! Бұл – Жалғыз жаратушының музыка арқылы берген сенімі! Үміті! Өйткені, үміт қана мынау аппақ әлемнен мекен-тұрақ қалмағанда, қайранда қалған шабақтай, солып, семіп, ең соңында өледі.

2011 жыл, шілде.

МАЗМҰНЫ

Әңгімелер

БҰРАЛАҢ ЖОЛ 4
ХАТ 20
ТАЛҚЫ 36
ТАҒДЫР СЫЙЫ 48
ҚАРА ЕШКІ 60
АЛТЫ ЖҮЗ КІРПІШ 64
ҚҰС ҚАНАТЫ 70
ШЕРЛІ ЖҮРЕК 82
ЕКЕУ 89
СЫЙЛЫҚ 94
АНА АМАНАТЫ 99
БАЛЫҚ АУЛАҒАН КҮН 115
ЖАЛҒЫЗ ТЫРНА 121

Хикаяттар

ЖҰДЫРЫҚ 128
ОРАЛУ 157

Эсселер

ТӘУАФ 194
Ихрам немесе ислам туралы пайымдау 194
Әл-Харам және Әл-Қағба 195
Тәуаф, Бәйтұл мәғмұр, Бәйтұл ғизза... 197
Ибраһим мақамы 198
Зәмзәм тарихына үңілсек... 199
Сағи 200
«Қажылық дегеніміз – Арафат!..» 201
Шайтанға тас ату 202
Құрбан шалу 203
Алланың рақымы түскен шаһарлар 204
Сөз соңы немесе түйін 205
ЕЛТІНЖАЛ ЕСТЕЛІКТЕРІ 207
Есеней бүркеуінде 207
«Қыз қарағай» әнін тудырған жалғыз шырша 209
«Судан шыққан кісі су іше ме екен?..» 211
Ғабең атындағы кеңшар қалай құрылды? 212
Жазушы кигізген көйлек 212
ТАРБАҒАТАЙ ТАРЛАНБОЗЫ 215
ЖҮРЕК ШАМЫН ЖАҚҚАН 223
Менің Қараталым 223
Жылдардың қанатында 225
Өз өрнегі бар жазушы 228
«Таусылмасын жан отың...» 231
КӨКБӨРІ РУХТЫ СУРЕТКЕР 233
«АЛМАТЫҒА КЕЛІП КЕТСЕҢШІ... САҒЫНЫП ЖҮРМІН!...» 250
ДАЛАНЫ СҮЙЕТІН АҚЫН 265
ЕЛІМ ДЕП ЕҢІРЕП ӨТКЕН 272
ҚАЙТА ОРАЛҒАН ӘН 280
ҚОШ БОЛ, ВАЛЬС! 291

Толымбек Әбдірайым

ТАҒДЫР СЫЙЫ

Әңгімелер,
хикаяттар, эсселер

ISBN 978-601-217-658-2



Кітап мұқабасына және ішкі беттердегі суреттерді салған, суретші Айдарбек Ғазизұлы

Редакторы *Қанат Қайым*
Көркемдеуші редакторы *Кенжеғазы Айтжұманұлы*
Суретші *Нұрмұхамбет Наурызбаев*
Беттегендер *Қуаныш Әділғазин, Абдибаев Талғат*

Басуға 23.10.2019 ж. қол қойылды.
Қалыбы 84x108$^{1}/_{32}$. Басылымы офсеттік.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы – 15,96.
Таралымы 5000 + 70 дана. Тапсырыс №759



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz



Толымбек
Әбдірайым

Шығыс Қазақстан облысының, Аякөз қаласында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. «Еркешора», «Әуелеп ұшқан тырналар», «Дария шабыт», «Аюқұлақ», «Жалқаулыққа кім үйір?», «Алабұға аулаған күн», «Ағыл-тегіл», «Дала әуені», «Летят журавли» атты кітаптардың авторы. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.

ТАҒДЫР СЫЙЫ